

XX SÁTBAEV OQÝLARY

XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŃ BILIM JÁNE ǴYLYM MINISTRLIGI
S. TORAIǴYROV ATYNDAǴY PAVLODAR MEMLEKETTIK ÝNIVERSITETI

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

TORAIGHYROV UNIVERSITY

Jas ǵalymdar, magıstranttar, stýdentter men mektep oqýshylarynyń

«XX SÁTBAEV OQÝLARY» atty Halyqaralyq ǵylymı konferensıasynyń MATERIALDARY

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников

«XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 12

Pavlodar, 2020

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŃ BILIM JÁNE ǴYLYM MINISTRLIGI
S. TORAIǴYROV ATYNDAǴY PAVLODAR MEMLEKETTIK ÝNIVERSITETI

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

JAS ǴALYMDAR, MAGISTRANTTAR, STÝDENTTER MEN MEKTEP OQÝSHYLARYNYŃ «XX SÁTBAEV OQÝLARY» ATTY HALYQARALYQ ǴYLYMI KONFERENSIASYNYŃ MATERIALDARY

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ, СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ «XX САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 12

ПАВЛОДАР
2020

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 каз)
Ж 33

Редакция алқасының мүшелері:
Абишев К.К., Ахметов К.К., Бегимтаев А.И., Бексеитов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.К., Эрназаров Т.Я.

Жауапты хатшылар:
Аипова А.К., Акылбекова Р.А., Аманбаева С.Б., Амирханова А.Х., Ахмадиева А.Т., Аманжолов С.К., Байтемирова М.Ж., Дробинский А.В., Евтушенко Т.Л., Еликпай С.Т., Зарипов Р.Ю., Зада Б.С., Жумадирова А.К., Жумабаева Г.М., Каппасова Г.М., Калиева А.Б., Кашканова Р.С., Камарова А. Н., Кайдарова Г. Ш., Кривец О.А., Куанышева Р.С., Курманова А.Б., Коспаков А.М., Кочетков М.Ю., Куандыков А.Б., Мажитова А.Ә., Мустафаева Н.Б., Мусаханова С.Т., Несмеянова Р.М., Никифорова В.Г., Новоселова Е.А., Ордабаева Ж.Е., Сатыбалдин А.С., Сергазинова З.М., Торайгыров Е.М., Чидунчи И.Ю., Ысқақ Б.Ә., Юсупова Б.С., Юношева Н.Ф.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХХ Сәтбаев оқулары» : Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020.

ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы)
Т. 12. «Жас ғалымдар». – 2020. – 447 б.
ISBN 978-601-345-050-6

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001.2 (063)
КБЖ 72 (5 каз)

ISBN 978-601-345-050-6 (Т. 12)
ISBN 978-601-345-038-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2020

1 Секция. Интеллектуалды және мәдени-рухани даму
1 Секция. Интеллектуальное и культурно-духовное развитие

1.4 Казақ филологиясы
1.4 Казахская филология

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕ (М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.
докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл – адамзат дүниетанымын, ойлауды, сананы қалыптастырып дамытуға қызмет ететін күрделі құбылыс. Тілдегі адам факторының орнын белгілеу, яғни тіл мен адам табиғатын тығыз байланыста қарау тілдің антропологиялық лингвистика саласының еншісінде. Бұл сала өзінің бастауын В. фон Гумбольдтің лингво-психологиялық концепциясынан алады. В. фон Гумбольдтің зерттеуінде: «адамның өзін-өзі тануы – адамды адам етіп тұрған күш-қуат көздерін анықтау деген сөз. Ал тіл – адамды «жасаушы» сондай бастаулардың бірі. Адам баласының шығармашылық мүмкіндіктерін барынша терең көрсететін де, адамды адам ретінде танытатын да – тіл» [1, 55], – делінген. Демек, тілді антропоцентристік бағытта зерттеу – тіл мен таным арақатынасының адамға қатысын анықтау деген сөз. Өйткені кез келген тілдік құбылыстың табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтарының негізінде ғана зерттеп тану тілдің бай мазмұны мен ішкі мәнін жан-жақты ашып өз дәрежесінде таныта алмайды. Бұл бағыттың басты арқауы – тілді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесінің қалыптасуымен тығыз байланыста қарау. Осыған байланысты зерттеуші Б. Қ. Ақбердиева мынадай пікір айтады: «тілді антропологиялық бағытта зерттеу барысында тіл және адамның рухани белсенділігі; тіл мен ойлау; тіл және адам физиологиясы; тіл және индивид психологиясы; тіл және мәдениет; тіл және таным; тіл және қоғам; тіл және жалпыхалықтық құндылықтар; тіл және коммуникация сияқты мәселелерді алға қою керек» [2, 74].

Адам санасында тұтас күйінде қайталанып өмір сүріп отыратын ғалам бейнесін жүзеге асыратын – тіл. Адам баласының тілі адам-әлем қатынасының нәтижесінде пайда болатын жалпы адамзатқа ортақ әлемдік бейне тіл-ойлау бірлігінің көрінісі болып саналады. Себебі адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі, ол адам санасында

көрініс табады. Адамның шындық болмысты танып білуі ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Қандай тіл болмасын өзінің тілдік құрылымы мен тілдік үлгілері жағынан ерекшеленгенімен, шындық болмысты түсінуде ортақ танымдық дүниелерден тұрады. Сонда таным мен түсінік тіл арқылы емес, ми, ойлау арқылы жүзеге асады. Яғни ғалам бейнесі дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік үлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы.

Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Себебі адам санасының танымдық қатпарларындағы архетиптер кез келген ұғымның қалыптасуына қатысып, таным үдерісіне әсер етеді. Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Себебі тілді зерттеудің танымдық парадигмасы «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Халық өз даналығын, таныған қазынасын тілінде көрсеткен» [3, 161].

Қазіргі таңда «ғаламның тілдік бейнесі» мәселесі Ю. Н. Караулов [4], А. А. Уфимцева [5], Е. С. Кубрякова [6], В. Н. Телия [7], т.б. зерттеулерінде қарастырылып жүр. Ғаламның тілдік бейнесі – когнитивтік лингвистиканың ең басты категорияларының бірі. Г. В. Колшанскийдің пікірінше: «ғаламның тілдік бейнесі жөнінде жеке әңгіме етуге болмайды, себебі бұл ұғым тілдік санамен тікелей байланысты» [8, 25]. Ж. Манкеева: «тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт, т.б. мәселелер ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы» [9, 43], – деген тұжырым жасайды.

Тіл мен таным сабақтастығын қарастыратын когнитивтік лингвистика саласының негізгі зерттейтін нысаны – адам-тіл және шындық болмыс. Яғни адамның шындық болмысты тануы, ақиқатқа деген көзқарасы, қабылдауы тілде бейнеленеді. Тілдегі адам факторын тереңінен зерттеу нәтижелері санадағы ақиқат дүниенің бейнесін, оның ішінде дүниенің тілдік бейнесін анықтауға әкелді. Тілдік санада дүние бейнесін қалыптастыруда тіл екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден, тіл қойнауында дүниенің тілдік бейнесі жасалады. Бұл – адам санасындағы әлемдік бейнелердің ең терең қабаты. Екіншіден, тілдің өзі басқа дүние бейнелерін танытуға, оның мазмұнын ашып көрсетуге, түсіндіруге қолданылады. Тіл арқылы индивидтің жинаған тәжірибелі білімі ұжымға тарайды.

Адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамда, әр ұлтта әр деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, концептілік әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, өзінше бейнелеп суреттейді, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады.

М. Ж. Көпейұлы – қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Оның есімін оқырманға ерте танытқан көзінің тірісінде-ақ жарық көрген шығармалары: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз». М. Ж. Көпейұлының аталған туындыларындағы ғаламның тілдік бейнесі ұлттық болмыстың өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Тілдің көркемдік-әдеби тәсілдері автордың дүниеге деген қатынасын суреттеп, ұлтымызға тән ойлау үдерісінің негізгі ерекшеліктерінен хабар береді. Қаламгер тіліндегі сөз қолданыстары – образдар ғаламның (шындық болмыс) тілдік бейнесін жасауға негіз болатын тілдік бірліктер.

«Ғаламның тілдік бейнесі, тілдік көрінісі» дегеніміз – тілдің лексикасында, фразеологиясында, грамматикасында таңбаланған, «құлыпталып» бекітілген, сақталған тіл иесінің күллі дүние, әлем, ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Сыртқы дүниедегі құбылыстар мен заттар, шындық болмыс адам танымында «мәндік өріс», «мағыналар жүйесі» ретіндегі ішкі образ түрінде орнығады. Олай болса, ғалам бейнесі, ғалам көрінісі дегеннің өзі образдар жүйесі» [10, 66].

Когнитивтік ғылымның басты мәселесі – адамның білімін жүйелеу. Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер нысанның ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Бұл әрекеттердің нәтижесінде концепт қалыптасады. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілерімен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет.

ХХ ғасырдың 80-жылдары концепт ұғымы жаңа мазмұнға ие болды. Ол адам санасындағы психикалық және ментальды ресурстардың бірлігін таныту қызметін атқарады және адамның білімі мен тәжірибесін айқындайтын ақпараттық құрылымды танытады. Демек, концепт – бұл адам психикасында бейнеленген барлық дүние бейнесінің, ой тілінің, концептуалдық жүйенің, ментальды лексиконның мазмұндық бірлігі.

Концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді. Осыған терең зерттеу жүргізіп, анықтама бергендер қазақ тіл білімінде де бар. Мәселен, дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет мәнмәтінінде қарастырған А. Исламның пайымдауынша: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдеріне сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [11, 12].

Концепт санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. А.Б. Әмірбекованың пікірінше, концептілік жүйе иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады, оны зерттеуші төмендегідей топтарға бөліп көрсетеді: «1) дүниенің қасиеті, белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема, ойсурет формасына салынуы); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мән)» [12, 10].

Ш. Елемесова, Н. Аитова, Қ. Қаирбаева, Ф. Қожахметова, Г. Имашева, Ж. Саткенова, З. Абдуллина, А. Байғұтова т.б. зерттеулерінде тіл арқылы сақталып, берілетін ұлттық, мәдени, дүниетанымдық қордың концептілік жүйесі жан-жақты қарастырылған. Соның нәтижесінде анықталған концептілер жиыны тұтас және құрылымдық орта ретінде концепт аясын (концептосфераны) құрайды. В. П. Нерознактің пікірінше: «Концептосфера языка, его лексикон объединяют в себе непросто слова, а концепты культуры каждого народа, его мироведения» [13, 108].

Жоғарыда аталған зертеушілердің еңбектерінде әрбір концептіні бірыңғай топтастырғанда, осы концептілердің өзара байланысына тән, ерекше ұлттық дүниеге көзқарасы мен бағасы, бағалау көзі анықталады.

М. Ж. Көпейұлы шығармаларының негізгі концептілік жүйесін «иман», «дін», «өмір», «байлық», «кедейлік», «оқу», «ғылым», «тозақ» т.б. деп көрсетуге болады. Бұлар қаламгердің «танымдық бейнесін» сомдайтын жеке мағыналардың жиынтығы. Аталған концептілер М. Ж. Көпейұлы тіліндегі ғалам бейнесін

суреттеудегі константалар болып табылады. Себебі олар қаламгер шығармаларының өн бойында көрініс табады. Бұл концептілер басқа да ақын-жазушылардың шығармаларында кездеседі. Алайда, әрбір суреткер өз шеберлігінің арқасында өзінің танымдық, көркемдік әлемімен ерекшеленеді. Мақала көлемінің көтермеуіне байланысты аталған концептілердің кейбіреуінің ғана талдауын ұсынбақпыз.

М. Ж. Көпейұлы шығармаларына халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігі ерекше көрініс тауып отырады. Ақынның көптеген туындылары *«байлық пен кедейлік»* концептілері аясында баяндалады: *«Ақшалы бай жүреді төмен бұғып, Қолдан кетсе бір тиын, жаны шығып. «Көрінген жан бір нәрсе сұрайды гой!», – Деумен өзін-өзі інге тығып... Бұл дуние құтқармайтын тозақ болды, Бейнеттіге, құрығыр, күн ұзақ болды. Дамыл, тыныштық бір жанда болмаған соң, Есебі күндіз өзі тозақ болды».*

«Тозақ» концептісі өмірдегі қиыншылықты, әркім үшін әр түрлі сипатта болатындығын көрсетеді. Бай байлықтан айрылып қаламын деп қорықса, кедей қалай күнін көремін деп уайымға түседі деген ұғымдардың барлығы «тозақ» концептісінің аясына сыйған. Қоғамдағы *қиыншылық, бейнет өмір, ауыр тұрмыс* «тозақ» сөзі арқылы бейнеленеді.

«Оқу», «ғылым» концептісіне сай түзілетін тезаурусты былайша көрсетуге болады: тілде қалыптасқан *өнер, ғылым, шәкірт, үлгі, талап, гибрат, ілімнің кені; білімнің кілті; талпынған талапкер т.б.*

«Дін» концептісі ғаламның тілдік бейнесінде ерекше орын алады. Оның құрылымы да өте күрделі. М. Ж. Көпейұлы шығармаларында негізгі өзек семалар: «сенім», «рухани», «адамшылық, адамгершілік», «құдіретті», т.б. арқылы танылады. Ақын шығармаларындағы «дін» концептісін түрлі қырынан вербалдайтын лексемаларды бірнеше тақырыптық топтарға бөлуге болады: Құдай атаулары (құдай тағала, жаратқан, жаратушы, Алла тағала т.б.), пайғамбарлар есімі, негізгі ұғымдар, құдайға құлшылық ету, имандылыққа тәрбиелеу, иман келтіру т.б.

М. Ж. Көпейұлы Алланың жалғыз екендігін, оның еш өзгермейтінін және өте кең ұғым екенін айта келіп, Алла сипаттарын былайша баяндайды: *«Жоқ деп біл ол Аллада ата-ана, Және жоқ деп біліңіз қатын-бала»*. Ақын Алланы танып білуде құлшылықтың алатын орны ерекше екеніне көп көңіл бөледі: *«Бір Алла діліне алмай, фазылына алсын, Жұмақты біз гаріпке қылсын несіп. Таршылық әрбір жерде қысылғанда, Басқа жоқ бір Алладан паналары. Айтыңыз насихат сөз қосып басын, Шын болып бір*

Аллада ықыласың. Ғазірейіл бір күн келіп жаныңды алса, Дүниеден кетеді гой гаріп басың». М. Ж. Көпейұлы Алладан артық ештеңе жоқ, Алладан артық біреуді жақсы көрсе, аяғында бір жамандыққа душар болатынын ескертеді: *«Басқаға бір Құдайдан көңіл бөлме, Нәпсінің, шамаң келсе, тіліне ерме! Пәледен басым аман болсын десең, Бой салып бір нәрсені жақсы көрме! Махаббат күннен-күнге артады екен, Оралып шырмауықтай тартады екен. Басқаны бір Құдайдан сүйгендіктен, Бір залал ақырында тартады екен».*

М. Ж. Көпейұлы қолданысындағы бір Алла тұрақты тіркесін сараптай келе мынадай түйін жасауға болады: ақын дүниетанымы бойынша әлем мен Алла ұғымы бірлікте жүреді. Бұл екеуі бір ғана мәннің шеңберінде топтасқан дүниелер. Дүние бір қалыпта тұрмайды, ол өзгеріп отырады. Өзгермейтін – жалғыз Алла дегенді ақын философиялық тұрғыдан түсіндіреді. Сондықтан да Аллаға деген махаббаттың шексіз болуы заңды құбылыс деп санаймыз. М. Ж. Көпейұлы ұғымында Алланы сүю адамның жеке басындағы асыл қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қағидаға айналдыру. Алланы сүю – ізгілікке бастайтын жол. Ақынның пікірінше, махаббат – Алланың ерекше қасиеті. Алланы сүю арқылы адам баласының иманды болатынын баяндайды. Біз бұдан тіл арқылы сақталған ұлттық таным көрінісін, көркемдік таным заңдылықтарының ұлттық болмысымен ерекшеленетінін байқаймыз.

Ойымызды жинақтай келе, тіл тек ойды білдірудің құралы немесе оның тікелей құрылысы ғана емес, тіл – алдымен сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына жинаған дүниетанымдық негізде құраушы құрал деген тұжырым жасаймыз. Адам санасындағы ғалам бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептілердің көмегімен көрініс тауып, олар сөз арқылы таңбаланып беріледі. Ақыл-ойдың жемісі болып табылатын, ақиқат өмірдің бейнеленуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түсінік тек адамзатқа тән, ол – сөйлеумен тікелей байланысты форма. Адам таным-түсінігін тіл арқылы жеткізеді, әлемнің идеалды және абстрактілі бейнесін қалыптастырады. Осындай тіл табиғатындағы тілдік құбылыстарды жасауда М. Ж. Көпейұлының жоғарыда атап өткен шығармаларының орны айрықша. Аталмыш туындыларында қаламгер қазақ халқының бүтін болмысы, мәдениеті мен қоршаған табиғатты, әлеуметтік жағдайын, ұлттық психологиясын көрсетуде үлкен шеберлік танытқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гумбольдт В.фон. Язык и философия культуры. – Москва, Прогресс, 1985. - 451 с.

2 Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік танымдық құрылымдар. // Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. Алматы, 2000. – 114 б.

3 Ержанова Ұ. Тілдегі қазақтар дүниетанымы//Ұлт тағылымы. Ғылыми-педагогикалықбасылым. № 4. 2002. 161-163 б.

4 Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. – Москва : Наука, 1987. – 264 с.

5 Уфимцева А. А. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М. : Наука, 1988. – 216 с.

6 Кубрякова Е. С., Демьянков В. З. Краткий словарь когнитивных терминов. – М. : МГУ, 1996. – 263 с.

7 Телия В. Н. Русская фразеология:Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. М. : 1995.-315 с.

8 Колшанский В. Г. Объективная КМ в познании и языке. М., 1990.

9 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттықсипаты. Алматы, 1997. –272 б.

10 Маслова В. А. Лингвокультурология. Издат: «Академия». М., 2007. – 208 с.

11 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филол. ғыл. докт. дисс. Алматы, 2004.

12 Әмірбекова А. Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 125 б.

13 Нерознак В. П. Национальное самосознание: концепт и структура // Этнические и национальное самосознание: тезисы конференции. – М. 1995.

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН ҚҰРАЙТЫН НЕГІЗГІ ӨЛШЕМДЕР

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.
докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

М. Ж. Көпейұлы халық арасында бостандық пен азаттық жыршысы атанған, «бар казактың жүрегіне жол тапкан», «ізденуден еш шаршап көрмеген» халкымыздың сүйікті ақыны, ұлы ойшыл,

фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ ретінде белгілі. Артына әдеби мұра қалдырған М. Ж. Көпейұлы әдеби тіліміздің баюына, жетілуіне, соның ішінде керкем әдебиет тілінің өзіндік колтаңбамен молығуына өз үлесін косты. Бұл қаламгердің поэзиясына да тікелей катысты. Зерттеуші А. О. Кәріпжанова: «Ақын жалпыхалықтық тілдің тұрақты тіркес құрамынан ең қажетін талғай отырып, мүмкіндігіне орай оларды түрлендіріп пайдаланады. Тұрақты тіркестерді жаңғыртып, өңдеп, құбылтып, айшықты сөздермен толықтырып қолдану арқылы фразеологизмдердің мәнмәтіндегі мәніне экспрессивті-эмоционалды реңк беріп, көркемдегіш қасиетін құлпыртып, стилистикалық қызметін күшейтеді, прагматикалық мақсатын айқындай түседі», – десе, енді бірде, метафоралық тіркестер М. Ж. Көпейұлының авторлық даралығын көрсететін белгі болып табылатынын айтады. Себебі «Метафоралық тіркес негізінде тіл мен логиканың, тіл мен психологияның арасындағы байланыс тереңдей түседі. Сөз мағынасының алмасып, ауысуы және тіркесіп қолданылуы тікелей адамның ойлау жүйесімен байланысты» [1, 17], – дейді зерттеуші. Демек, М. Ж. Көпейұлы казіргі тіл білімі түсінігіндегі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Егер тілдік тұлғаның қаруы – сөз, ісі – халыққа игілікті қызмет, жан-дниесі – өз ұлтының, халқының аяулы перзенті бола білуі керек десек, М. Ж. Көпейұлын осы талаптардың қайсысына болсын толық жауап бере алатын, соған сай қоғам қайраткері ретінде бағалай аламыз. Оның қаламынан ұлттың жанына жақын небір өлең-жырлар, дастандар, нақыл сөздер туды. Соның барлығы ұлттық тілдік көркемдегіш бояуы қанық, өзіне ғана тән көркемдік мәнерімен жазылған күйде жетті. «Болмайды сөз болғанмен бәрі бірдей, Парқы бар сөзден-сөздің, болсаң зерек» деп түйген М. Ж. Көпейұлы, өзі айтқандай, «сөзден сөз туғызған» сөз шебері болды.

Тілдік тұлға – белгілі бір тілде сөйлейтін, жазатын, ойлайтын субъект, сол тілдің сездік құрамын еркін игерген, қоршаған әлемді сол тілде танитын тұлға, тілді тасымалдаушы адам. Әрине, тілдік тұлғаға берілетін мұндай сипаттама барынша жалпылама, үстірт екені түсінікті. Зерттеулерге сүйенсек, тілдік тұлға ұғымының жалпығылымдык (философиялык, психологиялык, эстетикалык, когнитивтік) терең негізі бар екенін кереміз.

Жеке бір тұлғаның тілдік тұлға ретінде калыптасуында басты үш факторды айрыкша керсеткен дұрыс деп санаймыз. Біріншісі, белгілі бір тұлғаның сөз өнерін жетік игеруі және игеріп қана қоймай, өзіндік қолтаңбасы, ерекшелігі, жекелік сейлеу мәнері, тілдік жүйе дамуының ерекше ыкпалы калыптаскан болуы кажет.

Мұны Ю. Н. Карауловтыың вербалды-семантикалык деңгейінен [2], В. А. Маслованың жекелік компонентінен [3] өрбітуге болады және бұл тілдік тұлғаны айкындауда аса маңызды болып табылады.

М. Ж. Көпейұлы поэзиясында акынның өз бейнесін айкындау метафоралар аркылы орын алған. М. Ж. Көпейұлы өзін «қыранға» балайды, оның ішінде *«бидайыққа»,«қаршыганың түйгынына», «лашынға»* т.б. Мысалы: *«құла түзде қу ілген мен – бидайық» [4, 199]. Өзін «бидайыққа»* ауыстыру бұрын-соңды қазақ ақындарында жоқ, алайда, бұлай аустыру Абайдан бастау алады.

Метафорадағы басты ерекшелік – бейнелілік пен жаңашылдық, сондықтан жаңашыл тілдік тұлға тілінде мұндай метафоралар жиі кездесетіні белгілі. Метафораның тағы бір қасиеті оның архаизмдік сипатқа еніп, қолданыстан шеттеуі. Бұның негізінде ақынның сөз қуаты және қайталаулардан, ұрлаудан өзін аулақ ұстайтын қасиеті жатса керек. Ал авторлы метафораның өмірі ұзақ, өйткені ол – халық еншісіне берілген ортақ мұра. М. Ж. Көпейұлының тілінде метафоралық қолданыстар аз болғанымен, өзіндік өрнегімен сол кездегі алдыңғы түр, жаңашылдық деңгейде болғанын байқаймыз. Мысалы: «Дүние – шыр айналған бір дөңгелек» [1, 12 б.] дегенде, ақын танымында заман – дөңгелегі шыр айналып тұратын құрылғы. Бұл жерде құрылғының жұмыс істеу қалпы заманның үрдісімен салыстырыла алынған. Дүние – тоқтау дегенді білмейтін жансыз құрылғы.

М. Ж. Көпейұлы қарапайым сөздерді поэтикалық тілде түрлендіріп қолдану арқылы бірегей көркем әлем қалыптастырады. Бұл ақынның ассоциациялық образ жасау қабілетінің күштілігін танытып, ғаламдық тілдік бейнесін жасайды. Ақын позиясындағы сөз лексемасының баламалану ретінне назар аударсақ, дәстүрлі, жалпыға белгілі ұқсатулар мен қатар жаңа өзіндік мәнерде қолданыс тапқанын көреміз.

Екіншісі, жеке тұлғаның дүниетанымы мен қоғамдық ісі. Бұл тәрбие мазмұны компонентін, лингвокогнитивтік деңгейді құрайды. Осы тұрғыдан қарағанда, М. Ж. Көпейұлының тілдік тұлға ретіндегі қалыптасқан өмірлік жолы айқын көрінеді. Бұны Мәшһүртанушы ғалымдардың пікірлерінен де көруге болады.

М. Ж. Көпейұлының көркем сөздің шеберіне айналған тұсына дейінгі өсу жолдары оның көркемдік ізденісінің іргетасын айнымастай етіп бекітіп береді. Оның поэзиялық шығармаларының басты ерекшелігі – өзіндік (авторлық) сөз саптау қолданысының концептілік өріс алып, олардың жүйе ретінде молынан көрінуі болып табылады. Мәдени-өмірлік концептілер мәшһүртанудың ұлттық-мәдени кеңістігін қалыптастыратын тұтас жүйе. Бұл жүйе

жалпы қазақ қоғамының руханиятына өзінше бір тармақ болып енеді де, қазақ ұлтының когнитивтік (ой-саналық) кеңістігін түзеді.

М. Ж. Көпейұлының ақындық көркем әлемі – ғалам бейнесін көркемдеу құралдары арқылы тілдік жағынан шынайы бейнелеуінен көрінеді. Соның арқасында автордың өзіндік қолданыстары тұтас концептілік өріс алып, ғалам бейнесін сол концептілер негізінде танудың көзі болады. Мысалы, өмірді тану тәжірибесі (білімі) «өмір» концептісін көркемдік тұрғыдан бейнелеуінен көрінеді, авторлық сол қолданыста өмір туралы білім жинақталған. Ал сөз өнерінің құдіреті «ақындық» концептісінің когнитивтік құрылымы арқылы ашылады. Санадағы сенсорлы-перцептивті түрде қабылданатын шындық болмыс туралы ақпараттардың концепт ұйымдастырудағы ерекшеліктері М. Ж. Көпейұлы поэзиясында жақсы қолданылған. Ақындықтың концептуалды бейнесін жасауда, оның сыртқы тұрпаты мен ішкі мағынасын бейнелеуде ұқсатулар, ассоциациялар молынан пайдаланылады: «қалам», «дәуіт», «сия» атаулары *(Тіл – қалам, ауыз – дәуіт, түкірік – сия)*, «піспек», «қара саба» сөздері *(Қалам – піспек, дәуітім – қара сабам)*, «гауһар», «дария», «сандық» атаулары *(Сөз – гауһар, ғақыл – дария, кеуде – сандық)* қолданылады.

Үшіншісі, ұлттық діл, ұлттық психология, халық танымынан сусындауы. Бұлар мәдениеттану компонентін, прагматикалық деңгейді кеңейтетін белгілер. «*Алашқа әңгімесін Мәшһүр шашты, Жері жоқ болған, сірә, аяқ асты! Елден назар, ұлпат тапқандықтан, Алты алашқа атандық – «Мәшһүр-Жүсіп»*, – деп жырлаған М. Ж. Көпейұлы өз өлеңдерінің халыққа ықпалын жақсы түсінген. Алдына үлкен міндеттер қойған: *«Шаштым жұртқа Алланың берген сыйын, Ешбіреуден ақы алмай жалғыз тиын...» [4, 270]*, – деген жолдардан ақын өлеңдерінің басты прагматикалық мақсат, уәжі айқын аңғарылады. М. Ж. Көпейұлы *«Айтушы мен болайын, құлақ қой сен..»* [4, 139], – деп, өз тыңдаушысымен (адресатпен) тығыз қарым-қатынаста болған.

М. Ж. Көпейұлының тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі ұлтты сүю, ұлттық құндылықтарды насихаттау, поэзиялық шығармаларының негізгі уәжі мен мақсаттарынан тұрады. Өлеңдерінде Көпейұлының тілдік тұлғасы анық көрінеді. Қаламгердің когнитивтік санасындағы жекелік (индивидуалды) ғалам бейнесі, бағалауыштық-идеологиялық және эмоционалдық ұстанымдары, тілдік санасы, философиялық тұрғыдан келгенде, кеңістік пен уақыт шеңберіндегі автордың өзіндік орны мен көзқарасы толық көрініс тапқан.

Қорыта келгенде, М.Ж. Көпейұлының тілдік тұлға ретінде қалыптасуының арналары жан-жақты, көп сатылы. Соларды жинақтай келе, үш салаға (деңгей) топтаймыз: біріншісі – сөз өнерін толық игеруіне байланысты айқындалатын тілдік-семантикалық деңгей; екіншісі – қаламгердің дүниетанымы мен қоғамдық іс арқылы айқындалатын тілдік когнитивтік деңгей; үшіншісі – ақынның жоғары интеллектуалдық өресі негізінде айқындалатын прагматикалық деңгей. Осымен байланысты М.Ж. Көпейұлының тілдік тұлға моделін сызба бойынша көрсетуді жөн санадық.



Сурет 1

М. Ж. Көпейұлының тілдік тұлғасынан қазақ әдеби тілінің дамуына өзіндік үлес қоса отырып, дүниетанымы мен қоғамдық ісі және алдына қойған мақсаттары мен шығармаларындағы уәждемелер арқылы қазақ ұлтының бірегей тұлғасы ретінде танылған жеке тұлғаны айқындаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кәріпжанова А. О. Фразеологиялық коннатацияның прагмастилистикасы (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. афтореф. Алматы. – 2010. – 34 б.

2 Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. Изд.4-е, стереотипное. – М. : Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.

3 Маслова В. А. Лингвокультурология. – М. : Академия, 2001. – 202 с. 4. С.

4 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 4-том. – Павлодар : ЭКО, 2004. – 535 б.

5 Мәшһүр Жүсіп. Шығ. 1-том. – Павлодар : ЭКО, 2003. – 436 б.

СҮТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНЫҢ АУДАРЫЛУ ЖОЛДАРЫ (Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ «ОЯНҒАН ӨЛКЕ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

АГИНБАЕВА Қ.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.
ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.
ф.ғ.к., қауымд. профессор, ПМПУ, Павлодар қ.
ЕРҒАЛИЕВА С. Ж.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Аударма біршама зерделенген, теориялық негізі қаланған мәселелер қатарына жатады. Ғалымдар аудармаға анықтама беріп, аудару барысында ұшырасатын қиындықтарды саралаған, қалыптасып даму тарихын сипаттаған, аудару жолдарын қарастырған. Л. К. Латышев [1], С. И. Влахов пен С. П. Флорин [2], В. С. Виноградов [3] т.б. еңбектерінде аударудың бірнеше жолы да көрсетілген.

В. С. Виноградовтың «Аударматануға кіріспе (жалпы және лексикалық мәселелері)» зерттемесінде аударудың бес жолы талданады: транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимиялық аударма, үйлесім, перифразалық (сипаттау, дескриптивтік, экспликативтік) аударма, калькалау [3]. Ендеше, Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы этнографизмдердің қандай жолмен аударылғандығын осы негізге салып қарастыруға болады. Талдауға алынған этнографизмдердің бірі – сүт тағамдары атаулары.

«Ас – адамның арқауы» деп тауып айтқан қазақ дастарқан байлығына ерекше мән беріп қараған. Ол ұлттың өзіндік таным-түсінігін, айналаға деген көзқарасын көрсетумен қатар, оның айналысқан кәсібінен, шаруашылығынан, тұрмыс-тіршілігінен, тарихынан, жалпы салт-дәстүр, әдет-ғұрпынан, өмірінен мәлімет береді. Сондықтан халық арасында дастарқанға, асқа қатысты мақал-мәтелдер, қанатты сөздер молынан ұшырасады. Дастарқан басында барлығы тең екені «Дастарқанның басында дұшпан да

дос» деген мақалдан байқалады. Енді бірде «Ашта жеген құйқаңды, Тоқта ұмытпа», «Аты бардың тынысы бар. Асы бардың ырысы бар», «Барында батып іш, Құрт, майыңды қатып іш», «Тарысы бардың – тақаты бар, Құрт, майы бардың – рахаты бар. Қауыны бардың – сауыны бар, Тілігі бардың – тынымы бар» деп дәм-тұздың адам өміріндегі орнын белгілейді. «Кеспе көже күн батқанша, Бидай көже ел жатқанша, Тары көже таң атқанша» деп оның астығын насихаттайды.

Ұлттық ерекшелікті көрсететін этнографиялық атауларды жинақтаған, оның мән-мағынасын мысалдарды талдай отыра түсіндіріп, өскелең ұрпаққа халықтың бай мұрасынан мағлұмат беретін тәлім-тағылымды жеткізуді көздеген С. Кенжеахметұлы «Жеті қазына» деген еңбегінде тағам түрлерін ақ (сүт тағамдары), қызыл (ет) және көк (жеміс) деп үшке бөлген [4, 86 б.]. Осы үшеуінің де адам ағзасына тигізер пайдасы мол. Тағам атауларының ішінде денсаулыққа пайдасы зор әрі құнары мол сүт өнімдерінің алатын орны айрықша. Қазақта сүтті қасиетті зат есебінде қарап «ақты төкпе, малдың желіні кетеді» деп ескерту жасап отырған. Қазақтың құрт, ірімшік, ежігей тағы сол сияқты сүт тағамдары басқа елдерде өте жоғары бағаланатыны белгілі.

Сүт өнімдерінің қатарына *айран, қатық, шалап, қаймақ, май, құрт, ірімшік, ежігей, қымыз, шұбат, саумал, сүзбе, көже* және одан бөлінетіндерге *іркіт, қаспақ* т.б. жатады. Қаламгер туындысында ұшырасатын сүт өнімдерінің бірі – айран. Айран – қой, сиыр сүтінен әзірленеді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Айран – ашытқы құйып ұйытқан сүт» [5, 103 б.], – деп түсіндірілген. Ол қатыққа қарағанда сұйық әрі ащылау болады. Айранмен шөл басады. Айран мен қатықты сүт, су қосып сұйылтып та ішеді. Сүт қосылғанын қойыртпақ, су қосылғанын шалап деп атайды. Осы түсінікті сөздіктен де кездестіреміз: «Шалап – айранға су қосып жасаған сұйық сусын» [6, 108 б.]. Туындыда «айран», «шалап» этноатаулары транскрипция (транслитерация) жолымен берілген. Мысалы: *Сейіт жаңа дәл тапқан екен, Омар қара үйге жақындап келді де:*

– Назыкеш, үйдемісің?.. Қымыз қалды ма? – деді.

– Қымыз бітті, ***айран*** *бар, – деді Назыкеш, Сейіттің өтінішін орындағысы келіп* [7, 361 б.].

Сеит правильно угадал – подъехав, Омар тотчас спросил:

– Назыкеш, кумыс есть?

– Вышел кумыс, только ***айран*** *остался* [8, 347 б.].

Қәртаң төбет тұмсығын бүйіріне тығып алып, денесін жайлап орналастырды да, ойға кетті:

«Жайлаудан қайтқалы ***айран-шалабымды*** *алаңсыз ішкенім бүгін болар. Аллаға шүкір, лық тойдық, леген түбін жаламай кеттік... Құдай қосса, бүгін бір тыныш ұйықтап көрейін. Кешке жақын ауылды айнала ұзақ жортып, үріп-үріп қайтқанмын...»* [7, 75 б.].

Старый кобель сунул морду в бок, строился поудобней и погрузился в думы:

«Наконец хоть удалось спокойно допить свой ***айран-шалап.*** *Первый раз за все время, как тронулись с джайляу, наелся досыта. Слава аллаху! Не хотелось даже вылизывать дно чашки. Попробую теперь заснуть. Бог даст, еще и высплюсь. К вечеру выходил в обход аула, все как следует оглядел: долго бегал, долго лаял...»* [8, 80 б.].

Келесі мысалда «айран» реалийі орыс тіліндегі «кефир» сөзімен берілмей, оның орнына «кислое молоко» деп қолданылған. Бұл аудармашының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен таныс екенін байқатады. Ал «шалаптың» мағынасы шығармада ашылып, «разболтала в воде немного кослого молока» деп сипатталған. Нақтырақ айтқанда, аудармашы бұл жерде үйлесім және аударудың экспликативтік жолдарын пайдаланылған: *Назыкеш үнсіз ғана орнынан тұрып, кірлі кетік ағаш аяқты жуып жіберіп, Жабайдың аузына* ***шалап*** *тосты* [7, 51 б.].

Назыкеш молча вымыла щербатую деревянную чашку, ***разболтала в воде немного кослого молока*** *и подала матери* [8, 58 б.].

Тәржімада «кислое молоко» деп «іркіт» сөзі де аталған. Іркіт – құрт қайнату үшін үлкен ыдысқа құйып жинаған сүтті пісіп, майын алғаннан кейінгі қалған ақ сусын [6, 442-443 бб.]. Аңғарғанымыздай, «айран» мен «іркіт» сөздерін бір атаумен тәржімалау дұрыс емес. Бұл реалийлерді ұлттық колориттен айыратыны белгілі. Айран іркітке мүлдем ұқсамайтыны белгілі. Автордың бұл атауды қолдануы оның дәміне тиесілі берілсе керек. Айран қышқылдау келгенмен оны сол күйінде пайдалануға болса, іркітті қазақ осы қалпында ас ретінде қолданбаған. Одан құрт, ірімшік, қоспа т.б. тағам түрлерін дайындаған. Дегенмен, автор екі сөзді де бір атаумен беруді жөн деп тапқан. Мұнда аударудың үйлесім жолы пайдаланылған. Мысалы: – *Анау жалмауыз ағаңдікі шығар, жалмауыз ағаңдікі! Жердің түгін түгел жалмап өлем депті гой, жалманып өлгір! – деді Жұмекең, ширыға бастап.* ***Іркітке*** *толы ескі торсық, қылғындырып байлаулы, түртіп қалсаң, жарылғалы тұрған сияқты...* [7, 80 б.].

– Видно, брата твоего ненасытного. Чтоб сдох, подавившись этой травой! – Жуман стал удивительно похож на переполненный ***кислым молоком*** *торсык: ткни – и лопнет* [8, 85 б.].

Қымыз – халқымыздың бірнеше ғасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамы. Қымыз – бие сүтінен ашытылған қышқыл дәмді сусын [9, 604 б.]. Ол тек тағам емес, сонымен қатар халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастарқан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Басқа тағамдарға қарағанда қымызды дайындаудың әдіс-тәсілдері, салт-дәстүрлері, ырымдары мен кәде-жоралары көп.

Қымыз – әрі сусын, әрі тағам, дертке шипа, жанға қуат. Дәулетті адамдар қымызды жазда да, қыста да ішіп отырған. Қымызды піскен, сапырған сайын хош иісі артып, тәбет ашыла түседі.

Шығармада «қымыз» сөзі транскрипция (транслитерация) жолымен берілген, яғни «қымыз» этнографизмі әріптері өзгертіліп «кумыс» деп қолданылған. Мысалы: ***Қымызын*** *іше отырып, қастығын істей отырып, Тұрсынбай Жұманның шын жаны ашыған достасы болып шықты* [7, 81 б.].

Гость сидел, попивал ***кумыс*** *Жумана и тут же, не теряя времени, пакостил ему* [8, 86 б.].

Жарау семіз аттар санына божы тисе-ақ ытырына жөнелуге асығып, елең қағып сергек тұр. Игілік атынан түсіп, екі бөлмелі бекетке қарай бет ала беріп:

– ***Қымызың*** *қалып па еді, Сарымсақ? – дегенде, сергек тұрған аттардың алыстағы бір дыбысты сезінгендігін көрді Игілік* [7, 308 б.].

Игилик уже собирался войти в дом попить ***кумыса****, но кони вдруг поставили уши камышом, насторожились. Игилик прислушался: колокольчики...* [8, 304 б.].

Ауыз үйден ақ шарамен қысқы ***қымыз*** *келді. Ушаков та, Соколов та қымызды жатсынбай тарта бастады* [7, 310 б.].

Только тут кивнул Соколов головой, протянул руку. Из передней в добела выстроганном тегене внесли зимний ***кумыс.*** *Ни Ушаков, ни пристав не отказались от угощенья* [8, 305 б.].

Сүттен жасалатын келесі тамақтың түрі – құрт. Құрт – қатықтан (сүзбеден) әртүрлі формада жасалып, кептірілген сүт тағамы [9, 517 б.]. Құрт – қой, ешкі, сиыр сүтінен жасалады. Әрине, қой мен ешкі сүтінен жасалған құрттың дәмі де, сапасы да өте жақсы болады. Құрт жасау үшін ашыған сүтті ағаш кеспекке құйып, бірнеше күн іркіт жиналады. Оны үлкен қазанға құйып қайнату кезінде іркіт қоюланып, ақ, ақсары болған кезде отын сөндіріп, суыған соң сол кеште таза қапшыққа құйып қояды. Таңертең оны алақанға салып әртүрлі кескінде домалақ, ұзынша етіп құрт жасайды. Дайындалған құртты шыптаға, жоғары жерге немесе өреге қойып кептіреді.

Құрт реалийі туындыда транскрипция (транслитерация) жолымен берілген:

*– Менің жалғыз шешем мен жалғыз балам қатты суықтардың тұсында бір айлық қоректері үшін мені екі жылға жалдап қойыпты бір бай ағайынымызға... **Ет** алған, **құрт** алған, тезек алған... Одан бері екі ай өтті... Шешем мен балам қаңғыра-қаңғыра өзі осында жұмыста жүрген бір жолдасымның үйіне келіпті, Енді бәрі қосылып, сол үйді жұтатып жатқан көрінеді. Өзіңіз қалай ойлайсыз, мен сол ауылға қайта аламын ба, жоқ па? – деді Бұланбай* [7, 255 б.].

*– Семья наняла меня на два года к одному баю, нашему родичу. Ничего не поделаешь. Есть им надо было? Надо. Целый месяц брали **мясо, курт** и кизяк тоже. Вот и придется мне отработать у бая два года. Теперь моя мать-старуха и сынишка пошли с коржуном по аулам. Доели уже все. Добрели до одного моего товарища. Живут пока там, последний кусок доедают. Так что придется мне идти* [8, 258 б.].

Асып-сасып айғайлап сөйлесіп, қораның ішін жаңғырықтырып жүр:

*– Әлгі бір **құрт** салған дорба ұмыт қалыпты гой!..* [7, 123 б.].

То и дело бегали в дом, громыхали по доскам пола, словно подкованные кони. Кричали на весь двор:

*– Ойбой, Апак! **Курт** забыл!..* [8, 129 б.]

*Екі жалшы екі атқа мініп, екеуін жетекке алып, шығысқа қарай жүріп кетті. Пісіп тұрған еттерін, малшының ең мол тамағы **ащы құрттарын** қоржынға толтыра салып алып, жолдастары мен Жұманға тамақ әкетті* [7, 138 б.].

*Оба работника Жумана сели на коней. В поводу взяли двух запасных и отправились прямо на восток. К седлам приторочили коржуны. В них обычная еда пастуха. Вареная конина – мясо, очень удобное для зимнего пути, не замерзает и на морозе. И **курт,** он тоже всегда у табунщика в изобилии. Тоже удобная еда – бросают в торсук с кипятком, пока едут, все это сбивается от тряски, тогда и пей. Получается что-то похожее на кумыс* [8, 144 б.].

Сүт қосылып жасалатын келесі тағам – құймақ. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Құймақ – айранға не сүтке ұнды қоймалжың етіп езіп, майға пісірілетін жұмсақ нан [9, 442 б.], – деген анықтама келтірілген. Туындыда «*құймақ*» сөзі транскрипция (транслитерация) – *«куймак»* – және калькалау – *«куймак – оладьи»* – жолымен берілген. Яғни «құймақ» орыс тілінде «оладьи» деп аударылатыны белгілі. С. И. Ожеговтің «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» «оладьи» сөзіне мынадай анықтама берілген: «Оладья, -и, род. мн. -дий, ж. Толстая мягкая лепешка из пшеничной муки, изжаренная на сковороде. II уменьш. оладышек, -шка, м; оладушка, -и, ж. и оладышка, -и, ж. II прил. оладьевый, -ая, -ое» [10]. Шығармадан дәлел ретінде мысал келтірелік:

Ерінің ашуын алғысы келіп, өзіне ең жақын ұстайтын сауыншы әйел Күңшеге Көпей бәйбіше:

*– Қол тиірменді әкеліп, **құймақ** жасай қойшы, – деп еді, Күңше далада ұзағырақ айналып қалып, қайта кірді...* [7, 17 б.]

*– Принеси-ка мельницу, намелем муки на куймак, – попросила она доильщицу Кунше, самого близкого ей здесь человека. Копей надеялась, что муж смягчится, успокоится, услыхав про свой любимый **куймак – оладьи*** [8, 25 б.].

Қысқасы, аудармашы тағам атауларын тәржімалаған кезде В. С. Виноградов ұсынған аударма жолдарының транскрипция (транслитерация), үйлесім және калька түрлерін пайдаланған. Ол, біріншіден, түпнұсқа мазмұнынан алшақтамай, дәл беруді көздесе, екіншіден, реципиенттің (оқырманның) мүддесін де ескерген, үшіншіден, туындының сөреде шаң басып жатып қалмай, оқылуын, көпшілік қауымға таралуын да негізге алған деп топшылаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Латышев, Л. К. Перевод: проблемы теории, практики и методики преподавания. – М. : Просвещение, 1988. – 198 с.

2 Влахов, С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М. : Международные отношения, 1980. – 342 с.

3 Виноградов, В. С. Введение в переводоведение (общие и лексические вопросы). – М. : Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.

4 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы : «Ана тілі» ЖШС, 2000. – 135 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. А-Ә. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1974. – 696 б.

6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10-том. Ү-Я (үрейлен – яшма). – Алматы : «Ғылым», 1986. – 512 б.

7 Мүсірепов, Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Том 3. – Алматы, 1974. – 483 б.

8 Мусрепов, Г. Пробужденный край. Книга первая. – Алма-Ата : «Жазушы», 1985. – 445 с.

9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том. Қ (қанаттастық – қырқұлақ). – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1982. – 624 б.

10 Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. – М., 1992. – 205 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

АҒЫБАЕВА Ғ. М., ТУЛЕУБАЕВА С. Б.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, № 37 ЖОББМ, Семей қ.

Қазіргі білім беру тұжырымдамасы мұғалімнің кәсіби қызметінің мақсатын анықтады. Ол - оқушылардың қоғамда өз орнын табуы, белсенді бейімделу қабілетін қалыптастыруы. Оқытудағы инновациялық технологияларды әзірлеу осының салдары болып табылады. Инновация - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені тапқырлау, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

«Инновация» сөзі латын тіліндегі in (ішіне) novus (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі таңда оқу үдерісінде мұғалімдер инновациялық әдіс-тәсілдердің алуан түрін қолданады. Инновациялық әдістер оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың жаңа стилі ретінде сипатталады. Қазіргі педагогтар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, зияткерлік әрекеттерін дамытуда проблемалық оқыту технологиясының мүмкіндіктерінің арнасы кең екенін атайды. Проблемалы оқытудың теориялық мәселелерін М. И. Махмудов, А. М. Маттошкин. И. Я. Лернер, Ю. Н. Бабанский және т.б. зерттеген еді.

Проблемалы оқыту әдістемесінің екі стратегиялық шарттарын атап кеткен жөн: 1) үйренуге тікелей әсер ететін; 2) үйренуге ықпал ететін.

Бірінші стратегиялық шартқа:

- материалды түсіну үшін оқушылар қолданатын когнитивті стратегиялар;
- материалды есте сақтау үшін есте сақтау стратегиялары;
- қарым-қатынас барысында туындайтын қиындықтарды жеңуге көмектесетін компенсаторлық стратегиялар.

Оқыту үшін жағдай жасауға байланысты және тілді меңгерудегі психологиялық қиындықтарды жеңуге ықпал ететін стратегиялар екінші шарттың қатарында.

Соңғы онжылдықта заманауи білім беру технологияларының дамуына байланысты оқу процесіне аудио- және бейнежазбалар, компьютерлік бағдарламалар кеңінен енгізіле бастады. Осы технология арқылы оқушы шын мәнінде білімді өз бетінше меңгереді және танымдық міндеттерді шешетін оқу үдерісінің белсенді субъектісі болып табылады.

Мұндай әдістемелердің мақсаты – таным үдерісін жандандыру, оңтайландыру, күшейту. Сонымен қатар инновациялық оқыту оқушыларды әрекетке, ұжымдық жұмыс түрлеріне, пікір алмасуға міндетті түрде қосуды көздейді.

Озық жұмыс, дамудың алғышарттары, жеке тұлғаға бағытталуы, оның дамуы, шығармашылық элементтердің міндетті түрде қамтылуы, қарым-қатынастың серіктестік түрі: ынтымақтастық, шығармашылық, өзара көмек және т.б. инновациялық оқытудың ерекшеліктері болып саналады.

Білім берудегі жаңашылдықтар, білім мазмұнындағы, оқыту нысандары мен әдістеріндегі жаңашылдықтар, «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы, оқытудың ақпараттық технологияларын пайдалану, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, оны басқару және т.б. білім берудегі инновациялар деп аталады.

Инновациялық технологиялар тіл мен әдебиетті оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – пәнді жүйелі-құрылымдық білім ретінде оқытудан оны қарым-қатынас пен ойлау құралы ретінде оқуға көшіруге, ал оқу-танымдық қызметті нәтижелі-шығармашылық деңгейге ауыстыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сабақта оқушылардың креативті қабілеттерін дамыту үшін перспективалы әдістемелік тәсілдерді қолдану керек: кластерлер, инсерт (теориялық материалды өз бетінше оқу кезінде), кестелерді толтыру, екі бөлшекті күнделік, тоқтап-тоқтап оқу, бірлесіп іздену, пікірталас, дөңгелек үстел; ТРИЗ элементтерін қолдану (өнертапқыштық міндеттерді шешу технологиялары): «Таң қалдыр!» (жазушының өмірбаянымен танысқанда), «Қатені тап!»; классикалық лекциялық оқыту, аудиовизуалды техникалық құралдардың көмегімен оқыту, тестілер, жобалар әдісі («Әдеби өлкетану» бойынша сабақтар).

Жобалық технологияны пайдалану: балалардың қызығушылығын арттырады және тереңдетеді; өзіндік танымдық іс-әрекет саласында құзыреттілікті қалыптастыру арқылы оқушылардың шығармашылық

қабілеттерін дамытады, оқуға баулу, қызығушылықты дамыту, ой-өрісін кеңейту), сыни ойлауды дамытады; оқушыларға үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, зерттеу іскерліктерін (мәселені көру және оны шешу жолдарын белгілеу), коммуникативтік іскерліктерін (топтарда жұмыс істеу) меңгеруге көмектеседі.

Сабақта және сабақтан тыс уақыттарда топпен өзара қарым-қатынас жасау, сабақта білім алушылардың ынтымақтастығын қамтамасыз ету үшін тіл мен әдебиет мұғалімі мұғалім мен оқушылар арасындағы бір-біріне деген сенім, өзара сыйластық атмосферасын жасауға, оқушыларды белсенді дербес қызметке тартуға міндетті. Сынақ сабақтар кезінде топтық жұмысты жүзеге асыруға болады, бұл ұжымдық тәрбиеге ықпал етеді, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ашу және көрсету үшін жағдай жасалады. Сонымен қатар, мұндай сабақта оқушы – оқушылар ынтымақтастық атмосферасы жасалады, ал мұғалім – оқушылардың кеңесшілер мен ассистенттердің тексеру кезеңіне қатысуы олардың ынтымақтастығын арттыра түседі.

Қазақ тілі мен әдебиетіне қызығушылықты дамыту үшін сабақта тарихи, этимологиялық анықтамаларды, ойын түрлерін енгізу керек. Шығармашылық эксперименттерді, жоба әдісін, стандартты емес сабақтарды, конкурстарды, олимпиадаларды пайдалану керек.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда тез дамып келе жатқан әдістемелердің бірі және оқушылар тарапынан үлкен қызығушылық тудыратын тәсіл ретінде оқытудың инновациялық тәсілі – интернет ресурстарын қолдануды атап көрсетуге болады.

Білім беруде ғаламторды пайдалану идеясы жаңалық емес. Интернет ақпараттың сарқылмас көзі ретінде де, оқу жұмысын жаңаша ұйымдастыруға болатын жаңа коммуникативтік орта ретінде де қолданылады. Интернет нақты, мобильді ақпараттық ортаны ұйымдастыруға мүмкіндік береді, онда тек ақпаратты теріп қана қоймай, сонымен қатар басқа да көптеген коммуникативтік міндеттерді шешуге болады. Оны пайдалану оқушылардың уәждемесін арттыруға көмектеседі, өйткені сынып және жеке сабақтар кезінде интернетті қолданғанда заманауи оқушылар өздеріне үйреншікті ақпараттық ортаға түсуге мүмкіндік алады. Интернетте оқу мақсаттарында масштабтары бойынша әртүрлі ресурстар – қызықты оқу материалдары, тестілер бар веб-беттерден бастап құрастырушылар тұрғысынан қашықтықтан оқыту үшін көлемді жобаларға дейін қолданылады.

Оқытушы интернетті пайдалана отырып, оқулықтар материалдарын өзектендіре алады, материалдар, оқу ақпаратын орналастырады. Оқушылар қосымша ақпаратты табады, өзін-өзі

бақылай алады. Сондай-ақ мұғалім – оқушы интербелсенді оқыту жүйесін әзірлеуге, бақылаудың әр түрлі нысандарын қолдануға және кері байланысты ұйымдастыруға, топтың әртүрлі мүшелері арасында байланыс орнатуға, гипермәтіндермен, аудио және бейне файлдармен және блогтармен жұмыс істеуге болады.

Интернет әр түрлі тәсілдерді жүзеге асыруға, әдістемелік жадығаттарды ұсынуға, оқу процесін түрлендіруге, оны неғұрлым тартымды етуге, оқыту субъектісінің қажеттіліктері мен мүдделерін, оның дайындық деңгейін назарға алуға, оқушылардың жұмысын жедел және мақсатты бақылауға, оны тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Жұмысымызда сыни ойлауды дамыту технологиясын пайдалана отырып, пікірталас (лат. – зерттеу, талдау, талқылау) сияқты тәсілдің өте тиімді екенін атап өткіміз келеді.

Пікірталас – балаларға өз ойын білдіруге көмектесетін, тілдік оралымдарды жақсы меңгерген, алдын ала дайындықты қажет ететін өте күрделі сөйлеу формаларының бірі. Бұл әдіс көркем шығарманы талқылау және талдау кезінде әдебиет сабақтарында өте тиімді. Топтық пікірталас туындату кезеңінде де, рефлексия кезеңінде де пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте бірінші жағдайда оның міндеті: бастапқы ақпаратпен алмасу, қарама – қайшылықтарды анықтау, ал екіншісінде-бұл алынған мәліметтерді қайта ойластыру, проблема бойынша өз көзқарасын басқа көзқараспен және ұстанымдармен салыстыру мүмкіндігі. Топтық пікірталас формасы қарым-қатынас диалогының дамуына, ойлау дербестігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Жаңартылған білім беру жағдайында Блум сұрақтарын тиімді деп ойлаймын (әр түрлі сұрақтарды пайдалана отырып, оқу жүргізу әдістемесінің атауы).

Сын тұрғысынан ойлауды дамытуға оқушының пәнге, сондай-ақ жалпы оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін дәстүрлі емес сабақтар да ықпал етеді. Мұндай сабақтардағы шығармашылық көңіл-күйден тыс, ал осындай тапсырмаларды, өзінің жаңашылдығы, ерекше беріліп (саяхат, отырыс, конкурс, ойын және т.б.), таңқалдыра отырып, оқушының назарын, ой-өрісін белсендіретін дидактикалық материалды таңдаған дұрыс. Ерекше жағдайға тап бола отырып, бала әрекетке, мұғаліммен ынтымақтастыққа қосылады, бұл ретте оң эмоционалдық ая құрылады, интеллектуалдық және ерік салалары белсенді жұмыс істей бастайды, білім оңай игеріледі, білік пен дағды тезірек қалыптасады. Бұған мұғалім мен оқушының шығармашылық қорын жұмылдыру үшін стандартты емес сабақтарда жағдай жасау ықпал етеді.

Дәстүрлі емес сабақтарға дайындық өте мұқият жүргізілуі тиіс, ал бұл, әдетте, мұғалім тарапынан да, оқушы тарапынан да көп күш пен уақытты талап етеді. Өз тәжірибемізде сабақтың бірнеше дәстүрлі емес түрлерін: практикум, викторина, зерттеу, саяхат, проблемалық жағдай негізіндегі диалог, іскерлік ойын, сынақ сияқты тәсілдерін қолданамыз. Таңдау бірнеше жағдайларға байланысты: біріншіден, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескереміз, екіншіден, оқылатын тақырыпқа байланысты оқытудың міндеттері, мақсаттары, мазмұны ескеріледі.

Мысалы, семинар-сабақ қайталанатын-жалпылама сипатқа ие. Ол тілдің ғылыми стилін қалыптастыруға, өз ойларын өзіндік бағалауға ықпал етеді, бақылау мен өзін-өзі бақылаудың тиімді нысаны болып табылады, балалар өз бетінше жұмыс істеуге, ғылыми әдебиетті пайдалануға үйренеді. Сабақ-семинар мазмұнының негізі теория болып табылады. Мұғалім мақсаты – ойлауды қалыптастыру, ол оқушыларға өз бетінше ақпаратты таңдауға, зерттеуге және алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Бөлімдерді қайталау міндеттеріне сәйкес семинар сабақтарын келесі тақырыптар бойынша ұйымдастыруға болады: «Сөз құрамы», «Сөз таптары», «Зат есімнің түрлері», «Жай сөйлемнің тыныс белгілері» және т.б.

Қазақ тілі сабағына қойылатын қазіргі талаптардың бірі – мәтінмен жұмыс. Бұл да қазіргі жаңартылған білім бағдарламасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Осыған байланысты өз жұмысымызда зерттеу сияқты сабақ формасын қолданамыз. Мұндай сабақтарда мәтін негізінде тілдік материалды зерттеу жүзеге асырылады.

Әрбір сабақтың өзіндік «ерекшелікпен» өткенін қалаймыз. Сондықтан дәстүрлі жеке сабақтың стандартты емес, шығармашылық элементтеріне жиі жүгінеміз. Ең бастысы, сабақта балаларды зеріктірмейтін, орындағысы келетін, үйренгісі келетін жағдай туындату керек. Ол әдетте, қазақ тілі сабақтарындағы стандартты емес әдіс түрлерінде, шығармашылық тұрғысынан дербестігінкөрсете алатын сабақтарда жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы, 2004.

2 Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, № 4, 2008.

3 Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы : Өркен, 2007.

4 Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы : Білім, 2008.

5 Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші (ілгері) деңгей. 2015.

6 Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента / Л.. Алексеева // Учитель. - 2009. - № 3. - с. 28.

БІРІНШІ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ТИІМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

АЛПЫШЕВ С. А.
қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Н. Островский атындағы орта мектебі, Шығыс Қазақстан облысы, Бородулиха ауданы

Білім – бұл күш. Ал тілді білу – бұл дұрыс арнаға бағытталатын жағдай барысын оң жаққа өзгерте алатын өте ыңғайлы құрал. «Сен қанша тіл білесің, сонша рет сен адамсың», А. П. Чехов.

Тіл – халықтың жан-дүниесі, рухани тамыры мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын көрсететін басты күш, ұлт болмысын ұғындырып, жалпы жұртты төңірегіне қалыптастырушы, біріктіруші. Сондықтан мемлекеттік тілді меңгеру – өмір талабы, заман сұранысы және қоғам қажеттілігі деген жөн болар.

Жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаты-оқыту сапасын арттыру. Әрине, балаларды мемлекеттік тілге үйрету, яғни сөйлеу, оқу, жазу және тіпті ойлау болуы мүмкін. Бірақ бұл үшін бірінші сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Біріншіден, бала мектеп өміріне бейімделудің сыни кезеңін бастан өткереді. Бұл тұрғыда танымдық саланы қамтитын бірінші сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық мәртебесі туралы айту керек.

• Ол психикалық үдерістердің еркіндігінен тұрады-бұл ереже мен үлгі бойынша жұмыс.

• Бұл көрнекі-бейнелі ойлаудың, сөздік-логикалық тұжырымдаманың дамуының жоғары деңгейі.

• Бұл сөзді ойлау құралы ретінде пайдалану.

• Бұл жұқа моториканың даму деңгейі, хатқа үйрету кезінде күрделі қимыл-қозғалыс әрекеті.

• Ақыл-ойдың жұмыс қабілеттілігі, яғни 15-20 минутқа көңіл бөлу мүмкіндігі. Сыныппен бірдей қарқынмен жұмыс жасауы.

Бірінші сынып оқушысының барлық ерекшеліктерін ескере отырып:

Оқытудың алғашқы күнінен бастап алғашқы 15-20 минут ішінде жаңа материал беру қажет. Жаңа сөздерді меңгерту барысында әр түрлі нұсқаларда бірнеше рет қайталай отырып үйреткен абзал, яғни топтарда, жұптарда (тізбекте, қозғалыста) және т.б., шын мәнінде бірінші уақытта балаларды сөйлеуге үйрету қиын, бірақ уақыт өте келе тез, анық, әдемі, дұрыс айтуға үйренуге болады.

Дыбыстардың айтылуы бойынша өткізілетін ерекше жұмысты атап айтқан жөн. Бірінші сынып оқушыларына дыбыстардың артикуляциясын көрсетсе және оларды орыс тілінің дыбыстарымен салыстырса, дыбыстардың жіңішке және жуандылығы, ерін мен жақтың қатысына қарай бөлінген дыбыстар туралы түсінік бере отырып, оқушылардың дыбыстарды айту барысында оларды түзетсе және топпен, хормен дыбыстаса балалар тез және жақсы меңгереді.

Мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі әрдайым бірдей және білім министрлігі бекітетін оқу бағдарламасына негізделген. Барлық оқытушылар көбінесе бастауыш сынып оқушыларын оқыту кезінде коммуникативтік тәсілді қолданады. Бірақ сабақтарды тиімді ету үшін кейбіреулері сабақты қызықты әрі қызықты ететін қосымша техника мен тәсілдерді пайдаланады.

Оқушылар үшін қазақ тілінің бастапқы курсын оқыту қалай тиімді және сонымен қатар қалай қызықты ету керек? Сабақта қандай әдістерді қолдану жақсырақ? Біз өз жұмысымызға табысты енгізетін ең тиімді әдістемелерді қарастырайық.

Дәстүрлі әдістеме

Орта мектепте қазақ тілін оқытудың дәстүрлі әдістері көп жылдар бойы қолданылып келеді. Олар грамматикалық-аударма тәсіліне негізделген. Әрбір сабақтың/кіші сабақтың грамматикалық бөлімінің негізі- орыс тілінде түсіндіріледі.

Мұғалім оқушылармен белсенді жұмыс істейді және негізгі сәттерді түсіндіреді. Өз кезегінде оқушылар ережені үйренеді, мәтінмен жұмыс жасайды және бекіту үшін жаттығуларды орындайды. Бірақ теорияның көптігімен оқушылар көбінесе жабылып қалады және сөйлеу дағдыларын дамыта алмайды. Сондықтан бұл әдіс коммуникативті және басқа тәсілдермен үйлескенде ғана тиімді..

Коммуникативтік әдістеме

Қазақ тілінің коммуникативтік әдістемесі бойынша бастапқы курсы балаларда жазу, оқу, қазақ тілін есту арқылы қабылдау және, әрине, ауызша қарым-қатынас сияқты дағдыларды

дамытуды білдіреді. Сабақтар, сондай-ақ тапсырмалар нақты тақырыптарға ие: отбасы, ауа райы, мектеп, хобби, жұмыс және т.б. тақырыптарындағы диалогтар мен мәтіндер.

Әдістеменің ерекшелігі-оқушылардың жұппен жиі жұмыс істейтіндігі. Оқыту балалар арасындағы қарым-қатынас арқылы өтеді. Бірақ грамматика мен күрделі тақырыптарды жақсы түсіну үшін мұғалім орыс тілінде түсіндіреді.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың коммуникативтік әдісі де балаларды туған елдің мәдениеті мен тұрмысына батыруға арналған. Оқушылар қарым-қатынас дағдыларын меңгеріп қана қоймай, қазақ халқының мәдениетінің ерекшелігін де таниды. Бұл ретте мұғалім оқушылардың оқуға деген уәждемесін қолдауы тиіс.

Коммуникативтік әдістеме аясында білім беру құралдары мен тәсілдерінің кең спектрі қолданылады: балалардың тіл меңгерушi-оқытушымен және бір - бірімен қарым-қатынасы, ойын элементтері, аудио-және бейнематериалдар және т.б.

Жоба әдістемесі

Жоба әдістемесі 4-5 жас аралығындағы балаларға қолайлы. Педагог тақырыпты таңдайды және оған сабақтар сериясын арнайды. Ол әр түрлі қызмет түрлерін ұсынады, олардың көмегімен балалар жобаның тақырыбы бойынша қызықты нәрселерді біледі, өз бетінше жұмыс істеуге тапсырмалар береді (немесе ата-аналармен). Қорытынды сабаққа балалар берілген тақырыпқа шығармашылық, ауқымды жұмыс жасайды.

Доман Глена әдісі

Орта мектепте қазақ тілін оқытудың өте танымал әдісі. Ол тіпті 6-7 жастағы балаларды оқыту үшін қолданылады. Тәсіл сөздер немесе суреттер бейнеленген карточкалармен жұмыс істеуге негізделген. Мұғалім карточканы көрсетіп, сөз сөйлейді. Содан кейін оқушы жаңа сөздерді қайталайды және үйренеді.

Баланың оқытудағы рөлі пассивті болса да, жаңа лексиканы есте сақтау өте оңай. Балаларда назардың әлсіз шоғырлануы. Сондықтан оларға мәтінмен жұмыс істеу немесе сөз үйрену керек емес. Доман Глен әдісі ең аз күш-жігерді талап етеді, оны көптеген педагогтар мен балалар жақсы көреді.

Ойын әдістемесі

Бастауыш мектепте қазақ тілін ойын әдістемесі бойынша оқыту оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын қолдау мақсатын алға қояды. Бастауыш сыныптарда оқушылар өте қозғалмалы, белсенді және эмоционалды. Сондықтан ойын түріндегі тапсырмалар

оқушылардың қуатын дұрыс арнаға бағыттауға және олардың назарын оқуға аударуға мүмкіндік береді.

Мақсаты қарапайым: ұстаз балалардың тіл білімін жетілдіретін ойындар өткізеді. Әдістеме негізінде елестететін жағдайды құру және баланың немесе оқытушының қандай да бір рөлді қабылдауы жатыр. Оқыту ойындары жағдайлық, жарыстық, ырғақтық-музыкалық және көркем болып бөлінеді.

Жағдаяттарға қандай да бір себептермен қарым-қатынас жағдайын моделдейтін рөлдік ойындар жатады. Олар, өз кезегінде, балалар белгілі бір жағдайға және түрлі модельдердің түрін өзгертуді талап ететін импровизациялық ойындарды қолдана отырып, типтік диалогты ойнайтын репродуктивті сипаттағы ойындар болып бөлінеді.

Жарыс түрлеріне лексика мен грамматиканы меңгеруге ықпал ететін көптеген ойындар жатады. Оларда тілдік материалды жақсы меңгерген адам жеңеді. Бұл барлық кроссвордтар, аукциондар, лото, үстел ойындары, командаларды орындау және т.б.

Ритмо-музыкалық ойындар-бұл қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге ғана емес, фонетикалық және ырғақты сөйлеу жақтарын жетілдіруге және тіл рухына батыруға мүмкіндік беретін серіктестерді таңдау, әндер мен би түріндегі дәстүрлі ойындар.

Көркем немесе шығармашылық ойындар. Бұл ойын және көркем шығармашылық шекарасында тұрған іс-әрекет түрі, оған ойын арқылы баланың жолы жатады. Оларды, өз кезегінде, драматургияға (қазақ тілінде кішкентай қойылымдар қою), бейнелеу ойындарын (графикалық диктант, суреттерді бояу) және сөздік-шығармашылық (кішкентай ертегілердің ұжымдық шығармасы, рифма таңдау) бөлуге болады.

Ойын әдістемесінің басты артықшылығы-ол кез келген жастағы балаларға бейімделеді, оның көмегімен ауызша сөйлеуді де, грамматика, орфография және т.б. білімдерді де дамытуға болады.

Зайцев әдістемесі

Зайцевтің әдістемесі бойынша оқыту ерекшеліктері, оқушылар буындары мен әріптері бар текшелерді қолданады. Олардың көмегімен олар сөздерді құрайды және осылайша жаңа фразаларды есте сақтайды. Тәсілдің мақсаты-сөздер мен сөйлемдерді құру алгоритмін көрсету.

Сурет 1

Текшелер балаға тапсырманы жеңілдету үшін түрлі түсті болуы мүмкін. Уақыт өте келе оқушы түсті және әріптерді құрастыруға тырысады. Осындай шағын диктанттар жазуға тиімді және балаларда қиындық тудырмайды және тіпті ата-аналар да өткізе алады.

Бейне арқылы оқыту

Бейне арқылы оқыту қазақ тілін үйрену үшін тек видеоматериалдарды пайдалануды білдіреді. Бұл қазақ тіліндегі фильмдер, мультфильмдер, деректі бейнелер, оқу бейне курстары болуы мүмкін. Бұл әдістеме кез келген жастағы балаларды оқыту үшін қолданылуы мүмкін, өйткені сөйлеуді тану дағдыларын қалыптастыруға және оны еріксіз есте сақтауға бағытталған.

Аралас әдістеме

Аралас әдістеме – онда сіз өз қалауыңыз бойынша басқа әдістемелерді біріктіріп, баламен ойын ойнап, әндерді жаттап, жобалар мен т.б. әзірлейсіз. Сіз баланы қызықтырған оңай болады, ол бүгін айналысудан бұрын ешқашан білмейтін болады.

Балаларға әрдайым қызықты болатындай сабақтар өткізу, олардың назарын үнемі ұстап тұру, оларды басқару оңай емес. Бұл қиын жұмыс, ол мұғалімнен қиын еңбек, жүйелі жұмысты талап етеді. Сабақта не істеу керектігін және сабақта болуы мүмкін барлық нәрселерді барынша ескеру қажет. Оқушылардың назарын ескертулермен ұстап тұрудың қажеті жоқ. Бұған қызметтің бір түрінен екіншісіне өту арқылы қол жеткізілуге тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оконь В. Ведение в общую дидактику. – М. : Высшая школа, 1990. – 382 с.

2 Сериков В. В. Обучение как вид педагогической деятельности / под ред. В. А. 3.Сластенина, И. А. Колесниковой. – М. : Изд. центр: «Академия», 2008. – 256 с.

3 Щукин А. Н. Обучение иностранным языкам: Теория и практика. – М. : Филоматис, 2004. – 416 с.

4 Казахский язык: обучение без грамматики. Деловой Казахстан. http://dknews.kz/kazakhskijj-yazyk-obuchenie-bez-grammatiki/

5 Проблема методики изучения казахского языка существует, но важнее проблема желания изучения – эксперты 365info. kzhttps://365info.kz/2015/01/problema-metodiki-izucheniya-kazaxskogo-yazyka-sushhestvuet-no-vazhnee-problema-zhelaniya-izucheniya-eksperty/ Обучение казахскому языку. Kazcentre.kz. http://kazcenter.kz/?cat=1

6 Каныбетова Ш.А. Изучение проблем формирования языковой культуры учеников начальной школы // Научное сообщество студентов: Междисциплинарные исследования: сб. ст. по мат. II междунар. студ. науч.-практ.

РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЕВ – ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЭПОСЫН ЗЕРТТЕУШІ

АМРИНОВА Y. Е.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІПОВ Е. Қ.
ф.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Эпос – ең қызықты жанр және көнелілігімен құнды. Ол барша халықтарға ортақ, сонысымен асыл. Р. Бердібаев бұл жанрды қазақ халқының жеке мұрасы етпей, бауырлас елдердің көне дүниелерімен салыстыра, сабақтастыра үндестіреді. Тува халқының батырлық аңызы «Бокту – Кирши мен Бора Шэллейді»; башқұрттардың «Заятелек пен Сусулуын» қазақ фольклорының ең көне эпосы «Құламерген, Жоямерген» және «Мұңлық Зарлықтың» ортақ белгілерін, ерте дәуір нышандарын, әсіресе соңғы жырдағы «мұратына жетіп, бақытқа кенелуді» ертегі мен эпикалық жырларға тән екенін көрсетеді. Р. Бердібаевтың эпос туралы айтқан әр ойы ғылыми дәлділігімен, тиянақты пікірлерімен аса қымбат.

Ғалымның халық ауыз әдебиетін саралауда жасаған еңбегі мол . Халық ақындарын жастайынан тыңдап, халық әдебиетінің тас бұлағына бала кезінен қанып өскен сыншыл ғалым бұл салада, яғни эпос жанрын зерттеуге арналған – Қазақ эпосы (1982), Сарқылмас қазына (1983), Эпос мұраты (1997), Эпос – ел қазынасы (1995 жаңа басылымы 2005), т.б. еңбектерін ерекше атауға болады. Соның ішінде ғалымның «Қазақ эпосы» атты монографиясы қазақ фольклортану саласындағы кезеңдік жаңа құбылыс болып табылады. Әрине, қазақ фольклористикасында эпос туралы аз жазылған жоқ. Ал, Р. Бердібаев сол «көне объектіге» жаңа қырынан келіп, қазақ эпостарын стадиялық және типологиялық жағынан зерттеп соны ой қорытады. Профессор Р. Бердібаевтың фольклорлық еңбектерінің ішінде қазақ эпосының генезисін, даму жолдарын, жанрлық ерекшелігін сипаттайтын зерттеулерінің маңызы зор.

Ғалым эпостық туындыларды жанрлық-стадиялық тұрғыдан қарастырып, күллі эпос жанрын: 1. Көне эпос (архаикалық); 2. Қаһармандық эпос; 3. Ғашықтық эпос; 4. Тарихи эпос деп төрт топқа жүйелейді.

Ғалымның эпос жанрына әкелген сонылығын үш түрге бөліп көрсетуге болады: 1) Ол қазақ халқының аса бай эпикалық мұрасын жанрлық-стадиялық тұрғыдан талдап, тану принципін тұңғыш рет ұсынған болатын. Қазақ эпосын бұрыннан зерттеген Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмайлов, сынды ғалымдар эпосты көбінесе тақырыптық және хронологиялық белгілеріне сәйкес жүйелеп топтастырған болса, Р. Бердібаев дастандық туындыларды жанрлық және стадиялық сипатын қоса қамтып тексеріп, ғылыми жаңалық әкелді. 2) Р. Бердібаевтың зерттеу еңбектерінде кездесетін тағы бір ерекшелік – қазақ фольклортану ғылымында ондаған жылдар бойы ауызға алынбаған, тұрпайы социологиялық көзқарастың үстем кезінде «халыққа жат, зиянды» деп қаралған бір топ эпос-дастандарды зерттеуі. Олар: «Едіге батыр», «Ер Сайын», «Шора батыр», «Қарасай Қази», «Орақ Мамай» тәрізді жырлар. 3) Ғалымның фольклортану еңбектеріндегі үшінші ерекшелік – түркі халықтарының эпикалық аңыздауларын салыстырмалы – типологиялық тәсілмен зерттеудегі бастамашылдығы. Бұл тәсіл фольклор шығармаларындағы ұқсастық табиғатын неғұрлым нақтырақ тануға мүмкіндік береді. Р. Бердібаевтың «Түркі халықтарының тарихи – генетикалық типологиясы» деген еңбегінде түркі халықтарының эпосындағы үндестіктер мен сарындастықтар түбірін үш жүйеге бөліп тексеруді ұтымды деп табады. Олар: Тарихи – типологиялық салыстыру. Тарихи – мәдени типология.Тарихи – генетикалық типология. Автор осылардың әрқайсысына тән өзгешелікті айқын көрсетеді. Мысалы, ғалым «Едіге батыр» дастанын ноғай, қазақ, татар,башқұрт, қарақалпақ халықтары өз туындысы деп есептеуі бұл елдердің әуел бастағы генетикалық

туыстығынан, бәрінің де бір заманда Алтын Орда империясының құзырында жасалған бауырлас елдер болғандығынан деп түсіндіреді. Сондай – ақ «Алпамыс батыр» дастанының ең көркем классикалық версиялары қазақ, қарақалпақ, өзбектер арасында сақталып, дамуы, осы халықтардың құрамындағы қоңырат тайпасының этностық тарихымен байланысты екенін дәлелдейді.

Әрбір халықтың да эпикалық аңыздаулары қатарынан қаһармандық жырлардың алатын орны үлкен. Бұлай болуының түрлі себептері бар.

Ең алдымен батырлық эпос елдің сан ғасырларда бастан кешкен тарихын, салт-санасын өзгеше көркем жинақтайды; түрлі оқиғаларға өзіндік көзқарасын, бағасын белгілейді, алдан күткен үмітін, аңсарын білдіреді. Тарихта орын тепкен белгілі оқиғалар мен істердің дәлме-дәл шежіресі, көшірмесі болмағанымен, қаһармандық эпос сондай құбылыстардың терең, түпкілікті мәнін, тұжырымын аңғартады. Осы тұрғыдан алып қарағанда батырлық жырлар тарихтың желісі де емес, әрі сол желіден мүлде «қара үзіп» те қалмайды. Эпикалық жинақтаулардың қайталанбас ғажайып табиғатының бір қыры осында. // Эпос мұраты. 34 б.//

Батырлар жырының көпшілігі халықтың отанды сүю, басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Басқыншы жаудың шапқыншылық шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел-жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-әңгіме, жырына қосқан. Батырлар жыры өзінің қалыптасып даму процесінде талай қоғамдық және таптық ой-сананың, көзқарастардың алуандаған әсерін бойына жинай береді. Әрбір қоғамдық құбылыс, әрбір тап батырлар жырын өз тілегіне, өз мүддесіне сай етіп өзгертіп отырған, олар батырлар жыры арқылы өздерінің қоғамдық және таптық идеясын таратуға тырысқан. // Х.А.Ә. М.Ғ//

Қаһармандық эпостың халыққа қызықты болып, атадан балаға, әулеттен әулетке ауысып, ұмытылмай келуінің тағы да бір құпиясы оның теңдесі жоқ көркемдік бітіміне, өз бойына қиялдау, бейнелеудің алуан өрнектерін сыйғыза білгендігіне байланысты. А. М. Горькийдің ең жарқын, терең, көркемдігі кемел тұлғалар ауыз әдебиетінде жасалған дейтін тұжырымы мейлінше ақиқат. Ерліктің, Отан сүйгіштіктің, белгілі бір мақсат жолында жан аямай күресетіндіктің, намыстылықтың неше алуан үлгісін танытатын қаһармандар эпос туындыларында көптеп кездеседі. Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адам қоғамы дамуының

барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады.

Қазақ эпосының күрделі бөлігін құрайтын батырлар жырында осы белгілер толығымен бар. Сөзсіз әрбір жырдың құрылысына, идеялық бағытына лайық ерлік идеясы түрлі дәрежеде көрініс береді. Сонда да болса қаһармандық аңыздаулардың басты пафосы – ерлік, Отан қорғау болып келеді. Батырлық жырлардағы ерліктік сипаты өзгеше. Мұндағы қаһармандар ел үшін қандай да болмасын қауіпке қарсы барады, жаулармен арпалысады, неше түрлі сергелдең, сарсаңға, ауыр сындарға душар болады; ақырында жеңіске, мұратына жетеді. Міне, осындай «жеңілмейтін қаһармандарды» суреттеуі және оның басына ең асыл қасиеттерді жиып беруі халық қиялының шексіздігін көрсетеді және эпикалық жырлардың ерекшелігін танытады. Бүкіл қазақ жырында эпикалық жаулары екеу-ақ – қалмақ пен қызылбас болып келеді.. Тек Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларда ғана тағы да бір эпикалық дұшпан – ындыс аталады. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында ұшырасқан жауларының аты-жөні бұл көрсетілгеннен анағұрлым көп болғанын білеміз. Бірақ, олардың нақтылы аттары уақыт өте келе ұмытылып, кейінгі замандағы көп жауласқан ел – қалмақтар ғана эпикалық дұшпан деп саналған. Мұның тағы бір себебі эпикалық шығармалар тек өткен дәуірдің шындығын ғана бейнелеумен шектелмей, өз кезеңінің де жанды оқиғаларын қамтып отыратындығында. Эпостың ұмыт болмай ғасырдан ғасырға ауысып, ұласып келуінің де мәні оның заманалық тілектерге жауап бере алатындығында. Міне мұндай жағдайда ұмыт бола бастаған бұрынғы эпикалық жаулардың, ру мен тайпалардың атаулары кейінгі нақтылы тарихи жағдайларға, эпикалық, процестерге лайық өзгеріп, жаңарып отыруы заңды құбылыс. Қазіргі түркі халықтарының шығу тегі бір эпикалық шығармаларындағы ру, тайпа, қаһарман аттары кейде сәйкес келе бермеуі де олардың бертінгі тарихи өмірінің өзгешелігінен туса керек. Тіпті мұндай айырмашылық бір халық көлеміндегі жырдық версиялары мен варианттарынан да байқалып отырады. Жырларды оқу үстінде және де бір заңдылықты аңғарғандай боламыз.

Ел жадында әйтеуір батырлық, күштілік атаулының бәрі сақтала бермейді екен. Батырлық ру, тайпа, ел қорғауға, азаттық күреске жұмсалғаны ғана ерекше ілтипатқа алынған. Рулар арасындағы жүріп отырған әдеттегі талас немесе көрші халықтарға жасалған әділетсіз шабуыл халықтың эпикалық санасында «ақтала» бермейтіні

байқалады. Кейде рулар арасындағы барымта немесе өзге елдерге жасалған әділетсіздік эпостан көрініс тапқанмен, олар мадақталмай, қайта кінәлау, айыптау тұрғысынан жырланатынын аңғару қиын емес. Өмірде жақсы істердің ғана өлмес даңққа ие болатыны секілді эпостың талғайтыны да қалың қауымға пайдасын тигізген ірі оқиғалар болмақ. Халықтың әділетсіз соғыстарды, кімге де болса да нақақтан тиісіп, зәбір көрсетуді қолдамайтын көзқарасы эпостың өзінен де айқын көрініс беріп отырады. «Қобыланды батыр» жырында Қобыланды, Қарамандар Қазан ханды жеңіп қайтар жолында Көбіктінің де елін «олжалай» кетпек болған әрекеті тосын қиыншылықтарға кездестіретіні мәлім. Осы жолы Қобыландының өзі қолға түсіп, Қарлығаның көмегімен ғана тұтқыннан босайды. Эпикалық сана әділдік пен қиянат мәселесінде ешқашан ауытқымай, адаспай отыратынының бір мысалы осы. «Қобыланды батыр» жырында батырлар бастан-аяқ қыпшақ елінің, кең мағынасында алғанда ноғайлы жұртының мүддесі үшін күреседі. Қобыландылар Қазан ханның еліне ежелгі кекті қуалап, ата жау болған соң ғана аттанады. Қазан да, Көбікті де, Алшағыр да кез келген сәтте қыпшақты шауып алуға әзір тұрған бітіспес, мәмлеге келмес жаулар деп есептеледі. Сондықтан да Қобыландының оларға аттануын «эпикалық сана» ақтайды, өте қажет, орынды әрекет деп есептейді. Қобыландының жорығына ноғайлы қауымының бір бөлегі болып саналатын қият руы, оның Қараман бастаған батырлары да қатысады.

«Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларының да жетекші сарыны ел мүддесі үшін жасалған ерлікті мадақтау. Бұл мақсат, әсіресе, «Алпамыста» айрықша куатты сезіледі. Алпамыс өзінің қалындығы Гүлбаршынды жау ортасынан сан түрлі ерлік көрсетіп, алып қайтқанда да, Байбөрінің жылқысын айдап кеткен қалмақ ханы Тайшық әскерін қырғанда да қапысыз батыр, қоңырат кегі үшін шыбын жанын аямайтын адал перзент болып сипатталады. Алпамыстың барлық әрекеті өз басы үшін емес, бүкіл қоңырат руластарының теңдігі мен бейбіт өмірі үшін болады. Осы мақсат жырдың бойына өшпес, нұрлы идея дарытады, орталық қаһарманды халық махаббатына бөлейді. Үстірт қарағанда «Ер Тарғын» жырында батырдық намыс отына қайралып, хас дұшпанға атой салуына тікелей себеп жоқ секілді. Өйткені эпоста Тарғыннын өзі елінен қылмысты болып, бой тасалап кеткен, Қырым жұртына сіңген адам болып көрінеді ғой. Бірақ шындығында ол қалмаққа діні, тілі, тағдыры бір ноғайлы атынан аттанады. Бұл оның ұмтылыстарына табиғи негіз, «дәлел» бола алады. Бір кезде бүгінгі қазақ, ноғай, қарақалпақ ноғайлы деген жалпы атпен мәлім

болғаны белгілі. Тарғын түптеп келгенде жалпы ноғайлының намысын жыртқан ер есебінде көрсетіледі. Оның жауды жайпап түсетін қайратында шек жоқ болып сипатталады. Сонда да болса Ер Тарғынның артында тілектес өз елі, туған отандастары тұрмағаны оны кейде қиындықтарға душар етеді. Бұл, әсіресе, Тарғынның Ханзада ханның жауын мұқатып беріп, өзі кездейсоқ ағаштан құлап, белі мертіккенде, айдалада қалдырылған кезінде айрықша жанға батарлық болады. Мұның соңында қалың қоңыраты мен қыпшағы тұрған Алпамыс, Қобыландыдай сенімді, жанқияр тірегі жоқ екенін эпос бүркемелемейді. Қатал шындықты эпикалық жырау қаз-қалпында, бүкпесіз бейнелейді. Ханзада хан елі жұртқа тастап кеткен Тарғынның монологынан бұл хал анықтанылады.

Қорытындылай келе, Рахманқұл Бердібаевтың эпос жанрын зерттеудегі елеулі еңбектерін байқаймыз. Көбінесе, батырлық эпосы яғни қаһармандық эпос түрін жан-жақты қарастырған. Тек қазақ халқының ғана емес, туыстас халықтардың да батырлық жырларымен салыстыра-салғастыра зерттеп, ондаған өзгешеліктерін айқын көрсете білген. Қаһармандық эпостың қыр-сырын зерделеп, бізге белгілі батырлық жырлардың ерекшеліктерін аңғартып, өзінің кәсіби фольклорлық көзқарасын білдірген. Жалпы Рахманқұл Бердібаев – қазақ фольклортану ғылымын зерттеуге өте мол үлес қосқан тұлға ретінде танылады. Оның осыншалықты тәлімі мол мұрағаты келешек ұрпаққа асыл қазына іспеттес көмегі тиетініне кәміл сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бердібаев Р. «Жыршылық дәстүр». Алматы., «Қазақстан», 1980 ж.

2 Бердібаев Р. «Сарқылмас қазына». Алматы., «Мектеп», 1982 ж.

3 Бердібай Р. «Наурыз өлеңдері». «Қазақ әдебиеті». 22.03.1985 .

4 Бердібай Р. «Аманаттай сақталған асыл мұра». «Қазақ әдебиеті». 26.12.1995.

5 Қазақ ғалымдарының биобиблиографиясы. Рахманқұл Бердібай. ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы. Алматы, «Ғылым» 1998.

6 Бердібай Р. «Фольклортану бағдары». «Қазақ әдебиеті». 18.09.1997.

7 «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» Алматы, 1971.

8 Бердібаев Р. «Жыршылық дәстүр». Алматы., «Қазақстан», 1980.

9 Бердібаев Р. «Эпос – ел қазынасы» Алматы., «Рауан» 1995.

10 https://baribar.kz/

РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЕВТІҢ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АМРИНОВА Ү. Е.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІПОВ Е. Қ.
ф.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Фольклор мен әдебиеттің адамзаттың көркемдік дамуында алатын орны үлкен. Халықтың рухани дамуы мен мәдени ілгерлеуіндегі ауызша және жазбаша әдебиеттің өзара күрделі ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл құбылыстардың мәні мен өзгешелігін нақты біліп отыру аса қажетті нәрсе.

Қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеу саласына ғалым 1970 жылдары келді. Бұл тақырыпқа кеш келсе де, фольклордың бүкіл ерекшеліктерін тез меңгерген ғалым халық ауыз әдебиеті шығармаларын жаңа методология тұрғысынан зерттеу үлгілерін ұсынды. Бұл ұсыныс күйінде ғана қалып қойған жоқ, ғалым оны әрі қарай меңгеріп, таныту тұрғысына да көп еңбек сіңіріп үлгерді. Бұрын фольклор дүниелерін әдебиет туындысы үлгісімен талдау көбірек орын алып келсе, Рахманқұл Бердібай ауыз әдебиетінің жазба шығармадан бөлек, дара, ерекше құбылыс екенін таныта зерттеуді бастады. Ол фольклорлық шығармаларды тақырыптық жағынан ғана талдап келген бұрынғы принциптен бас тартып, олардың ішкі ерекшеліктерін, даму сипатын, типологиясын, тарихпен қарым-қатынасын, өзіндік поэтикасын, көне формаларын зерттеуді ұйымдастырды және соған басшылық етті, фольклорды зерттеудің тарихын жазды. Бұл тұрғыда М. О. Әуезов институтында жарық көрген «Қазақ фольклорының типологиясы», «Қазақ фольклорының тарихилығы», «Қазақ фольклорының поэтикасы», «Қазақтың архаикалық фольклоры», «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты зерттеулерді атаған дұрыс. Р.Бердібайдың осы жылдарда өз қаламынан туған еңбектерінде қазақ эпосы жанрлық-стадиялық тұрғыдан тексеріліп, адамзат дамуының жалпы заңдылықтарына сәйкес өзара жіктеледі, адамзаттың алғашқы қауымы кезеңінің дүние танымын ашатын мифтік, ертегілік, әпсаналық фабулаларға құрылған жыр, аңыздаулар, мемлекеттік құрылымдар пайда болған дәуірдің қаһармандық эпосы, ғашықтық эпос пен нақты оқиғалар мен қаһармандар тағдырына құрылған жырлар архаикалық (көне), классикалық (қаһармандық), ғашықтық (романдық) және нақты тарихи эпос боп бөлінеді. Эпосты бұлай жіктеу қазір фольклор жіктеушілерінің қолдауына ие болып, жоғары мектептің оқу бағдарламасына кірді.

Ғалымның сан-салалы ғылыми жұмыстарының ішінде ең көзге көбірек түсетіні – фольклортанушылығы. Берісі қазақ фольклорының, әрісі әлемдік фольклордың тереңіне бойлауға жол көрсететін оның еңбектері авторына деген қызығушылықты тудырмай қоймайды. Фольклортанушылық – оның ғылым есігін ашқаннан-ақ жалына жармасқан саласы емес екенін де танымның сатылай жолы арқылы білдік. Ол ұстаздық қызметтен әдеби сынға, әдеби сыннан әдебиет тарихына, одан кейін барып фольклортанушылыққа келген екен. Келгенде де көне сүрлеумен емес, соны соқпақпен келіп, бұл салаға соқталы олжа салған.

Р. Бердібайдың 1982 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Қазақ эпосы» атты монографиясы қазақ фольклортануына үлкен жаңалық әкелді. Осыған дейін «эпос» термині қаһармандық жырларды ғана атауға қолданылып келсе, ғалым бұл сөзді әдеби тек мағынасында жұмсалатын әлемдік әдебиеттану мен фольклортанудағы мәніне жақындатты. Ол көне ертегілік, қаһармандық, ғашықтық, тарихи жырлардың барлығын осы «эпос» ұғымының аясында, біртұтас дүние ретінде қарастырған. Ғалым қоғамдық сана мен формациялардың өзгеруіне орай фольклорлық жанрлардың бірінен екіншісіне бөлініп шығатынын, жаңа ескісін толық жоққа шығармай, онымен қатар өмір сүре беретінін, соның нәтижесінде синхрондық тұрғыдан (статикалық қалыпта) қарағанда өз алдына дербес тұрған жанрларға диахрондық (эволюциялық кезең аясында) жағынан үңілсек, олардың бір түбірден тараған бұтақтар сияқты құбылыс екенін ғылыми жолмен дәлелдеп берді. Ғылыми тілмен нақтылап айтар болсақ, қазақ эпосының туыстас түркі-моңғол халықтарының эпикалық мұраларымен ортақ типологиялық белгілері, эпикалық жинақтау негізінде пайда болған көп қабатты ерекшеліктері мысалында олардың жанрлық түрлерінің кезеңдік құрылыс екендігі дәлелденген.

Р. Бердібай ұзақ жылдар бойы халықтық мұра сапынан шығып қалған қазақ-ноғайлы жырларын қайта зерттеп, қатарға қосуға зор күш жұмсады. Ол ғылыми мақалалары мен баяндамаларында «Едіге батыр», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Шора батыр», «Ер Сайын» жырларын жариялау мен зерттеуді жүйелі түрде ұсынды.

Көп жылдар зерттеп, талдап, түйіндеп жазу нәтижесінде Р. Бердібайдың қазақ ауыз әдебиеті мәселелеріне арналған зерттеулер мен мақалаларының жаңа жинағы – «Сарқылмас қазына» 1983 жылы жарық көрді. Кітаптың бірінші бөлімінің бірінші тарауында ғалым қазақ

халқына сүйікті жыршылық өнеріне, оның тарихына тоқталып, дәстүрдің қалыптасып, даму процестерін кеңінен толғап, тартымды баяндаған. Ал, екінші тарау ақындық айтыстың табиғатын аша отырып, оның замана ағымындағы жақсылыққа жаршылық, кем-кетікке сыншылық, шын мағынасындағы тәрбиешілік ролін көрсетуге арналған. Жинақтың екінші бөлімінде ауыз әдебиеті жанрларының сыры, дамуы, түр мен мазмұн бірлестігі, қазіргі көркем мәдениеттегі орны жайында салмақты ойлар қорытылған. «Жыршылық дәстүр» зерттеуінде ол жыршылық еңбектің төрт түрін саралаған. «Біріншіден, жыр нұсқаларын көп өзгеріске түсірмей, дәстүрлі поэтикалық көркемдеу құралдарын сақтай отырып айтушылық… Екіншіден, жыршылардың репертуарындағы айырмашылық мәселелесі. Әрбір, өлке, өңірдің бұрынан келе жатқан эпикалық дәстүріне қарай, айтушылардың жыр құрамы да өзгеленіп келеді… Үшіншіден, жыршылардың орындаушылық шеберлігінің түрліше болушылығы… Төртіншіден, эпос дастандарды алғашқы түп негізінен күрделі өзгеріске түсіріп айтушылық дәстүрі» [3, 3-9].

Р. Бердібайдың фольклортанушылық еңбегі эпос жанрымен шектелген жоқ. Оның жалпы фольклор туындыларының басты ерекшеліктері, атап айтсақ, көпқабаттылығы, көпнұсқалылығы, көп қырлылығы (синкреттілігі), халық тұрмысымен байланыстылығы, дәстүрлілігі, образ жасау жолдары жөніндегі мақалаларының ғылыми ғана емес, публицистикалық мәні де зор. Көпшілік қауым бұл мақалалардан «фольклор – әдебиеттің кәрі әжесі» деген сияқты біржақты көзқарастар жетегінде кетпейтіндей тағылым алады. Жоғарғы оқу орындарының филология факультеттерінде «Халық ауыз әдебиеті» пәнін бүгінгі фольклортану жетістіктері деңгейінде оқытуға мүмкіндік беретін оқулық қат болып тұрған қазіргі кезде бұл жоқтың орнын толтырған да ғалымның «Ғасырлар толғауы» (1977), «Сарқылмас қазына» (1983), «Қәусар бұлақ» (1989), «Эпос – ел қазынасы» (1995), «Эпос мұраты» (1997), «Ел боламыз десек» (2000) сияқты ғылыми еңбектері фольклор туындыларының осындай көп қырлы сипаттарын ашып көрсететін сенімді құрал десек, артық айтқандық болмас еді.

Ғалым тек эпоспен ғана емес, фольклордың өзге жанрларының да өзекті мәселелерімен айналысты. Мысалы, қазірге дейін зерттеуін күтіп тұрған діни дастандардың танымдық-тәрбиелік мәні, Қорқыт жөніндегі аңыз – әпсаналардың тарихи шындықпен байланысы, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан сияқты ғалымдардың фольклортанушылық, манастанушылық еңбектері, фольклор мен жазба әдебиеттің байланысы ғалымның ғылыми мақалаларында жан-жақты жеріне жеткізіле талданады. Тіптен М. Әуезов,

С. Сейфуллин,Ә. Мәметова, Б. Адамбаев, М. Жармұханбетов сияқты ғалымдар еңбегінен соң да бірнеше диссертациялар қорғалып, қазақ фольклорының өзге жанрларына қарағанда көбірек зерттеледі деуге болатын шешендік сөздердің (билер сөзі) де әлі ешкім нақтылай қоймаған тұсы – оның тарихи шындыққа қатысын жүйелі түрде көрсетіп берді [6, 302-310]. Зерттеушінің фольклортану саласындағы елеулі еңбектерінің бір тобы фольклор туындыларын жаратушы, дамытушы шығармашылық иелеріне арналған. «Халық ауыз әдебиетін жасаушылар мен дамытушылар» /6/, «Роль сказителя в системе эпической традиции тюрко-монгольских народов» [7], «Қазақ эпосын тарату мен дамытудағы жыршы – ақындардың ролі» [8] сияқты мақалаларында жырау, ақын, жыршы, термешілердің орындаушылық өнеріне тән ерекшеліктер және олардың көркемдік дәстүрге қатынасы көрсетіледі. Қазақ халқының тарихи қалыптасқан, өзіндік өрнегі бар орындаушылық – жыршылық мектептерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу де ғалымның еншісіне тиді. Ол Құлыншақ, Молда Мұса, Мұрын сияқты эпик-жыршылардың дәулескер өнері жайында қадау-қадау мақалалар жазды. Оның 1980 жылы жарық көрген «Жыршылық дәстүр» атты еңбегі осы сөзіміздің айқын айғағы.

Р. Бердібаевтың осыншама көп жылдар бойы аянбай еңбек еткенін көре тұра, оның сөзсіз қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесі зор екенін айқын аңғаруға болады. Оның осы еңбектері арқылы көптеген бұрын соңғы естімеген тың жаңалықтарды кездестіруге болады. Ол қазақ фольклоры үлгілерін, олардың жанрлық ерекшеліктерін зерттеу барысында бір талай ой түйеді: «Бұдан былайғы жерде ауыз әдебиетінің барша жанрларын (эпос, ертегі, аңыз, әпсана, миф, тарихи, рухани, салттық – ғұрыптық өлендер, мақал-мәтел, жұмбақтар, балалар фольклоры, айтыс, шешендік өнер, т.б.) осы заманғы әлемдік фольклортану дәрежесінде зерттеу керек» – деген пікірін айтады [3, 299].

Осылайша, біз Р. Бердібаевтың шын мәнінде қазақ әдебиеті, қазақ фольклортану ғылымының жанашыры, майталманы екенін айта аламыз. Өзінің зерттеушілік жұмыстары арқылы оның фольклортану ғылымына бей-жай қарамағандығын байқаймыз. Сонымен қатар, Р. Бердібаевтың фольклоршылық еңбектері келешек ұрпаққа өзінің зор пайдасын тигізері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бердібаев Р. «Жыршылық дәстүр». Алматы., «Қазақстан», 1980.

2 Бердібаев Р. «Сарқылмас қазына». Алматы., «Мектеп», 1982.
3 Бердібай Р. «Наурыз өлеңдері». «Қазақ әдебиеті». 22.03.1985.
4 Бердібай Р. «Аманаттай сақталған асыл мұра». «Қазақ әдебиеті». 26.12.1995.
5 Қазақ ғалымдарының биобиблиографиясы. Рахманқұл Бердібай. ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы. Алматы, «Ғылым» 1998.
6 Бердібай Р. «Фольклортану бағдары». «Қазақ әдебиеті». 18.09.1997.
7 «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» Алматы, 1971.
8 Бердібаев Р. «Жыршылық дәстүр». Алматы., «Қазақстан», 1980.
9 Бердібаев Р. «Эпос – ел қазынасы» Алматы., «Рауан» 1995.
10 https://baribar.kz/

М. ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АСЫЛБЕКОВА А. М.
магистрант, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдебиеттің қадам алысымен бірге әдеби сынның да қалыптаса бастағаны аян, бұл ретте М. Әуезовтің де баспасөз арқылы төл әдебиетіміздің сол күнгі даму үрдісі жайындағы толғамдарымен оқырманмен бөлісіп отырғанын айтқан ләзім. Бұл жылдары прозаның алғашқы үлгілерін жасаушылардың алдыңғы легінен көрінген М.Әуезовтің де төлтума шығармалары нысанаға алынып жетістік, кемшілік жақтарын таразылау басталды.

Жазушы шығармасына қатысты баспасөз арқылы Ж.Аймауытов [1], Ж. Орманбайұлы [2], Д. Ысқақов [3], С. Сәдуақасов [4], М. Қаратайұлы [5], Ғ.Т оғжанов [6] сынды сол тұстағы әдебиет қамқоршылары өзіндік түйіндеулерін ортаға салған. Қазақ сынының басы, М. Әузовтің «Бәйбіше-тоқал» пьесасына талдау жасалған «Қорғансыздар» мақаласының авторы Д. Кәкітайұлы шығармаға ой кезімен қарап, орнықты пікір білдіреді. «Түрлі ұсақ қулық, жіңішке айла, екіжүзділік, опасыздық, қиянатшылдықтардың жасырын ішке тыққан найзалардың бақталас, бәсекелердің түрлі тарау байланыстарын ашық түрде кестелей шешуден һәм тілмен айтылған әсерлі суреттерден көреміз. Қолға алған мәселесін жете тексеріп, түзу ұғынып, жарыққа салғанын байқаймыз» [3, 74] деп пьесаның мазмұнын қуаламай, көтерген жүгіне, көркемдігіне баға берген.

Әдебиетті таптан бөлмеу идеясы тұрғысында байлам жасаған Ғ. Тоғжанов: «Мұхтар жаңалықты, үлгіні өткеннен іздейді, қазақтың баяғы батыр, шешен биі, сал серісі, ерке қызы, міне, Мұхтардың үлгілі адамдары осылар» деген сын айтады [6].

Көркем әдебиет, әдеби шығарманың қоғам тіршілігін қырағы байқап, байыпты зерделеп, терең сезіне білу және тілек етуден туындайтыны айқын. Қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің салған сүрлеуі – реализм. Жазушы өз ортасының бар шындығынан алыс кете алмаған, заман ақиқатын әсіре боямадан қорғай отырып, дәлдігімен, шындық өлшемімен берген.

ХХ ғасырдың 20-жылдары әдебиетке бір табан жақын жүргендердің сын айтуды машық көріп, асыра сілтеп, сынап қарағаны жіті артылған. «Біздің осы күнгі жазушы, сыншыларымыз көркем әдебиетті сынай қалса жұлып алғандай белден қос аяқ салады. Орта белінен келіп бастайды. Көбіне айтатындары осы күнгі көркем әдебиетіміз қандай болуы керек. Қалайша басталуы жөн, ана ақын неге өткенді көксей береді, мына ақын неге әлдеқашан артта қалған, қазақ ұлтының көрген кемшіліктерін зарлайды»[7, 83] деген түйін сын айтушылардың профессионалдық жақтан толыспағанын, рухани, ұлттық сана орнын кеңестік идеологиямен алмастырғанын аңғартады. ХХ ғасыр басында әдебиеттің дамуына үлес қосуға ниет еткендер легі артқанмен, олардың өзі сыңар пікір ұстанды. Кейбірі кеңестік идеологияны қуана қуаттап, жаңа әдебиет жасаудың негізі ескіні түп-төркінімен жоюды санаған және ғасырлар бойы қордаланған әдеби-мәдени мұрамыздың енді қажеті болмасына сенген. Бұларға ескі әдебиеттің құнарлы тұсынан үлгі алмайынша жаңа әдебиеттің пайда болмасына кәміл сенгендердің пікірі қайшы келді. М. Әуезовтің шығармалары төркінінде де «ескіні аңсау бар» деген айып тағылады. Жазушы шығармаларына мұқият үңілсек, кейіпкерлері арасында астамшылық жасап, әдемі, жеңіл өмір сүргені жоқ. Басымы - өзгенің илеуінде кетіп зар-мұң арқалағандар, екінші бірі - кеңес қызметіндегі қарапайым адамдар. Түртпекке негіз боларлық өрескелдік көрінбегенімен, қалайда сүріндірудің амалын іздеушілер де жоқ емес. Дегенмен, тек «түрі ұлттық», «мазмұны социалистік» шығармалар жазуға ден қойылған тұста Әуезовтің көркемдік қуаты күшті туындыларын жоғары бағалаушылар тағылған мінінен арши отыра, өз деңгейінде талдауға негіз қойған.

М. О. Әуезовтің есімі қазақ арасында Абай журналына көлемді мақалалар жазуы арқылы, ал бұрынғы көп ұлтты кеңес өкіметінің көлеміне араға он жыл сала кеңінен танылды. 1929 жылы Мәскеуде жарық көрген «Әдебиет энциклопедиясында»: «Ауэзов публицист,

критик и историк казахской литературы. В литературе Казахстана Ауэзов как драматург занимает почетное место. Его драма «Каракоз» с изумительной чуткостью и исторической правдивостью восстановившая национальные и бытовые особенности народных певцов Казахстана получил 1-ую премию на конкурсе драматургов в 1926 г. в Кызыл-Орде. Особое место занимает так же «Байбачи-Токал» (жены-соперницы)» [8] деп жазылған.

М. Әуезовтің шығармашылығы жөнінде жазылған еңбектің саны 1917-40 жылдар аралығында 140-тан асқан, олардың басымы драмалық шығармаларын талдауға арналды [9, 15]. М. Әуезов әдебиеттегі алғашқы қадамын өлеңмен бастайды. Алайда бұл жөнінде естеліктерде ғана айтылғанымен, толымды дерек жоқ. Өмірбаяндарының бірінде өзі де балалық шақта ақындыққа әуестенгенін жасырмаған [10]. Өлең жазуды қай уақыттан бастады және ол қандай тақырып қозғап, нені өзек етті - бұл әлі күнге дейін зерттеушілердің алдында тұрған түйіні қиын сұрақ, басы ашылмаған мәселе.

Ишмұхамет Әлин өз естелігінде М. Әуезовтің 15-16 жасында көркемсөз жазуға бейім болғандығын айтады [11, 374]. Бірақ, оның қандай талпынысын байқағаны, қандай негізге сүйеніп айтқаны беймәлім. Т. Жұртбайдың «Бесігінді түзе» атты еңбегінде Мәден Түсіпбаеваның М. Әуезовтің уыты мен сатирасы мол «Маса» атты сықақ-әңгіме жазғаны жөніндегі дерегін келтіруі - жазушы шығармашылық жолының әлі күнге беймәлім тұсы барының айғағы [12, 71]. Сондықтан, ақиқатына жетуде сүйенерге негіз болмағандықтан 1917 жыл «Алаш» газеті бетінде жарияланған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласы мен тыңнан түрен салған қазақ драматургиясының басы «Еңлік-Кебек» ұлы тұлғаның шығармашылық жолындағы алғашқы қадамдары саналады. Ұлттық баспасөздің алғашқы қарлығаштары «Сарыарқа», «Абай», «Қазақ тілі», «Шолпан», «Сана», «Ақ жол» - жазушының шығармашылық қасиетін шыңдап, тамаша туындыларының кеңінен танылуына ықпал еткен басылымдар.

Жазушының алғашқы он жылда жазған шығармаларын екшеп, табиғатына үңілсек, оның кейінгі шығармаларынан бөлектігі айқын аңғарылады. 1932 жылы жазған ашық хатына [13] дейін қаламгер дала тіршілігін, қазақ өмірінің тартысты, қайшылықты тұстарын ерекше шынайылықпен суреттесе, оның кейінгі жылдардағы шығармаларында өкіметтің талабын көп ескергендігі байқалады. Басына қара бұлт үйірілген осы жылдардағы қатаң саясат М. Әуезовті өз туындыларынан бас тартуға да мәжбүр етті.

С. Сейфуллин [14], І. Жансүгіров [15], Тоғжанов [16], Е. Ысмайыловтардың [17] өткір сындары «Қаракөз», «Хан Кене» пьесалары төңірегінде өрбіді. Сыншылардың пікірінше, Әуезовтің бұл шығармалары оның түпкі арман-тілегінің көрінісі. Сондықтан, М. О. Әуезовтің 30-жылдардағы шығармашылығының келесі кезеңі кеңестік санаға сай тақырыпқа ойысып, публицистік еңбектері мен көркем шығармаларында қарапайым адамдар тағдыры, индустрияландыру, колхоздастыру сынды ірі мәселелер көтерілді, сонымен қатар бұл жылдары жазушының «Абай» романы жазылды. Бұл - М. Әуезов шығармашылығына байыпты баға беріліп, ғылыми-зерттеу еңбектердің дүниеге келе бастаған тұсы. Жазушы шығармаларының сонылығы, көркемдігі, маңызы жайлы Б. Кенжебаев пен Қ. Шаңғытбаевтың [18], С. Мұкановтың [19], Т. Нұртазиннің [20], Ғ. Мұстафиннің [21] еңбектері, сонымен қатар орыс тілінде А. Фадеевтің [22], З. Кедринаның [23], Ю. Лебединскийдің [24] еңбектері жарық көріп, жазушының шығармашылық қасиеті А. Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезов» [25], М. Сильченко мен М. Смирнованың «М. О. Әуезовтің творчестволық жолы» [26], Е. Лизунованың [27], Ы. Дүйсенбаевтың «Мұхтар Әуезов» [28] атты монографиялық зерттеу еңбектерінде сарапталды.

Ұлы тұлға мұрасын зерттеу, талдау жолында М. Қаратаев [29], С. Мұқанов [30], Е. Жанпейісов [31], Р. Нұрғалиев [32] сынды зерттеушілер тың пікірлер айтып, шығармаларының көркемдік құндылығына үңілді.

Иісі қазақтың бар болмыс-бітімін бойына сыйдырған «Абай» романының 1949 жылы жарық көруі М. Әуезовтің шығармашылық қасиетінің жоғары бағаланып, романның көркемдік қуаты мен тіл сұлулығы турасындағы зерттеу еңбектердің жарыса жарық көруіне әкелді. Жазушының ғұламалық келбетін танытқан зерттеу еңбектің қай-қайсысы болсын, оның өмірі мен өскен ортасы жайын айналып өтпеген. Жазушының өмір тәжірибесіне кемеңгер Абай дәстүрінің ықпал етуі зерттеушілер назарынан тыс қалмады.

Ұлы жазушы өміріндегі өресі биік шығармалары арасынан 1917-1929 жыл аралығында жазылған әңгімелері мен драмалық шығармаларын екшеп алып, ғалымның қаламгерлік құдіретінің қыр-сырына терең бойлауға ниет қойған зерттеуші Ы. Дүйсенбаев болатын. Жазушының шығармашылық жолының алғашқы он жылындағы еңбектерінің идеялық астары мен ой көріктілігі, тіл сұлулығына тоқталып, сындарлы зерттеу еңбек жасады [28].

Тыңнан түрен салу, жаңа, жақсыға ұмтылудың әсіре қажеттілігіне өзгені тәнті етіп, еліктіру – кез келгеннің бойына дарымаған қасиет. Бұл – табиғаттың тым сирек құбылыстарының бірі. Олай болса, халықтың рухани дамуына ұлы Абайдан кем үлес қоспаған Әуезовті табиғат ананың халқына берген үлкен сыйы деп қабылдаған абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпбек. Қорғансыздың күні // Қазақ тілі. 22 көкек 1922 ж.
2 Орманбайұлы Ж. Қаракөз // Абай. 1993 ж. № 6.
3 Даниял Скақов. Қорғансыздар // Абай. 1993 ж. № 6.
4 Смағұл. Бәйбіше-тоқал // Ақ жол. 16 желтоқсан 1923 ж.
5 Қаратайұлы М.Тартыстың және кейбір мәселелер // Әдебиет майданы, 1934 ж. № 6.
6 Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. – Қызылорда, 1923.
7 Мәметкеліні Ә. Көркем әдебиет туралы // 1993 ж. № 57.
8 Литературная энциклопедия. – Москва, 1929. – Т.1. – 277 б.
9 Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы бас редакциясы. – 1999. – 720 б.
10 Әуезов үйі ҒМО қолжазба қоры, 364 бума, 3-іс.
11 Әлин И. Ол қоғамшыл еді. Кітаптарда Біздің Мұхтар. – Алматы : Жазушы, 1976. – 432 б.
12 Жұртбаев Т. Бесігінді түзе. – Алматы : Жазушы, 1997.
13 Әуезұлы. Мұхтардың хаты // Абай. 1995 ж. № 1-2.
14 Сәкен Сейфулин. Хан Кене туралы // Социалды Қазақстан 10-11-маусым № 123.
15 Жансүгірұлы Ілияс. Қата қайда? // Социалды Қазақстан. 24-26-мамыр 1934 ж.
16 Тоғжанов Ғ. «Тастүлек» туралы // Лениншіл жас. 5-желтоқсан 1935 ж.
17 Ысмайылов Е. Менің байқағандарым // Социалды Қазақстан. 24-маусым 1932 ж.
18 Кенжебаев Б., Шаңғытбаев Қ. Абай // Социалды Қазақстан. 26-шілде 1932 ж.
19 Мұқанов С. Үлкен табыс // Қазақ әдебиеті. 15-қазан 1936 ж.
20 Нұртазин Т. «Абай» романы туралы // Әдебиет және исскуства. 1948 ж. № 4.
21 Мұстафин Ғ. Әдебиетіміздің мақтанышы // Социалистік Қазақстан. 10-мамыр 1949 ж. № 4.
22 Фадеев А. За высокое качество художествсной литературы и принципиальную критику // Литературная газета. 7-тамыз 1949 ж.

23 Кедрина. Торжества казахской литературы // Новый мир. 1949 ж. № 5.
24 Лебсдинский Ю. Путь великога просветителя // Литературная газета. 7-тамыз 1949 ж.
25 Нұрқатов А. М. Әуезов. Монографиялық очерк. – Алматы : ҚМКӘБ, 1957.
26 Сильченко М., Смирнова Н. Творческий путь М. Ауәзова. – Алматы, 1957.
27 Лизунова Е. Мастерство Мухтара Ауәзова. – Алматы : Жазушы, 1968.
28 Дүйсенбаев Ы. Мұхтар Әуезов (мақалалар, естеліктер). – Алматы : Ғылым, 1974.
29 Қаратаев М. Жомарт дарын. Кітапта : Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы, 1958. – 301-320 б.
30 Мұқанов С. Жазушы жолы // Социалистік Қазақстан. 28-қыркүйек 1957 ж.
31 Жанпейсов Е. Абай мен Әуезов тіліндегі ортақ өрнектер // Жұлдыз. 1964 ж. (№2) 142-148 б.
32 Нұрғалиев Р. М. Әуезовтің аяқталмаған фантастикалық пьесасы // Лениншіл жас. 15-қазан 1965 ж.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КҮЛКІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТҮРЛЕРІ

БАДИСПАЕВА Д.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
МҮТӘЛИЕВА Р. М.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі күлкінің түрлерін ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап қолданылатындығын, әрі ол қолданыстың әдеби шығарма үшін үлкен мәнге ие болатындығын байқаймыз. Әдебиеттегі күлкінің өзі түрлі болып келеді. Бұл әдеби шығармадағы түрлі мақсат-міндеттерді орындау үшін пайдаланылады.

1 Көркем шығарма арқылы кейіпкердің (адамның) қуанышты көңіл күйі, шаттықты сезімі беріледі.

2 Қоғамның бақытты және адамдар үшін жайлы, ойсыз, уайымсыз жайын суреттеудің құралы ретінде қолданылады.

3 Шығарма арқылы қоғамның осал тұстары ащы сынға алынады.

4 Адамдар арасындағы түрлі жалған, алдауға құрылған қатынасты ашудың да тәсілі ретінде қызмет етеді.

5 Балаларды күлдіру мен көңілін көтеру, тыңдаушылардың сезімдеріне жағымды әсер етудің де тәсілі болады.

«Күлкі – адамның өмірлік қажеті болып бағаланатын психологиялық ахуал. Жалпы күлкі элементтері өмір шежіресі болып табылатын әдебиеттің барша жанрларында кездесіп, әдеби-көркем туындының әрі мен нәрі болып отыратын қасиетке ие», – дейді сатиратанушы ғалым А. Мұсаев [1].

«Шынында да, сатира мен юмор–көркем әдебиеттің өзегіне қан жүгіртетіндей, шығарманың жан-жүйесін аралап өтіп, адамгершілік ой, эстетикалық өрнек, көркемдік қуат қосатын ерекше жүйе. Әдебиеттегі күлкі – көркемдік дүниетанымның көп қатпарлы политрасындағы шындықты бейнелеудің көркемдік-эстетикалық табиғатына сай өзіндік ерекшелігімен көрінетін сюжеттік, тілдік, стильдік, поэтикалық болмыс-бітімнің жиынтығы. Шығарма бітімі сан алуан құрауыштардан тұратынын ескерсек, олардың қызметі мен мән-маңызын саралау белгілі бір суреткерлік тәжірибе мен көркемдік танымның нәтижесіне сүйенетіні анық» [2].

Шыншыл ертегілер қатарындағы алуаны бөлек бір топ күлдіргі ертегілер. Бұл ертегілер бала мен үлкенге бірдей ортақ тапқыр күлкіге, қызықты жеңіл түйіндерге құрылған әңгімелер болады. Алдымен бұл ертегілердің уақиға ортасында жүретін бас адамдарының өзі ерекше. Іс мінезі, аты, қалпы, кескін-ұсқыны күлкі, оқыс келеді. «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек», «Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ», «Ұр тоқпақ», «Қаңбақ шал», «Байбай шал», «Айлалы тазша», «Қу тазша», «Тазшаның қырық өтірігі», «Қу бала», «Екі еріншек» деген сияқты боп, ертегінің аты мен адамынан-ақ, әңгіменің ойнақы күлдіргі жаққа қарай бейім тұрғаны мәлім болады.

«Сатира – әдебиеттің барлық тегінде қолданылатын және лирика, эпос пен драмадағы құрылымдық элементтердің деформациясы нәтижесінде шыққантүрлі жанрға бейім шындықты бейнелеудің ерекше тұжырымы», – дейді И. Эвентов [3, 123]. Сатира мен юмор – қоғамдық болмысқа эстетикалық қатынастың ерекше типі, көркемдік ойды білдірудің өзгеше түрі, өмірлік құбылыстарды зерттеу, бағалау, тілдік-көркемдік тұрғыдан көрсетудің өзіндік амалы. Әзіл пародия түрінде көрінгенде, әдетте бір нәрсені, құбылысты басқаша қайта бағалау болып шығады, ол құбылыстың ішкі мәніне үңілтіп, өмір шындығының белгілі бір жақтарын күлкілі, әзіл-әжуалы түрде бағалау әдісі болып табылады. Әдебиеттегі

әзіл-сықақтың шындықты бейнелеудегі өзіндік сыр-сипаты мен әдіс-тәсілдері жазушылық мақсатқа бағынып отырады. Әзіл-сықақ сөздің сипаты ішкі мағыналық астары мен тұспалдау немесе ашық мінеу, бетке айту секілді белгілеріне қарай да ажыратылады.

Бұл қатарда қазақ халқы айтатын күлдіргі әңгімелер ішінде алдымен аталатын Алдаркөсе мен Қожанасыр болуға керек еді. Бірақ біз олар жайындағы әңгімелерді жалпы ертегі түрін жіктеуде басқа түрге қосамыз. Олар әңгімесі аңыз-ертегілер қатарында айрықша тексеріледі. Себебі Алдардың аты қазақ фольклорында құр бір атсыз тазша деген сияқты жиынтық, жалпылама ат емес, ол Қорқыт, Асан, Жиренше сияқты нақтылы өмірбаяны, тарихтық орны, өзіне тән ерекше кейіп-кескіні бар, тұтас бітімді бір тұлға. Орта Азия мен қазақ ертегісінде Алдар әңгімелері сол бір ғана Алдар атына байланған алуаны бөлек, өзгеше бір топ әңгіме. Ол әңгіменің мазмұн түрінде жалпы күлдіргі ертегі әңгімелерден бөлек тағы бір ерекшелік – бұлар құр ғана күлдіргі емес, зор мағыналы қоғамдық сатира, таптық саяси бағыты арнаулы түрдегі әлеуметтік тартыстың тарихтық шындығын, болмысын ашатын әңгіме.

Күлкінің құдіретті күші туралы ертедегі адамдар көп айтқан. Әлем халықтарының ежелгі өнер түрлерінде күлкінің ғұрыптық сипаты туралы мәліметтер баршылық. Ондай әрекеттердің мақсаты жоқшылықтан, қиыншылықтан тұратын әлемді тәрк етіп, қайта түлету болған. Біздің ертегілерімізде, мысалдарымызда суреттелетін күлкілі жағдайлар осындай наным-сенімдердің қалдығы болуы әбден мүмкін. Ежелгі Мысырдағы папирусқа таңбаланған аңызда күлкінің әлемнің жаратылуына ықпалы тигені жөнінде айтылыпты. Онда былай деп жазылған:«Жаратушы күлгенде әлемді билейтін жеті құдай дүниеге келіпті… Ол екінші рет күлгенде су пайда болыпты…»

Шетелде қалың жұрттың көңілін көтеруге негізделген ойын-сауықтар жиі өтіп жатады. Осындай көп қызықтайтын жиындар қазақта болған ба? Дәл солай болмағанымен, соған жақын мерекелердің жұрнағы байқалады. Мешкейлер жарысы, салдық салыстырулар жұрт қызықтайтын, көпшілік көңілін көтеретін тамашалар қатарына жатады. Мәселен, салдық салыстыру кезінде бәсекеге түскен салдардың іс-әрекеті былайғы жұртқа ерсі көрінбеген. Жарыс кезінде астындағы атын бауыздап тастау, ауылды жалаңаш аралап шығу олар үшін ұят іс саналмаған. Халық олардың бұл ісіне кешіріммен қарап, аңыз қып айтатын болған.

Әлемдік ойын-сауықтардың жағымды кейіпкерлері сияқты салдар да – күлкілі қойылымның актер-импровизаторлары. Олар

үшін әлем – сахна. Күлкілі әрекет – өмірдің өзі. Олар үшін образдан шықпай ғұмыр кешті. Олардың өмірі өнерге айналды.

Қожанасыр туралы әңгімелердің әлеуметтік сипатына тоқталып өтсеңіз.

Күлкінің табиғаты еркіндікті сүйеді. Ол адамзатты ақсүйек не қаратабан деп бөлмейді. Ол – әділетсіздік пен зорлық-зомбылықтың барлық формасына қарсы қайрат көрсете алатын күш. Егер қарапайым халық өкілі шені жоғары адамның алдында күле алса, атақ-дәреже аяқасты болады. Қожанасыр мен хан туралы ертегілердегі өткір сын күлкінің осындай әлеуметтік қызметіне арналады. Мәселен, Қожанасыр әңгімелерінің бірінде «жылан жылы туғанмын» деген ханға Қожанасыр: «Е, халықты жыланша шаға беретінің де содан екен ғой»,- деп жауап береді. Жалпы, әлеуметтік шындық қана күлкі шақырады. Адамзат қоғамы – күлкі мен қайғы патшалығының мекені. Өйткені жер бетінде адам ғана өзі күліп, өзгені күлдіре алады. Қожекең туралы әңгімелерде сана сүзгісінен өткен ақиқат жатыр. Кейіпкер үнемі әрекет үстінде көрінеді. Бар оқиға өмірдің өзінен алынады. Әрине, мұндайда қиялдың қызметін жоққа шығаруға болмайды. Біздің халық үшін күлу қасиетінен айырылу – бақытсыздық. Оны жоғалту жан дүниенің ең қымбат, маңызды бөлігін жоғалтумен тең.

Күлкі тудыратын келесі туындылар – балаларға арналған шығармалар. Балаларды күлдіре отырып, ойнатады, өмірдің, қоғамның бақытты, шаттықты тұстарын танытады. Балаларға арналған күлкісі бар жанрлар бірнешеу.

Мазақтама өлеңдері. Халық арасы, ел іші әрқашан да күлкіге бай. Адам бойындағы кемшілікті келемеждеу, орынсыз қылықтарды мысқыл нысанасына алып, сықақтау халық тіршілігінде ертеден бар жасампаз дәстүр. Мұндай іске, әдетте, балалар да ерекше құмар болады. Табиғаттарының өзі тез тұтануға, көңілділікке, жеңіл әзіл-оспаққа, ойын-күлкіге бейім балалар әр нәрсені мазақ етіп, әжуаға айналдыруға дайын тұрады. Сондықтан да болар жеткіншектер арасында бұл тектес өлеңдер өте мол тараған. Мазақтамаларға 6-12 жас аралығындағы балалардың өте әуес болатындығы байқалады. Бұл кезеңдегі балалар бір-біріне ат қойыш, айдар тағуға, кез-келген жағдайда бір-бірін келемеждеуге ыңғайлы тұрады. Және ол келемеждерін көбінесе өлең жолдары арқылы білдіреді. Мұндай өлеңдердің кейбірі үлкендер репертуарынан келсе, көшпілігі балалар арасында ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан тұрақты тіркестер болып келеді. Әрине, олардың ішінде тыңнан туып жататыны да жоқ, емес, бірақ олар балалар репертуарында ауыздан-ауызға тарап

ысылып, «өңделіп» барып тұрақталады. Жалпы балалар өміріне ортақ, типтік құбылыстарға арналып, сәтті шыққандары ғана ұзақ жасайды. Ал белгілі бір жағдайға байланысты аяқ астынан кездейсоқ туғандары тез ұмытылып қалады.

Балалар мазақтамаларын мазмұны, тақырыбы жағынан:

1 Балалар атына ұйқастырылған мазақтамалар.

2 Бала бойындағы, мінезі мен әрекетіндегі түрлі кемшіліктерді күлкі етуге арналған сайқымазақ, мазақтамалар, - деп екі жікке бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топтағы мазақтамаларда, әдетте, кез келген бір баланың аты алынады да, соған ұйқастырылып мазақтау өлеңі шығарылады. Олардың ішінде:

Менің атым - Сүйімжан,
Тентекпін-ау құйыннан!
Жаман тоным жалп етіп,

Құлап қалдым сиырдан, - деген белгілі бір атқа ғана тиісті, оның орнын басқа бала атымен ауыстыруға көне бермейтін тұрақты мазақтамалар да,

Екінші топтағы мазақтамалар кісі атына байланысты емес, ол бала бойындағы, мінез-құлқындағы түрлі кемістіктерді күлкіге айналдырады. Мысалы, тілі мүкіс, тісі кетік, басы таз балалар, өз құрбыларына қарағанда әлсіз, жасық, әдепсіз, іске орашолақ балалар осы топтағы мазақтамалардың негізгі нысанасы. Мысалы: «Р»-ды айта алмайтын баланы:

Сақау, сақау, сақылдақ,
Сен сақауға не кылдық?
Қарағайдың бұтағы,
Қай тісіңді бұтады?
«Бар» дегенді «бай» дейсің,
«Нар» дегенді «най» дейсің,
«Р»-ды кімдер жұтады, - деп мазақтаса, әдепсіз баланы:
Ерініңді шығарсаң, елік бол,
Ендігі айда желік бол.
Ерініңді кесіп ал,
Бармағыңды отқа сал,
Басыңды да қалай ғой,
Майы шыкса жалай ғой,-деп келеке етеді.

Жинақталған мәліметтер табиғатына үңілсек, мазақтамаларды көп жағдайда балалардың өздері экспромтты түрде шыгарып айтатыны байқалады. Оларда берік логикалық жүйеден гөрі дыбыс,

ұйқас қуалаушылық басым. Сондықтан да бұл жанрды зерттеушілер балалардың өз шығармашылығы ретінде қарастырып жүр.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде (1926) сөз өнеріне берілген анықтамада: «Бір нәрсе, я бір тақырып турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады» [4, 176], - делінген. Демек, сөз өнерінің мән- мағынасы мен міндетінің өзі адам жанының ішкі иірімдерін, күрделі де терең ойлау жүйесін, сана мен сезім арпалыстарын, қатпарлы құпия-қалтарыстарын «ашу болып табылады. Әдебиетті адамтану ғылымы ретінде зерделер болсақ, ұлттық сөз өнерінің даму барысында кейіпкердің көңіл-күйін дәл және нанымды, көркем әрі шебер бейнелеу барысында қаншама психологиялық-эстетикалық, суреткерлік ізденістердің жүзеге асырылғаны ақиқат.

Күлкі - әдебиет үшін көркем, шебер бейнелеу тәсілі. Кейіпкерді суреттеу барысында қолданатын психологиялық-эстетикалық, суреткерлік ізденістердің жемісі. Сонымен бірге жанрдың сипатны анықтайтын белгі ретінде де мәнді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұсаев А., Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы. Фил. ғыл, докт... диссерт. авторефераты. Алматы, 1999. – 38 б.

2 Қабылов Ә. Д. Кәусар. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы күлкі құбылыстары. Монография. Ақтау. 2019. – 166 б.

3 Эвентов И. Остроумие схватывает противоречие... (О некоторых вопросах теории сатиры). // Вопросы литературы, 1973, № 6.

4 Байтұрсынов Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1991. – 465 б.

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҮСТЕМЕ МАҒЫНА ИДЕЯСЫ

БАЙШУКИРОВ А. Ш.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Лингвистика іліміне семантикалық үстеме мағына идеясы К. Эрдманның «Значение слова» атты еңбегі арқылы еніп, таза семантикалық коннотация ретінде бұл термин алғаш рет Л. Блумфильд еңбектерінде көрініс табады [1, 5 б.]. Содан бастап коннотация құбылысы әр кезде ғалымдар тарапынан сөз етіліп,

коннотация дегеніміз не, коннотация термині қай ғылымның (лингвистика, прагматика, семиотика, психология т.б.) тұрғысынан зерттелуі тиіс, лингвистикалық коннотация ретінде коннотаттық мағынаның компоненттері болып қандай семантикалық категориялар танылуы қажет, олардың өзара байланысы мен айырмашылығы қандай деген сияқты сауалдарға жауап табу әрекеті жасалады.

Ғылыми әдебиеттерді шолу барысында коннотация ұғымы келесі анықтамалар негізінде түсіндіріледі:

1 Коннотация – тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық реңі. Кең мағынада, коннотация тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық (денотативті) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті сапа беретін кез келген бөлігі. Коннотация – сөйлеушінің эмпирикалық (тәжірибелік) тарихи-мәдени, танымдық біліміне, олардың сөз болып отырған нәрсені ұнатуы не ұнатпауына (бағалауына), стильдік деңгейге, тіл қызметінің саласына, олардың әлеуметтік қатынасына және т.б. байланысты болатын құбылыс. Тар мағынада – тіл бірлігі мағынасының бөлігі, сол мағынаның ассоциативті-образдық ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағынасы [2, 109 б.].

2 Коннотация дегеніміз – эмотивтік, ассоциативтік-бейнелі және стилистикалық семалардың жиынтығы болып табылатын, таңбалайтын объектілердің белгілерінен гөрі сөйлеушінің таңбаланушыға және сөйлеу шартына қатысын білдіретін номинативтік бірліктер мағынасы [3, 104 б.].

3 Прагматиканың бір мүшесі болғандықтан, коннотаттық макрокомпонент сөздің семантикалық құрылымына тікелей кірмейді, ол тек қана мағынаға қосымша, үстеме түрде әсер етеді. Бұл әсер ету, мағына бөлігінің ішінде қосымша рөл атқарады және бұл мағына бөлігі коммуникативтік акт кезінде айқын көрінеді [4, 87 б.].

4 Коннотация – это факультативное дополнительное содержание слова (выражения), которое накладывается на его основное значение. Одним из компонентов коннотации является компонент семантического поля – это более или менее очерченный круг лексических понятий, относящийся к определенной теме [5, 42 б.].

5 Коннотация – экспрессивті бағалаушы стилистика категориясы бола отырып, стилистикалық норманы құраудың негізгі тәсілі. Коннотацияның негізгі белгілері денотативтік мағынадан қосымша мағынаға ие болуы эмоционалдық, экспрессивтік және бағалауыштықты білдіреді [6].

Сонымен қатар коннотация құбылысы А. А. Хабиеваның [7], А. О. Карипжанованың [8] диссертацияларында қарастырылған. Бұл мәселенің танылуы зерттеушілер еңбектерінің лексикалық мағына, екіншілік номинация, лингвопоэтика, лингвостилистика, прагмастилистика аспектісіне сәйкес қамтылған.

Жалпы лексика-семантикалық бірліктердің денотация және коннотация аспектілерінің объектілері ретінде танылуы шарттылыққа негізделеді. Себебі сөз жеке-дара тұрып коннотаттық мағына таныта алмайтындығы белгілі (тек жалпыхалықтық сипат алған сөз-символдар мен метафоризацияланған ономастикалық атаулар жөнінде толықтай олай айта алмаймыз). Сөз мағынасының бұл бөлігі (коннотаттық компонент) тек коммуникацияда (мәнмәтінде, ситуацияда) жүзеге асып, «тілдегі сөздердің семантикалық құрылымындағы белгілі бір семаның өрістілігімен және қолданыстық сипатымен байланысты» [9, 66 б.] болып келуіне орай ерекшеленеді.

Оның айшықты көрінісінің өзекті аясы – көркем мәтін. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің:

Құдай шебер: қызыл тілді безеткен,
Ұрыс жайын қызылбастар түзеткен.
Қырық мың найза әр қақпаның аузында,
Мың-миллион солдаттар бар күзеткен (5 том) деп келетін өлең жолдарында солдат лексемасы кездеседі.

«Солдат – итальян сөзі сольдо – темір ақшаның аты. Ертеде итальян әскерлерінің кейбірі шақырумен келген де, мөлшерлі жалақы (сольдо) алып тұратын болған. Осындай жалдамалы жауынгерлер солдат деп аталған» [10, 10 б.].

Қазақ тіліне бұл сөз әскери термин ретінде орыс тілінен енгені белгілі.

Келтірілген өлең жолдарындағы солдат сөзінің қолданылуы белгілі бір мақсатты көздесе керек. Бұл жердегі солдат сөзі – жай ғана атауыштық қызметтегі әскери термин емес. Мәшһүр Жүсіптегі «патша сөзі – нақты бір әміршіні білдіреді десек, солдат сөзі – сол кездегі халықтың санасында отаршылдық, үстемдік саясатын іске асырушы күшті құралды білдіретін жағымсыз образ сомдау үшін қолданылған сөз деуге болады. Демек, аталмыш көркем мәтінде бұл сөздің үстеме мағынасы икондық (бейнелі), прагматикалық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің:

- «Сендер енді орыс боп кетесіндер, кітаптың айтқанын қылмасаңдар?!» - деп, тамақ асырап, күнелту үшін қазақты әурелеп, **көк ми** қылып жіберді.

- Ол уақыттарда Сауранда да бір хан, Сунақта да бір хан, Отырарда да бір хан, Созақта да бір хан, - әр күл төбенің басында тауықтың қоразындай қоқырайғандардың бәрін **көк өрім** бос шөптей, оп-оңай жұлып алып, Имамқұлы хан үш қабат соғысып, түк өндіре алмай, Ташкен, Түркістан, Андижан, Марғұлан, Самарқан-бәрін өзіне қаратып алып, орданы Ташкентке алып барып орнатқан.

- Ұл еді қарсы туған **көк дауылға.**
- Өркеш те, өркеш, өркеш тау,
Бауыры толған **көк бастау.**
Сұлу - сұлу емес, сүйген сұлу.
Сүймегенге - «көбік ауыз, **көк айыл,** түрме ерін» -
Деген бедірей бетпақтың өзі.
- Ойдан келген он бөрі,
Сол бөрінің ішінде
Алты ауызды **көк бөрі -**
Көк жендет көлінде, бай елінде!
- Жұмабайдың баласы,
Кесер кеуде **көк қабан,**
Жын ішінде сен жаман!
- Жеті қат жер астында **көк өгіз** бар,
Дүние бұзылғанша өлмей тұрар.
- **Көк шыбық** солқылдаған өрім талдай,
Мінезі тәп-тәтті боп ғылуа балдай.
- Жер мен **көкті** жаратқан, құдай куә,
Мал түгіл, мал иесі мен соныкі!
Баршасы он екінші дүйсенбі күн,
Аят боп, Құран **көктен** енген екен.

Шығармаларынан алынған осы мысалдарға назар аударайық. Барлық тіркестерге ортақ сөз - **көк** сөзі. Көктің нақтылы мағынасы заттың түр-түсін білдіріп, граматикалық жақтан сын есім болып «қандай» деген сұраққа жауап береді. Көк деген осы бір атау қазақ тілінде көптеген сөздердің алды-артында қосарланып, тіркесіп келіп түрліше мағынада қолданылады.

Осы барыста көпке жұмбақ болып сезілетін ұлтымыздың сөздік қорынан түстік ұғымды білдіретін «Көк» морфемасының көп қырына көз жүгіртейік және оны Мәшөүр Жүсіп тіліндегі қолданыстық мағынасына әсерін анықтайық.

Бірінші, көк деген атау сөйлемде анықтауыш болып, көркем шығармада эпитет (айқындауыш) болады. Мысалы, көк бастау.

Екінші, көк ауыспалы мағынада аспан-Тәңір деген түсінікте қолданылып, зат есім болады. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген аспан деген сөз тегінде өз тілімізге енген кірме тіл, парыс сөзі. Ежелгі түркі тілдес халықтар аспанның көктігіне қарап көк деп атаған. Мысалы: Жер мен **көкті** жаратқан.

Үшінші, көк деген атау енді бір қырынан қазақ тілінде алғыс пен қарғыс сөздерінде көптеп қолданылады. Мысалы: «көктей жұлын», «көктей сол», «көгерме», «көктей қиыл», «көктеме» деген сөздердің керсінше «көгер», «көкте», «көсегең көгерсін» дейтін алғыс сөздер бар. Мұндағы көк ауыспалы мағынада қолданылған. Көктемгі шыққан жас балауса өсімдіктер меңзеліп, зат есімге түрленген. Қысқасы, мұндағы көк – балаусалы қыршын өсімдіктерге қаратылған халықтық символ.

Төртінші, көк деген атау енді бір жақтан долы, бұзық, ашушаң деген ұғымды білдіреді. Мәселен, ұлтымызда мінезі жаман адамдарды «көкбет», «көк долының өзі екен›› деп сын көзбен қарайды. Мұндағы көк деген морфеманың қосарланып айтылуы тегін емес.

Бесінші, көк деген атау енді бір жақтан кемсіту, әжуалау, масқаралау ұғымында да қолданылады. Мысалы, «көк қарын», «көк ми», «көк соққан» т.б.

Алтыншы, көк деген атау халықтың киелі деп біліп, құдірет тұтып, ырымдап қойған қасиетті атаулары болып келеді. Мысалы, «көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк пері», «көкжал» деген сықылды атаулардың кезігуі. Қазақ халқы ертеде көп құдайлы шаман дініне сеніп, табиғат құбылыстарына, күн мен бұлтқа, жануарларға, көк бөріге, маралға табынған.

Қарап отырсақ, Мәшһүр Жүсіп көк сөзінің түрлі коннотациясын қолданған және «көк» микрокомпонентінің коннотаттық құрылымының түзілуіне «көк» түстің мифтік танымға сәйкес «ерекше тылсымдық күш» деген мағынаның да әсері болуы мүмкін.

Байқағанымыздай, коннотаттық компонент мағынасы көркем бейненің дамуы барысында пайда болып, мәнмәтін шеңберінде жүзеге асады. Сонымен қатар мәнмәтін ерекше семантикалық өріс, ассоциативті ая туғыза келе, әр түрлі мағынаның ішінен қажеттісін ғана таңдап, коннотаттық компонент мағынасының эстетикалық құндылығын арттыруына себепкер болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Комлев Н. Г. Компоненты содержательной структуры слова. – Москва : МГУ, 1989. – 192 с.

2 Авакова Р. Ә. Фразеологиялық семантика. Алматы : ҚУ, 2002 – 151 б.

3 Хасанов Ғ. Қ. Лексикалық мағына. - Орал : Ағартушы, 2005. – 148 б.

4 Байгунисова Г. И. Уровни вторичной номинации (на материале казахского и русского языков): дисс. к.ф.н., 10.02.20 – Караганда, 1998. – 154.

5 Әлкебаева Д. А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы – Алматы : Зият-Пресс, 2007. – 244 б.

6 Говердовский В. И. Теоретический и практический аспекты лексикологической коннотации (морфологический подход): автореф. д.ф.н. – Москва, 1990. – 43 с.

7 Хабиева А. А. Тарихи лексиканың мазмұндық құрылымындағы коннотатық компоненттер (Махамбет шығармашылығы негізінде) : автореферат дис. ... / Хабиева А. А. - Алматы, 2007. - 30 б.

8 Карипжанова А. О. Фразеологиялық коннотацияның прагмастилистикасы (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары бойынша) автореферат дис. ... / Карипжанова А.О. - Алматы, 2010. - 28 б.

9 Күштаева М. Т. «Тары» сөзінің коннотациялық мағыналары // Тілтаным – Алматы, 2002, № 3. – 64-71 б.

10 Қожағұлова Қ. Қазақ тіліндегі әскери лексиканың мағыналық құрылымы: ф.ғ.к. … автореф., 10.02.02. – Астана, 2006. – 29 б.

РЕФЛЕКСИЯ ЖӘНЕ ДАМУ. БҮКІЛ МЕКТЕП АУҚЫМЫНДА ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

ГАЛЕЕВА А. Т.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Розовка ЖОББМ, Павлодар ауданы

«Қазіргі әлем жылдам өзгеруде. Сол өзгерістер білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Білім беру саласында оқушылар үшін білім де, дағдылар да терең дәрежеде маңызды деген ортақ ұстаным қалыптасуда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшілігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында»

Педагогика жаңалықтарының бірі – оқытудың іс-тәжірибесіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу. Бұл курстың да мақсаты – мұғалім іс-тәжірибесіне өзгерістер енгізу. Ең бастысы ол өзгерістер мұғалімге де, оқушыға да оң нәтиже беруі тиіс. «Заман талабына сай оқыту үшін сабақта жаңа әдістерді қолданып, алған білімдерін өмірде өздерінің қажеттілігіне пайдалануға тәрбиелеу. Осыны іске асырудың жолы жас ұрпаққа сындарлы тұрғыдан оқытып, нәтижесінде ойын еркін жеткізетін, ынталы, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру» Қазан айының басында 7 «А» сыныбының жетекшісі ата-аналар жиналысын өткізді. Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар: 1. Ата-аналарды жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту туралы таныстыру. 2. Бағалаудың түрлерімен таныстыру. 3. Бақылау жұмыстары қалай жүргізілетіні туралы айтты. Сынып жетекшісінен кейін пән мұғалімдері өздерінің пәндері бойынша өзгерістер мен ұсыныстарды атап өтті.

Мен өзімнің тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспарына бағдарламаның жеті модулін енгізіп отырмын. Орта мерзімді жоспарды құрастырғанда осы бағдарламаны басшылыққа алдым. Оқушыларды сабаққа қызықтыру үшін сын тұрғысынан ойлауға үйрету модулінің «Миға шабуыл» стратегиясын бірінші сабағым Абай Құнанбаевтың «Сағаттың шықылдағы - емес ермек» өлеңінде және төртінші сабағым «Менің күн тәртібім» тақырыбында қолдандым. Бұл стратегия арқылы оқушылар сабақтың тақырыбына шықты.

Орта мерзімді жоспардың бірінші тақырыбы Абай Құнанбаевтың «Сағаттың шықылдағы - емес ермек» өлеңі. Сабақтың оқу мақсаты: Повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау. Оқушылар «Сөз сыры» тәсілі арқылы лексикалық минимумда берілген сөздердің мағынасын аударма, түсіндірме сөздіктердің көмегімен өздігінен зерттегеннен кейін, дұрыс жауаптар нұсқасымен салыстырды.

Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтады, талдады.Сонымен қатар оқушылар сабақта тақырып бойынша талқылау сұрақтарына жауап берді. Мысалы:

- Өлеңнің негізгі идеясы-не?
- Абай сағатты неге ұрыға теңейді?
- Абайдың тағы қандай өлеңдерін білесің?
- Сендер өз уақыттарыңды қалай пайдаланасыңдар?-деген сұраққа оқушылар әртүрлі жауап береді. Барлық сабақтарымда оқушылар АКТ-ның көмегімен сөйлемдерді сәйкестендірді, слайдтармен жұмыс істеді. Сабақ барысында оқушыларға қолдау көрсету мақсатында

«БББ» кестесі арқылы, «Ойлан, жұптас, бөліс»», «Минуттық шешім» тәсілдері арқылы қолдау көрсеттім. Сабақ барысында оқушыларға қолдау көрсету мақсатында қалыптастырушы бағалауды «Бағдаршам», «Шапалақ», «Басбармақ» әдістері арқылы жүргіздім.

Дарынды оқушылар күрделірек тапсырмалар орындады. Мен әр сабағымда диалогтік оқытуды кеңінен қолданамын.Себебі диалог арқылы оқушылардың сөздік қоры молаяды. Постерді қорғаған кезде оқушылардың ішінен көшбасшылық қабілеті көрінетін оқушыларды байқадым. Олар әр сабақта спикер болғысы келіп тұрады. Топпен жұмыс істегенде С. оқушының жақсы сурет салатыны байқалды. Тапсырмаларға байланысты оқушылар өзін-өзі бағалауды үйренді және бірін-бірі бағалады.

Әр сабақта мұғалім оқуға ғана көңіл бөліп қоймай, сабақтың тәрбиелік мәніне де көңіл аударуы керек. Өйткені біз сабақты жақсы оқитын, үлкендерді сыйлайтын, кішіге ізет көрсететін әдепті, мәдениетті оқушыны тәрбиелеуіміз керек.

Сабақтың тақырыбына байланысты оқушыларды өз уақыттарын үнемдей білуге және басқалардың уақытына сыйластықпен қарауға тәрбиелеу сияқты құндылықтарға баулу дұрыс деп есептеймін. Сабақтың соңында рефлексия жүргіздім. Оқушылар сабақтың басында бастаған «БББ» кестесін толтырды.

«БББ» кестесін (білемін, білгім келеді, білдім) толтыру арқылы оқушылар бұрынғы білетін білімдерін жаңғыртып, жаңа білімді меңгеріп, қажетті білімді анықтап алу мақсатында пайдаландым. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: Жеке жұмыс. «Уақыт» сөзіне синквейн жазды. 1. Уақыт. 2. Шықылдауық, тиянақты. 3. Шықылдайды, ұрлайды, өтеді. 4. Уақыт тез өтіп кетеді. 5. Сағат. Оқушылар өлеңнің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға өз сөзімен жауап бере алады. Әр тапсырмадан соң бағалау критерийі қойылады. Бағалау критерийі: поэзиялық шығарманы тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдайды.

Бірінші сабағымды орта мерзімді жоспар бойынша 7 «А» сыныбында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткіздім. Сабақтың тақырыбы: Абай Құнанбаевтың «Сағаттың шықылдағы – емес ермек» өлеңі. Осы сабаққа қысқа мерзімді жоспар құрдым. Менің мақсатым: оқушылардың тыңдау, ойлау, бір-біріне сұрақ қойып,оларға жауап бере алатын, сөздік қоры жетілген, сөйлеу дағдылары жақсы қалыптасқан тұлғаны дамыту.

Сабақ басында оқушыларды уақыт мерзіміне қарай «Күн», «Түн» суреттері арқылы екі топқа топтастырдым. – «Уақыт» дегенді қалай түсінесіңдер?- деп проблемалық сұрақ қойдым. Менің сабағымда

диалогтік оқыту сұрақ-жауап тәсілі арқылы, сонымен қатар топтық, жұптық жұмыс кезінде оқушылар тақырыпқа байланысты тапсырмаларды орындағанда жүзеге асты. (1-сурет, 2-сурет).

Сурет 1 – Жұптық жұмыс «Сәйкестендіру»

Сурет 2 – Топтық жұмыс «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі

Мен сабақта «Сәйкестендіру», «Ойлан, жұптас, бөліс» әдістерін қолдандым. Бұл әдістер жұптық, топтық жұмыс кезінде өте тиімді. Осы әдісті қолданған кезде диалогтік оқытудың тиімділігі көрініп тұрды. Мен әр сабағымда саралау жүргізіп отырдым. Ерекше қажеттілігі бар оқушыларға осы сабақта жеке тапсырма бердім. «Минуттық шешім» тәсілі арқылы оқушыларға негізгі және қосымша ақпаратты анықтайтын тапсырманы ұсыну тиімді деп ойлаймын. Өйткені олар тез арада түртіп алу тәсілі бойынша керекті ақпаратты анықтайды.

Коучинг ағылшын тілінен аударғанда тәлім ету, дайындау, жаттықтыру деген мағынаны білдіреді. Коучтің міндеті мұғалімдерге өзінің оқыту тәжірибесін жақсартуға көмектесу Сондықтан мен курстан алған біліммен мектептегі тәжірибе кезінде өз әріптестеріммен бөлісуді жоспарладым. Коучинг өткізер алдында мектеп әкімшілігінің рұқсатымен жоспарымды бекітіп, сабағымды өткізуге кірістім. Сабаққа жас мамандар, бірінші, екінші, жоғары санатты, деңгейлік курсты бітірген мұғалімдер қатысты. Коучинг сабағымның тақырыбын «Оқытуда диалогтік оқу тәсілдерін қолданудың тиімділігі» деп алдым. Сабақтың мақсаты: мұғалімдерге диалогтік оқыту туралы түсінік беріп, әңгімелесудің үш түріне сипаттама беру. Мұғалімдер арасында диалогтік өзара әрекеттестік арқылы ойлауды дамыту, өзіндік пікірлерін дәлелдеуге бағыттау, сипаттама беру. Мұғалімдер «Мозаика» ойыны арқылы топқа бөлінді. Топ мүшелері бір-бірін тыңдау, сыйлау, құрметтеу, бірлесіп жұмыс істеу, уақытты үнемдеу, басқалардың пікірін тыңдау сияқты ережелерді анықтады.

Миға шабуыл» стратегиясы бойынша «Бәрі өз қолында», «Қарлығаш пен Дәуіт» бейнебаяндарын көрсету арқылы сабақтың тақырыбына шықты. Бейнебаянда не туралы көрсетілгенін мұғалімдер талқылап, өз ойларын ортаға салды. Әріптестер көрсетілген бейнебаянның тәрбиелік мәнін айтып өтті, себебі біз оқушыларды Дәуіт сияқты ержүрек болуға, қиын жағдайда досына көмекке келуге, досына адал болуға тәрбиелеуіміз керек. Мұғалімдерге Александрдің (2008) диалогтік оқыту туралы берген түсініктемелерін және Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгіменің үш түріне түсінік берілді. Постер, маркерлерді пайдалана отырып, әрбір топ өз жобаларын талқылап постерге түсіріп, «Аквариум» стратегиясы арқылы қорғап шықты.

Коучинг сабағымнан мұғалімдер өздеріне керекті ақпарат алды, жас мамандар әдіс-тәсілдер, диалог және оның түрлері туралы көп мәліметке ие болды. Жоғарыда айтып кеткендей, біздің мектептің басым көпшілігі орыс тілді мұғалімдер болған соң, мектеп басшысының сұранысы бойынша екінші (Обучающий семинар: «Новые подходы в преподавании: диалогическое обучение») сабағымды орыс тілінде жүргіздім.

Тәлімгерліктегі басты ұстаным қызмет емес, қарым-қатынас болып табылады, оның барысында тәлімгер объктивті тыңдаушы және бағыттаушы болады. Тәлімгерлік жұмысымның мақсаты: бағдарлама негізінде 7 модуль аясында тәлімгер тәлім алушымен жаңа сабақ технологиялары туралы біліммен бөлісіп, оның қызметкер және тұлға ретінде өсуіне, кәсіби дамуы мен проблемаларды өз бетінше шешуіне ықпал етіп, бағыт-бағдар беру. Өзімнің жұмыс істейтін мектебімде осы тәлімгерлік жұмысымды мектептегі тәжірибе кезеңінің бірінші аптасынан бастадым. Ең алдымен А. мұғалімге өз жоспарым туралы айтып бердім. Жас маман төртінші сыныпта жұмыс істейді. Келесі жылы ол бірінші сыныпты алады, сондықтан менің ұсынысымды бір айтқаннан қабыл алды. Оның үстіне жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша курсқа, деңгейлік курсқа баруды армандап жүргенін айтты. Жас маманға 7 модуль туралы түсінік бердім. Дәстүрлі сабақтарына қатысып, өз жұмысын өзгерту мақсатында жаңа бағдарламаға сай қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыруға көмектесетінімді айттым.

Себебі жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша келешекте барлық әріптестер өз жоспарларын жаңа талапқа сай құрастыруы керек. Жоспар бойынша өткен екі аптада мен тәлім алушының екі дәстүрлі сабағына қатыстым. Бірінші сабағы әдебиеттік оқу пәнінен Әнуар Жапаровтың «Қазына көтерген бала» жайлы әңгімесі. 1. Сөздік жұмысын жүргізу.

Мәтінде мағынасы қиын сөздер болды ма? - Қандай сөздер? Геолог- жер құрылысы мен қабатын және ондағы пайдалы қазбаларды табумен айналысатын ғалым. Ботаника- (гр. botn – шөп, өсімдік) – өсімдіктер туралы ғылымдар жиынтығы.

Сабақта мұғалім баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, топпен жұмыс сияқты әдіс-тәсілдерді қолданды. Сабақта географиялық карта болды. Мұғалімнің екінші сабағы қазақ тілі пәнінен «Мәтін. Мәтіннің түрлері» тақырыбы болды. Оқушыларға мәтіннен стиль түрлерін ажырату, талдау жұмыстары арқылы ойлау қабілеттерін арттыратын тапсырмалар берілді. Мұғалім сабақтың тәрбиелік мәніне көңіл бөлді. «Отансүйгіштік», «Намысшыл» деген сөздерді қалай түсінесің? деген сұрақтар қойды. Үй тапсырмасын қорытындылаған кезде оқушылар семантикалық картамен жұмыс істеді. Мұғалімнің сабақтарын бақылап, сабақтың соңында кері байланыс жасап, жақсы жақтары мен кемшіліктерін атап өттім. Үшінші аптада мұғалім өз тәжірибесіне өзгерістер енгізу мақсатында менің сабақтарыма қатысты. Мұғалім түсінбегенін сұрап, сабақтың сәтті өткен жақтарын дәптеріне жазып отырды. Тәлім алушымен бірге қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастырдық.

Төртінші аптада тәлім алушының жаңадан құрастырған екі сабағына қатыстым. Тәлім алушы қазақ тілі пәнінен үшінші дәстүрлі емес сабағын өткізді. Сабақтың тақырыбы: Сөз тіркестері. Сабақтың мақсаттары: барлық оқушылар мәтінмен жұмыс істеп, сұрақтарға жауап бере алады. Мұғалім сабақта оқу деңгейлерін анықтап алды: білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау. Сабақта ұжымдық жұмыс, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс түрлері кеңінен орын алды. Сабақта «Бағдаршам», «Бес бармақ» сияқты қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Мұғалімнің екінші дәстүрлі емес сабағының тақырыбы «Сөйлем» (қазақ тілі). Мұғалім сабақтың мақсаттары мен ойлау деңгейлерін дұрыс анықтады деп айта аламын. Сабақта ұжымдық, топтық, жұптық және жеке жұмыс түрлері кеңінен орын алды. Сабақтың басында оқушылар үш тілде сәлемдесіп, өздерінің түрлі-түсті қима қағаздары арқылы топқа бөлініп отырды. Сабақта «Бес бармақ», «Смайликтер» арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Сергіту сәттерін интербелсенді тақтаның көмегімен жүргізді. Сергіту сәттері әр сабақтың тақырыбына байланысты өткізіледі. Екі сабақта да «Алма ағашы» стратегиясы арқылы кері байланыс орнатылды. Мұғалімнің сабақтары жақсы деңгейде өтті, оқушылармен, мұғаліммен сұхбат жүргіздім.

Оқушылар соңғы сабақтардың қызықты өткенін, сабақтарда әртүрлі тапсырмалар орындағандарын айтты.

Тәлім алушыма қойылған сұрақтар:

1 Сабағыңыз қалай өтті ?

2 Жоспардағы мақсатыңызға жеттіңіз бе? Қандай дәлелдермен жеткізе аласыз?

3 Сабағыңыздың ең ұтымды жері қандай деп ойлайсыз?

4 Сабағыңыздың сәтсіз жерлері болды ма?

5 Бұл сабақты басқаша қалай ұйымдастыра алар едіңіз?

Мұғалім қойылған сұрақтарға толық жауап берді. Сабақтың сәтті жақтары мен кемшіліктерін айтып өтті. Келешекте аталған кемшіліктерді жойып, сабақтардың жоспарын құрастырған кезде оқушылардың жас ерекшеліктерін, білім дейгейін ескере отырып құрастырамын деп сөз берді.

Мектептегі тәжірибе кезінде мектептің қоғамдастық жұмыс жоспарын құруға кірістім. Ол үшін ең алдымен мектеп әкімшілігімен келісімін алып, зерттеу жұмысын жүргізу керек деп санадым. Зерттеу жұмысымның тақырыбын «Мектептегі білім сапасын көтеру мақсатындағы диалогтік оқытудың тиімділігі» деп алдым. Жұмысымның мақсаты: диалогтік оқытуды іс-тәжірибеге енгізе отырып, тәжірибе бөлісу мен алмасуға бағытталған орта құру және сапалы білім жүйесін дамытуға арналған оқу кеңістігін ұйымдастыру. Егер бұрын диалогтік оқыту қазақ тілі, орыс тілі, неміс тілі, ағылшын тілі сабақтарында, яғни гуманитарлық бағыт бойынша кеңінен қолданылса, ал қазір кез келген пән бойынша диалогтік оқыту міндетті түрде мектеп тәжірибесіне енгізіліп отыр.

Мектептегі қоғамдастық жұмысын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат жинадым. Маған мектепте белгілі бір тақырыпта жұмыс жүргізу қиын болды, өйткені мектепте бірінші, екінші деңгейлік курстарын бітірген мұғалімдер жоқ.

Ең алдымен жұмысымыз тиімді болу үшін қоғамдастық мүшелерінің арасынан басқарушы, үйлестіруші, дамытушы топтарының құрамын анықтап алдым. Мұғалімдер арасында жас мамандар, жаңартылған бағдарламаны оқымаған мұғалімдер болғандықтан оларға оқу үрдісіне жаңа әдіс – тәсілдерді енгізу, яғни бағдарламаның жеті модулін енгізе отырып, жаңартылған бағдарлама бойынша орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар құруға бағыт-бағдар беретін дөңгелек үстел өткізуді ұйғардық. Сөйтіп, мектепте «Жігер» атты қоғамдастықты құру келісілді. «Жігер» қоғамдастығының жоспарын бір оқу жылына құрастырдым.

Оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында біздің мектепте зерттеу тобы құрылды. Зерттеу тобы жыл бойы жұмыс жасап, оның нәтижесімен әріптестерді әр тоқсанның соңында таныстырып отырады. Әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Тусупова Г. С. жаңартылған бағдарлама бойынша бағалаудың түрлерімен таныстыру мақсатында мұғалімдермен оқу отырысын өткізді. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер жаңа бағдарлама аясында басқа әріптестерге жеті модуль бойынша сабақ өткізіп, жиынтық, қалыптастырушы бағалау туралы түсінік берді. Тәліп өз білімін, тәжірибесін осы іс-шараларға қарап әрі қарай дамытуды жоспарлады. Қараша айында мен тәлім алушы мұғалімдерге орта мерзімді, қысқа мерзімді жұмыс жоспарын жасауды іс –шараға енгіздім. Ақпан айында «Диалогтік оқыту арқылы дарынды және талантты балаларды анықтау» атты екінші коучинг сабағы өткізіледі. Наурыз айында әдістемелік апталық өткіземін деп жоспарлап отырмын. Олар тәжірибе алмасу, бөлісу шеберлігі, ашық сабақтар топтамасы арқылы өтеді. Сәуір-мамыр айларында тәлім алушы өз жұмысына есеп береді. Күтілетін нәтиже – жинақтаған тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп, дамытады. Сәуір айында «Мектеп арасында өзара тәжірибе алмасу үшін семинарға қатысу» іс-шарасын жоспарлап отырмын. Осыдан күтілетін нәтиже - әріптестер өз тәжірибесіне енгізілген өзгерістерді жүйелейді, пікір айтады, ұсыныс жасайды. Жоспардың соңында «Өз тәжірибемдегі өзгерістер» деп барлық жұмысымның қорытындысын жасаймын. Бұл іс-шараны мамыр айында өткіземін деген ойдамын. Мұнда күтілетін нәтиже- әріптестердің нені үйрендім?, нені әлі үйренуім керек?, нені үйрете аламын?- деген сұрақтары. Қоғамдастықтың жоспары бойынша алдағы уақытта атқаратын жұмыстарымыз көп. Келешекте басқа мектептермен қоғамдастық құрамыз деген ойдамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 135 б.

2 Мұғалімнің көшбасшылық қасиеттері: бағыттары және қалыптастыру жолдары. Әдістемелік құрал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 122 б.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ

ДАУЛЕТ М.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сондықтан да орыс тілді мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым- қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы.

Қазір білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» электронды оқыту әдіс-тәсілдерін мектеп өміріне енгізу – жаңа білім берудің бірден- бір шарты.

Оқыту технологиясы – оқу ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек.

Бүгінгі күнгі ғылым мен техниканың дамуы қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын талап етеді. Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасауы керек. Ол үшін адамдармен қарым-қатынас жасау, яғни коммуникацияға түсуді үйрету қажет. Ф. Ш. Оразбаева өзінің «Тілдік коммуникация негіздері» атты еңбегінде: «Коммуникация – қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым - қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді», – деп атап өтті.

Ал осы коммуникацияны жүзеге асыру үшін қатысымдық тұлғаларды игерген жөн. «Қатысымдық тұлғалар – тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, белгілі бір орта мен араласу жағдайында жүзеге асатын, тиянақты ойды хабарлау және қабылдау

қасиеті бар, ерекше деңгейге көтерілген тілдік тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер».

«Шет тілдерді игерудің жалпы еуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға» стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» – тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз.

Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл мәселенің ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан-жақты қарастырылып отырған мәселе – орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту мәселесі. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Орыс сыныптарында қазақ тілі сабағын жүргізу мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар көп. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда. Бұл еңбектердің авторлары Ш. Х. Сарыбаев, И. В. Маманов, Ғ. Бегалиев, С. Жиенбаев, Т. Аяпова, Ш. Бектуров, К. Сариева, А. Жүнісбеков, Ф. Р. Ахметжанова, М. Жанпейісова, Ф. Оразбаева, Қ. Бітібаева т.б.

Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат – өзге тілді оқушыларды қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық отандастардың Отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі - патриотизмнің қайнар көзі.

Алдында аталып өткен авторлардың еңбегінің зор екендігін айта келе, өзімнің жұмысымда Ә. Жүнісбектің үндестік заңы технологиясы және Ф. Оразбаеваның қатысым әдіс технологиясын

басшылыққа алып келемін. Сонымен қатар, қазақ тілі сабақтарында қатысымдық әдісін қолданып, аймақтық компонентін кеңінен пайдаланамын. Неліктен қатысымдық әдіске тоқталдым? Мәселені дұрыс ашу үшін ең бірінші қатысымдық әдістің негізін құрайтын принциптерін көрсетейік. Ф. Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. Олар:

1 Тіке байланыс

2 Адамның жеке қабілетін ескеру

3 Сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау

4 Сатылап даму

5 Динамикалық өзгеру

6 Өзектілік

Қатысымдық әдісті пайдаланудың тиімді жолы - оның тіке байланысқа негізделіп, адамдардың тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілді үйретуге байланысты қандай бағыт-бағдарды таңдап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес.

«Отан от басынан басталады» десек, туған облысымыздың, қаламыздың көрнекті жерін, тарихын, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын танытудың мән-маңызы зор. 5, 6, 7-сыныптарда аймақтық компоненттерді «Қазақстан», «Менің қалам», «Менің көшем», «Менің отбасым», «Дүкенде», «Стадионда», «Дәрігерде», «Жыл мезгілдері» және тағы сол сияқты тақырыптарды оқығанда әбден қолдануға болады. Аймақтық компоненттерді сабақта қолдануда қандай шаралар арқылы жүзеге асыруға болатынын сызба бойынша көрсетсем.

Тақырыпты қандай жұмыс түрлері арқылы ашуға болады?

- Диалог
- Викторина
- Үлестірме парақшалармен (карточкака) жұмыс
- Сурет бойынша жұмыс
- Инсценировка
- Тест
- Экскурсия

- Оқушылардың шығармашылық жұмыстары (шығарма, тақпақтар, альбомдар)
- Пән бойынша шығармашылық жұмыстар
- Интеграцияланған сабақтар

Енді осы тақырыптардың кейбіреулеріне тоқталайық. Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асады:

1 Жұптық
2 Топтық
3 Ұжымдық

Жетінші сыныпта «Жалпы есім және жалқы есім» атты грамматикалық және «Менің қалам» атты лексикалық тақырыпты оқығанда үлестірме парақшамен (карточкамен) жұмыс, екеулеп сөйлесу және тағы сол сияқты жұптық қалыппен жұмыс істедім. Парақшаларды әр жұпқа үлестірдім.

Үлгі: «І. Сөйлемнен жалпы есімді бір топқа, жалқы есімді екінші топқа бөліп жаз: «Павлодар қаласында көшелер кең, таза. Мен Нұрсұлтан көшесінде тұрамын» және т.с.с. Бірінші оқушы оқиды, екіншісі тапсырманы орындайды. Осыдан кейін үлестірме парақшалар екінші жұппен алмасып, бірінші оқушы жазады, ал екінші оқушы оқиды.

5- сыныпта «Қазақстан қалалары» тақырыбын алайық. Нәтиже сабағында сыныпты топқа бөліп, бірінші топқа: «Теледидар бойынша ауа райын болжау», екінші топқа «Аялдамада ауа райы туралы сөйлесу», үшінші топқа «Кеше экскурсияға бардық. Ауа райы туралы әңгімелеу», төртінші топқа «Телефонмен сөйлесу» деген тақырыптарды ұсынамын.

Бір қызығы осы топтық жұмыс барысында бірінші топ оқушыларының жауабына бүкіл сынып араласып, соңы ұжымдық қалыпқа ауысты. Себебі, оқушылардың назарын аудару үшін (тыңдап отырған) жағдаят (ситуация) тудырдым: «Мынау тікелей эфир. Сендер әр қалада тұрасыңдар. Өздерің тұрған қаладағы ауа райын сұрауларыңа болады» - деп едім, «Дикторлар» сөйлеп болысымен: «Кешіріңіз, Таразда ауа райы қандай болады?», «Павлодарда ауа райы қандай болады?» - деп әр жерден сұрақ қойып, оқушылар өзара еркін сөйлесіп кетті. Жалпы ұжымдық қалып жұптық және топтық қалыптарды өзара біріктіреді деген Ф. Оразбаеваның пікірінің дұрыстығын осы сабақта өте айқын көріп, ұқтым.

Осындай сөйлесулерде оқушылардың өз Отанына, қаласына, көшесіне деген сүйіспеншіліктері, мақтаныштары дауыс ырғағынан-ақ байқалып, сезіліп, көңілді қуантады. Әрине, мұндай нәтижеге

алдыңғы сабақтарды тиімді, тартымды өткізудің арқасында ғана жетуге болады.

Жазғы, күзгі, көктемгі каникулға әр тақырыпқа байланысты тапсырмалар беру тәжірибемізге енген. Бұл тапсырмалар оқушының оқыған-тоқығанын ұмытпауға жақсы ықпал етеді және тапсырманы шығармашылықпен, асықпай сапалы орындауына көп пайдасы бар. Тақырыптың өзектілігі негізгі бір сабақта орындалуы мүмкін, керісінше бірнеше сабақта, тіптен сабақтар жүйесіне, практикалық түрге де созылуы мүмкін. Мысалы, жазғы тапсырмалар: «Менің ең қызықты бір күнім», «Жазғы демалысым», «Менің қалам көктемде», «Жаздағы Павдодардың көшелері» атты тақырыптарда осы жүйелілікті байқауға болады. Оқушылар қай жерде демалғандарын айта келе Қазақстанның табиғатын, демалатын орындарын сипатта жазып, фотосуретке түсіріп алып келеді.

Бұл да сабаққа қызығушылығын арттыруға, жауапкершілік сезімдерін дамытуға үлкен үлесін қосады. Сонымен бірге өз туған жеріне деген мақтаныш, махаббат сезімдерін одан әрі дамытады. Тілді үйретудің басты түйіні, кілті - қазақ тілінде сөйлесе білу, өз ойын жеткізе білу. Ол әрбір сабақта осы қарастырылып отырған аймақты компонентті тақырыбына тілдесе білуден басталып, кез келген ортада пікірлесуге дейін жетеді. Сондықтан оқытудағы әр түрлі жұмыстар орталық өзектен пайда болып келіп, басты түйінге айналып соғып отыруы керек.

Барлық жұмыс түрлері тілдік материалмен салаларды тізбектеп оқыта берумен емес, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалын танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен де ерекшеленеді.

Жұмыс барысында нәтижеге қатысымдық әдіспен қатар, басқа да инновациялық технологиялардың элементтерін қолданамын, солардың жақсы нәтижесін оқушыларымның жетістіктерінен көріп келемін.

Біріншіден, оқушыларым дыбыстық ерекшеліктерді жақсы меңгерген, яғни айтылым дағдылары жоғары.

Екіншіден, ауызекі сөйлеу дағдылары жоғары. Күнделікті жұптап, топтап жұмыс істеудің нәтижесінде оқушылардың берілген тақырыпқа, соның ішінде бүгінгі өзекті деген аймақтық компоненттер тақырыбына сұрақ қоя білу, жауап беру дағдылары даму үстінде.

Үшіншіден, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсуде. Берілген тапсырмаларды қосымша шығармашылықпен

орындап келген шәкірттерімді көргенде әрине қуанышым шексіз, сонымен қатар, сабағымның қызықты, тартымды өтуіне мұғалім ретінде барлық күшімді жұмсаймын.

Төртіншіден, шәкіртім Хисамутдинов Русланның жүлделі екінші, үшінші орындардан көрінуі аталған жұмыстардың кішкене болса да нәтижесі деп түсінемін. Әрине мұнымен шектелмей, жұмысты одан әрі жалғастыру басты міндетім. Қорыта келе, іздену, тиімді әдістерді тауып пайдалана білу, сабақ барысында үнемі түрліше әдістерге сүйеніп отыру керек екендігін қазіргі таңда әр оқытушы түсінеді.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов былай деген екен: «Жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек»

Оқушылар пәндерді оқу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындалған. Мен өзімнің іс тәжірибемде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып,бағалаудың қалыптастырушы түрін кеңінен қолданамын. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты - барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап , ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға , шешім қабылдауға,өзін-өзі бағалауға ,бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін-бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор деп ойлаймын.

Қазақстанда білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс - үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер (inter – аралық, бірнеше, action - әрекет дегенді білдіреді). Өзара әрекеттестік - әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі. Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің

жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі - ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты - білу емес, үйрене білу. Өз кезегінде ол:

• өзіне деген сенімге тәрбиелейді;

• шешендік өнерін жетілдіреді;

• танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын ұғындырады);

• сыни ойлау дағдыларын дамытады;

• өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Интербелсенді оқыту - әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) айтқан: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікір осыған толыққанды дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары әдіс- тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

• терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

• өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

• ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;

• өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

• пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

• шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

• бірлескен жұмыс;

• танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

• бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық):

• рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар;

• ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет құжаттар, мұражай т.б.);

• презентациялар;

• тренингтер;

• сұхбат;

• сауалнама және т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда төмендегідей ережелерді есте сақтау қажет:

• Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

• Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін-өзі көрсетуіне жол беру.

• Үшінші ереже. Кабинет талапқа сай болуы қажет.

• Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Баланың өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруіне мүмкіндік жасалуы қажет.

• Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

• Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін айқындауы білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында шәкірттер мынадай қарым-қатынасқа түседі:

• Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);

• Өзге балалармен (жұптасып жұмыс істеу барысында);

• Шағын топтармен (3-5 баламен);

• Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);

• Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);

• Кейбір техника түрлерімен (мысалға, компьютермен).

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: «Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады» деген екен Хәтти (2014).

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты, т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

Қорыта келе, мен баяндаманы ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» деген сөздерімен аяқтаймын. XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру - жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сарыбаев Ш. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен. Алматы, 1940.

2 Сарыбаев Ш. Методика преподавания казахского языка в русской школе. Алматы, 1943. – 125 б.

3 Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курсының программасы. Алматы, Мектеп, 1987. – 75 б.

4 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілі оқыту әдістемесі. Алматы. Ана тілі, 1996. – 20 б.

5 Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т.Шаймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1999.

6 Бектуров Ш. Бектуров А. Казахский яык. Алматы, Рауан. 1994 - 240 б.

7 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000. - 256 б.

ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ДОКТОРХАНҚЫЗЫ Н.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінгі жаһандану әрбір ұлт тілдерінің өзінің түпкі арнасына қайта зерделеп қарауын қажет етеді. Қазақ тіл білімінде әсіресе соңғы жылдары көбірек көңіл бөліне бастаған этнолингвистикалық бағыттағы зерттеулердің нәтижесі этностың байырғы тұрмыс-тіршілігінің, қазіргі болмысы мен өткендегі өмір сүру тәжірибесінің, күнкөріс мәдениетінің, өзіндік ежелгі заттық және рухани құндылықтарының түрлі тілдік көріністерін жан-жақты қарастыра зерттеудің кең өріс ала бастағандығын көрсетіп отыр.

Тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) қатыстығын, яғни бір-біріне әсер етіп отыратын лингвистикалық және этноса қатысты факторларды өзара байланыстыра зерттеуші саланы тіл білімінде этнолингвистика деп атайды. Оның да өзине тән зерттеу объектісі бар. Осы тұрғыдан алғанда этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыс байланысты құбылыс деп қарастыруда бірнеше салалық зерттеу жүргізіледі.

1 Тіл – қоғамда сол этностың қарым-қатынас құралы.

2 Этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері.

3 Ұлттың барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады

Тілдердің дәл осындай, өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өңдеп, жадында сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік болмаған да болар еді. Осылардын бәрі ұлан-ғайыр сөз байлығы арқылы халықтың жадында сақталып бізге жеткен болса, оны тәптіштеп жинап, толық меңгеріп, өзіндік

нақыш-бояуы мен келесі ұрпаққа табыс ету этнолингвистикамен шұғылданушы ғалымдардың абыройлы міндеті деп білеміз.

Осыған орай этнолингвистиканың атқаратын міндеттері мен көтеретін ортақ жүгі айқындала түспекші. Бұл міндеттер тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (қазіргі халықтың, ұлттың) тарихи тұтастығына, өзара қатыстығына байланысты болса керек. Этностың басып өткен ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттардан бастап, ауызекі тіл мәдениеті түрінде жетті. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі болмысы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады, әр бір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-думалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін. Әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осыншама мол дүниені тіл мен ауыз әдебиетінен басқа жадында сақтайтын тәсіл жоқ. Сондықтан да тіл дерегі ретінде кездеспейтін заттар мен құбылыстарды, ұғымдар мен түсініктерді этнос өмірінде мүлдем болмаған, ал болған ретте ол бүгінде халық жадынан шығып із-түссіз жоғалған, ұмытылды деп қарауға болады.

Этнос пен оның тілі бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние екендігін біз осыдан көреміз. Белгілі бір жағдайларға байланысты өз тілінен айрылған этнос өзінше өмір сүруі де, тіпті жан-жақты дамуы да мүмкін. Бірақ ана тілін ұмытқан этнос өзінің шығу тегі мен азаматтық тарихын да ұмытады, басып өткен өмірін бүкіл рухани, мәдени байлығынан мақрұм болады. Ал ондай өз тарихын, өз тілін ұмытқан ел, өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан моральдік, этикалық дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдігін жоғалтқан этнос ұлттық болмыс, табиғатынан айырылады. Кез-келген этностың тарихын өз тілінде емес, егер ол қағазға түссе, басқа тіл арқылы да білуге болады. Бірақ оны өз тілінде білудің реті мүлде басқа. Бұл тіл заңдылықтары мен табиғатынан шығады. Тілдік ерекшеліктер жүре үйренуге болатын білім емес, ананың ақ сүтімен бойға даритын, балаң жүрекпен сезіну арқылы ғана етене қабылданатын, белгілі ортада қалыптасатын адам бойындағы ең абзал қасиет болып саналады.

Бүгінгі жаһандық және қоғам ішіндегі төмендегідей өзгерістер этнолингвистиканы зерттеудің қажеттілігін айқындайды.

1 Жаһандық тұтасулар ұлт тілдерінің беріктігі мен өз табиғи болмысын сақтауды талап етеді.

2 Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бергі кезең қазақ тіліне зерттеулер мен жаңа тұжырымдар қажеттігін анықтады.

3 Жаңа танымдар мен тың технологиялар ұлт құндылықтарының орнын басуда. Сондықтан да рухани байлықтың негізі болып табылатын тілдегі этнографизмдер – ұлтты сақтаудың кепілі ретінде зерттеу өзектілігін айқындайды.

4 «...этнолингвистика о бастан-ақ екіұдай объектінің – этнос және оның тілінің – ортасынан туындаған ғылым саласы дедік. Демек, бұл этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау, «Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз» [1, 482].

Этнолингвистиканын негізгі зерттеу объектісі – этнолексика, кеңірек айтсақ, тұтас тіл әлемі. Лексиканын құрамына өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың кобі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистиканын үлесіне тисе, тілдік табиғаты мен даму заңдылықтарын этнолингвистика деректеріне сүйене отырып тарихи лексикология анықтайды. Бұларды өзара байланысы, міне осы арадан басталады. Бұл ретте академик Ә. Қайдар: «Қалай болғанда жағдайда да: этнолингвистиканың бүгінде өзінше түйген ой-тұжырымы, өзінше бағамдап, бағдарлауы, өзіне тән деп айта алатын ерекшеліктері жоқ емес» – дейді [1, 489].

Тілді этноспен зерттеу түркі тілдерінде де бар. «Мен Тәңірінің дәулет ұясын түріктер бұржысында жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке еге қылды; Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен оларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады. ... Өз дертін айту, уа түріктерге жақын болу, жағу үшін, оларға түрік тілінде сөйлеуден пайдалы жол қалмады» [2, 30]. А. Байтұрсынов та ұлт пен тіл мәселесіне аса ыждақаттылықпен қарауды ескертті: «... һәр жұрт баласын

әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызуүйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланнан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқыту тиіс» [3, 142].

Қ. Жұбанов тіл мен этнос: «Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты», – деген пікір айтады [4, 93].

Тіл мәселелерін мәдениетпен халық әдет-ғұрпымен, салт-санамен байланыстыра зерттеу ХХ ғасырдың 20- 70 жылдарында орын ала бастады. Тіл білімінде қалыптасқан екі түрлі бағыт бар. Бұлар алғаш рет Америка мен ГФР-да дүниеге келген.

Алғашқы этнолингвистикалық зерттеулер ретінде: Э. Сепирдің 1921 жылы шыққан «Тіл», 1929 жылы шыққан «Лингвистиканың жайы» [5], Б. Уорфтың «Тіл, ойлау және шындық» (1959) жинақтарын атауға болады.

Э. Сепир Америка үндістері тайпаларының тілдерін зерттесе, неміс линвисі Л. Вайсгербер «Неміс тілінің күші» туралы төрт томдық еңбек жазды.

Америка мектебі тіл мен мәдениетті негізгі проблема деп алса, Германия тіл мен халықты бірінші орынға қояды. Тіл функциясын, оның қоғамдағы даму рөлін асыра сөз етеді.

Тіл адам санасы мен объективтік шындық арасындағы бірыңғай қатынас тізбегіне ене отырып, өзі сол санадан, объективтік шындықтан туған туынды болып табылады. Сондықтан да тіл адам санасы арқылы көрінеді. Бұл сананы қалыптастыратын – қоршаған орта. Оған тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, шаруашылық пен рухани құндылықтар арқылы жасалатын таным кіреді.

Америка ғалымдарының еңбектерінде «этнолингвистика» терминінің орнына көбіне «антрополингвистика», «этносемантика» атаулары қолданылады.

Ресей ғалымдары тілдің тарихын, этнолингвистикалық атластарын жасап, тілдегі және халық мәдениетіндегі аумақтық және әлеуметтік диалектілерді т.б. зерттейді. Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қамалған сына жазулардан бастап, түрлі рухани құндылықтармен жетті. Бірақ бұлар этнос өмірінің бір елесі ғана, оның шын мәніндегі түсінігі мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-

сайманның, қару-жарақтың, киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-домалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл деректерімен жетеді. Жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін.

Мысалы өткен ғасырдың 80-ші жылдарындағы Ә. Қайдар [6], Р. Сыздық [7], М. М. Копыленко [8], Е. Жанпейісов [9], еңбектерінен бастау алған зерттеу бағыты Н. Уәлиұлы, Ж. Манкеева, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде нақты жалғасын тапты. Т. Жанұзақов, Г. Смағұлова, Б. Момынова, С. Сәтенова, А. Снасапова, А. Ислам т.б. сынды басқа да лексиколог, этнолингвист ғалымдардың зерттеулерінен де этностың рухани және материалдық мәдениетінен орасан зор мәлімет беретін деректерді молынан кездестіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр Т.1. – Алматы : Сардар, 2014, – 520 б.

2 Қашқари М. Түрік сөздігі // Аударған, алғысөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай Т.1. – Алматы : Хант, 1997, – 593 б.

3 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы – Алматы : Ана тілі, 1992, – 504 б.

4 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы : Ғылым, 1999, – 581 б.

5 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии – Москва, 1993 С. 465.

6 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: /Этнолингвистикалық сөздік / –Алматы : Сардар, 2013. Т.3: Табиғат. 2013. – 608 б.

7 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі – Алматы : Ғылым, 1968, – 334 б

8 Копыленко М. М. Основы этнолинвистики – Алматы : Наука, 1995 С. 180.

9 Жанпеисов Е. Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата : Наука, 1989. – 288 с.

ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

ЕРҒАЛИЕВА С. Ж.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕРҒАЛИЕВА Ә. Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қарым-қатынас – адамдардың іс-әрекеті үрдісіндегі өзара байланысу. Себебі қарым-қатынас ұжымдық сипатта болатын, сондай-ақ өзінің сыртқы формалары бойынша жеке адамның кез келген қызметінің қажетті шарты болып табылады. Қандай да болмасын қарым-қатынас қаратпа сөзді қолданудан басталады, өйткені қаратпа сөйлеу байланысының бастамасы болып есептеледі.

Н. И. Формановская адресат ретінде кез келген адам (танысың не бейтанысың, «туғаның») бола алады деп санайды. Осыған байланысты «қаратпа сөздерді екі үлкен топқа бөлуге болатынын айтады: таныс және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау, өйткені қаратпа негізіне түрлі зат есімдер пайдаланылады: таныстар мен жақындар үшін көптеген жалқы есімдер, туыстық атаулар, лақап есімдер және т.б.; бейтаныс адамдар үшін мүлдем басқа номинациялар» қолданылады [1, 15 б.].

Г. М. Әлімжанова «Салғастырмалы лингвомәдениеттану» атты зерттеуінде қаратпа сөздерді төмендегіше жіктейді:

1 Туыстық қатынасты білдіретін қаратпалар.

2 Эмоционалды-бағалаушы қаратпа сөздер.

3 Түрлі белгілерге (жас ерекшелігіне, қызметтік орнына (әлеуметтік дәрежесіне), түрлі сөйлеу қатысымындағы коммуникативтік жағдайлардағы негізгі қызметіне және т.б.) қарай білдірілетін қаратпалар.

4 Ұлттық ерекшелікті көрсететін қаратпа сөздер [2]. Ендеше, осы негізге салып қаратпа сөз түрлерін талдалық.

Туыстық қатынас – әлеуметтік, тарихи-этностық ұғым. Қазақ халқында қандық, туыстық, жақындық, іліктік қатынас айрықша дамыған және заңдылықтары да қатаң сақталуда. Оны елдің тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, дүниетанымынан көруге болады. Сондықтан аталған қаратпа сөздер күнделікті өмірде жиі ұшырасады. Туыстық қатынасты білдіретін қаратпа сөздер, негізінен, үш жұрт, яғни күншіл келетін *өз жұртың,* сыншыл келетін *нағашы жұрт,* міншіл келетін *қайын жұрт* төңірегінде өрбиді. Оларға мына сөздер жатады: *ата, әже, ақсақал, әке, шеше, ене, бала, ұл, қыз, іні, қарындас, сіңлі, нағашы, жезде, жеңге, ага, апа, келін, балдыз, жиен, бөле, құда, құдаги, бажа, абысын, қайны* т.б. Мысалы: *Сылтауратқаны болмаса, қымызсырап келмеген Омар екі жастың жарасқан әзілдерін біржолата бөліп жібергісі келіп:*

– ***Жиен,*** *атыңды ерттеп, ауылға қайтқалы жатырмысың? – деді* [3, 361 б.].

Немесе, Әуелі азырақ абыржып қалғанын тез жуғысы келіп:

– ***Шеше,*** *денің сау ма?.. Күйлі-қуаттымысың? – деп, пешке жабыса, көзін әрең ашып-жұмып отырған кемпірдің алдына өзі тұрып келіп қолын алды* [3, 288 б.].

– ***Қызым,*** *сен кітапшалауды қойып, осы жұрттың әр күніне бір қорғаныш керек болып қалғанын ұмытпасаң екен, – деді Шило қарт* [3, 291 б.].

Эмоционалды-бағалаушы қаратпа сөздерді іштей аспан шырақтарын білдіретін қаратпалар, жануарлардың төлдері атауларымен берілетін қаратпалар, адамға қатысты қаратпалар деп жіктеуге болады. Негізінен аталған қаратпаларға *-жан, -ам, -ім, -ай, -ем, -ым* көрсеткіштері жалғанып жасалады. Қазақ халқы тілдесуде сыпайы форманы қолданады. Адресатқа жүгінудің бұл түрі сенімді қарым-қатынасты көрсетеді, коммуниканттардың қатынасына қолайлы мән береді.

Аспан шырақтарын білдіретін қаратпа сөздер қазақ тілінде бейтаныс және таныс адресаттарға жүгінуде пайдаланылады. Бұл қаратпа сөздерді үлкендер, ересек адамдар жасы кіші қатынасы бойынша балаларға, сондай-ақ сыпайылық қарым-қатынас қызметінде қолданады. Аталған қаратпа сөздердің мәні мен маңызы біреу-ақ – адресатқа ерекше, жантүршігерлік, жылы, құрметпен орналасуын көрсету.

Қазақ халқында аспан шырақтарын білдіретін қаратпа сөздерге *шырағым, күнім, айым, сәулем (сәулешім), жұлдызым, жарқыным, жарығым* т.б. жатады: – *Не айтайын,* ***шырағым,*** *не айтайын... – дегеннен басқа Күңше де еш нәрсе айта алмады. Уәдеміз – уәде. Құдайдың бұйрығы шығар деу ана сорлыға да қиын еді. Тағы да бір еңкейіп, бір шалқайып жөнеле берген Жабайға қарай да алған жоқ... Ол да қарамаса да көріп отырғандай еді...* [3, 180 б.].

– *Шыда,* ***шырағым,*** *шыда... – деді, қасында отырған Күңше. – Ұшығым жеңіл болушы еді, қайдан білейін, байғұс бала... Шыдайсың да... – деп, үмітсіз күрсініп, Жабайдың күпшектей болып ісіп кеткен оң тізесіне қарады* [3, 50 б.].

Байқағанымыздай, шырағым қаратпасы қазақтардың сөйлеу этикетінде жылылық, өзіне жақын тарту мәнінде қолданылған.

Жануарлардың төлдері атауларымен берілетін қаратпа сөздерге мыналар жатады: *құлыным (құлыншағым), ботам (ботақаным), елігім, күшігім, қаргам, балапаным, қошақаным* т.б. Мысалы: – *Әй,* ***сен күшік,*** *қатыным қалып барады деп қайғырып жатқан шығарсың! – деді Бұланбай Алшағырға. – Одан қорықсаң, екеу-ара болсын, ала жүр...* [3, 149 б.].

– О, ***күшік,*** *өсіп кетіпсің гой! – деді Бұланбай, арқасына жабысып жүрген баласын бір қолымен ғана құшақтай тартып, алдына шығарып ала беріп* [3, 283 б.].

Аңғарғанымыздай, аталған қаратпалар, ең алдымен, ересек адамдардың балаларға білдірген қарым-қатынасында қолданылады және жануарлар төлдерінің, яғни құстар, аңдар және т.б. атауларды кең және түрліше пайдаланылады.

Эмоционалды-бағалаушы қаратпа сөздерді адамның дене мүшелеріне, діни наным-сенімдерге, бағалы металдарға т.б. қатысты деп шартты түрде жіктеуге болады. Оларға мынадай сөздерді жатқызуға болады: *қарағым, қарашығым, жаным, бауырым, жүрегім, жалғызым, қалқаным (қалқашым), пірім, айналайын, алтыным, гүлім, қуанышым, сұлуым, сымбаттым, сүйіктім, еркем, базарым, думаным, қуатым, асылым, аққуым, бүлбүлым, сұңқарым* т.б. Мысалы: – ***Қарағым-ау,*** *ауырлап қалыпсың гой. Ит-күшікті күнде еститін Байжанның жаны темірден жаралыпты деп жүр ме ең? Құдай естіртіп қойғасын, естимін. Мен де бір кезде өзіңдей өрен жас едім. Бір елі ауызға екі елі қақпақ қоя алмай, жынды атандым. Не айтайын, шырағым, өлмесіңді ерте ойлан деймін. Жылы-жұмсақ бұл елдің тамағынан оңай өтеді. Сол жылы-жұмсақ сен болып жүрме... – деп, Байжан Сейітке едәуір нәрсені аңғартты* [3, 24 б.].

– Е, бәрекелді, ***жаным.*** *Қонақ болып отырмаспыз. Бар-жоғыңды бірге көріп, барымызды бөлісе отырармыз... Кәне, не шаруаң бар еді, бірге жайғастыралық, – деп баласын ертіп Байжан да далаға шықты* [3, 125 б.].

Жаз бойы түк таба алмай қысылып жүрген Берден аңшы, әрбір ісі оңалмай жүрген адамның байырғы әдетінше, Ушаковты сөзбен қарық қып тастағысы келіп, өзгелерден бұрын сөйлеп кетті:

– ***Бауырым*** *Ошаков, биыл құдай берейін деп тұр саған. Біржола үйе салмаса қайтесін!.. Суыр дегеніңіз қаптап кетіпті. Адам аяғын салмаған жерден он бес ұя ордалы суыр апан қазып жатқанын көріп келдім...* [3, 63 б.].

Аталған қаратпа сөздер өте жақын адамдарға, балаларға қатысты, өзінің махаббатын, адамға деген жылы көзқарасын,

өз сезімін білдіру үшін пайдаланылады. Сонымен қатар қазақ халқында жағымсыз түсініктерге, ұғымдарға тәуелдік жалғауын жалғау арқылы жылы сезімін, махаббатын білдіру де ұшырасады. Ол ересектердің балаларын еркелетуде *ақымағым, перім (жыным), дүлейім, бұзығым, тентегім, жаманым* т.б. сынды қаратпа сөздерді қолданудан көрінеді. Мысалы: – *Перім-ау, арқаңа асылып тұрған Нартайыңа қарасайшы... – деді Күнзила Бұланбайдан босанып Алшағырға қарай бұрыла беріп* [3, 282-283 б.].

Таңертең тағы жолға шықтық. Қанды асудан ары асып түскенде, Тәңіртаудың шыңдары күнге шағылысып жарқ етті де, айбындатып, айдындатып Жуалы деген жер жәннаты құшағын ашты.

– Өй, ***тентек,*** *сен қайда кетіп қалдың? – деді Жуалы.*

– Осы жерде өстің сен, Мыңбұлақ суын іштің сен! Алысқа ұзап, адасып кетіп жүрме, – деді Жуалы [4, 251 б.].

Қазақ халқында балағаттау, жек көру, ажуалау, мысқылдау мәнінде де қаратпа сөздер қолданылады: *боқмұрын, сүмелек, сақау, сайқал, мүсәпір, оңбаған, нақұрыс, қызталақ, батырсымақ, шешенсымақ, қақбас, жексұрын* т.б. Мысалы: *Жақаш әуелі:*

– Ей, ***болбыраған боқмұрын,*** *қараптан қарап отырып өліп қала жаздағаның не-ей?! – деп әбден жерден алып, жерге салды* [4, 87 б.].

– Әй, ***оңбаған,*** *мен тағы бір жүзге дейін жата берер едім, Батырханға бола ерте шықтым, – деп, бала отырған жаққа қараймын. Бала шоқиып отыр* [4, 19 б.].

Командиріміз Қайрақбай егін басына барған соң, балаларды қаз-қатар тізіп қойып:

– Ал, ***батырым,*** *алға! Фашистердің басын қырқыңдар! – деп бұйрық береді* [4, 77 б.].

Майбасар мен Тәкежан Дәркембайдың екі жағынан алқына сыбырлап:

– Өшір уніңді, ***қақбас!*** *– деп, сол арада бүріп, түтіп жібергендей болып еді.*

Осы сәтте Абай жонын жұртқа беріп отыра берді де, Майбасар мен Тәкежан Дәркембайдың жағасына жабысып отырған қолдарын қатты жұлып-жұлып алып, серпіп жіберді [5, 15 б.].

Жас ерекшелігіне, қызметтік орнына (әлеуметтік дәрежесіне) т.б. қарай білдірілетін қаратпаларды таныс және бейтаныс адамға байланысты сөздер деп шартты түрде жіктеуге болады. Таныс адамға қаратыла қолданылатын сөздер іштей былай сараланады:

жақындарға, таныстарға аты бойынша білдірілетін қаратпа сөздер: *Қарлығаш, Инабат, Нұрасыл, Ерасыл* және т.б.; «Аты – әкесінің аты» сынды қаратпа сөздердің қолданылуы орыс тілінің ықпалымен жүзеге асырылады: *Бөкенбай Төкенұлы, Ләззат Назымбекқызы* және т.б.; тегі бойынша оқытушылардың оқушыларға, студенттерге ресми түрде аты-жөні бойынша білдірілетін қаратпа сөздер: *Рысқұлов, Жабагина;* оқушылардың мұғалімге, ұстазына қаратыла айтылатын сөздер: *агай, апай, мұғалім* т.б.

Бейтаныс немесе аз да болсын таныс әңгімелесушіге жүгінгенде *ақсақал, ата, апа, тәте, ага, бауырым, інім (інішек), балам, ұлым, қызым* т.б. сынды қаратпа сөздер пайдаланылады. Мысалы: *Отырдық. Хал-жай сұрастық. Бір кездегі қап-қара сақал-шашына ақ кіріп, бурыл тартыпты. Қайта-қайта: «Айналайын,* ***інішек****», – дей береді. Шай ішіп болған соң, шаруасын айтты.*

– ***Інішек,*** *баягы екеуіміз Кәлінінге жазған хат есіңде ме? – деді* [4, 159 б.].

Қазақ халқында ұлттық ерекшелікті көрсететін қаратпалар -еке жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Асеке* (Асқар), *Секе* (Серік, Сейфитден), *Есеке* (Есен, Есенгелді). Ол сұхбаттасушыға деген құрметті, қызметтік жағдайдағы айырмашылықты және/ немесе сұхбаттасушыға деген ерекше ілтипатты және/ немесе халық арасында танымалдылықты білдіріледі. Мысалы: *Көліктеріміз едәуір тыңайып қалыпты. Тағы да күнбатысты бетке алып, жортақтатып келеміз. Қожекемнің қас-қабағына қарасам, көңілі хош сияқты. Көмейіме келіп тіреліп тұрған бір сұрақты тәуекел деп қойып кеп қалдым:*

– ***Қожеке,*** *«Күйіктің» асуымен неге жүрмедік? – дедім. Қожекем бетіме бір қарады да:*

– «Күйік» асуын көрдің гой. Енді «Қанды» асуын да көр. Көрген жақсы, білген жақсы, балам... [4, 250 б.].

Абай да күле отырып, іле жауап қайтты:

– Рас-ау, оның, ***Базеке,*** *бәрі рас! «Кедейлігіне қарама, кісілігіне қара» десе, түгел Тобықтыдан сені атау дұрыс. Бірақ біз өнерді айтып отырмыз. Бір тайпа Тобықты деген елдің жігіті екеніңіз рас. Жігітіміз – сен бен біз, бірақ біз өнерлі жігітпіз бе? Сол өнерге келгенде сіз екеуіміз ел есінде қалар не көрсеттік, нендей үлгі шаштық? Қандай еңбек еттік ортамызға?! – деп, Абай қатты үнмен шыншыл жүзімен бір сұрақ қойды да, аз үндемей жағалай қарап шықты. Ешкім: «мен өнер көрсеттім», «еңбек еттім» дей алмайтын сияқты* [5, 64 б.].

Қысқасы, қандай да бір қаратпа сөз болмасын адамдарды қарым-қатынасқа, өзара байланысқа түсіретін тілдік бірлік болып табылады. Ол ұлттың өзіндік ерекшелігін, айналаға деген көзқарасын, дүниетанымын көрсетеді. Талдауға түскен қаратпалардың ішінде ең көп әрі жиі ұшырасатындарға туыстық қатынасты білдіретін қаратпа сөздер, эмоционалды-бағалаушы және ұлттық ерекшелікті көрсететін қаратпа сөздерді жатқызамыз. Бұл қазақ халқын басқа елдерден ажырататын басты белгі болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Формановская Н. И. Коммуникативно-прагматические аспекты единиц общения. – М. : Академия, 1998. – 468 с.

2 Алимжанова Г. М. Сопоставительная лингвокультурология: сущность, принципы, единицы: автореф. дис... докт. филол. наук. – Алматы, 2010. – 50 с.

3 Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Том 3. – Алматы, 1974. – 483 б.

4 Мұратаза Шерхан. Ай мен Айша: Роман. – Алматы : «Қазақстан», 2008. – 456 б.

5 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. Абай. – Алматы : Жазушы, 2004. – 432 б.

ҚАРАТПА СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

ЕРҒАЛИЕВА С. Ж.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕРҒАЛИЕВА Ә. Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамзат тіршілігінің ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына зер салу, сөз мағынасын халықтық таным тұңғиығынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаңашылдық үрдістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы универсалды, яғни барша жұртқа ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, өркениетті мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік мүмкіндігін арттыруға әсер етері хақ. Демек, бүгінгі тіл ғылымының атқарар қызметі де айрықша. Оны ұсынып отырған тілдегі танымдық тұжырымдар, ұғымдар мен бағыттар парадигмасы, сөзсіз дәйектей түседі. Таным негіздерін, оның өзге құбылыстармен байланысын

зерттейтін ғылымның өзі әртүрлі салаларға жіктелетіндіктен, аталмыш ұғымның аясы да ғылыми тұрғыдан әркелкі түсіндіріледі.

А. Байтұрсынұлы тіл болмысымен таным теориясын сабақтастырып, «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деп тұжырымдайды. Ғалым тіл мен таным бірлігі негізінде қалыптасқан адамдық құндылықтарды, қасиеттерді тіл болмысы арқылы түсіндіруге тырысты. Ол тіл арқылы бейнеленетін таным теориясы негізінде ұлттық қасиеттер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық мінез, мәдени құндылықтар туралы ақпараттан адамның ой-өрісі артатындығын нақты мысалдармен көрсетті. Таным – бұл адамның болмысты бейнелеу әрекетінің ерекше түрі [1].

Демек, адамның әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Тіл ғылымында адамзат тілін жалпы хабарды ұсынуға, оны бір күйден екінші күйге ауыстыруға мүмкіндік беретін қаратпа сөздер жүйесі, таным механизмі әрі құралы ретінде қарастыратын лингвистика саласы.

Тілдің негізгі қызметі – пікірді хабарлау. Үндеу, сөз жоқ, тілдің қосымша атқаратын қызметі. Үндеу осы пікірдің тыңдаушыға нәтижелі, анық жеткізілуі үшін жәрдемдеседі.

Тілдің үндеу қызметі ауызекі сөзде көбірек көрінеді. Ауызекі сөзді тыңдаушы тікелей естиді. Сондықтан сөйлеуші сөзі түсінікті, дәл жету үшін тыңдаушының назарын аударып алады.

Сөйлемнің мазмұны тек пікір білдірумен ғана тынбайды, сөйлем сөйлеушінің түрлі эмоциясын қосып атайды. Сондай-ақ сөйлемнің мазмұнына тыңдаушының назарын аудару, үндеу, яғни оған контакт жасау да кіреді. Осыған орай, К. Бюлер тіл үш түрлі қызмет атқарады деп көрсетеді: «пікірді хабарлау, эмоцияны білдіру және үндеу» [1].

Үндеу қызметін атқаратын сөздер сөйлем құрамында қаратпа сөздер мен тыңдаушының назарын аудару үшін қызмет ететін қыстырма сөздер (айтпақшы, немесе т.б.) ойға байланысты ассоциация тудыруға жұмсалады.

Қаратпа сөз – үндеу амалдарының бірі. Олар:

1 Жалқы есімдер: – ***Дәркембай!*** *Айтпасыңа болмаған шығар. Орайлы аразың болған соң қысылшаң жерде айтсаң да айыптай алмаймын. Мен қарыздармын әкем үшін. Қарғамай, сілемей қайта бер, жарқыным. Сөзің жетті маған. Етім түгіл сүйегімнен өтті. Бар, қазір жүре беріндер! – деді. Дәркембайды сүйеп тұрғызды да, Дәрменге қалтасынан жүз сом шығарып беріп, ол екеуін жөнелтіп салды (М.Ә.).*

2 Туыстық қатынасты білдіретін сөздер: – *Айша,* ***келін қарағым,*** *жағдай ошондай болып тұрат, – деп күрсінді Қырғыз ата.*

– Е, ***жезде,*** *бір құдай өзі жар болсын. Аруақ қолдаса, тірі жүрген шығар, – деп жұбатқан болды Айша* (Ш.М.).

3 Кісілерді жас, жыныс, әлеуметтік ерекшелігіне қарай атайтын қаратпалар: *Командиріміз Қайрақбай егін басына барған соң, балаларды қаз-қатар тізіп қойып:*

– Ал, ***батырым,*** *алға! Фашистердің басын қырқыңдар! – деп бұйрық береді* (Ш.М.).

4 Лақап атты білдіретін сөздер: – *Уа, өркенің өссін,* ***әншібегім!*** *Біздің көңілімізді көтерсең, сенің көңілінді құдай көтерсін!.. – деп, тіссіз иегін шошаңдата сөйлейді. Қотан ортасында бұны жақтырмай, қыжырта мазақтап Қалиқа тұр.*

– Е-е, кәрі желөкпе, сен қалма! Саған айтып жатыр гой, адыра қалғыр! Өл де маған, о несі!.. – дейді. (М.Ә.)

5 Қаратпа сөз ретінде тілек істі білдіретін зат есім, сын есім сөздер, эмоцияны білдіретін басқа да сөздер жұмсалады: *Есік жақтағы баганағы Иіс кемпірден бастап, барлық қартаң әйелдер:*

– Айналайын келінжан, өркенің өссін!

– Құдай көңіліңді өсірсін...

– Осы әніңмен, осы сәніңмен өт жалғаннан!.. – десті. Соңғы алғысты Иіс айтып еді. Абай елең етіп, Иіске қарады да:

– Апырмай, мына Иіс шешем алғысы қандай жақсы еді! Әмин деші, Әйгерім, осыған! – деді. (М.Ә.)

6 Одағай сөздер: *Әбуйір болғанда, Жақаш көріп қалып, айқай салып, екі тарғыл өгізді әрең тоқтатып, мені екі тістің арасына кептеліп қалған жерімнен шығарып алды. Аузы-мұрнына қара топырақ тығылып, енді болмаса тұншығып өлетін екенмін.*

Жақаш әуелі:

– Ей, болбыраған боқмұрын, *қараптан қарап отырып өліп қала жаздағаның не-ей?! – деп әбден жерден алып, жерге салды* (М.Ә.).

Қаратпа сөз сөйлемнің коммуникативтік талабына сай түрліше мағыналық өң алады, сонысына сай лексикалық, грамматикалық, интонациялық түрге енеді. Ол бірде сөзді қатал, суық, сұсты етіп көрсетуге, бірде сыпайылықты білдіру үшін қызмет етеді. Мұндайда ол өзіне түрлі демеулік сөздерді үстейді.

Кісі атын білдіретін жалқы есімдер тәуелденіп, қаратпа сөз ретінде жұмсалғанда, сөйлеушінің үстем, өктем, кекетіп сөйлеуін білдіреді. *«Жарайсың,* ***Бәйімбетім****» деді де, Байболат ұмтылып барып оны арқаға қақты* (С.О.).

Қаратпа сөздер сөйлем құрамында негізгі қызметімен қатар актуализация үшін де жұмсалады. Қаратпа сөздің орны көп жағдайда сөйлемнің ой екпінін түсіретін мүшесінің жанында тұрып актуализациаланады.

Қосымша қызмет жүктелуіне байланысты бір сөйлемде бір емес, екі қаратпа сөздер қоса енгізіледі: – *Елдің баласы аман-есен. Қайнага-ау, құдай бізді қай жағымыздан қаргады. Бұл қағынғыр Барсхан тумай жатып әкесін жалмады. Көп баланың ішінен не пәлеге осы ұрынады. Не жаздық?! – деп аһылайды.*

– *Қой,* ***қарағым келін.*** *Олай деме, – дейді құлағы тосаң Әбіш даусын әндете созып, – әкесін адамдар жалмады. Баланың жазығы не...*

Сөйтіп жараларыма киіз күйдіріп басты. Қоңсыраган еттің күйік иісі қолқаны атты. Әбіш ата мені тірідей пісіріп жатты.

– *Өй, айналайын, Мұртаза інімнің тұяғы. Батыр гой, жылаган жоқ-ей, қың демеді гой, ой азамат! – деп қояды* (Ш.М.). Мұндайда қаратпа сөздің біріншісі үндеу үшін қызмет етсе, екіншісі актуализация міндетін атқару үшін енгізіледі.

Қаратпа сөздің жұмсалуы кейде үндеу қызметінен гөрі, поэтикалық әсер туғызуға байланысты болады: *Куә бол, айым, куә бол,* ***Алатауым!*** Үндеу үшін сөйлем құрамында немене, қалай, қане, ал деген сөздер қыстырма ретінде кірігіп қызмет атқарады. Бұл сөздердің жұмсалу ерекшелігі бар. Немене, қалай сұраулы сөйлем құрамында жұмсалады. Қане үндеу амалы ретінде бұйрық мағыналы сөйлемдердің құрамында жұмсалады: ***Қане,*** *алатын болсаң, тез ал, әйтпесе қазір қалага жүретін кісілер бар, содан беріп жіберемін* (Б.М.) [2].

Қаратпа сөз қатынастың өрбуіне, жылылық деңгейіне әсер етеді. Сондықтан қаратпа сөзді әңгіме үстінде орайлы етіп қайталап отыру ұтымды болады. Сыйласымдылыққа *(мырза, ханым, ага, бауырым* және т.б.), еркелетуге қатысты перифраздар мен эпитеттерді (*қарағым, шырағым, айналайын* және т.б.) модальдық диалогтерде қолданған жарасымды [3].

Қаратпа сөздер танымдық, коммуникативті-прагматикалық тәсілмен қатар, практикалық маңыздылығы белгілі бір сөйлеу жағдайларында жасалады және олардың интерпретациясы контексті түрде анықталады. Сондықтан қаратпа сөздер танымдық сипатта, лингвопрагматика тұрғысынан қарастырылуда. Қаратпа сөздердің танымдық сипатын прагматикалық талдау, коммуникация жағдайында дұрыс таңдау мен қолдануды реттейтін ішкі заңдылықтарды анықтау, оларды тілдің сыртқы белгілері ретінде емес, қарым-қатынастың

ажырамас қасиеттері ретінде қарастыра отырып, қарым-қатынас жағдайларын әлі де зерттеулер жүргізу керек [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақпарат көздері: Мұхаметқалиева «Танымдық әрекетпенқұзіреттіліктің тіл үйретудегі рөлі». \\ Қазақ тілінің лексикология, лексикография, фолклортану мен көркем аударма мәселелері; қалыптасуы, дамуы мен болашағы атты конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2010 ж. – 46-53 б.

2 Бүркіт О., Ержанова Ұ., Өмірзақов Б. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымы: морфология және синтаксис: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал : М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2012. – 299 б.

3 Интернет ресурстары: Ермекбаева А. Ш. дисертация http://kazmkpu.kz/wp-content/uploads/2018/07/..pdf, 207 б.

4 Баракова М. Г. Лингвистическая природа и прагмакогнитивные функции обращения. –М., 2005. –182 б.

ШӘКӘРІМНІҢ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ДӘСТҮР

ЕШІМҚҰЛОВ Ж. М.
магистрант, С. Торайгырова атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мұсылмандық Шығыс әдебиетінің әсері арқылы ортағасырларда қазіргі қазақ жеріндегі түркі тайпаларының әдебиетіне нәзира дәстүрі енді. Нәзира дәстүрі (нәзирагөйлік дәстүр деп те атайды) Шығыс поэзиясы мен түркі әдебиетінің, одан беріде қазақ әдебиетінің арасындағы рухани байланысты жалғаған көпір іспетті болды.

Нәзира – Шығыс халықтары әдебиетіне тән жанр, өзіндік үрдіс түрінде қалыпатсқан дәстүр. Нәзираның ғылыми анықтамасы келесідей: Нәзира – қайта жырлау. Алайда ол түпнұсқаны тәржімалау да, қайталау да емес. Нәзира дәстүрі төлтума туындыларды дүниеге әкеледі. Нәзира үрдісі сан ғасырларға созылып келе жатқан көркемдік салт, әдеби дәстүр. Нәзира, жоғарыда айтқанымыздай, бастауын Шығыс поэзиясынан, яғни араб-парсы әдебиетінен алады. Нәзира сөзінің төркіні араб сөзі. «Жауап» деген мағына береді. Парсы тілінде – татаббу [1, 351 б.]. Түркі халықтарының әдебиетіне нәзира дәстүрі мұсылмандық мәдениетпен бірге енді. Бірте-бірте бұл дәстүр түркілік әдебиеттің де төл дәстүріне айналды. Түркілік

ақын-жазушылар нәзира дәстүрінде шығарма жазудың шынайы шебер үлгісін танытты.

Түркілік әдебиетте нәзира дәстүріменен, ең әуелі, қисса жазу, хикая-дастан шығару үрдістері жүзеге асты. Қисса – араб тілінде ертегі, әңгіме, мысал деген сөз. Түркі тілдес халықтарда қисса сөзіне әр түрлі мағыналар берілед. Алайда олрадың негізгі төркіні бір. Шығыстық сюжетке құрылған көлемді шығарма дегенді білдіреді. [2, б. 219-220]. Ортағасырлық түркі әдебиетінде жазылған қиссалардың бір дені – діни қиссалар. Ең көрнекті үлгісі – Бурхоннуддин Рабғузидың (XIV ғ). «Қисса-сүл-Әнбийя-и» шығармасы.

«Қисса-сүл-Әнбийя-и» - мазмұн желісі Құран мен Інжілден алынған, пайғамбарлар, періштелер, әулиелер мен сахабалар туралы барлығы 79 хикаядан тұратын көркем туынды [3]. Түркілік дәуірледе шығарылған осындай хикая-дастандардан «Сейфүлмәлік», «Бозжігіт», «Шәкір-Шәкірат», «Мұңлық-Зарлық», «Таһир-Зұхра» сияқты дастандарды атауға болады. Бұл дастандар «Мың бір түн» сынды араб ертегілерін, үнді ертегісі «Тоты-нама», сондай-ақ Фирдоуси, Низами, Физулилер жырлаған дастандарды арқау еткен [1, 355-356 б.]. Бүгінде бұл дастандар түркі тілдес халықтардың барлығының да фольклорында кездеседі. Әр халық оларды өздерінің төл туындылары деп біледі. Мұның өзі осы дастандардың кезінде, ортағасырларда нәзира дәстүрі арқылы шығарылғанын туындылар екендігінің дәлелі.

Түркілік әдебиетте нәзира дәстүрімен шығарма жазудың екінші түрі – Шығыс шайырлары Рудаки, Фирдоуси, Сағди, Низами, Хафиз, Жәми сынды ақындардың әйгілі жыр-дастандарын қайта жырлап, нәзирагөйлік дәстүрмен жаңа шығармалар тудыру.

Нәзира дәстүрінде қайта жырланған дастанның бірі – «Хұсрау – Шырын» (1341-1342 жылдары жазылған). Дастанды жазған – Сарай қаласының тумысы, көрнекті ақын Құтып. Ақын дастан арқауын парсы шайыры Низамидың «Хұсрау мен Шырын» атты поэмасынан алған. Адамгершілікке, әділдікке, ынсап-рахымға, адал махаббатқа үндейтін Құтып шығармасын зерттеуші ғалымдардың барлығы да (Бертельс, Нәжіп, Ибатов, Келімбетов, Қыраубаева,т.б.) туындыны Низамиден жасалған тәржіма емес, ақынның төл туындысы деп бағалайды [1, 291 б.].

Алтын Орда дәуірінде туған нәзирагөйлік дәстүрдің теңдессіз үлгілерінің бірі – XIV ғасырда өмір сүрген көрнекті лирик әрі эпик ақын Сайф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» атты туындысы. Парсы-тәжік әдебиетінің өкілі Сағди Ширазидың «Гүлістан» атты дастанын қыпшақ тілінде қайта жырлаудан туған көркем шығарма – әдептілік,

қанағат-ынсап, тілге сақ болу, сыпайылық, әділеттілік сияқты этикалық мәселелерді көтерген түркі поэзиясының классикалық шығармасы [1, 300 б.].

Өз шығармашылығында нәзира дәстүрін шебер пайдаланған ақын – Әлішер Науаи. Ол өзі өмір сүрген XV ғасырдың өмір шындығын көрсету үшін өзінен төрт ғасырдай бұрын өмір сүрген парсы шайыры Низамиге иек артып, оның әйгілі «Хамсасына» сүйене отырып, өз «Хамсасын» жазды [1, 373 б.].

Шығыс шайырлары көп жырлаған Ескендір жайлы дастанды өзінше қайта тудырды. Науаидың «Ескендір қорғанына» негіз болған хикаялар оған дейін Фирдоусидің («Шаһнама»), Низамидің («Ескендір-нама»), Хосрау Дехлевидің («Ескендір айнасы») жырлауында әйгілі болған еді. Кейіннен бұл хикая қазақтың бас ақыны Абай жырлаған «Ескендір» поэмасына арқау болып, қазақ сөз өнеріне теңдесі жоқ жыр жауһарын тарту еткені белгілі.

Науаи өзіне дейін сан мәрте жырланған Шығыстың ең бір көркем аңыздарының бірі – Ләйлі мен Мәжнүн жайлы дастанды жазды. Бұл дастанды қазақтың кемеңгер ақыны Шәкәрім де жырлаған болатын.

Ортағасырларда түркі халықтарының ортақ әдебиетінде көркемдік дәстүрге айналған нәзира үрдісі өз жалғасын қазақ әдебиетінен тапты. Зерттеуші Т. Қожакеев айтпақшы: «Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде кең жайлаған нәзирашылық дәстүрі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың арасындағы қазақ ақындарына әдеби мектеп болған.» [4, 34 б.]. Қазақ фольклорына «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зұһра», «Мұңлық-Зарлық», «Жүсіп – Зылиха», «Шәкір – Шәкірат», «Зиада – Шаһмұрат» сынды қисса-дастандар енді. Фирдоуси, Низами, Физули, Сағди, Хафиз, Жәми дастандарының сюжеттік желісі мен образдар жүйесін, идеясы мен композициялық құрылымын негізге ала отырып, қазақ оқырманының көркемдік танымына лайықты мүлдем жаңа, тың туындылар жазылды. Сөйтіп, Жүсіпбек Шайхисламұлының (1854-1936) «Сал-сал», «Заркұм», «Жүсіп-Злиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», «Дариға қыз», «Кербаланың шөлі», «Қасым-Жомарт», Ақылбек Сабалұлының (1880-1919) «Қисса Даңдан», «Хикмет-Ниғмет», «Қисса Ибраһим», «Қисса Ысмағұл», «Қырық уәзір», «Ғабділмәлік пен Мәлике қыз», «Садуақас», «Алтын балық», «Таһир-Зуһра», «Саудагер», «Сұлу жігіт», «Ахтам-Сахаба», Қашафутдин Шаһмарданұлының (1840-1910) «Қисса-и Жәмшид», «Қисса Бәдр», «Абулхарис», «Дұхтар Гүлөнда», «Халуа Фұрыш», «Хатымтай-Жомарт», «Қисса-и үхүд», Ақыт Үлімжіұлының «Әбият ғакдия», «Ахуал қиямат», «Қисса-и

Жаһаншаһ Тамүзша» дастандары, Шаһнығмет Шаһсейітұлының «Хүршаһа қыз», Шәді Жәңгірұлының (1865-1916) «Төрт дәруіш», «Орқа – Күлше» қиссалары, Әріп Тәнірбергенұлының (1856-1924), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1857-1931), Әсет Найманбайұлының (1867-1922), Мәулікей Жұмашұлы, Ораз молла, Мұсабек Байзақов (1849-1932), Кете Жүсіп Ешниязұлы (1871-1916), Мансұр Бегежанұлы (1875-1933), Мәделі қожа ақындардың шығармалары, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Рүстем – Дастаны», Шәкәрімнің «Ләйлі – Мәжнүні», т.б. көптеген төлтума дастандар мен өлеңдер қазақ сөз өнеріне жаңа мазмұн, жаңа пішін, стиль мен модель әкелді [5, 39-40 б.].

Шәкәрім ақынның нәзира дәстүрінде жазған басты шығармасы – «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасы. Поэманың нағыз нәзирагөйлік дәстүрдің үлгісі екендігін шығарма тұңғыш жарияланған кезде-ақ («Шолпан» журанлы, 1923жыл, № 2 саны) М. Әуезов айтқан болатын [6, 48 б.].

Ләйлі мен Мәжнүн туралы тұңғыш рет кең көлемді дастан жазған – Шығыс шайыры Низами («Хамсаның» бір тармағы ретінде. XII ғ.). Зерттеуші ғалым Ө. Күмісбаевтың пікірінше, Низамиден соң «Ләйлі – Мәжнүн» тақырыбында жүзден астам шығарма жазылған [7, 252 б.]. Олардың ең көрнекті лері – Хосрау Дехлевидің «Ләйлі – Мәжнүні» (XIII ғ.), Әбдірахман Жәмидің «Ләйлі – Мәжнүні» (XV ғ.), Әлішер Науаидің «Ләйлі – Мәжнүні» (XV ғ.), Мұхаммед Физулидің «Ләйлі – Мәжнүні» (XVI ғ.) және, әрине, Шәкәрімнің «Ләйлі – Мәжнүні» (XX ғ.).

Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы М. Әуезовтен бастап, көрнекті әдебиеттанушы ғалымдарымыздың ақын шығармашылығының жалпы сипаттарын қарастырған және де әдебиеттер байланысына арналған бірсыпыра еңбектерінде зерттелген [8].

Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүнге» арқау болған сюжетті Шығыстың ұлы шайырларының бірі Физулиден алған.

«Ләйлі-Мәжнүн» – нәзира дәстүрінің үздік көрінісі. Ш. Сәтбаеваның сөзімен айтқанда: «Ақының «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы дүние жүзі көркемдік қазынасының қазақ топырағында қайта жырлануының тамаша үлгісі.» [8, б. 32].

Поэманың мазмұнын еске түсірейік. Зарықтарып дүниеге келген Қайыс туғанына қырық күн толғанда қолды-аяққа тұрмай шырылдап жылайды. Жан баласының жұбатқанына көнбейді. Тек даяшы қыз серуенге көтеріп шығарғанда ғана бала болашақ ғашығымен - өзі сияқты сәби Ләйләмен кездесіп барып жылауын тоқтатады. Ләйлә да шырқырап жылағанын қояды. Кейін екеуі бір

кемпірдің тәрбиесінде өседі. Бірін-бірі көрмесе, тұра алмайтын күйге түседі. Екеуінің мұндай жағдайын сезіп қалған қыз шешесі балалар он үш жасқа толғанда Ләйләні мектепке жібермей қояды. Қайыс қайғыдан құса болып, жынданып кетеді. Мәжнүн атанады. Ел-жұрты жиналып, Ләйләнің ата-анасына Қайыстың жайын айтып барса да, қыздың әкесі «жындыға қызымды бермеймін» деп маңайлатпайды. Өзіне махаббаттың мәңгілік азабын тілеген Мәжнүннің бұдан кейінгі өмірі далада, аңдардың арасында өтеді. Ләйлә да махаббаттың уын жұтып, сезімінің жалынына шарпылған күйде күн кешеді. Өз мұңын тек шамды айнала ұшқан көбелекке ғана шаға алады. Қыз әкесі Ләйләні күйеуге береді. Бірақ Ләйлә Қайысқа деген пәк адалдығын сақтауды серт етеді. Ләйләнің күйеуі Ебнсалам қыздың бұл адалдығына қиянат жасамауға ант етіп, өзін Ләйлә махаббатының жолында құрбан етеді. Ебнсалам дүние салған соң, Ләйлә мен Қайыс кездесіп қалады. Қайыстың жынды күйде өзін танымағанына Ләйлә қатты қайғырып, ақыры жан тәсілім қылады.

Сөйтіп, Ләйлә ғашықтық дертіне өртеніп дүниеден өтеді. Оның артынан қыз қабірін құшып зарланған Мәжнүн де о дүниелік болады. Құдіреттің күшімен қабір топырағы қақ жарылып, жігітті де суық бауырына алады. Сөйтіп, тіршілікте бас қоса алмаған махаббат мұңлықтары тар қабірде жолығысады.

Шәкәрім шығармасын Физули туындысымен салыстыра қарастырған ғалымдардың (Н. Келімбетов, Б. Әбдіғазиұлы) зерттеулерін басшылыққа ала отырып, екі туындының негізгі айырмашылықтарын былайша саралауға болады:

1 Шәкәрім поэмасында кіріспе жоқ.

2 Авторлық монолог кездейспейді.

3 Жұмақты жырлайтын тарауы жоқ.

4 Шәкәрімде Ләйлә мен Мәжнүннің екеуінің махаббат хикаясы екеуінің қырық күндік шағында, шырылдап жылап жүріп. өзара кездейсоқ жолығысқан сәтінен басталады. Ал Физули нұсқасында бұл кездесу кейінірек, екі бала мектеп табалдырығын аттаған шақта болады. Шәкәрім қолданған сюжеттік шешім өте әсерлі шыққан.

5 Шәкәрім шығармасында қазақи ұғым-түсінікке, салт-санаға сай ұтымды қолданылған ұлттық детальдар ұшырасады.

Мәселен, Шәкәрімде Қайыс пен Ләйлә бір ананың сүтін еміп өспейді. Қайысты тәрбиесіне алған кемпір оны емізіп бақса да, Ләйләні емізе алмайды. Бұлай болуын Құдірет күші қалайды. Өйткені ұлттық түсінікте бір ананың сүтін емген балалар бір шеше, бір әкеден тумаса да, ағайындас болып есептелінеді, олар біріне-бірі ғашық

бола алмайды. Поэмада Қайыстың ата-анасы оны тәрбиелеп өсірген кейуана кемпірге сүтақы береді. Бұл да ұлттық салт-сана ұғымы.

Ләйлә мен Мәжнүнге махаббат жолындағы алғашқы кедергі екеуінің қатар жүруіне тыйым салынуы болса, Шәкәрім сюжеттік тартыстың осы тұсын жай қайталай салмайды, оны жаңаша көркемдік тәсілдермен толықтырып, жаңғырта жырлайды. Ақын қыз анасын сөйлетеді:

«Он үшке жаңа келдің, балам, - деді,
Сөзім бар айтатұғын саған - деді.
Біреуге жас басыннан болдың ғашық,
Анықтап айтты біреу маған» - деді [9, б. 356].

Анасының қызына қаратып айтқан сөздері қазақтың «қызға қырық үйден тыйым» деген ұғым-түсінігіне сай келеді. Ләйләнің өз образын сомдауда да ақын оның сөйлеген сөзіне, қылған амал-әрекеттеріне ұлттық әдеп түсінігіне сәйкес ибалылық, тазалық, адалдық қасиеттерін дарыта бейнелейді. Ал Шәкәрімнің Қайыс – Мәжнүн бейнесін сомдауы шығарманың идеялық нысанына жауап береді. Мұнда да ақынның өз айтпағы бар.

Асық болып ұмтылған махабатына қолы жетпеген Қайыс табиғат ананың бауырына барып тығылады. Табиғат - бүкіл тіршілік атаулының анасы, алтын бесігі. Табиғат – тазалық, табиғат пәк. Қайыс сынды пәк сезімнің иесі, жаны таза, ары адал перзенті мұрат еткен мақсатына жете алмай, пұшайман болған, қайғы кешкен шағында табиғат-анасынан пана іздейді. Бұл адам баласының өз стихиясына қайтып оралуы, күнадан тазаруы іспетті. «Ақынның тағдыры да кей сәтте Мәжнүндікіне ұқсап кеткендей болады, - деп Б. Әбдіғазиұлы дұрыс теңестіреді: Екеуінің бар ғұмыры адалдық, әділет, шындық іздеумен, рухани бостандыққа, ой-сезім еркіндігіне ұмтылумен өтеді. Ойланған, қиналған сәттерде туған табиғатының кең де мейірімді қолтығын сағалау, далаға, Шақпақтағы саятқораға оралу, ел ішінен алшақтау арқылы жан толғанысына таяныш іздеу психологиясы Шәкәрімнің басында да болды.» [10, б. 193].

Бұл жерде назар аударатын бір жайт – Шәкәрімнің «бес асыл іс» ұғымы. Жалпы, адамшылдық, имандылық, мораль ұғымдарын «ғашық болатын» бес рухани құндылық аясында қарастыру үрдісі де – сонау түркілік заманнан келе жатқан дәстүр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана : Фолиант, 2004. – 480 б.

2 Күмісбаев Ө. Қисса // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Семей-Новосибирск : «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.

3 Рабғұзи. Қисса-сұл-Әнбийя-и. Адам Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін (Татар тілінен аударған Р. Мұқанова). – Алматы : «Арда», 2006. – 224 б.

4 Қожакеев Т. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы, 1993.

5 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастандардың төркіні мен қалыптасуы: автореферат доктора филологических наук. – Алматы, 1997. – 55 б.

6 Келімбетов Н. Шәкәрім және қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрі // Абай, 2005 (№ 4). Б. 47-51.

7 Күмісбаев Ө. Нәзира. // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Семей-Новосибирск : «Талер-Пресс», 2006. – 398 б.

8 Сәтбаева Ш.Қ. Шәкәрім Құдайбердиев. – Алматы : Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990. – 52 б.

9 Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары : өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.

10 Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім: Дәстүр және көркемдік : Монография. – Семей : «Үш биік», 2007. – 225 б.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ЖАКИЯНОВА Г. К.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 17 ЖОББМ, Павлодар қ.

Заманауи технологияларға негізделген білім берудің жаңа әдіс- тәсілдерін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдалану оқушының қабілетті маман, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді бойына жинаған өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыруда мәні зор. Бұл технология өскелең ұрпақты оқыту мен дамыту сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді .

Ақпараттық коммуникативтік технологиялар кең қолданыс тапқан кезеңде оқыту үдерісіне белсенді енгізу заман қажеттілігінен туындап отырған заңды талаптардың біріне айналды. Айталық, ғаламтор қорлары мұғалімге ғана емес оқушыларғада мол мүмкіндік береді. АКТ мен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімгерлердің танымдық және коммуникативтік қызығушылығын арттырады, тіл мен әдебиет материалдарын өз бетімен түсініп меңгерулеріне септігін тигізеді.

Кез - келген пәнді оқытуда ұстаздарға қойылатын басты талап - жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиалық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың ақпараттық коммуникативтік технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады, сонымен бірге білім беру ісінде Ақпараттық коммуникативтік технологиялар құралдары: интерактивті тақта, мультимедия, ғаламтор кеңістігі, электронды оқулықты қолдану болып табылады.

Ал оқушылар интербелсенді тақтаға назар аудара отырып, өткізіліп отырған сабақтарын ұтымды түсінуге мүмкіндік алады. АКТ – топтағы оқушылардың оқыту үшін құнды құрал. Бұл жаңа материалды өте қызықты түсіндіруге көмектеседі. Жаңа технология жәрдемімен үлкен жетістіктерге жетуге болады.

Акт- ны сабақтың барлық кездерінде: түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, бақылауда қолдану білім сапасын арттыра түсетіні тәжірибеде дәлелденуде. Мәселен, жаңа сабақ тақырыбын түсіндіргенде түрлі оқыту бағдарламаларымен қатар оқушылардың өз бетімен орындаған материалдарын қатыстырамыз. Осы кезеңде АКТ-ны қолдану барысында білім алушының психологиялық және жас ерекшелігі ескеріліп, олардың әрбірінің өзіндік қабылдауының жетекші арнасына сай (аудиал, киестет, визуал) тапсырманың қолайлы түрін таңдауға мүмкіндік беріледі. Бекіту және қайталау кезеңдерінде бақылау жүргізуге компьютерлік тестілер ыңғайлы. Өйткені қағазға басылған тестіден ғөрі,мониторға шығатын тестілерді орындау білім алушыға қолайлы әрі қызығырақ.

Берілген білімді тест арқылы бағалау- бақылау мұғалім-оқушының да уақытын үнемдейді, білім алушының өзін –өзі бағалауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ тестілік бақылау нәтижені әділ, тура (объективті) бағалауымен ерекшеленеді. Әр білімгер өз шамасына қарай жұмыс істеп, бағасын бірдей алады. Жауабын көруге, жіберілген қателерінің сангын білуге мүмкіндік алады. Материалды қаншалықты терең меңгеріп анықтайды.

Жалпы, еліміз бойынша қолға алынып жатқан қазіргі бағдарлы білім ұстанымдары оқытудың жаңа жолдары мен әдіс-тәсілдерін, сан алуан амалдарын талап етеді. Мәселен, жобалау іс- әрекеті электронды және дәстүрлі оқу материалдарын үйлесімді ұштастыруға мүмкіндік береді.

Акт-да оқушылар ғаламтор желісін пайдаланып жұмыс істеп, дереккөздерді зерделейді. АКТ нәтижені көрнекі беруге, нақты бір мәселені талқылауға басқаларды да тартуға мүмкіндік береді.

Ғаламтор желісін пайдалану оқушылардың алынған ақпаратты жинақтауға,талдауға, көрсете білуге машықтандырып, белгілі бір шығармашылық (жазушылық,ақындық,зерттеушілік, т.б.) дағдының қалыптасуына негіз қалайды. Оқу, білім алу тиімділігінің жаңа түрі қалыптасады, яғни, қысқа мерзімде көлемді материалды меңгеруге үйретеді. Жобаның қорытындысында ғылыми-практикалық конференция, пікірсайыс, компьютерлік көрсетілім (презентация) ұйымдастырып өткізуге болады.

Мысалы: ақын-жазушылардың шығармашыл тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерделеу сабағына Pover Point бағдарламасының көмегімен көрсетілім жасаған жағдайда, сабақ психологиялық тұрғыдан жеңіл өтеді, себебі компьютерлік көрнекілік жетімді де жедел (эмоционалды-экспрессивті) қабылдауға оң әсерін тигізеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- тақырыпты оқып үйретеді;
- дұрыс сөйлеуге;
- ережелерді сызбалар арқылы түсіндіріп,оқушылардың есінде сақтау көмектеседі.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

- ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;
- ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;

- игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;

- жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

- ілімді жаңалық ашуға немесе ілімді іс жүзінде қолданудың жаңа жолдарын іздеуге ұмтылуы тиіс.

АКТ-ны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына енгізгенде мынадай нәтижелерді көруге болады:

- пәнге деген қызығушылық, сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыстануының артуы;

- оқушылардың сабақта өздерін еркін ұстауы;

- оқу үрдісіне әр оқушының белсенді қатысуын қамтамасызету;

- оқушылардың танымдық шығармашылық деңгейін арттыру.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушының жаңа ақпаратты меңгеріп, өз бетімен

ізденуіне , пәнге деген қызығушылығын арттыруда, иектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай септігін тигізеді.

Міне, осылайша АКТ қолдану арқылы тұлға қалыптастырудың бағдарлы оқыту жүйесін іске асырып, білім алушыларды жоғары технологиялы ақпараттық ортада өмір сүруге дайындауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Г. Байтилеуова, «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі». Қазақстан мектебі. 2008 ж. № 6.

2 Б. Исхан «Ақпараттық технологияны қазақ тілі сабағында қолданудың тиімділігі» . Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2012 ж. № 11.

3 Аюбаева Т. «Ақпараттық технологияларды оқыту үрдесінде». Қазақстан мектебі 2008 ж. № 11.

КЕМБРИДЖДІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ЖАКУПОВА Қ. Ж.
магистрант, С. Торайгырова атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесі бүкіл әлем деңгейінде қоғамдық дамудың өлшемі мен сол қоғамның негізін құрайтын басты тетіктерінің біріне айналып, оның мақсатынан бастап білім

мазмұнын, оқыту әдістерін жаңартуды талап етеді. Сондықтан да еліміздің білім беру саласын халықаралық дәрежеге көтеру және бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында тың да нақты қадамдар жасалып, оқытудың жаңа тұжырымдамасы негізінде ұстанымдарға негізделген оқытудың жаңа технологияларын қолданудың өзектілігі күннен- күнге артып келеді. Ендеше, бүгінгі заманның ақпараттық технологиясын меңгеру басты міндетіміз.

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім», - деп көрнекті жазушы М. Әуезов айтқандай, өркениетті елдермен тереземізді теңестіру үшін ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік ортаға енудегі сабақтастықта қолдану, білім сапасын жетілдіру - бүгінгі күні негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік білім беру стандартты жүзеге асыру, жаңа буын оқулықтарын оқыту үрдісіне енгізу. Қазақстан мектебінің ұлттық моделін қалыптастыру тәрізді келелі мәселелер ұстаздарға шеберлік пен іскерлікті, кәсіби дайындығының жоғары болуын талап етеді.

Еліміздің болашағы мұғалімнің білімі мен біліктілігіне, рухани әлеуметіне, құқықытық және саяси мәдениетіне байланысты. Сонымен бірге қазіргі уақыт мұғалімдерге оқушыларды жаңа заман талаптарына сай, әрі оларды ұлттық құндылық рухында тәрбиелеп, бәсекеге қабілетті ұлттық білім беріп, өмірге әзірлеу секілді жауапты міндеттерді қойып отыр.

«Қазіргі заманда жастарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жана біліммен қаруландыру өте қажет», - деп Н. Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне енгізу, оны әр пән мұғалімдерінің тиімді пайдалана білуі бүгінгі таңда білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы және бәсекеге қабілетті мектепті қалыптастырудың құралы болып табылады. Сонымен қатар жеке тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізуде. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны, компьютерді, интерактивті тақтаны, электронды оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық қабілетін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруда, шығармашылық белсенділігін дамытуда, баланың пәнге деген қызығушылығын арттыруда зор рөл атқарады.

Оқушыны «қалай оқыту керек?» деген сұрақты мұғалімнің кәсіптік даярлығын, жаңа технологияны пайдалана білуіне және сол арқылы баланы әлемдік ақпараттық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыра білу шеберлігінен іздеу қажет. Себебі мектепте басты тұлға - мұғалім. Осыған байланысты мектебіміздегі

педагогтердің кәсіби деңгейін дамытуда педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға ерекше мән беріледі. Ол үшін оқу-тәрбие үрдісін жаңартып, білімді терең игерудің жолдарын іздестірудің қажеттілігі туды. Осыған орай лицейде оқытудың әртүрлі педагогикалық технологиялары жасалып, білім берудегі реформаларды жүзеге асыру үшін оқыту үрдісін технологияландыру қолға алынуда. Лицейдің педагогикалық ұжымы оқыту мазмұнын жаңартуға бетбұрыс жасады. Бұл уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту бүгінгі күннің басты міндеті.

Өскелең ұрпаққа қазіргі қоғам талабына сай сапалы білім беру және оқу-тәрбие ісін ізгілендіру, жаңа технологияларды сабақта қолдана білу әр мұғалімнен ғылыми еңбекті талап етеді. Өйткені, білімді ұрпақ - білімді ұстаздардан, білікті маманнан. Жаңаша ойлай білсең ғана ұстазсың. Сондықтан оқыту мазмұнын жаңарту тек қана педагогикалық технологияларды енгізу арқылы мүмкін екені айқын болғандықтан, оқытудың отандық және әлемдік жаңа технологияларды жүйелі пайдалану үшін мұғалімдерге теориялық және практикалық мүмкіндіктер жасалып, лицей тәжірибесіне енгізілді.

«Сабақ беру үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп Ж. Аймауытов айтқандай заман талабына сай оқыту үшін инновациялық технологиялардың рөлі зор.

Кембриджік оқыту жүйесі Ш. Қаланованың, Ж. Қараевтың, Ш. Таубаеваның, Қ. Қабдықайыровтың, С. Лактионованың, М. Жанпейісованың, Ә. Жүнісбек пен Қ. Нағымжанованың, С. Көшімбетованың, Н. А. Оразаханова, С. Т. Мухамбетжанова, Г. К. Ахметова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады [1].

Кембридж университетінің білім факультеті арасындағы бірлесіп жасаған бағдарламаның маңызы зор. Бұл бағдарламадан біз оқушылардың өз бетінше оқып, үйреніп, нәтижесінде өз пікірін еркін жеткізе алатын, дамыған, ынталы, білімге құштарлы, мақсат қоя білетін тұлғаның қалыптасқанын күтеміз.

2012 ж. бастап, еліміздің жетекші мамандары Кембридж (Ұлыбритания) университетінің Білім беру факультетінің әлемдік білім беру жүйесінің ең озық әдіс-тәсілдерін меңгерген ғалымдарымен бірлесе отырып, жасап шығарған педагогтердің білімін жетілдірудің үш деңгейлі бағдарламасы әзірленді.

2015 жылғы 2 ақпан мен 21 наурыз аралығында осы бағдарлама бойынша 18 қазақстандық жоғарғы оқу орындарының педагогикалық

мамандықтар даярлайтын профессорлық – оқытушылық құрамы қатарынан 300 тренер оқыды.

Кембридж университеті ұсынған сындарлы теориялық оқыту мәселесінің әртүрлі жақтарына қазақ және орыс тілдеріндегі психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде де үлкен мән берілген [2]. Салиқалы зерттеулер де баршылық.

Бағдарламадағы сілтеме жасалынған ағылшын тіліндегі сияқты зерттеулер қазақ тілінде де және орыс тілінде де жеткілікті. Нұсқаулықта келтірілген педагогикалық және психологиялық ұғымдар қазақ тіліндегі оқулықтарда (Қ. Жарықбаев, М. Мұқанов, С. Қоянбаев, т.б.) жеткілікті баяндалған. Ағылшынша немесе басқа тілдегі әдебиеттердің біразының қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы бар екендігі де ескерусіз қалған. К. Роджерс (Кеңес беру және терапия өнері), А. Мослоу (Мотивация және жеке тұлға. Өзін-өзі кемелдендіру) т.б. ғалымдардың еңбектерінің қазақ тіліндегі аудармасы біздің қолымызда бар [3].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуметін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша түрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

Қоғамды алға апаратын күш – білім десек, болашақтың иегері - жас ұрпақты саналы да білімді етіп тәрбиелеу – ұстаздардың қолында. Сондықтан жаңа педагогикалық технологияларды үйреніп, күнделікті сабақ барысында қолдану керек. Заман талабына сай білім беруді

алдымызға мақсат етіп қойып, әрқайсымыз төл жаңалықтармен таныса отырып, іс жүзінде пайдалануға тиіспіз. Оқушыларды оқыта алмағанымызды оқулықтан, ата-анадан көрмей, өзіміздің шеберлігімізді шыңдайық. Сонда ғана жас ұрпақты жан-жақты жетілген, белсенді, ұлтжанды, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелей аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахметова Г. К., Караев Ж. А., Мухамбетжанова С. Т. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы : АҚ «Өрлеу», 2013.

2 Өзгенікін де ұлықтайық, өзімізді де ұмытпайық немесе оқытудың Кембриджік тәсілі бізге таңсық па? // Егемен Қазақстан. 13 қараша 2013 ж.

3 Maslow A. Motivation and personality – NY. : Harper, 1954. ISBN 978-0-06-041987-5.

ШЕШЕНДІК ӨНЕР МЕН ЮМОР

КОЖАХМЕТОВА Б. Р.
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КОЖАХМЕТОВА К. Е.
гуманитарлық ғылымдар магистрі, ассистент,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шешендік өнерде ой ұшқырлығы мен юмордың орны ерекше. Көпшілік қауым алдында сөз сөйлеу, пікірлесу, әңгіме жүргізу сөйлеу шеберлігін, әзіл айта білуді қажет етеді. Халқымыз «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деп тегін айтпаған. Юмор мен сатира, әсіресе, мысал персонаждарын келтіру арқылы шешендік өнерде ертеден қолданылуда. Ол туралы Темірбек Қожакеев: «Мысал – сатира мен юмордың ертеде пайда болған жанрларының бірі. Бұл жанрдың қазіргі кейбір сипат-ерекшеліктері мен белгілері сол тұстағы мысалдарда-ақ көрініс тапқан» [1, 15]. А. Байтұрсыновтың «Маймыл мен көзілдірігіндегі» маймыл сияқты әлін білмей әлек болып, жоғары мінбелерден дайындықсыз сөйлей саламын деп, жүйесіз сөзімен көрші елдердің әжуалауына, сатиралық шағын туындыларға негіз болып, күлкісіне қалып жүргеніміз де бар.

Сөз сөйлеуші аудиторияны зерігтірмеу үшін сөзін әзіл ноталарымен жандандыруы қажет. Мысалы, анекдот немесе күлкілі оқиға айтып, тыңдармандарды босаңсытып, әңгімеге бейресми сипат беріп, сенім ұялату. Бірақ бұл тұста әдепсіз оқиғалар немесе ұрысу, екі ұшты мағынадағы сөз тіркестерін қолдану дегенді білдірмейді. Кез келген әзілді достар мен таныстар арасында алдын ала сынап көру қажет. Жалпы, анекдоттар айтудың қызықты фишкасы – ол күлдіру арқылы сол сәттегі ақпаратты жадыға бекіту. Көпшілік алдында сөз сөйлеуде әзілдің рөлін айтып жеткізу қиын, ол кез келген аудиторияда орынды. Сәтті ұсынылған әзілдер жақсы есте қалады, шешеннің сөзі мен тұлғасына деген қызығушылығын арттырып, зерігудің алдын алады, аудиторияны өзіне қаратуға мүмкіндік береді. Сәтті әзіл арқылы қарсы агрессияға төтеп беруге де болады. Тәжірибелі шешендердің сөйлеу барысында әзіл айтуы кездейсоқтық емес - бәрі алдын ала жоспарланады. Неліктен? Өйткені, бұл олардың баяндамасындағы ең маңызды орын, және оны қалжың күлкісі арқылы есте жақсы сақталып қалатынын біледі. Қос әсер: назар аударту және ақпаратты жадыға бекіту кепілдігі.

Шешендік өнерде ой ұшқырлығы мен әзіл, юмордың орны ерекше. Юморды зерттеумен көптеген ғалымдар: психологдтер, әлеуметтанушылар, әдебиетшілер мен мәдениеттанушылар айналысуда, алайда бұл өте күрделі мәселе. Юморлық сезім айтушы мен тыңдаушының да дамыған образдық, ассоциативті, қисынды ойлау, қиялдау қабілетінің, байқағыштығының болуын қажет етеді. Жай ғана ойдан шығарып, қисынын келтіре пайымдау, әрине көбінің қолынан келеді, бірақ суырыпсала, өткір тілмен күлдіре сөйлеу оңай емес. Әлеуметтанушылардың айтуынша, бізге өмірге қуанушылық, дұрыс қалжыңдай білу, күлу жетіспейді. Соның әсерінен де шығар, бүгінгі күні жеңіл юмор мен әзіл-оспақ өнері қарқынды дамуда, халыққа не жетіспесе сол сұранысқа ие. Ал осы әзілге, юморға үйрету курсы немесе тағы басқа тренингтер ұйымдастырылмайды. Балалардың юморлық сезімдерін дұрыс қалыптастыру үшін педагогикалық оқу орындарында арнайы курстар жүргізу керек деп ойлаймыз.

Күлкілінің түрлі реңктері болады, олар: юмор, сатира, ирония, сарказм. Философ Ю. Боревтің айтуы бойынша, юмор мен сатира күлкінің қарама-қарсы полюстері, олардың арасында күлкілі реңктер әлемі жатыр. Юмор – «тісін батырмайтын», жақсылық сыйлайтын күлкі, оның негізі бұзушылық емес жетілдіру. Сатира юморға қарама-қарсы ұғым, негізі жетілдіру емес жоюшылық. Ирония - бұл эмоциялық сынның ерекше түрі, сыртымен оң баға беріп тұрғанмен,

астарында өткір кекесін жатады. Сарказм - ирониянын ең жоғары дәрежесі, бұл идеялық жауды әшкерелейтін сатиралық бағыттың ирониясы. «Азаттық радиосының» тілшісі Мәншүк Асаутайдың «Сатира – өмірдің айнасы. Бірақ, оның міндеті күлдіру емес, ойландыру» деген мақаласында: «Қоғамның дамуы барысында, қоғам мен адамның кемшілігін сынау сатираның маңдайына жазылған. Сондықтан, сатираны әдебиеттегі оппозиция жанры деп атайды. Тіпті, сөз бостандығы мен демократия деген ұғымдардың иісі сезілмеген Совет Одағының тұсында да бұл жанрға ерекше мән берілген. Оған дәлел ретінде «Ара» және «Крокодил» журналдары» [2].

Квинтилиан күлкі келтіретін алты себепті атап өткен: таңтамашалық, кербездік, татымдық, әзіл, өткір тіл, ойнап келекелеу. Шешендік өнердің негізін салушылардың бірі Цицеронның айтуынша, Сөзді юормен жандандырып отыру керек, сонда тыңдарман назарын өзінде ұстайсың. Юмор айтушының мәдинеттілігін, жасын, білім деңгейі мен әлеуметтік мән-жайын білдіреді. Юмор арқылы сөйлеуші аудитория назарын қадағалап, талқыланып жатқан мәселеден алшақтауға мүмкіндік береді. Егер шешеннің тілі өткір болып, жан-жағынан күлкіліні байқағыш болумен қатар өзі де сол күлкіліні жасай алса, аудиторияны өзіне қаратып алу мүмкіндігі анағұрлым артады. Өткір тілділік - ерекше ойлау қабілет көрінісі.

Әзілдеуге, юморға үйретуге бола ма? – деген сұраққа жауап іздесек, көбіміз ол туа біткен дарын, немесе оған үйрену мүмкін емес деп ойлаймыз. Осы қарым-қатынастың маңызды бөлігі - әзіл мен юморға үйрену мәселесіне аса мән бермейміз, көңіліміздің көтеріңкі болуы яғни бақытты болуымыздың себебіне де. Ал бақытты болу – үлкен өнер мен еңбек, бақыттың құрамдас бөлігі күлкі, қуаныш, оптимизм болып табылады.

Психологтардың айтуынша, балалардың рухани саулығының қалыптасуына ата-аналарының ықпалы зор. Балалардың күйгелектігіне ата-анасы себепкер болып жатады, себебі өздері өмірге қуана алмайды, қалжыңға уақыт кетіруді «босқа кеткен» уақыт деп ойлайды. Осылайша, өмірлері мұңаюмен, шағымданумен өтеді де балаларға кесірін тигізеді. Жақсы көңіл-күй, қалжың және тән саулығы мен бақытты өмір деген түсініктердің арасында тікелей байланыс барын есте сақтап, өзімізді юморға, қалжыңдауға, суырып салма өткір тілге үйретейік. Және үйренуге арнайы уақыт бөлудің де қажеті жоқ, күнделікті отбасымен жиналып, шай ішу кезінде, кешкі жатар алдындағы демалу кезінде жасауға болады.

Ой ұшқырлығы мен тапқырлығына қатысты түрлі жағдаяттарды шешуді дағдыға айналдырыңыз. Ол үшін ұнаған күлкілі әңгімелерді немесе қызықты әпсаналар мен хикаяларды түрлі жинақтардан теру қажет. Және осы жинағандарыңыз сұрыпталған, сапасы жағары өнегелік мәнге ие болуы тиіс. Өкінішке орай, бүгінгі күні тұрпайы, ұятсыз әңгімелерге толы жинақтарды жиі кездестіреміз. Күлдіргі әңгімелер – өмір айнасы секілді, өткір тілмен берілген астарлы, өнегелі әңгіме – ұшқыр ойлы жақсы ортаның белгісі.

Юмор мен күлкінің қажеті қанша? деген сұраққа жауап іздесек, өткір тілді, күлдіргіш адамдарды: Құдайберген Сұлтанбаев, Лидия Каденова, Мейірман Нұрекеев, Бауыржан Ибрагимов, Тұрсынбек Қабатов, Нұржан Төлендиев, Нұрлан Қоянбаев, Уәлибек Әюдірайымов, Мадияр Серікбаев т.б. осы сияқты әзіл-оспақ өнерінің керемет өкілдерін не үшін жақсы көреміз деген сұраққа да жауап іздейміз. Себебіміз, олар әзілдерімен бізге қуаныш пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Ал қуану ол жанның табиғи түрдегі жайлы күйі. Қуаныш әрқашан күлкімен, әзіл-қалжыңмен бірге жүреді. Адамдар бақытты өмір сүргісі келсе, күлуге, әзілдесуге, қалжыңға үйренуі қажет. Юмор өзінді толыққанды, өмір қуаты жоғары адам ретінде сезінуге көмектеседі. Юмордың басты мақсаты адамды бақытты өмір сүре білуге үйрету.

Юмор мен күлкі адам өмірінде маңызды рөл атқарып, түрлі функцияларды орындайды. Біріншіден, адамгершілік пен ар-ожданын тәрбиелеуге, зұлымдықпен күресуге, қылмыстардың алдын алуға және адамдарға өз кемшіліктерінен арылуға мүмкіндік береді. Яғни, адамның күлкіге қалып жататын қылықтарынан - сараңдық, жалқаулық, ақылсыздық, менмендік, сөзге шорқақтық, ой таяздығы, салғырттық, бала мінездік, жасандылық, өзі мінезінен сезбейтін қызықтық, алаяқтық, суайттық, арсыздық, ынжықтық, салақтық, маскүнемдік, билікке құмарлық, мансапқорлық, ұрысқақтық, бюрократтық, жеңілтектік, қыңырлық, аңқаулық, сенгіштік сияқты адам кемшіліктерінен. Екіншіден, сынау, жазалау және әшкерелеу қызметі. Белгілі үш билікке, төртінші деп жариялылықты айтсақ, бесінші билік деп – күлкіні, кекету, юмор, ирония, сарказмды айтуға болады. Күлкінің сыни күші зор және жариялылығы қылмыстық жағдайлардың жазасыз болуын азайтатын, рухани дамудың қуатты құралы десек те болады. Көпен Әмірбектің сөзімен айтсақ: « ... сатира керек. Ол – ауыр артиллерия! Ауыр артиллерияға шымшық ату жараспайды» [3]. Күлкі қоғамдық құндылықты бекітіп, адами ұғымға жат нәрсені әшкерелейді, бірақ шенеуніктер мен мемлекеттік аппарат кемшіліктерін ашуда әлеуметтік, экономикалық, заңды және саяси

шаралармен үйлесе атқарылғанда ғана жемісін берері, сөзсіз. Егер адамның ар-ұяты болмай, оның орнына мысалы, «депутат иммунитеті» болса, онда жалаң күлкі, сатира, юмор, сарказм дегендердің әсері аз болатындығына көзіміз жетті. Күлкі жамандық пен жақсылықты ажырату үшін қажет және жақсылық тудырып, жамандықты жоятын да қасиеті бар. Мұндай күлкіні, әділетсіз, кекесінді күлкіге қарағанда «ізгілікті күлкі» деуге болады. Үшіншіден, күлкінің, юмордың тәрбиелік мәні де зор, мысалы бұрынғы кеңес дәуіріндегі «Ара», «Крокодил» журналдарымыздағы карикатуралар мен шарждар, мектеп пен бала-бақша қабырғаларына ілінетін осындай газеттер юморлық көзқарас пен талғамды қалыптастыруға ықпал етті. Төртіншіден, юмор жағымды көңіл-күй мен қуаныш тудыратын қасиетке де ие. Әдетте, әзілдей білетін адам мейірімді келеді. Әзіл арқылы адамдар бір-біріне деген жақсы ықыласын білдірумен қатар, көтеріңкі көңіл-күй де сыйлайды. Әзілқой «ортаны жандырып отыратын» адам көпшілік арасында тез тіл табысып кетеді және кез келген психологиялық шиеленісті оңай шеше алады, сондай-ақ сол адамдарға дәрменсіздік сезімінен арылуға, өмірге деген ризашылық сезімін тудыруға ықпал етеді. Күлдіре білу - өнер, күле білу – өмір, күлкіге қалу – өлім, деп тегін айтпайды. Бесіншісі, диагностикалық қызметі, яғни адамның неге және қалай күлгені бойынша көп нәрсені болжауға болады, мысалы, оның тәрбиелілігі, білімділігі, парасаттылығы және т.б. Екі адамның мінез сәйкестігін де күлкілі нәрсені қаншалықты бірдей түсінетіндігін білуге болады. Сонымен қатар, белгілі бір қалжыңға жасалған кері байланыс арқылы ұжымдағы психологиялық атмосфераны да анықтауға болады.

Юмор тез тарайтын құбылыс, әдетте, жақсы қалжың міндетті түрде адамның күлкісін келтіреді немесе қалжыңмен жауап бергізеді. Қалжыңды жауапсыз қалдыру әдепсіздікке жатады, себебі қуаныш сыйлағысы келген әзілдеушіге ризашылық білдірген жөн. Әзілдің астарлы мағынасы өте маңызды. Астарлы әзілмен өзіңіздің сенбеушілігіңізді, түрлі кемшіліктерге деген көзқарасыңызды білдіре аласыз. Жақсы әзілмен өз сәтсіздіктерің мен кінаңды т.б. мойындауыңды жеңілдетіп, ішкі жағымсыз күйзелістен арылуға болады. Кемшілігіңді жасыруға тырыссаң керісінше жұрттың сөзіне, күлкісіне қаласың, ал сол кемшілікті сәтті әзілге айналдырсаң тез ұмытылып қалады.

Юмор мен күлкі адамды жаман ойлардан алшақтатады. Ішкі қынжылысты сыртқа юмор арқылы шығарып үйренген жақсы, ол кемшіліктеріміз бен жасаған қателіктерімізді мойындауымызды жеңілдетеді. Күле білу – адамның жан саулығының белгісі. Мысалы, Үндістанда 150-ден астам күлкі клубтары бар екен. Осы

клуб мүшелері белгілі бір уақытта жиналып бірге дауыстап күле бастайды. Алдында олар өздерін күштеп күлдірсе, біраздан соң күлкі еркін шығып, басқаларды да үйіріп әкетеді екен. Үндістанның белгілі күлкі-терапевті Мадан Катария күлкінің күйзеліске ұшырағанда, өкпе мен қан тамырлары ауруларына оң әсері зор екенін атап айтады. Бүгінгі күні күлкі терапиясы тек Үндістанда ғана емес АҚШ-та да жиі қолданады. АҚШ-та арнайы күлкі мен юмор бөлмелері бар. Онда бірнеше сағат қатарымен күлкілі бағдарламалар немесе сапалы комедиялық фильмдерді көрсетеді. Осындай терапия нәтижесінде аурудың барысын түбегейлі өзгертуге де қол жеткізген. Күлкіге арналған арнайы ғылым да бар, ол гелотология (грек. «гелос» – күлкі) деп аталады. 1996 ж. бастап Базельде жыл сайын гелотологтардың күлкі терапиясы саласында, оның ағзаға және түрлі ауруларға тигізетін оң әсері туралы халықаралық конгрессі өтеді.

Қорытындылай келе, юморлық сезімі жоқ кісіге өмір сүру анағұрлым қиынырақ. Оларды таяз адам деп, көбінесе кекетуге тырысады. Сондықтан біреудің күлкісіне қалып жүргеннен гөрі әзілдесуге, юормен сөйлеуге үйрене берейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қожакеев Т. «Сатиралық жанрлар». – Алматы : Мектеп, 1983. – 214 б.

2 Сатира – өмірдің айнасы. Бірақ, оның міндеті күлдіру емес, ойландыру. Мәдениет 2009// Азаттық радиосы. ttps://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_satire_humour_tolymbek_alimbekov/

3 Саңырауқұлақ емес, сатира теріп жүрмін.Қазақ әдебиеті 2017// https://qazaqadebieti.kz/11975/sa-yrau-la-emes-satira-terip-zh-rmin

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ

ҚАДЫРОВА Б. М.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ҚУАНЫШЕВА А. А.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл – қоғамдағы тарихи құбылыс. Оның тарихилығының бір қуәсі – лексикалық қорымыз. Лексикалық бірліктерге этимологиялық тұрғыдан үңілсек, талай ғасырдың келбеті тізбектеле өтеді көз алдымыздан. Сондықтан тілді зерттеуде оны қашанда ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен

тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырғанда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Тіл – кез-келген қоғамды біріктіретін негізгі күш. Мемлекеттің саясаты, идеологиясы, болашағы тілге немесе тілдерге құқықтық мәнімен де өлшенеді. Сондықтан да қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл толеранттық ортаны қалыптастыратын тіл ретінде қолданыста болуы заң жүзінде айқындалған.

Бүгінгі қоғам қойып отырған басты талаптардың бірі – көптілділік. Көптілділік - кез келген қоғам үшін, кез келген қоғамдық құрылым үшін тұйықтықтан шығудың, интеграцияны негізгі ұстаным етіп алған бағытты айқындайтын жол деп танылған.

Тұңғыш елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған өткен жылғы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғарғы білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деді [1].

Қазақстан республикасының Тіл туралы Заңында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген. Қазақ тілі маңыздылығы жағынан бірінші орында. Орыс тілінің мемлекет өміріндегі орны, ТМД-да, халықаралық қатынаста, БҰҰ-да қолданылатын қарым-қатынас тілі екендігі айтылады. Ал халықаралық тіл болып табылатын ағылшын тілі - әлемдік экономика тілі ретінде көрсетілген.

Жаһандану ғасыры - жаңалықтар мен ақпараттық технологиялардың, ғаламат өзгерістердің заманы. Бұл заман қоғамдағы өзгерістерді адамзаттық өлшеммен қабылдайтын жандарды, яғни көптілді маманды қажет етеді. Соған орай мемлекетіміз көптілділік саясатын ұстанып отыр.

Адамдардың өзара түсінісуі үшін де көптілділік қажет. Қазақстан республикасы тұрғындарының басым бөлігі қазақ. Қазақ қазақпен қазақша сөйлесіп-ақ ұғынысады. Ағылшын тілінің не керегі бар деген ой да болуы мүмкін. Бұл қате пікір. Себебі ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, бәрібір адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік туады. Осы тұрғыдан келгенде, көптілділік адамдардың бір-бірімен ұғынысуында, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады.

Көптілділікті мультилингвизм дейміз. Осы мультилингвизм әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде көбірек нысанға ілініп жүр. Біздің ғылыми мақаламыз да осы қоғамдағы көптілділік мәселесіне арналып отыр.

Біздің қоғамдағы көптілділік мәселесі Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны белгілі. 2007 жылғы Жолдауда үш тілдің орны мен мәртебесі анық көрсетіліп, атқарар қызметі бөлініп берілген: «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі [2,7-10].

Бұл жөнінде ғалым Н. Уәлиұлы: «...Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс. Үштұғырлы тіл формуласында ең бірінші осы мәселе шешімін табуы қажет және мемлекеттік тіл жоғары деңгейде болғаны абзал. Өйткені қазақ тілі мемлекет құрушы этностың тілі, мемлекеттің бірден-бір тірегі деп күллі Қазақстан жұртшылығы мойындағандықтан, Ата Заңымызда конституциялық мәртебе алды. Сондықтан оның тағдыры жөнінде жауапкершілікті, әлемдік қауымдастықтың алдында, ең алдымен мемлекет өз мойнына алуы тиіс», - деп атап көрсетеді [3, 4 б.].

Ал, профессор Б. Қасым әлемдік білім кеңістігіне енудің жолдары ретінде мынаны атап көрсетеді: «Қазақ тілін үштілділіктің көлеңкесінде (ағылшын, орыс) қалмайтындай, еңбек нарығында мемлекеттік тілді білуді талап етуді бірінші орынға қою, елімізде қазір керісінше, ағылшын тілін білуді талап етуде, ғаламдану үрдісінде ол да дұрыс шығар, бірақ бәсекелестікке төтеп бере алатын қоғамның мүддесі мен мақсатына қызмет ететін қазақ тілін сол деңгейге жеткізу, барлық білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуды саннан сапаға көшіріп, оқулықтардағы олқылықтарды орнына келтіріп, білімді де білікті мамандармен қамтамасыз ету, біліктілігін арттыру» [4, 32 б.].

Үш тұғырлы тіл саясаты шетелдіктердің тарапынан да оң бағасын алған. Орта Азия мен Қазақстанды зерттеу орталығының басшысы Уильям Фиерман: «Менің ойымша осы саясат өте дұрыс және мемлекеттің дамуына үлкен пайдасын тигізбек. Алайда үш тілдің деңгейінің бірегейлігі туралы айту әлі ерте сияқты, себебі сіздерде әлі де болса орыс тілі басымырық. Менің ойымша, біріншіден, қазақ тілінің деңгейін жоғарлату маңызды, әсіресе қалалық жерлерде, өйткені ауылдық жерлерде қай уақытта болмасын қазақ тілінің деңгейі басым болған» деп өз көзқарасын білдірген. Бұл өте ойланарлық, жедел қолға аларлық пікір.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада

күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Тәуелсіздігін алған тұста еліміздегі қазақтың саны 6,8 миллион немесе 41% болса, қазір 11 миллионға жетіп, 65 %-дан асты. Қазақтың саны 4 миллионға артты.

Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Тағы да қайталап айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тілінеайналады» дей келе, «Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары» деген пікір – қазақ тілін көтеру жолына жұмылдыратын пікір[5].

Рас, бүгінгі таңда ағылшын тілін пайдалану қажеттілігі туып отыр, онсыз халықаралық қарым-қатынас, жаңа технологияларды меңгеру мүмкін емес. Бірақ қазақ тілінің басқа тілдердің көлеңкесінде қалмауы жолында жұмыстар жасалуы тиіс. Бұл жайындағы әңгіме тәуелсіздік жылдарында ғана емес, кеңес өкіметі жылдарында да А.Байтұрсынов, Қ.Кемеңгеров т.б. қазақ ғалымдары мен қоғам қайраткерлері тарапынан айтылған, әлі айтылып келеді.

Көптілді болу – уақыт талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқытуға, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең жоғары қажеттілік ретіндегі көптілді білім берудің маңызы айқындалды.

Еліміздің әлемнің дамыған елу мемлекеті қатарынан орын алуы үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Көптілділік адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Адамның көп тіл білген сайын соғұрлым мүмкіндіктері арта түсетіндігіне, әлем кеңістігіне жол ашатындығына, ғаламтор, ақпараттық технология саласын жетік меңгеретіндігіне сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. –Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1998. - 128 б.

2 Қасым Б.Қ. Аналитикалық аталымдардың уәждемесі. ҚР БҒМ-нің, ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2001жыл, №4 – Алматы : «Ғылым» ғылыми баспа орталығы - 57-62 б.

3 «Қазақстан-2050» стратегиясы (ғаламтор).

4 ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. ҚР Президентінің ресми сайты. 31 қаңтар 2017.

5 ҚР Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына 2007 жылғы Жолдауы (ғаламтор).

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКА ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ РУХ

ҚАЖЫҒҰМАР Ұ. А.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бүгінде әдебиеті мен тарихи тамыры тереңге бастайтын қазақ халқы дамудың даңғыл жолына түсіп, жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Бұл – әлемдік өркениет қауымдастығына өзінің тұтас болмысымен толық танылуға ұмтылған ұлттық жаңғыру мен жаңару жолы. Осы орайда, Тәуелсіздік деген ұлы кеңістікте еркін бойлап, желкенін жайған қазақ елінің бағыт-бағдары мен міндетін айқындап, ұлы халықтың әлемдік дамудың алдыңғы шебіне шығарудың нақты жолдарын белгіленген тарихи маңызы бар жаңғыру бағдарламары ұлт әдебиетіне де ұлан-асыр кеңістік ашатынын сөзсіз.

Еліміз дамудың жаңа кезеңіне өтіп жатқан тұста ұлт руханиятының күретамыры, алтын діңгегі саналар әдебиетіміздің қоғам өмірінен тыс қалуына мүлдем болмайды. Себебі өскелең ұрпақ абыройын асқақтатып, рухына қанат бітірер бай әдеби мұраларымыздың өзектілігі қазіргі таңда аса жоғары.

Бүгінгі күн биігінен үңілсек, тәуелсіздік атты қастерлі ұғымды жырлаудың өзі өткен заманда қандай қатерлі әрекет екенін аңғару қиынға соқпайды. Осынау қасиетті ұғымды жырға қосып қалам

тербеткен Міржақып Дулатовтың атақ-абыройы өткір поэзиясы арқылы асқақтады. Ол шығармаларында өзінің ақындық шеберлігін саяси күрес жолындағы ең уытты қару ретінде ұтымды пайдалана білді. Лирикалық өлеңдеріндегі өрелі ойы мен өршіл талаптары, ішкі толғаныстары мен асқақ армандары лирикалық кейіпкер арқылы көрініс береді.

«Оян, қазақ» атты алғашқы кітабы халқымыздың ұлттық санасы мен патшалық билік иелерін де дүр сіліндірді.

Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі М. Дулатұлы шығармаларының тақырып аясы өте ауқымды. Негізінен еңбектерінде халқына деген ұлы махаббатынан туған елдік және ұлттық рух, күрескерлік пен азаттық рух ерекше көрініс тапқан.

Езілген еліне ес болуға, жоғын жоқтап, мұңын мұңдауға серт байлап,халық ісіне бар болмысымен бүтіндей беріліп, «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!» деп бар даусымен жар салды. Өз бетінше талпынып, білім жинап, орыс тілін жетік меңгерген Міржақып орыстың озық ойлы азаматтарының еңбектерімен танысуы арқасында замана тозаңын суырып, дүниені дүр сілкіндірер дауылды күндердің тақап келе жатқанын өзгелерден бұрын сезеді.

«Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шамаңды қадари хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай [1, 27 б.]», – деп жиырма жасында шығарған «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі хәлі» атты өлеңінде алда күреске толы күндер барын сезіп, өз-өзін қайрап оятудан бастайды да, еліне қызметінен пайда келтірмейтін, оқу-білімге талпынысы жоқ жігіттің несі жігіт деген ой тастайды.

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбеі қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты... [1, 24 б.].

Осы бір шумақ автордың қаймана қазаққа, оқырман қауымға айтпақшы болған ойының шоғырланған негізгі түйіні болса керек. Өлең жинағы дархан даласында алаңсыз өмір сүріп, мал бағып жатқан бейқам халқын жырымен жұлқылап оятып, оларды білімге, ел үшін пайдалы іс әрекетке шақырған еді. Бұл сол кездегі қазақ даласында қалыптасып келе жатқан қоғамдық ой-пікірдің, қазақ қоғамында анық бой көрсете бастаған әлеуметтік қозғалыстың көрінісі еді. Жарық көрген кітапқа ат болып алынған қаратпа екі сөз елін ұйқыдан оятуға жанталасқан ақын өмірінің символы іспеттес. Бүкіл халықтың еркіндікке жетуінің басты шарты түнек болып торлаған қараңғылық

ұйқысынан ояну, дүр сілкініп, надандықтан арылу деп білген Міржақып ақынның өлеңдерінде азаттық рухы атой салды. Сондықтан да оның үні алаш рухы әдебиетінің іргетасын қалап, қалың ұйқыда жатқан қазақ елін «Маса» болып шағып, абыройы мен намысын қайраған Ахмет Байтұрсынов, халқының кемеңгер перзенті Сұлтанмахмұт Торайғыров үндерімен қатарласып, кең байтақ қазақ даласын шарлады.

Жас ұрпақты өз қоғамына пайдасы тиер жақсы мінездері бойына жинаған азамат болып өсуіне бірден бір себепші құрал – әдебиет десек, әдебиетті жасаушы қауым – қаламгердің әр жазғаны жастарды жақсылыққа жетелеп, ізгі өмір мен жарқын болашаққа қанаттандырады. Міржақып Дулатұлының ақындық атын шығарған, болашақ қайраткерлік жолын ашқан туындысы «Жастарға» еді. Лапылдап тұрған жалын мен жігер, сенім мен сезім қатар өрілген ұлтжандылықтың айқын көрінісі осы бір өлеңінде бейнеленеді.

Етемін үміт жастардан,
Жаңа гүл шашқан бақшадай.
Мұрадын оңай кім табар,
Жар салып жұрт қақсамай?
Халыққа жастар басшы бол!
Қараңғыда жетектеп [1, 149 б.].

Азамат ақынның қуғын-сүргін көре бастаған кездегі көңіл-күйі де өлең кестесіне өрілген. Ол налу дегенді білмейді, жүнжімейжі, қапаланбайды. «Ғазиз басым құтыла алмай жаладан, Жаудың қолы босамай тұр жағадан» деп «Мұң» деген өлеңіне ауыр халін аңғартқанымен, салмақ көңілінде сәуле бар оқушыға түседі. «Қайтер едің?» деген сұрақ қойып, жауабын іздеуге шақырады [2, 141]. Ақынның осы жинақтағы «Сырым» атты өлеңі айрықша назар аударады. Өлең кейіпкері, халық мүддесі жолындағы күрескер адам ішкі жан сырын сыртқа ақтарады. Ұлт болашағы үшін мал мен басты бәйгеге тігіп, алдағы істің жоспарын құрып, «Кім үшін тусам, сол үшін өлу борышым» деп, бұның өзін құдайдың міндет қылып қосқанын баяндайды:

«Күзетуде кірпік қақпай әуремін,
Хақ пен нақақ – қайсысы жеңіп шығарын.
Біздің тілек кім жағында белгілі,
Дұшпан туын сұрау хақтан құларын [1, 133 б.].

Ақын өзінің өмірлік мұратына әрдайым адал. Қай өлеңін алып талдасақ та, ол тек сезім жетегіне ілесіп кете бермейтіндігіне көз жеткіземіз. Себебі азаматтық ар үні мен әлеуметтік әуен басым түсіп жатады. Мысалы «Мұң» өлеңінің бастапты жолдарын оқи отырып, лирикалық кейіпкер басындағы жабырқау кезеңі жырланған деп ойлайсың. Ал шындығында өлең өрісі өте кең.

Сенімсіз басым, пайдасыз жасым арманда,
Жетермісің тілегіңе жалғанда?
Қан тамшылап тұрса да көзден жас ағып,
«Сенікі жөн», - деп күлаққа ілген жан бар ма?
Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап - жұрт керең боп қалған ба?
Мен не болсам, болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба [1, 121 б.]!

Жоқ, тіпті де жеке бастың мұңы емес! Қайта, керісінше, ел мұңын өз басының жеке қасіретіндей жүрекке тым жақын қабылдағандықтан, қатты қиналған тебіренісі естіледі.

Бар саналы ғұмырын ел тағдырына арнап, Алаш ұранын аспандатып, барша адамзаттың мүддесін көздеген Міржақып Дулатұлының шығармалары мыңдаған ғасырға созылатұғын бейбіт өміріміздің қайнар көзі емес пе? Өмір шындығын поэзия шындығына айналдырған, таланты мен көрегендігі тоғысқан Міржақып ақынның туындыларын толыққанды талдап, санамызға сіңіре отырып жүрек түпкіріне қонақтату – бүгінгі ұрпақ, біздің еншімізде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Атабаев Қ. Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен – Қазақ әдебиеті, 2006. – 141 б.

2 Дулатұлы М. V томдық шығармалар жинағы, I том – Алматы : Мектеп, 2002. –

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «Ш» МЕН «Ч» ӘРІПТЕРІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КАРИПЖАНОВА А. О.
ф.ғ.к., қауымд.н профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ҚАЙРАТОВА Н. Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл дамуының маңызды шарттарының бірі - тілдерді оқыту мен қызмет аясын кеңейту бүгінгі заман талабынан туындап отыр. Мемлекет тарапынан тілдерді қолдану мен дамудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, онда нақты іс-шаралардың жолдары мен бағыт-бағдары айқындалған. Бағдарламада Қазақстан халықтарының тілдерін оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау қажеттілігі айтылған. Сол себепті тілімізге туыстас тілдердің

ұқсастықтары мен айырмашылықтарын классификациялау тіл мамандары үшін маңызды мәселе.

«Қазақ тілі» атауы ресми түрде ХХ ғасырда, яғни 1930 ж бастап қана тарих сахнасына шықты. Бұған дейін бұл тілдің орына «Қырғыз тілі», «Қырғыз-қайсақ тілі» атаулары қоданылғаны белгілі. Қазіргі қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде Қыпшақ, оның ішінде Ноғай, Қарақалпақ тілдерімен бірге Қыпшақ-ноғай тобына жатады.

15-ке жуық түркі тілдес халықтарының ресми түрде мемлекеттік тіл ретінде қолданылыс табатын 6 тілдің ішінде Қазақ тілі де бар. Бірақ Кеңес Одағының қол астында болған 130 жыл өз ізін қалдырған болатын. Дегенмен де, қазіргі таңда Қазақстандағы қазақтардың үлесі 70 пайыздан асады.

Түркі тілдерімен салыстырғанда қазақ тілінің өзіне тән фонетикалық ерекшеліктері бар. Мысалы, түркі тілдеріндегі «ш» дыбысы қазақ тілінде «с» дыбысына сәйкес келеді (қашық-қасық, таш-тас, ешик-есік, т.б.); сол секілді түркі тілдерінегі «ч» дауыссызы қазақ тілінде «ш» дауыссызына ауысады (чыкмак-шығу, качан-қашан, үч-үш, т.б.); сөз басыдағы «й» қазақ тілінде «ж» болып өзгереді (йағмур-жаңбыр, йашыл-жасыл, йел-жел, т.б.). солай бола тұра, бұл фонетикалық ерекшеліктердің ауытқитын тұстары да болады. Мысалы, жазмыш, айтылмыш, бағышта т.с.с сияқты сөздерде «с» дыбысының орнына «ш» дыбысы қолданылған. Бұл мақалада жоғарыда көрсетілген мысалдардағыдай кейбір фонетикалық ерекшеліктер жөнінде сөз қозғалады.

Ш фонемасын айтқанда тілдің ұшы аздап көтеріледі де, екі бүйірі жоғарғы тістерге тіреліп тілдің үстінгі жағы екі жерден таңдайға жуықтайды. Сондықтан бұл қос фокусты дауыссыздар делінеді.

Ч фонемасы т және ш элементтерінің кірігуінен құралған, алдымен тіл ұшының күрек тіске, одан соң тіл алдының таңдайға тиюінен жасалады, ч африкатымен айтылатын сөздер қазақ тілінде аз кездеседі.

«Ш» мен «Ч» дыбыстарының ауысуын қарастырайық:

Тіпті орыс тілінен енген сөздерде де бұл әріптер дыбыс үндестігіне шалдыққан: кірпіш (кирпич), шенеунік (чиновник), бөшке (бочка), шайнек (чайник), шұлық (чулок), пеш (печь), семечки (шемішке) т.б.

Түркі халықтары мен Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері:

«Үш» сөзін Түркия, Әзірбайжан, Қырым татары, Түркменстан, Өзбекстан, Татарстан, Қырғызстан, Ұйғыр халқы *«Үч»* десе, Қазақстан, Қарақалпақстан, Ноғай елдері *«Үш»*, ал Хакас, Саха және Башқұртстан *«Ус»* дейді.

«Шаш» сөзі: Түркия, Әзірбайжан, Қырым татары, Түркменстан, Өзбекстан халқы *«Сач»* сөзін қолданса, Қазақстан, Қарақалпақстан, Ноғай елдері *«Шаш»*, ал Татарстан, Қырғызстан, Алтай халқы *«Чач»* дейді.

«Аш» сөзі: Түркия, Әзірбайжан, Қырым татары, Түркменстан, Өзбекстан, Татарстан, Қырғызстан, Ұйғыр, Алтай халқы *«Ач»* десе, Қазақстан, Қарақалпақстан, Ноғай елдері *«Аш»*, Саха мен Башқұрстан елі *«Ас»* сөзін қолданады.

«Іш» сөзі де дәл осы заңдылыққа сәйкес келеді. Яғни, Түркия, Әзірбайжан, Қырым татары, Түркменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ұйғыр, Алтай халқы «Ич» десе, Қазақстан, Қарақалпақстан, Ноғай елдері оның орнына «Ш»,ал Саха «С» Тыва халқы «Ж» әріптерін қолданады.

Кесте 1

Қазақ	*Ногай*	*Қарақалпақ*	*Қырғыз*	*Түркия*	*Башқұрт*	*Түркімен*
Пышақ	Пышак	Пышақ	Бычак	Бычак	Бысақ	Пычақ
Кеше	Түнеугүн	Кеше	Кечээ	Дүн	Кися	Дүн
Күш	Күш	Күш	Күч	Гүч	Көс	Гүч
Тамшы	Тамшы	Тамшы	Тамчы	Дамла	Тамсы	Дамжа
Ешкі	Эшки	Ешки	Эчки	Кечи	Кезә	Гечи
Ағаш	Ағаш	Ағаш	Дарак	Ағач	Ағас	Агач
Шекіртке	Шегертки	Шекшек	Чегиртке	Чекирге	Синерткә	Чекиртке
Ақша	Акша	Ақша	Акча	Пара	Ақча	Пұл
Қылыш	Кылыш	Қылыш	Кылыч	Кылыч	Қылыс	Кылыч
Күшік	Күшелек	Күшік	Күчүк	Еник	Көсөк	Гүжүк
Өш (кек)	Өш	Өш	Өч	Өч	Үс	Өч
Тышқан	Шышқан	Тышқан	Чычкан	Сычан	Сыскан	Сычан

Өзбек	*Қазан татары*	*Қырым татары*	*Ұйғыр*	*Тыва*	*Саха*
Пычақ	Пычақ	Пычақ	Пичақ	Бижек	Быхах
Кеча	Кичә	Дүн	Түнүгүн	Дүүн	Беґехее
Күч	Көч	Күч	Күч	Күш	Күүс
Тамчы	Тамчы	Тамчы	Тамча	Дамды	Тамах
Ечки	Кәжә	Ечки	Өчке	Өшкү	Коза
Дарахт	АГАЧ	Агач	Дарах	Ыяш	Мас
Чигартка	Чикерткә	Секирге	Чикәткә	Шерги	Ахынга
Пұл	Акча	Акча	Акча	Акша	Харчы
Килич	Кылыч	Қылыч	Қилич	Хылыш	Кылыс
Кучук	Көчек	Күчелек	Күчүк	Эник	Ыт оґото
Өш	Үч	Өч	Өч	Өш	Өс-саас
Сычқан	Тычкан	Сычан	Чашқан	Күске	Кутуйах

Кестеде байқағанымыздай, түркі халықтарының тілдерінде қолданылатын «Ш» әрпі көбінесе Қыпшақ-ноғай тобында «С» -ға алмастырылған. Мысалы, Шегіртке сөзі көне түрікше «Чекүрге», парсыша «Чекирге», түркі тілдерінде де солай, қазақ тілінің фонетикалық өзгешелігіне байланысты бұл сөз ***«Секірме»*** болуы керекті. Бірақ «Шегіртке» болып, дыбыс өзгеріссіз қалып қойған. «Бешбармақ» сөзіндегі «беш»; «шайтан» сөздері де осы анықтамаға сәйкес келеді. Осы сияқты дыбыстық өзгерістер қазіргі кірме сөздерге байланысты болмағанымен, тілімізге бұрын енген сөздерде көптеп байқалады. Бұл өзгешеліктер түркі тілдес халықтарының ішінде қазақ тілінде ғана айқын көрінетін қасиет.

Қазіргі қазақ тілінің диалектісінде бұл дыбыс Маңғыстау түбегінде және оңтүстік –шығыс аудандарындағы жергілікті халық тілінде кездеседі. Көбінесе, сөздің басында, сөз ортасында мұрын жолды сонор дыбыстардан соң қолданылып, әдеби тілдегі «ш» дыбысы орнына айтылады: чикі, чана, чығу, енчі, қамчы, сонча, келгенче, т.б. Әрине, қазіргі түркі тілдерінде, сол сияқты қазақ тілінің жергілікті говорларында бұл дыбысты қолдану, айтылу дәрежесі бірдей емес. Сөйтіп ч қазіргі әдеби тілдегі ш дыбысмен қатар қолданылып, көне заманнан келе жатқан дыбыс екендігін көреміз.

Қазақ тілі ХХ ғасырдың басынан 1929 жылға дейін араб әліпбиін, 1929-1940 жылдары латын әріптерін, 1940 жылдан бері кирил әліпбиін қолданып келеді. Тіліміз қалыптасқалы бері араб, парсы, орыс тілінен енген сөздер сөздік қорымызды толықтыруда. Заман өзгерісне байланысты кейбір сөздердің түбірі өзгере отырып, төл сөздеріміздің қалыптасуына алып келді. Бірақ көне түркі тілдері мен осы тілдік топқа жататын қазақ тілінің де айтарлықтай ерекшеліктері бар. Соның бір өзгешелігін біз осы мақалада қарастырып кеттік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әділов М. «Қазақ тіліндегі кейбір фонетикалық ерекшеліктер туралы» мақаласы– «Қазіргі білім жүйесіндегі интеграциялық үдерістер және тіл мәртебесін арттыру» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Астана, 2018. –35-40 б.

2 С.Мырзабеков «Қазақ тілінің фонетикасы» – Алматы, 1993. –36-40 б.

3 Ғ.Қалиев, Ш.Сарыбаев «Қазақ диалектологиясы» – Алматы, 1991.

4 Кудеринова Қ. «Қазақ тілінің дыбыс ерекшеліктері» мақаласы. https://arastirmax.com/en/system/files/dergiler/2056/makaleler/2/22/arastirmax-cagdas-kazak-turkcesindeki-fonetik-degisiklikler

«ЖАСАУЛЫ ДЕП, МАЛДЫ ДЕП БАЙДАН АЛМА...» (АБАЙДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ)

ҚҰМАРОВА А. Е.
мұғалім, № 15 ЖОББМ, Павлодар қ.

Абайдың өзінің халқына, келер ұрпағына өшпес әдеби мұра қалдырды. Бұл өте бай мұраның тақырыбы, жанры сан алуан болғанымен оның негізгі идеясы – біреу. Ол – нұрлы ағартушылық идея. Ақынның қай шығармасын, қай өлеңін, қай бір өлең жолдарын алсақ та тәлім-тәрбиелік мәні зор асыл қазына.

Ұлы Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер заман ұрпағына арнады. Сондықтан да жастар тәрбиесінің сан қырына, оның өзекті салаларына әлеуметтік тұрғыдан қарады. Соның бірі үйелмен тәрбиесіндегі жастарды жұбайлық өмірге баулу мәселесі болатын. Абай мән берген бұл проблема қазірде заманымыздың көкейесті (актуальді) мәселесі болып отыр.

Жастар тәрбиесінің бар тамырын басып байқаған сезімтал ақын жұбайлық өмірлерінің дұрыс, даярлықпен басталуын олар көрер бақыттың басы деп білді. Сол бақытқа жету жолындағы іс-әрекетке педагогикалық-этикалық тұрғыдан талдау жасады, бағдар ұсынды.

Көреген ақынның осы мәселеде ой толғаған ағартушылық пікірлері бүгінгі талап-тілектерге өте жақын екені оны таныған сайын айқындалып келеді.

Абай заманында аталмыш мәселеге жауапкершілік тек ата-анада болса, біздің заманымызды бұл мәселені қоғамымызда қолға алып, ең әуелі мектеп пен мұғалімдерге үлкен міндет жүктеп отыр.

Біріншіден, отбасылық өмірдің жалпы әлеуметтік ролін түсіндіруде Абай ерлі-зайыптылардың некелесудегі мақсатын, әркайсысының жауапкершілігін түсіндірді. Абай отбасының екі мүшесін де жұбайлық өмірді үлкен саналықпен, жауапкершілікпен бастауын, ол үшін ішкі мүмкіндіктерді бір-біріне сай болуы керектігін ескертті.

Абай әсіресе қыз балалардың отбасылық өмірге ертерек баулынуы керектігіне ата-аналардың назарын аударды. Қыз күнінде сырттай әжептәуір болып жүріп, үй болғанда берекесі кетіп, азып-тозып, салақ әйел атануы жастайынан үй ішіндегі еңбек әрекетіне баулынбағаны деп білді. Әсіресе шолжаң болып өскен бай қыздарының барған елінде беделсіз болатыны, үй-іші тірлігіне ерте баулынбағанынан деп ескеріпті. Өзінің «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» өлеңінде:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба,
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма, - деп, жігіттердің жар таңдау мәселесінде аса құнды пікір айтты: Ол қазақта «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деген мақалға сай, тәрбиелі жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағала, өмірлік жолдас ет деген ойы еді. Өйткені ұлы ақын тәрбиелі адамның, еңбекқор адамның өз бақытын өзі жандандыратынына кәміл сенді.

Үй болам деген жігіттерге қыздардың көркінен гөрі табиғи жақсы қасиеттерін бағалау керектігін ерекше атап көрсетті. Бұл жерде ақын қыз баланың мінезінің жағымды болуына басты назар аударды. «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» өлеңінде:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме, - деп жазды.

Қалыңдықты тек түр-түсіне, сымбатына ғана қарап бағалатпай, бәрінен бұрын оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан дүниесіне, ақыл парасатына, көргенділігі мен тәрбиелілігіне көңіл білдірді. Осы өлеңде асыл жардың психологиясын, адамгершілік парасатын:

Толқынын жүрегіннің хаттай танып,
Бүлк еткізбес, қалайша соқса тамыр
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр, - деп көрсетті.

Екіншіден, Абай некелік – үйелмендік өмірдің этикасына өте жоғары мән берді. Ол махаббат иесі жастардың жұбайлық өмірі этикалық талаптарға сай болуын талап етті. Жастар бұл өмірді тек қызықты, тәтті өмір деп қана түсініп қоймай, оның елеулі қиындықтары да болатынын, ол қиындықты жеңуге жастар әзір болуы керектігін көрсетті. Абай махаббат сезімін стихиялы сезім емес (ес түсінен айрыла сүю емес) саналы сезім екенін, оның шешек атып, салтанат құруына үлкендер әрдайым жол сілтеп, қадағалап отыруын құптады.

Абай некелескен (ол замандағы некесі қиылған) жастардың бір-бірімен үйелмен мүшелерінің басқа кісілерімен, жора-жолдас, туған-туыс, ауыл-аймақпен сыпайы қарым-қатынаста болуын, жастардың құрметті болуы өздерінің мінез-құлқы, іс-әрекетіне байланысты екенін ашып көрсетті. Әсіресе бұл жерде жаңа түскен келінге қояр талаптың жоғары екенін:

Үйіне тату құрбың келсе кіріп,
Сыздынбасын қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын, көңілі таза жүріп, - деген ойы арқылы жеткізді. Ақын «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» атты өлеңінде:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз ...
Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріннің бірің сөйле сөзің тосып,
Біріңді бірің ғиззат, құрмет етіс.

Түрғандай бейне қорқып, жаның шошып, - деп жас жұбайларға жарасымды инабат ирімдерін ұсынды.

Үшіншіден, Абай некелік өмірдің басталуы табиғи тірегі, яғни құқылық негізі жастардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі деп біледі. Абай түсігінде жастардың тең құқылығы махаббат бостандығы. Сол бостандықтың іс жүзінде асуы – олардың некелесуі деп қарады. Сондықтан ол өзінің көптеген өлеңінде осы идеясын паш етті.

Сүйген жүрек өз өмірін бөтен, өзі сүймеген адамға қимай, тіпті жас өмірін өз махаббатының құрбаны ететінін «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға, - деп, жас қызды өз бақытының құрбаны етіп көрсетуі ақынның махаббатты өмір деп бағалануын танытты.

Төртіншіден, Абай үйелмендік өмірдің психологиялық-эстетикалық мәнін махаббат жырларында өрнектеді. Өзінің басынан кешкен, оқып-білген, көріп байқаған жәйттерін түкпірінен жарып шыққан мөлдір бұлақтай төгілдірді «Көзімнің қарасы», «Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол», «Жігіт сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Жастықтың оты қайдасың», «Жарқ етпес көңлім не қылса да», «Қызарып, сұрланып», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Махаббат, достық қылуға», «Мен сәлем жазамын». «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім нені сезесің», т.б.өлеңдерінде шын махаббат не, ол адам психологиясына қалай әсер ететіндігін байқата отырып, жастарды сүйіспеншілік қасиеттің сыршыл әуенін түсіне білуге баулиды.

Абай шаңырақ көтерер жастардың іңкәрлік сезімдерін өз өлеңдерінде шеберлікпен жеткізді. Шын махаббат сөзбен емес, сезіммен, жүрек лүпілімен, бір-бірін қас-қабағынан танып білуі деп білді.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңінде:

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл, - деп жазды. Жоғарыда айтып өткендей ұлы Абай сүйіскен жастардың махаббат бақыты – олардың өмір бойы бірге болу одағы – некелесу деп білді. Сондықтан некелесу бір ғана адамды шын сүйіп, сонымен өмір кешу екенін өзінің «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде былай көрсетті:

Қызды сүйсең бірді-ақ сүй, таңдап тауып ...

Немесе

Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүретін, – деп жастардың некелесуіне үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Абай махаббаттың қартаймайтынын мәңгілік сезім екенін, оны қолдан шығарып алмай, өмір бойы аялау керектігін ескертті. Ақын пікірінше некелескен жұбайлар бірін-бірі өмір бойы ұғынып, бірін-бірі құрмет тұтып, бір-біріне жанашыр етене жақын туыс адамдай болып кететінін танытты. Отбасылық өмірде қуаныш та мол, қиындықта болып қалатыны, сол сәтте шын махаббат қиындықтар барысында шындала түсетінін, ал жалған махаббат (құмарлық) әлсіреп, суына беретінін көрсетті. Абай махаббат сезімінің адамгершілік парасатқа ұласуын қуаттады. Өзінің соңғы жылдары есейген шағында жазған «Домбыраға қол соқпа» өлеңінде:

Онан да жылы жүзіңмен,
Кел, жарым, қара бетіме.
Жылы тәтті жауап айт
Іштегі қайғы дертіме,
Іштегі ескі жалынды,
Сөндір жаңа қылықпен.
Сөйлеші жақсы жағымды,
Мендей көңлі сынықпен,

– деп, асыл жардың азаматқа сүйеу, көңілге медеу боларлық жанашыр достығын, қартаймайтын махаббатын паш етті.

Ақын жүрекпен сүйіскен жастардың қылығы сырттай қарағанда бір түрлі ерсі болып көрінетінін, бірақ бұл көріністің махаббатқа тән қасиет өзінің «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» өлеңінде аса сезімталдықпен танытты. Ол: «Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,

Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бойы тоңар, суыт, үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып»

– деп көрсетсе, «Қызарып, сұрланып» өлеңінде:

Қызарып, сұрланып
Лүпілдеп жүрегі
Өзгеден ұрланып
Өзді-өзі керегі.
Екі асық құмары,
Бір жолдан қайта алмай.
Жолықса ол зарлы
Сөз жөндеп айта алмай,

– деп махаббат психологиясының бейкүнә кейпін, адамның батылдығынан, бағдарлылығынан, ақыл-есінен айрылған күйімен салыстырады. Ақын махаббат сезімінің адам көңілін толқытар асқақ та жағымды күй тудыратын сәттерін «Көзімнің қарасы» өлеңінде:

Қайғың – қыс, жүзің – жаз,
Боламын көрсем мәз.
Күлкіңіз бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез.
Исің гүл аңқыған,
Нұрың күн шалқыған.
Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған, – деп тамаша суреттейді.

Ақын өз шығармаларында шын махаббаттың бар сырын жайып сала отырып, жастарды жалған махаббат, яғни уақытша құмарлықтан сақтандырды. Өзінің «Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол» өлеңінде шын ғашықтық пен жалған құмарлықтың өз алдына екі түрлі сезім екенін:

Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол,

– деп көрсете, «Жігіттео ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде:

Көп жүрмес, жеңсіккойлық әлі-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қонар,

– деп, олардың тұрақсыз, тұрлаусыз сезімдерін жек көрді. Әрі қарай «ұяламын деген көңіл үшін» өлеңінде:

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат, көрсе қызар.
Ар мен ұят ойланбай тәнін асырып,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар,

– деп, жастардағы өтініші құмарлықтың уақытша екенін, ол адамда азапсыз басталып, тез ұмытылатын құнсыздығын әшкере етті. Сондай-ақ үйелмендік өмірдегі қиындықтар кезінде шын сүйіскен жандарда махаббаттың мерейі аса түсетінін, керісінше жалған сезімнің суып, алыстай беретінін айрықша жеткізді.

Бесіншіден, ақын отбасылық өмірдің физиологиялық-гигиеналық мәніне ерекше назар аударды. Ол некелескен жастардың жұбайлық өмірі дер кезінде басталуын қалады. Әсіресе жігіттердің көпке дейін үйленбей жүріп алуын жақсылыққа жорыған жоқ. Бұл ойын өзінің «Ғабидоллаға» өлеңінде былай білдірді:

Мен –дағы көп естідім жастың назын.
Қол жетпеске қол созар, бар ма лажың?
«Боламынмен» жүргенде, болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім,

– деп, жастық шақтың негізгі шаруасы жастардың бас қасып, үй болуы деп көрсетті. Сезімтал Абай некелескен екі адамның жас мөлшері бір-бірінен алшақ болмау керектігін өзінің «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ер жүрек сату емес.
Кімде кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанымен қатын емес,

– деп, некелескен ерлі-зайыптылардың арасында 25-30 жылдай алшақтық болуы физиологиялық жағынан бір-біріне ай еместігін көрсете отырып, осы өлеңінде бұл ойын әрі қарай дәлелдей түседі:

Біреу – көк балдырған, бірі – қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз.

Немесе:

Екі көңіл арасы – жылшылық жер,
Оны қайтіп қосады ол ант ұрған,

– деп, мұндай некенің психологиялық жағынан да, биологиялық жағынан да үйлеспейтінін ескертті.

Алтыншыдан, Абай жастардың өз алдына шаңырақ көтерген кездерінде шаруашылық-экономикалық есебіне ыждағатты болуы керектігін естеріне салады. Екі жастың да отбасы қаржысын үнемді пайдалануын, адал еңбегінің құнын өмірлік қажетіне ғана жаратуға үндеді. Мақтан үшін артық дүниелікке қызықпай, не болмаса қолапаш сөзге қарқ болып, қолындағысын орынсыз шашпай үнемшіл болуға үйретті. Өзінің «Қуанбаңдар жастыққа» өлеңінде ол ойын былай білдірді:

Адалдан тапқан тиынды,
Сал да сақта қапшыққа.
Қолдағыңды қорғап бақ,
Мал арзан деп аптықпа,

– деп қолда бар қорды сақтап ұстауға, оны арзан дүниеге айырбастамай, тек мұқтаж-қажетіне жаратуларына кеңес берді.

Үй болғаннан соң еткен еңбегіне қарай жиналған қаражат-қоры болуын мұқият тапсырды. Осылайша, Абай жастарды жұбайлық өмірге баулуда мына мәселелердің шегін ашып береді:

1 Жар таңдауда тәрбиелі, ақылы ажарына сай, еңбекқор, адамгершілігі мол, таза жүректі адаммен бас қосқан абзал екенін танытты.

2 Жастық шақ адам өмірінің ең қызық, ең жауапты, ең мағыналы шағы екенін, басты ерекшелігі: алданғыш көңіл, албырт сезім, сенгіш жүрек, батыл әрекет, қызыққа құмар, қызылға өш өткінші мезгіл екенін қатты ескертті.

3 Жастық шақта отбасы болу, мақсат қуу, білім алу, еңбек қарекетіне төселу қажетіне, сонымен қатар бұл шақ-адамдықтың басталу шағы екенін, оны қалайда дұрыс бастау қажетін ескерте айтты.

4 Абай үй болу бақыты екі адамның тілек-мүддесінің бірлігі деп білді. Жастар өз бақытының қожасы, мұны берік дәстүрге айналдыру өз қолдарында екніне сенді.

Қорыта келгенде, Абай өзінің қол артқан үміті жастардың жұбайлық өмірді алдын ала даярлықпен бастауына ерекше мән берді. Ол өз кезіндегі үйелмен құрылымының барлық жай-жапсарын, жетістік-кемістігін түк қалдырмай алдарына жайып салды. Жақсысынан үйренуге, жаманынан жиренуге бар қолынан келген үгіт-насихатын арнады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық. 1 том, «Жазушы» баспасы, Алматы. - 1968 жыл.

2 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Қазақ ССР Ғылым Академиясы. М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, - Алматы. 1977.

3 Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, - Алматы, 1961.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

МУКАЖАНОВА Б. Е.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 43 ЖОББМ, Павлодар қ.

Оқыту қазақ тілінде емес мектептерінің қазақ тілі мен әдебиет сабағында мұғалімнің ең басты мақсаты, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятудың тиімді тәсілдерін қолдану. Сол арқылы ауызекі сөйлеу тілін үйретіп шығару, еркін сөйлеуге дағдыландыру. Білім беру үдерісінде мұғалім оқушылардың жеке тұлғалық даралық болмысын дамытуға «барлығы әрқайсысын жеке және әрқайсысы барлығын оқытады» деген қағидасын педагогикалық жағдай жасау үшін жүзеге асырады. Ұжымдық іс-әрекеттің жеке тұлғалық бағыты саралап оқыту қажеттіліктерімен анықталады.

Г. Ю. Ксенева ұжымдық оқыту тәсілінің төмендегідей негізгі басымдық белгілерін атап көрсетеді.

- қисынды ойлау және түсіну дағдыларын жетілдіреді;
- сөйлесу барысында ойлау қызметінің дағдылары дамытылады, жадының жұмысы іске қосылады;
- әркім өзін еркін сезініп, өзіне тән жеке қарқынмен жұмыс жасайды;
- ұжымдық еңбек нәтижесі үшін жауапкершілігі артады.;
- жеке тұлғаның өзін лайықты бағалауы қалыптасады;
- ақпаратты ұжымда талқылау материалды неғұрлым берік меңгеруді қамтамасыз етеді;

Ұжымдық жұмыстың төмендегідей белгілері білім беру үдерісінде толыққанды айқындалды, олар:

- ортақ мақсаттың болуы;
- жұмыстың, ондағы функциялар мен міндетердің бөлінуі;
- білім беру процесіне қатысушылар арасында ынтымақтастық және өзара жолдастық көмек.

Әрбір оқушыны сабаққа белсенді қатыстырып, шығармашылық қабілетін, ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру, өз ойлау әрекетін дамытып жетілдіру. Ал сол үшін мұғалім әрқашан ізденіс үстінде болуы тиіс. Сабақтың әр кезеңінде саралап оқыту өте тиімді, нәтижелі тәсіл болып саналады.

Саралап іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиынтық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.

Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады. Қазіргі кезде сабақ барысында саралаудың он түрін қолдануға болады. Олар: тапсырма, нәтиже, жұмыс қарқыны, қолдау, ресурстар, топтау, ақпарат, рөлдер, үй жұмысы және диалог.

Тапсырма бойынша саралау.

Барлық оқушылар орындай алады: мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс/бұрыстығын ажырату.

Алматы – әсем қала

Алматы – Қазақстанның бұрынғы астанасы. Алматы көптеген зәулім үйлер, демалыс орындары, жоғары оқу орындары бар. Көшелері ұзын әрі кең. Көшелерінің екі бойында жағалай өскен үлкен ағаштар бар. Алматы әсіресе көктемде әдемі болып кетеді. Себебі жеміс ағаштары гүлдеп, бүкіл дала жаңарғандай болады. Алматы – жасыл кілемге орнаған бақ қала.

Кесте 1

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Алматы – Қазақстанның астанасы.		v
Алматыда демалыс үйлері бар.	v	
Алматыда жоғары оқу орындары жоқ.		v
Алматының көшелері ұзын әрі кең.	v	
Алматы көктемде көріксіз.		v
Алматы – бақ қала.	v	

Интербелсенді тақтаның көмегімен тексеріледі.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: «Синквейн» әдісі. «Алматы – әсем қала» тақырыбына 5 жолды өлең құрастыру.

Бірінші жолда – тақырыпты бір сөзбен беріңіздер. (зат есім)

Екінші жолда – тақырыпты екі сөзбен сипаттаңыздар. (сын есім)

Үшінші жолда – тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазыңыздар. (етістік)

Төртінші жолда – 4 сөзден тұратын бір сөйлем құрастырыңыздар.

Бесінші жолда – тақырып мәнін ашатын бір синоним беріңіз.

Алматы
Үлкен, әдемі
Өседі, дамиды, әдеміленеді
Алматы – әсем қала
Бақ қала

Кейбір оқушылар орындай алады: жұптарымен «Мен Алматыға барғанда» тақырыбына диалог құрастырыңыз. Диалогті ортаға шығып оқисыздар.

Нәтиже бойынша саралау.

Тыңдалым алды тапсырма. «Тұжырым картасы» әдісі.

Барлық оқушылар орындай алады: жаңа сөздердің қай сөз табынан екенін анықтайды.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыра алады.

Кейбір оқушылар орындай алады: жаңа сөздердің синонимдерін табады.

Кесте 2

Жаңа сөздер	Сөз табы	Сөз тіркесі	Синоним
Зәулім	Сын есім	Зәулім үйлер	Биік
Кең	Сын есім	Кең көше	Ұлан ғайыр, ұлан байтақ
Қонақ үй	Зат есім	Бесжұлдызды қонақ үй	Жалдамалы үй
Гүлденген	Сын есім	Гүлденген қала	Көркейіп
Кесене	Зат есім	А. Ясауи кесенесі	Құмбез, мазар
Мүсін	Зат есім	Үш бидің мүсіні	Ескерткіш

Жұмыс қарқыны бойынша саралау.

Барлығы орындайды: «Карусель» әдісі, сұраққа жауап беру арқылы диалогке шығу.

Кесте 3

Сұрақ	Жауап
- Қазақстанның кандай көркті жерлерін білесің?	
- Ақсу Жабағылы қорығы қайда орналасқан?	
- Өсімдіктердің неше түрі бар?	
-Табиғатты қалай қорғайсың?	

Көпшілігі орындайды: «Дара диаграмма» әдісін суреттер арқылы толтырады

Кейбіреулері орындайды: «Детальді толықтыру» әдісі, диалогты өз ойынмен аяқтап, кластер жасау.

Қолдау бойынша саралау.

Берілген сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

Менің атым - ... . Мен Павлодар ... тұрамын. Павлодар (қайда?) ----- орналасқан. Шығыс аймақта тау, ... бар. Орталықта ... көп өседі.

Керекті сөздер: (солтүстікте, Аяулым, астық, орман)

Дереккөздер бойынша саралау.

«Графикалық органайзер – сөздер тұжырымдамалық картасы» әдісі арқылы жаңа сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс істейді.

Еңбекқор, ақылды, мейірімді, сабырлы, гимарат



Сурет 1

*Барлық оқушылар орындай алады:*сөздер мен сөз тіркестерін құрастырады.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: сөздер мен сөз тіркестерін құрастырады және синоним жазады.

Кейбір оқушылар орындай алады: сөздер мен сөз тіркестерін құрастырады, синоним сөздермен сөйлем құрастырады, сұрақ қоя біледі.

Үлгі: Н. Ә. Назарбаев – Тұңғыш Президент.

Топтау бойынша саралау. «Аралас топ ұйымдастыру»

1 Суреттерді мұқият саралап топқа бөліну.

I топ – Павлодар II топ – Алматы III топ – Нұр-Сұлтан

Сурет 2

2 «Мозаика» әдісі : Үш түрлі-түсті қағаздарда жазылған сөздерді бір сөйлемге жинақтап, топқа бөлініп отырады.

I топ: Біздің Отанымыз – Қазақстан.

II топ: 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні.

III топ: Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Үй тапсырмасы бойынша саралау.

Барлық оқушылар орындай алады: «Алматының көрікті жерлері» тақырыбына сурет салыңыз. Сурет бойынша әңгімелеңіз.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Алматы туралы өлең жаттаңыз.

Кейбір оқушылар орындай алады: Тыңдалым мәтініне ұқсас өздеріңіз тұрып жатқан жеріңіз туралы шағын мәтін жазыңыз.

Жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығы артуда. Жоғарыда аталған сипаттамалар бойынша саралау сабақта жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық «НазарбаевЗияткелік мектебі» ДББҰ, 2014.

2 Қараев Ж. А. Білім беру процесіндегі танымдық әрекеттің белсенділігі. Алматы, 2005. - 146 б.

3 Тоқсанбаева Н. Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы // Алматы., 2001. - 28 б.

4 Якиманская И. С. Личностно – ориентированное образования. – М., 2000.

5 https://stud.kz/referat/show/74761

6 http://expert.atamura.kz/ru

МЕДИА ЖАРНАМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.
ф.ғ.к., қауымд. профессор, ПМПУ, Павлодар қ.
НУРГАЛИЕВА З. К.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.

Әлемдегі нарықтық қатынастардың дамуымен коммуникацияның маңызды түрлерінің бірі ретінде жарнаманың рөлі артты. Жарнама – белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған және оны жүзеге асыруға ықпал ететінкоммуникативтікүдеріс.

Бұқаралық ақпарат құралдары – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», – деген. Бұқаралық ақпарат құралдарының адам өмірінде ерекше орын алатынын француз жазушысы Оноре де Бальзактың баспасөзді «төртінші билік» деп айтқанынан-ақ аңғаруға болады.

БАҚ – бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Ірі мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады. Осы бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі – жарнама.

Жарнама дегеніміз – белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарлама жиынтығы. Жарнама (жар+нама; «жар» – жария етті, мәлімдеді, хабар таратты, жарияланды; «нама» – араб, парсы «жазылған хат, шығарылған бәйіт, дастан» – қазақ мәдениетінде кең қолданылған ұғым, дефинициясы айқын термин. Энциклопедиялық, лексикологиялық, мағлұматнамалық, терминологиялық еңбектерде берілген анықтамалардан шығатын қорытынды – «жарнама – спектакль, концерт немесе көрермендерге арналған басқа да мәдени шаралар, спорттық жарыстар, ойын-сауық туралы хабарландырудың бір түрі».

Жарнама – тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілерін көрсетуі қажет. Ал, ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді. Жарнама мәтіні ұлт тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана, өзінің негізгі мақсатын атқара алады.

Қазіргі қазақ жарнамалары таралу жолдарына, қамтитын тақырыптарына, түрлеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді:

- сыртқы жарнама (маңдайшалар, жарнамалық қалқандар, панно, плакаттар);

- теле және радио жарнама (жарнама роликтері, жарнамалық телерепортаждар, теледидардағы жарнамалық қатарлар, радио хабарландырулар, радио роликтер);

- парақша жарнама (каталогтар, буклеттер, жапсырмалар, шағын жарнама парақтар, шақыру билеттері, баға көрсеткіштері);

- газер жарнамасы (газет-журналдарда жарияланған жарнама мәтіндері).

Жарнама беруде өнім туралы хабарлау жеткіліксіз, оның артықшылықтарын жариялау қажет.Қазіргі уақытта жарнама ұғымының көптеген анықтамалары бар.

Жарнама – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармаларытуралы хабар таратып, оларды әйгілеу.Жарнаманың мәні оның қоғамдық, экономикалық, маркетингілік және коммуникациялық рөліне байланысты. Жарнаманың әлеуметтік рөлі оның адамдардың санасы, көзқарасы, пікірлері мен мінез-құлқының қалыптасуына әсерін тигізуінде.

Жарнама сұраныс пен ұсыныс жасауға,бәсекенің пайда болуына, инвестиция үйіруге, өткізу нарығының кеңеюі мен, сайып келгенде, жалпы экономиканың және оның әртүрлі саласының дамуына әсерін тигізеді. Бұл жарнаманың экономикалық рөлін ерекшелейді. Жарнама тек өнім туралы ақпарат беріп қана қоймай, оның тұтынушы санасында әлдебір бейне ретінде қалыптасуына әсер етеді. Осыдан жарнаманың коммуникациялық рөлін байқауға болады. Жарнама тауар сұранысының, өткізу көлемінің өсуіне тікелей әсер етеді. Нарықтық қатынас заманында жарнаманың, оның ішінде медиа жарнаманың дамуы әлдеқайда зор.

Медиа (ағылш. media) жарнама– бұл мақсатты аудиторияның назарын дәстүрлі тасымалдаушылардың көмегімен, сондай-ақ коммуникацияның жаңа құралдары –сандық және желілік технологиялар есебінен жарнама материалдарына аударуға арналған мәтіндік, дыбыстық және графикалық ақпарат.

Осыған байланысты барлық медиалық жарнаманы шартты түрде классикалық және интернет-жарнамаға бөлуге болады. Бірақ онлайн-көздер теледидар, радио және баспа БАҚ-тарды ауыстыратындықтан, интернеттегі медиалық жарнама ең танымал жылжыту құралдарының бірі болып табылады.Медиа-жарнама – жарнама алаңы болып табылатын сайттарда мәтіндікжәне графикалықжарнама материалдарын орналастыру.Көптеген белгілері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы (БАҚ) жарнамаға ұқсаскеледі.

Нақты медиа жарнаманың зерттей келе, бірнеше түрлері бар екені анықталды. Атап айтқанда, тележарнама, интернет арқылы

жарнама, компьютерленген жарнама, тікелей пошталық жарнама, сыртқы жарнама, көліктегі жарнама, аудиовизуалды жарнама, радиожарнама т.б.

Радиожарнама. Негізгі түрлері – радиохабарландырулар, радиожурналдар, радиорепортаждар, радиороликтер.

Тележарнама. Ең танымал түрлері: телеролик, телехабарландыру, жарнамалық бағдарламалар, бағдарлама арасындағы телезаставкалар.

Аудиовизуалды жарнама. Бұл – жарнамалық роликтер, жарнамалық-техникалық фильмдер, жарнамалық-беделді фильмдер, бейне фильмдер және слайдтар.

Бүгінде жарнаманың жаңа түрлері мен жаңа қалыптары пайда болуда, алайда жарнама мәтінінде әрдайым негізгі, жетекші қызметті сөз атқарады. Жарнама тілі қазақ тілінде жаңа сала деп қарастыруға болады. Қазіргі таңда жарнама үстем болып отырған орыс тілінде дайындалады да, кейін қазақ тіліне аударылады. Бұл жағдай керісінше болуы тиіс. Алдымен қазақ елінде қазақ тілінде әзірлену керек. Сол тілдің ыңғайына жығылу, сол тілде қалай жазылса, үтір нүктесіне дейін қалдырмай, қазақ тілінде де солай жазу басым. Оған лайық балама немесе қазақ тілінің тілдік нормаларын сақтау ұмыт қалғандай. Сөзбе-сөздіктің қазақ тілінің грамматикалық құрылысына, қиыстыру жүйесіне қиянат жасаған жерлері баршылық. Қиыны, міне, осында. Небір жарнама аудармаларын оқып отырғанда, қарап отырғанда, не оқып, не түсінгеніңді білмей қайран қаласың. Бірен-сараны болмаса, кілең қазақ сөздерінен құрылған тіркестер өзара байланыспай, қиыспай нақтылы ұғым берместен сіресіп тұрады. Сөзім дәлелді болу үшін мысал келтірейін:

Строительные материалы – Құрылыс заттары

Оптом и в розницу –Көтерме және бөлшек.

Бұл мысалда сөйлем тиянақсыз, аяқталмаған. Негізгі ой – құрылыс заттарының көтерме және бөлшек бағамен сатылатындығында, яғни бұл сөйлем «баға» деген сөзді керек етіп тұр. Демек, «Құрылыс заттары. Көтерме және бөлшек бағамен» десе, сөйлем түсінікті болар еді.

«Құлақтан кіріп бойды алар» дегендей қандай керемет аудармалар.Нағыз өмірге сән беретін құбылыс.Осыларға қарап күнделікті өмірде де бір жаңалық барын білеміз, десек те қазақша жарнама тілін қалыптастырып, ұлттық бояуды сақтап отырсақ, іргесі берік ел болатынымыз айғақ.

Тоқсан сөздің тобықтай түйіні, көрнекі ақпарат пен жарнаманың аударма нұсқасын емес, семантикалық, грамматикалық, стилистикалық

нормалары сақталған қазақша жарнама тілін дайындауға ерекше көңіл бөлу керек. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, жарнама практикалық қызметтің ерекше саласы болғандықтан, оның өнімдерін жарнамалық мәтіндергежатқызамыз.Алайда мәтіннен басқа коммуникацияның табыстылығын арттыратынерекше маңызы бар экстралингвистикалық факторлар маңызды рөл атқарады. Яғни ақпараттың негізгі тасымалдаушысы тек мәтін емес, жарнамалық дискурс болып табылады. Жарнамалық дискурстың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда,когнитивті, эмоционалдық, әлеуметтік, психологиялық және т.б. Жарнамалық дискурстың бір түрі – жарнамалық дискурстың прагматикалық бағыты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ибраева Ж. Қ. Психолингвистика негіздері: оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2010. – 125 б.

2 Эдвардс Ч., Браун Р. Реклама в розничной торговле США. – М., 1987. – С. 9-11.

3 Асанбаева С. А. Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың әлеуметтік-лингвистикалық өзекті мәселелері: оларды шешу жолдары: филол. ғылым. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 150 б.

4 Сулейменова Э. Д., Шаймерденова Н. Ж., Смагулова Ж. С., Аканова Д. Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 б.

5 Бердібаева С. Жарнама психологиясы // Ұлағат. – 2000. № 2 –Б. 27-29.

МӘШҺҮР ЖҮСІП (АДАМЖҮСІП) ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

НҰҒЫМАН М. Т.
магистрант, С. Торайғырова атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жалпы қолжазбаның ертеде жазылғанына қарамастан, М. Жүсіп жазып қалдырған мұралар жақсы сақталған деуге болады. Себебі көнелігіне қарамастан ақын жазуы әрі ашық, әрі анық т.б. болып келеді.

Бұл жазбалар ішінде Мәшһүр Жүсіптің таза дінге қатысты, құран, дұға т.б. сөздерін қамтитын арнайы кітабы да бар. Мәшһүр жазбаларының жанрлар құрамы (миф, хикая, ғұрып жырлары, қаһармандар эпос, ғашықтық эпос, тарихи эпос, айтыс т.б. түрлері) әр түрлі болып келеді. Негізінен, Адамжүсіп жинаған фольклор

үлгілерінің басым көпшілігі – аңыздар, түрлі әңгімелер т.б. Мұндағы аңыздар: «Ой түндік беленде деген қай жерде», «Шайқы Бүрқы әулие», «Талмас ата әулие», «Болған ана мен Белен ата», «Асан қайғы», «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз», «Нух пайғамбар мен бір кемпір» т.б. болып келеді.

Адамжүсіп жазбалары арасында мифтер де, діни хикаяттар да кездеседі. Мәселен, «Нух пайғамбар мен бір кемпір туралы» хикаятта: пайғамбардың да адам тәрізді қателесуі сөз болады.

Нух пайғамбар туралы хикаяттар Библия мен Құранда баяндалатын топан су жайындағы сюжеттерге негізделгені белгілі. Ал, жер жүзін су басып, әлем теңіз астында қалатыны жөнінде мифтерді Библия заманынан да бұрын пайда болған Шумер иен Вавилион, сондай-ақ ежелгі Үнді мен Қытай мифологиясынан білеміз. Көне мифологияда да, Библия мен Құранда да топан су жер бетіндегі адамдарға арналған жаза деп айтылады. Кітапта топан су жіберілетінін Құдай (Алла тағала) алдын ала Нұх пайғамбарға ескертіп, кеме жасап аман қалуды ескертеді... Шығыс аңыз әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы көп айтылатындығы белгілі. Сондай-ақ Мәшекеңнің «Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа» атты хикаятты өз алдына төртінші сюжет желісі деп атауға да болады.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында сондай-ақ тұрмыс-салт жырларының түрлері де кездеседі: беташар үлгісі, жар-жар, түрлі-түрлі баталар, жоқтау, жаңа түскен келінге ақ тілеу айту, келіншекке өсиет т.б.

Мәшһүр Жүсіп қыз бен жігіт айтысының не бір тың нұсқаларын да топтастырған. Мәселен, «Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы», «Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы», «Шоң Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек-Қамбар Жанақ пен Найман Сарыбай айтысы», «Қаракесек-Қамбар Жанақ пен Найман Түбек айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Орманшы – Сақау ақын айтысы», «Қуандық Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Керей-Тұрлыбике ақыны Үрімбай мен Арыстанбай ақын айтысы», «Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман-Түбек айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы» т.б.

Мәшһүр Жүсіп халық ішінен «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» т.б. тәрізді қаһармандық жырлар мен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» т.б. ғашықтық жырларды, сондай-ақ «Киік», «Бозторғай», «Дін үйренетұғын» тәрізді басқа да үлгілерді қарастырған. Мұндағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын», жырларын Адамжүсіп 1866 жылы Қамараддин хазіреттің қолжазбасынан алғанын, оны жаттап, ел арасында тыңдаушыларға таратқанын білеміз.

Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) халық арасынан әр түрлі ертегі үлгілерін де қағазға түсірген: «Еділ Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алама хан», «7 жасар желкілдек», «Ер Тарғын», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» т.б. Бұл қағазға түскен ертегілер ішінен «Алаша хан», «7 жасар желкілдек», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Тама Сарыбас мерген» атты нұсқалар Адамжүсіп атынан жарық көрді.

Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) қолжазбалары арасында «Еңсегей бойлы ер Қасым» атты ертегі (шамасы «Ер Есім» болар), онда жоғарыдағы ертегімен қоса бірнеше фольклор нұсқалары да бар. Оларды 1920-21 жылдары Әбубәкір Диваев жинаған» деген дерек те бар.

Мәшһүр Жүсіп шығармалары ішінде көптеп мақал-мәтелдер де кездеседі: «Ат биеден туады, алып анадан туады деген сөз тарауларының мәнісі», «Екі қырағыдан су қараңғы», «Үйқыда өскен бұзау өгіз болмайды», «Абылай аспас сары бел» т.б. Мәшһүр Жүсіптің жинаған мақал-мәтелдері қайдан жазып алғанын, көбінесе сөз арасында айтып кетіп отырады. Мәселен, «Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес» деген мақалды Адамжүсіп: «Күні кеше Сарыарқада қасиетті, шарапатты болып өткен Ғайса Бикей ишан дуан айтып отырады», - дейді.

Сол сияқты: «Байды құдай атқаны, жабағы жүнін сатқаны», деп басталатын топтамадағы мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп Шортанбай қожа айтты десе, «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, «Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды» - деген жолдан басталатын мақал-мәтелдерді Мұса Шорман би ұғылынан естігенін жазады. Мәшһүр Жүсіп Абай Құнанбайұлының да үлгілі сөздерін қағазға түсірген. Жалпы жиналған мақал-мәтелдердің көпшілігіне дерлік Мәшһүр Жүсіп анықтама мен сипатамасын т.б. бірге беріп отырған. Яғни ол мақал-мәтелдердің қандай жағдайда, не себептен туғандығына, ел арасында не үшін қолданылатынына, о баста қандай мағына бергендігіне, тіпті қай заманнан бері айтылып жүргендігіне де т.б. назар аударады», - деген құнды пікірлер кездеседі.

Жазбаларының бірінде: «Молдалар», «Құдай сөзі құран айтады», «Пайғамбар сөзі хадис-шариф мынау», «Хадис-шариф,

алла жаратады», «Шіл Алутин мен Алайман, хадис-шариф»,- делінген айдармен мақал-мәтелдер топтамалары кездеседі.

Фольклорды жинаушылық барысында белгілі фольклортанушы ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Василий Василивич Радлов, Григорий Николаевич Потанин т.б. тәрізді Адамжүсіп те өзіндік жинау әдістемесін қолданғаны белгілі. Олар: тілдік ерекшеліктерді сақтау, түпнұсқа дәлділігі, айтушы аузынан сол қалпында қағазға түсіру, арнайы бір жанрға лайықты материалдарды жинау мен топтастыру т.б.

Белгілі фольклортанушы Әбубәкір Диваевтың да жинау әдістемесінің осы сипатын ғалым Нина Смирнованың еңбегінде кездеседі: «Широта охвата всех элементов народной поэзии отличает методику Диваева-собирателя. Он записывает массу жанров казахского фольклора: эпос и сказки, сказания и легенды и побасенки, нравоучения, пословицы и загадки, песни и айтысы, заговоры, заклинания, обрядовую поэзию, песни баксы и бадик» [1, б. 151]

Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) өз өмірінде Бұхар, Ташкент, Түркістанға 3 рет сапар жасағаны мәлім. Бірі – біз айтып кеткен 29 жасар кезі болса, 1887 жыл, екіншісі – 37 жасар кезі де 1895 жыл, үшіншісі – 49 жасында, яғни 1907 жылы.

Жоғарыда аталған сапарларында тек білім-ғылым жолын ғана қумай Мәшһүр Жүсіптің халық аузынан не бір аңыз-әңгімелерді, тұрмыс-салт жырларын, билер мен хандар сөздерін, ертегілер мен жырларды, ақындар айтысы мен өлеңдерін, тарихи уақиғаларды т.б. бәрін хатқа тізбектеп түсірумен болған. Және де ол сапарларында кімдермен кезіккенін, жолыққанын, кімдермен дәмдес, табақтас болғанын, кімнен не жазып алғанын т.б. көрсетіп отырғаны – бәрі фольклор тарихы үшін мәнді.

Қорыта айтқанда Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) жинаушылығы 3 түрде, 3 әдісте жүргенін анықтаймыз. Олар:

а) ауызша айтылғанды сөзбе-сөз, немесе тыңдау негізінде хатқа түсіру;

ә) ел ішіндегі қолжазбалардан көшіру;

б) ертеректе шыққан кітаптардан көшіріп алу.

Мәшһүр Жүсіп Баянауыл жерінде туып, Бұхарда дін оқуын үйренген. Бірақ ол молдалықтан қол үзіп, «Дала уалаятының газеті», «Айқап» журналының бетінде елдің әл-ауқаты мен хал-жағдайына қатысты өлең, мақалаларын жариялап, қазақ ауыз әдебиетін көп жинаған адам. Көзі тірісінде бірнеше өлеңдер жинағы жарық көреді.

Оның шығармаларының басты тақырыбы – ұлт еркіндігі, жер-су, әлеуметтік мәселелер, кәсіпкерлік, шаруа тілегі, дін бостандығы, оқу-ағарту, білім, отарлық езгіге қарсылық, қоғамдағы қайшылықты

сынау т.б. өз кезеңі үшін үлкен мәні бар халықтық-демократиялық мәселер болды.

«Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» деген туындысында ол 1905 жыл көтерілісіне үлкен үміт артқаны белгілі. Ақын бостандық күресіне түскендерді «арыстанға» теңей отырып, қалың бұқараны да саяси күреске шақырады. Халықты шырмап отырған патшалық тәртіпке бұдан артық қарсылықтың болуы мүмкін емес. Бұл тұста Мәшһүр Жүсіптің діни түсінігі мол бола тұрса да, ол революциялық сананың жыршысы болды.

Профессор Бейсенбай Кенжебаевтың: «Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша өкіметінің чиновниктерін сынайды» - деген пікірі өте орынды айтылған деп бағалауымызға болады.

Жалпылап айтқанда, менің ой-пікірімше Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларынан шығыстың ұлы шайырларының, Абайдың үлгі-өнегесі, озық ойлары байқалып тұрады.

Қазақстанның халық жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдрының докторы, ақын Әбділда Тәжібаев: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев дегенді білмейтін қазақ зиялыларында жан жоқ. Әрі ақын, әрі ақылғой жан, ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жалын берік ұстанды. Ақындығын да мұрат етті», - деп терең талғапты.

Ақынның адам өмірі, тіршілік туралы өлеңдерінен өзі өмір бойы іздеп, көп зерттеген ұлы жырау – Бұқар жырау шығармаларының әсерін сезінуге болады.

Үш жасынан бастап, жетпіс үш жас аралығындағы өмірінен деректер келтіруі, өмір сыры мен қызық қиындығын, мәнін жүйелеп айту бар.

Жалпы ақын шығармаларына зерделей қарап, тереңірек үңілсек, поэзияны жан сезім емес, үлкен саяси мазмұнын құралына айналдыра білген, әділеттілік пен бостандық идеясын жырлағандығын айқын сезінеміз.

Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп «1905 жылдың жыршысы, патшалық тәртіппен капитализмнің сыншысы, ұлт-азаттық қозғалыстың басты ақыны», деп бағалаумызға әбден болады.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің озық үлгілері – мысалдары «Шайтанның саудасы» өлеңінде шайтан 5 есек, 10 кашырға жүн артып базарға бара жатады. Оның бірінде өтірік, бірінде күншілдік, қастық, айла, озбырлық, зұлымдық, ұрлық сияқты заттар бар; Ғайса

жолығып, «Мұның ішерге ас, киерге киім емес, кім алады?» - десе, шайтанның заттарын би-болыс, ұры-қары, бай-молда, ишандар бір сәтте қағып әкетеді. Бұл сол кезеңдегі саяси тәртіпті, ақшаның үстемдік құрған заманын сынайтын сатира.

Ақынның мысал өлеңдерін негізгі ой желісі шығыстың ұлы ақындарының бірі Румидың «Ұрланған қой хақында», «Қараңғылық», «Каһарлы шах қақанда тағы басқа өлеңдеріндегі әлеуметтік қоғам шындығын бейнелейтін сатирамен бір сарындас, өзектес.

«Бұлбұл мен қаршыға» өлеңінде ақын Мәшһүр Жүсіп осы екі образды салыстыра отырып суреттеген. Бұлбұл ұзақ күндер бойы қызыл гүл мен таңның атуын жырласа, қаршыға мырзалардың қолында жүріп түз (дала) құстарын ұстайды, жыртқыш бейнесінде көрсетілген. Мұнда да билеуші таптың зорлық-зомбылығы сынға алынған. Сол сияқты «Тырна мен қасқыр өлеңі ұлы ақын Абайдың аудармаларындағы «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен түлкі», т.б. қазақ ақындарының мысал өлеңдерін үндестік тапқан.

«Жарты нан хикаясы» атты мысалында ақынның айтар аты шығыс ақындары мен ойшылдарының, Абайдың қара сөздерінің, даналық мәйегімен төркіндес.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

«Өсекті қожа, молда айтады.
Басқадан олар тіпті оңды айтады.
Арасын ағайынның балдай тәтті,
Дау – жанжал ұрыспенен молайтады»,

– деп, ауыл арасындағы шала оқыған, білімі таяз, тек «жаназа» шығарсақ дегенді білетін молда мен қожаларға қатты сынайды, Өйткені, Мәшһүр есімі көзінің тірісінде-ақ көп жерге тарап кеткен, ақынның бұл кезде бірнеше кітаптары шығып, елге танылса, екіншіден көне мұраларды жатпай-тұрмай хатқа түсіріп белгілі болғаны, «ғұлама» атанғаны, жұрттың айрықша құрметіне бөленгені белгілі. Осындай оқығаны да, тоқығаны да мол соншалық білімі иесі Мәшһүр Жүсіптің ерекше бір қасиеті-молдалық құрмауы. Халқын жан-тәнімен сүйетін ақындарға тән қасиет, қарақан басының қамын ғана ойлап қоймай, өзгелердің де мұң-мұқтажы үшін «қара қылды қақ жаратын» әділдігімен, турашылдығымен ел ішінің «пысықтарына» жақпай қалатын кездері болған:

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бейсенов Б. М. Ж. Көпейұлының саяси - әлеуметтік көзқарастары // «Ізденіс». 2000 ж. (№ 2). 189 б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

ОМАРОВА Ж. М.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Еліміздің білім саласындағы түбегейлі өзгерістердің бірі - орта білім беру мазмұнының жаңартылуы. Бұл пән мазмұны мен оны тиімді меңгертудегі технологиялар мен әдіс-тәсілдердің жаңаруымен ғана емес, жалпы білім берудің пәлсапасының да өзгеруімен байланысты. Басты ерекшелігі ең алдымен, пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі. Бұл дегеніміз - оқушының белгілі бір дағдыны жүйелі түрде жеңілден күрделіге өту қағидатына сәйкес игеруі. Мәселен, грамматикалық нормаларды сақтау бойынша оқу мақсаттарын игеруде оқушы 2-сыныпта мұғалімнің көмегімен түбір және көмекші сөздерді ажырататын болса, келесі сыныпта негізгі түбірге жұрнақты жалғау арқылы туынды сөз жасап, түбірлес сөздердің мағынасын ажыратады, 4-сыныпта күрделі сөздердің түрлерін ажырата алатын болады. Екінші ерекшелігі – оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша берілуі. Яғни, оқушылар алдымен ойлаудың білу, түсіну, қолдану, кейін талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерін игеретін болады. Үшінші ерекшелігі -оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастырылуында. Дәстүрлі педагогика тілімен айтатын болсақ, бағдарлама, күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарлары арқылы сабақтың ұйымдастырылуы.

Білім мазмұнын жаңартудың негізгі түйінді мәселелерінің бірі оқушылардың өз оқуы үшін жауапкершілікті ала отырып, өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарды шеше отырып, тәжірибе жинақтауы болып табылады. Шетел ғалымы Венден (1985) оқылым әдіс-тәсілдері оқушының өз оқуы үшін жауапкершілік ала отырып, өзінің оқудағы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді деген тұжырым жасайды [2]. Жалпы адамның бақытты әрі табысты өмір сүруі оқумен, еңбекпен байланысты екендігін бұрын да, бүгін де өз қызметінде белгілі бір нәтижеге, пайдаға жеткен тұлғалар айтып та, жазып та жүр. Адамның табысты болуының басты сыры да осы оқумен байланысты. Демек, оқушының оқылым дағдысы неғұрлым жақсы жетіліп, қалыптасса, оның табысты болуға соншалықты мүмкіндігі зор. Оқылым ол тіл үйренуде ғана емес, өз ана тілінде де оқып-үйрену аса маңызды. Бірақ біз өз мақаламызда мемлекеттік тіл - қазақ тілін үйренудегі оқылым дағдыларын қалыптастыру мен

дамытудың негізгі мәселелерін қарастыратын боламыз. Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың бір бөлігі. Оқылым дағдылары тікелей жазылым кезеңімен байланысты. Оны оқу үдемелігін қалыптастыру кезеңдеріне қарап та танып білуге болады. Ф. Оразбаева өз зерттеулерінде «оқылымның берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің» маңызды екендігіне баса назар аударады [3]. Оқылым кезінде тіл үйренуші қажетті ақпаратпен танысады, оны өзінің тәжірибесінде пайдалануды негізге алады. Оқылым арқылы тіл үйренушінің танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамитын болады. Оқылым механизмдерін қолдана отырып, мәтіндегі өзіне қажетті ақпаратты алатын болады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасында оқылым бойынша оқу мақсаттары келесідей жіктеліп берілген:

Кесте 1

Оқылым бойынша оқу мақсаттары	Жүзеге асыру жолдары
Мәтіндегі ақпаратты түсіну	Мәтіндік және графиктік ақпаратты түсіну, оларға түсініктеме беру дағдыларына арналған. Деректері бар мәтін немесе сызба, кесте, диаграмма беріледі. Оқушылар ақпаратты талдайды.
Стильдік ерекшеліктерді анықтау	Стилистика ғылымындағы стиль түрлерімен танысады. Стильге байланысты жанр түрлерімен танысады. Ашық және жабық сұрақтар арқылы мәтіннің тілдік құралдарын, жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.
Көркем шығарма оқу	Көркем шығармалардан үзінді беріледі. Түпнұсқалық мәтін немесе бейімделген мәтін. Ашық және жабық сұрақтар бойынша кейіпкерлерді талдау, негізгі ойды, тақырыбын анықтау жұмыстары жүргізіледі.
Мәтінге салыстырмалы талдау жасау	Оқушыларға әртүрлі мәтін беріледі. Оқушылар мәтінге салыстырмалы талдау жасай отырып, тілдік ерекшелігін, тақырыбын, мақсатты аудиториясын, көтерілген мәселені анықтайды.
Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу	Тақырып бойынша газет-журнал, ғаламтордан мәтін беріледі. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәтіндерді оқи отырып, қажетті ақпаратты табады, қарама-қайшылықтарды анықтайды.

Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау	Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолданып, көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырады, баға береді, ойын дәлелдеп жеткізеді. Мәтіннен кейінгі кезеңге жатқызуға болады. Оқушыларға арнайы талқылау сұрақтары беріледі.

Енді осы оқу мақсаттарына қалай қол жеткізуге болатынына жеке-жеке тоқталып өтейік. Оқылым әдіс-тәсілдері 3 кезеңді қамтиды.

Оқылым алдындағы кезеңде оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғу үшін, сондай-ақ оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын қалай қолдану керектігін, мәтіннің мазмұнын табуды және зерттеуді үйреніп, өздерінің анағұрлым тиімді оқуына көмектеседі.

Оқылым барысында оқушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін үйреніп, оқу жылдамдығын қалай арттырып, бұрын таныс емес сөздердің мәнін қалай ажырату керектігін үйренеді.

Оқығаннан кейінгі кезеңде оқушылардан қайтадан оқып шығып, белгілі бір ақпаратты табуды және оқығандарын түйіндеуді сұрауға болады [2].

Осы оқылым кезеңдерін сақтай отырып, мәтіндегі ақпаратты түсіну үшін алдымен деректері бар мәтін немесе сызба, кесте, диаграмма беріледі. Оқушылар ақпаратты талдайды. Осы жұмысты ұйымдастырар алдында тыңдалым, айтылым дағдылары бойынша жұмыстар жасап аламыз. Тақырыпқа сәйкес ресурстарды іріктеп ұсынамыз. Мәтіндегі ақпаратты түсінудің түрлі тиімді тәсілдері бар. Ол үшін негізгі түйінді сөздерді тауып, олармен жеке жұмыс ажауға болады. Түйінді сөздердің негізінде негізгі ақпаратты түсінеміз. Оқылым кезеңінде негізгі ақпаратты бөліп алып, олардың негізінде жатқан өзекті ойды талқылаймыз. Оқылым кезеңінде топтық, жұптық талқылау жұмыстарын жасаған әлдеқайда тиімді болады. Оқылымнан кейінгі кезеңде осы сөздері талқылап, түсінген ақпаратты өз қажеттеріне қаншалықты жарата алды сол туралы ой өрбіткен дұрыс. Бұл оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін «Ой қозғау», «Миға шабуыл», «Ара», «Галереяға саяхат» әдістерін пайдаланған тиімді болады.

Стильдік ерекшеліктерді анықтау оқу мақсаттарына қол жеткізу бүгінгі күндегі заманауи оқу тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар әр түрлі стиль түрлерін меңгеру арқылы жарнама, хабарландыру, хат жазу, ресми іс-қағаздарды ресімдеуді үйренеді.

Бұл жерде «постер», «автор орындығы», «идеялар қобдишасы», «ментальді карта» сияқты тәсілдерді ұтымды пайдалануға болады. Мәтіннің стильдік ерекшеліктерін жетік меңгеру үшін оқушыларға дайын шаблондардарды(құрылымдарды) беру арқылы қолдау көрсету тиімді болмақ. Әсіресе тапсырманы саралап беру арқылы деңгейі әр түрлі оқушылардың жұмыстарын табысты етуге болады.

Келесі көркем шығарманы оқу мақсатын мұғалімнің түрлі тәжірибелерге сүйене отырып, оқушыларды қызықтырып өткізуіне «венн диаграммасы», «торлы диаграмма», «аңғімелеу пирамидасы» сияқты алуан түрлі графикалық органайзерлер ықпал етеді. Көркем шығарманы оқу кезінде оқушыларға сөздіктермен жұмыс жасатқан жақсы. Бұл мәтін туралы негізгі ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушы негізгі ақпаратты оқып, түсінгеннен кейін ол ақпараттарды жүйелеп, жинақтап беруге тырысады. Осы кезде топтық талдау жұмыстарын жүргізген тиімді болады. Кейіпкерлерді талдау, сипаттама беру кезінде топ болып талқылау, сыныптың басқа бөлігінің алдында қорғау оқушылардың білімдерін одан сайын бекіте түседі. Жалы көркем шығарманы оқу мақсатының табысты жүргізілуі келесі мәтінге салыстырмалы талдау жасау оқу мақсатын тиімді меңгертуге негіз болады. Мәтінге салыстырмалы талдау жасау кезінде оқушының грамматикалық бірліктерді тереңдей меңгеруіне мүмкіндік туады.

Оқушылардың жалпы оқу мақсатына қол жеткізуіне мүмкіндік беретін тиімді құралдардың бірі - ресурстар. Ресурстардың алуан түрлілігі оқушылардың қосымша ақпарат көздерімен жұмыс жасай алуына, өзіне қажетті ақпараттарды іріктеп, қолдана білуіне ықпал етеді. Қосымша ақпарат көздерімен жұмыс жасау оқушылардың функционалдық сауаттылығын да арттырады. Өзіндік көзқарасын білдіру мен баға беруде оқушылар «сана саяжолы», «ар-ождан аллеясы», «бес жолды өлең» т.б. әдістерді тиімді пайдалана отырып, қорытынды жасай алады. Оқылым бойынша оқу мақсаттары Б.Блум таксономиясының негізінде құрастырылған және оқушының тілдік дағдыларды жетік әрі жылдам меңгеруіне ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012.

2 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

3 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. «Сөздік-Словарь» 2005.

4 Әлметова Ә. «Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы : «Арыс» баспасы, 2007. - 114 бет»).

5 Мұғалімге арналған нұсқаулық (үшінші деңгей).

6 «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». Республикалық педагогикалық басылым, 2012, № 6.

7 «Қазақ әдебиеті» газеті. № 16 19-25 сәуір, 2013.

8 Қараев Ж., Баймұханов Б., Ахмедова Р. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі. - Алматы, 2014.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН ҒАЛЫМ

ОРАЗАЛИНОВА А. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 28 ЖОББМ, Павлодар қ.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңменен жер қойнына кірер денең,» - деп Ұлы Абай айтқандай, әдебиет пен өнер шырылдап туған шарана сәбиден бастап еңкейген кәріге дейін қызмет етеді. Қазақта көп қырлы адам көп болған, солардың бірі – Сәтбаев. Ол ғалым, геолог, инженер, заңгер ғана емес, қаламгер де болған. Он жылдық қазақ мектептеріне алгебра оқулығын алғаш жасаушы. Абай шығармаларының алғашқы бір басылымының редакторы. Ер Едіге туралы жырды алғысөз, түсініктеме жазып, жинақ етіп шығарушы. Мұрын жырау мен Қырымның қырық батырын жоқтаушы. Өз дәуірі тыныс-тіршілігінің шежірешісі. Әдебиет пен өнердің басқа ғылымдардан ерекшелігі ол белгілі бір топқа, белгілі бір мамандық иелеріне ғана қызмет жасамайды. Әдебиет пен өнер жалпы халықтың ортақ қазынасы. Әдебиеттану тақырыбына түрен салған бүгінгі күнге дейін жүздеген әдебиетші ғалымдар ұлттық әдебиетіміздің өсіп-өркендеуіне, оның теориялық негізінің қалыптасып дамуына өз үлестерін қосты. Сонымен қатар әдебиетпен тікелей байланыста зерттеліп сол сөз өнерімен егіз ұғымда үндесіп келе жатқан қазақ саз өнерінің де майталмандары қыруар істер тындырды. Соның арқасында ұлттық театр өнері, музыка өнері, би өнері бүгінгі күнде әлем сахналарында қазақ халқын жер жүзіне танытып, қазақ өнерінің інжу-маржандарын мойындатып, шет жұрттарға таңдай қақтырып жүр.

Қазақ әдебиетінің теориясын қалыптастыру ісінде ғалым-әдебиетшілер әдебиеттің түрлі саласында сан алуан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жарыққа шығарды. Болашақ ұрпақ үшін бағасыз мол мұралар мен рухани қазынаның кілтін жасап берді. Сондықтан да әдебиет пен өнер тақырыбына, оның зерттелуіне үлес қосқан әдебиеттанушылар мен өнертанушылардан басқа мамандық иелерінің де ат салысқан кезеңдері болды. Олар қазақтың қара өлеңін жанына тоқып, қазақтың әсем сазына елтіп, күйіне балқып өскен, шешендік өнерді құлағына құйып, жүрегіне түйген дарынды тұлғалар. Солардың бірі, әрі бірегейі қазақ ғылымын әлемдік деңгейге көтерген инженер-геолог, академик-ғалым, Ұлттық Академиямыздың тұңғыш президенті, әрі ұйымдастырушысы болған Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Оның қазақ әдебиеті мен өнеріне қосқан үлесі, араласпаған, қалам тартпаған ғылым саласы кемде-кем. Қ. И. Сәтбаев ауыз әдебиетінің жетік білгірі екені, оның шешендік қабілеті, әншілігі, өз ұлтының салт-дәстүрінің білгірі әрі соны қастерлей білетіндігі жөнінде орыс ғалымдары мен қазақтың өнер шеберлері мойындап қойған. Академик-ғалым, геолог М. Усов, А. В. Затаевич, В. Г. Ерзакович, Е. В. Лизунова, Ә. Қашаубаев жазбалары соның дәлелі. Диапазоны мүдделерін академик Қ. И.Сәтпаев болды ерекше кең және атанатын шеңберінен жаратылыстану ғылымдары. Ол үлкен білгірі, қазақ тарихы, әдебиет, мәдениет, этнография, музыка және фольклор, барлығымызға белгілі оның археологиялық қазба жұмыстары Орталық Қазақстанның аумағында еңбектері, педагогика мен әдебиеті. Ол бірінші бағалады мәні роман М. О. Әуезов «Абай Жолы» тапсырды 25 халық әндерін жинаған. А. Затаевичу қалдырып, көптеген театр, өнер, мәдениет, тәрбие, жастар. Б. Г. Ерзаковичтің пікірінше Қ. Сәтбаев «Қазақстандағы өнер зерттеу ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ретінде қазақ музыкасының ұлттық бай қорына өзіндік жеке үлесін қосты». Ол тамаша ән салатын, домбыра, скрипка, балалайка, баян, гитара және басқа аспаптарда шебер ойнайтын және музыкалық шығармаларды жинақтап, театр, музыка өнері, мәдениеттің мән-мағынасы мен дамуы туралы жазды. Терең білім мен ойлану Сәтбаевқа Алтыншоқы тауларындағы өз заманында Дешті Қыпшақ жеріне баса-көктеп кірген Темірланның жорығы (1391 ж.) туралы жазба ескерткіштің мазмұнын түсінуге көмектесті. Ежелгі ескерткіштердегі қойтас, балбал тастар, суару жүйелерінің қалдықтары, қазыналарды танып білу негізінде қазақтарда ежелгі мәдениет жоқ деген пікірдің қате екенін дәлелдеді.

«Қаныш ғалым-геолог болмай, әнші болса да бүкіл қазаққа танымал зор әнші болатын еді», – деген ән атасы Әміренің сөзі

Қ. Сәтбаевтың әншілік дарынына берілген баға. Қаныштың әнге, өнерге, әдебиетке құштарлығының оянуына жерлес ақын-сазгерлер Жаяу Мұса, Майра, Иса, Әмірелер әсер етсе, оның азаматтық, зиялылық тұлғасының қалыптасуына Алаш көсемдерінің ықпалы, солардың тәлімі айрықша болғандығында жатыр.

Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас Қаныштың дәріс тыңдаған ұстаздары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов, Ә. Сәтбаев, ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Алаш арыстары білімге құштар жас жігіттің дүниетанымының жаңаша қалыптасуына зор ықпал етті. Яғни Қаныш пен Мұхтар, Жүсіпбек пен Әлкей Алаш арыстары баптаған «жас бөлтіріктер» еді. Өкінішке орай кейінгі жылға дейін біз оны айта алмай келдік. Сол Алаштың соңғы тұяқтары, жас бөрілері Мұхтар мен Қаныштың ХХ ғасырда қазақ әдебиеті мен ғылымын қандай деңгейге көтергені әрбір көзі ашық адамға айдан анық белгілі болып отыр.

Сол семинарияда жүріп Шығыс Европа классиктерімен жете танысқан, олардың өміршең туындыларымен сусындаған Қаныштың әдебиетке деген құштарлығы бұрынғыдан да арта түсті. Бала кезінен ұлтының ауыз әдебиетімен ауызданып, соның қәусарына қанып өскен Қаныш жетілген үстіне жетіле түсті. Семинарияда өткізілетін түрлі әдеби кештерге белсене қатысты. Ұлы Абай өлеңдерін нақышына келтіре оқып, музыкалық аспаптарда ойнап, ән де шырқаған еді. Оның үстіне қасында қазақ прозасының болашақ екі алыбы Жүсіпбек пен Мұхтар бірге оқып жүргенде Қаныштың сөз өнеріне деген құштарлығы неге артпасқа. Артты да. Кейін Қ. Сәтбаев жер асты байлығына барлау жасай жүріп, сөз өнерін барлауға да, ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларын жазып алып, талдау жасап, зерттеу жүргізуге де уақыт тапқанын көреміз. 1926 жылы Томскідегі индустриялық институтты бітіріп келгеннен кейін өнеркәсіп тақырыбын құлай жазған. Публицист істелетін жұмыстарды да саралады. Кен зерттеу саласында кен шығатын жерлердің маңыздылырын белгілеуді, кені бар басқа жерді ашуды, жалпы кен зерттеу ісін дамытуды ұсынды.

М. В. Ломоносов Орыс Ғылым Академиясының ұйымдастырушысы, артта қалған елдің ғылымын жаңа биікке көтерген реформатор болса, Қаныш қазақ ғылымының дамуына негіз салып, Қазақ Ғылым Академиясын ашқан ғалым болды. Екі ғалымның да оқып білім алған, жетілген тұстары өз елдерінің экономикасы енді жетіліп, өндіріс күштері мен ғылымы жаңадан қалт-құлт етіп дами бастаған кезеңмен тұспа тұс келді. Ломоносовтың басты ғылыми еңбектерінің бірі «Металлургияның басты негіздері және кенді жыныстар» болса,

Қ. Сәтбаевтың басты ғылыми еңбегі «Жезқазғанның мыс кенді аймағы және оның минералды ресурстары» деген атпен белгілі болды

Орыс ғылымының атасы, оның негізін салған М. В. Ломоносов туралы Қ. Сәтбаевтың берген бағасы, көреген ойлары, дәлме-дәл тенеулері Қ.Сәтбаевтың өзіне берілген баға секілді әсер береді. Өйткені Қаныш Сәтбаев Ломоносов сынды, яғни Ломоносов кейпіндегі ғалым болды. Екі ғалым да ғылымның барлық салаларының дамуына үлес қосып, барынша ықпал етуге, оның өзекті мәселелерін шешуге теорияны практикамен ұштастыруға, білімді шәкірттер дайындауға ерекше ден қойған.

Қ. Сәтбаевтың өзінің айтуы бойынша М. Ломоносов ғылым тарихында геологияны ғылым ретінде қарап, негізін қалыптастырса, Қ.Сәтбаев та ғылымда металлогенияның негізін салды.

М. В. Ломоносов пен Қ. Сәтбаевтың ұқсастығы – екеуінің де ғылыми зерттеуді мақсатты түрде жүргізуі болып табылады. Олар үшін ғылым – жеке басының мақсаты емес, елінің өндіріс күштерін дамыту мен туған халқын ағарту құралы. Ломоносов пен Сәтбаев бүкіл ғылыми қызметі өз елдерін дамытудың өзекті мәселелерімен тығыз байланысты болды. Ломоносов шынайы ғылым үшін жұмыс істеуге шақырды, өз теориясын тек қана тәжірибе нәтижелері мен бақылау фактілеріне сүйену арқылы негіздеді. Қ. Сәтбаев ғылыми нақты фактілерге, терең талдау мен оларды жалпылауға негізделуі тиіс деп санады. Осы принцип Орталық Қазақстанның металлогендік болжам картасын жасауда негізге алынды. Ғылыми зерттеу жұмыстары саласында кеннің негізгі категорияларын пайдаланудың, ірі рудаларды ашудың кен қазу, тазалау ісінің тиімді, пайдалы әдістерін, кен қопаратын дәрілердің түрін, мөлшерін белгілеуді, аралас рудаларды шығарып, байытудың жеңіл жолдарын табуды міндет етіп қойды. Жұмысшыларды тұрақтандырып, оларға тұрмыстық жағдай туғызу, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін сол өңірде совхоздар құру жағдайын, жер қыртысын, суын, өсімдігін, ауасын зерттеуге шақырды. Қ. И. Сәтбаев жан-жақты қолдау және талантты жастарды өсірді. Ол өзі басқарған кешенді зерттеп, табиғи ресурстарды Маңғышлақ түбегінің, зерттеулермен, жаңа кен орындарын көмір, мұнай, газ, кен, қара металлургия, белсенді түрде қолдап салу Ертіс-Қарағанды каналының.

Қ. И. Сәтбаев, ең алдымен, болып қалуда ірі ғалым геологиялық ғылым. Ол құрды және басқарды мектепке металлогениясы. Әзірленген атындағы кешенді көзқарас ақпараттық металлогенического талдау үшін негіз болды геологиялық ғылым және практика. Мемлекет бүкіл ғылым, Қазақстанның лайықты деп танылып, ең алдымен, мемлекет

қазақстандық геологтардың негізін салушылардың бірі ғылым туралы металлогениясы. Оның қалдырған үлкен етіп көптеген ғалымдар, тәрбиеледі тұтас мектебін металлогенистерді. 1958 жылы әзірлеуді әдіснамалық негізін құрастыру және болжамды металлогеникалық картаны Орталық Қазақстан болған аналогы әлемдік геологиялық тәжірибеде бір топ қазақстандық ғалымдар-геологтар бастаған академик Қ. И. Сәтпаевтың иеленіп, Ленин сыйлығының лауреаты. Ломоносовтың «Металлургияның немесе кен денелерінің алғашқы негіздемелері» және Сәтбаевтың «Жезқазған мыс кенді ауданы және оның минералды қорлары» ғылыми еңбектері практикалық міндеттерге сай келу керек деген пікірдің дәлелдемесі іспеттес. Пайдалы қазбалар кенорындарын игеру және металлургиялық өндірістің тәжірибесін терең зерттей отырып, Ломоносов тау-кен ісі мен металлургияда іс жүзінде пайдаланылып жүрген әдіс-тәсілдердің негіздерін ұсынды. А. С. Пушкин былай деген: «Ломоносов бірінші орыс университетін құрды, дәлірек айтсақ, оның өзі бірінші университет болды». Қ. Сәтбаев Қазақстан Республикасындағы бірінші техникалық жоғары оқу орны – Қазақ тау-кен металлургия институтының (қазіргі Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ) аяғынан тік тұруына көп еңбек сіңірді. Ресей Академиясының қабырғасында бірінші ғылыми зертхананы «Ломоносов ұйымдастырды», бұл бір қабатты жеке тұрған шағын ғимарат еді. Мұнда түсті шынының түрлі сұрыптарын дайындау бойынша сол кезеңдегі ең ірі зерттеу және тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Қ. Сәтбаев көпқабатты әдемі ғимаратта орналасқан республикадағы бірінші геологиялық ғылымдар Институтын ашты. Мұнда геологтар Қазақстанның барлық кенорындары бойынша материалдарды жинақтап, жалпылады, оның басшылығымен Орталық Қазақстанның металлогендік болжам картасы жасалынды. Сондай-ақ түсті монокристалдарды жасанды өсіру зертханасы жұмыс істеді.

Ломоносов әмбебап эрудициялы ғалым болды. Орыс тілі мен әдебиетін оқып білу, зерттеу саласында оның еңбегі ерекше. Белинский: «орыс әдебиеті Ломоносовтан басталды. Ол оның әкесі мен пестуны, ол оның Ұлы Петрі», – деді. Ломоносов орыс грамматикасының негізін салушы болып саналады. Ол «О правилах российского стихотворства» еңбегінің авторы, орыс поэзиясының жаңашылы. Ұлы орыс ғалымы Ломоносовтың жан-жақты энциклопедиялық білімдері, ғылым мен мәдениеттің әртүрлі салаларына сіңірген зор еңбегі, оның алдыңғы қатарлы ғылым мен мәдениет үшін күресін орыс ғалымдары, жазушылары,

революционер демократтары А. И. Герцен, В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, сондай-ақ А. С. Пушкин, Д. И. Менделеев, т.б. жоғары бағалады.

Қ. Сәтбаев ғылымның көптеген салаларында: әдебиет, өнер, археология және этнография, мәдениет саласындағы кең диапазондағы энциклопедиялық білімдері Ғылым Академиясындағы жұмысы кезінде анық байқалды. Ол ғылымның барлық салаларының дамуына, гүлденуіне, қазақ мәдениеті мен тарихы мәселелеріне үнемі көңіл бөліп отырды. Өзіне жақын емес ғылым саласы болса да өзіне ғана тән білімқұмарлықпен әрбір зерттеудің мән-мағынасына үңілетін.

Абай Құнанбаев айтқандай: «Ғалым мен терең ойшыл – адамзаттың абыройы». Осы сөздің мағынасына үнілсек Қаныш ағамыздың бірсыпыра еңбектері халыққа танымал болып жалғасын табуда деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сәтбаев Қ. И. Қазақстан – менің отаным. Алматы : Ғылым, 1999.

2 Өмірбеков А. Ә. «Қ.И.Сәтбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі» ҚазҰТУ хабаршысы, 1999 - 15.

3 Сәтбаев Қ. И. Қаныш және сұлу саз. Алматы : Білік, 1999.

4 Ғ. А. Батырбеков, Ә. Қ. Жармағанбетов «Қаныш» Алматы «Жазушы» баспасы, 1989.

5 Т. Оразов «Қаныштың жастық шағы» Алматы «Жазушы» 1971.

6 Естеліктер мен мақалалар жинағы. Алматы «Ғылым» 1965.

Ш. УӘЛИХАНОВ – АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЖИНАҚТАУШЫ

РАХМЕТОВА Л. Б.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар к.
МУРАТОВА Р.
8 сынып оқушысы, Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар к.

XIX ғасырда қазақ фольклортануы ғылымның жеке саласы ретінде қалыптаса бастады. Бұл процесс сол кездегі қоғамның саясиәлеуметтік, тарихи-мәдени, экономикалық жағдайының ауқымында өтіп, ғылым мен әдебиеттің дамуына өз әсерін тигізді. Бастапқыда фольклор тек дерек көзі ретінде жиналса, соңынан кең түрде, академиялық т.б. сипатта да жинала бастады. Үлкен жетістіктің бірі – мәтінді қалай жинау керектігі хақында ғылыми бағдарлама жарияланғаны деп айтуға болады. Демек XIX ғасырда фольклорды

жинаудың маңызы, мақсаты мен шарттарының негізін қалаған Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин тәрізді ғалымдардың игі істері, өз кезегінде XX ғасырда жалғасын тапты.

Ш. Уәлиханов ес біле бастағаннан қазақ елінің тарихы мен сол кездегі жағдайын сипаттайтын аңыз-әңгімелердің қалың ортасында жүреді. Мұның өзі баланың ойына берік орнап қалғаны мәлім. Қазақ халқының басына түскен әр түрлі ауыртпалық сезімтал, зерек Шоқанға өшпес әсер еткен, ерте ойлауға үйреткен.

Ғалымның ой-өрісінің кенеюіне, көркемдік талғамның жетілуіне жасынан ақындар, әншілер, күйшілер, шешендер, өнерін естіп, ғибрат алуы зор әсереткен. Шоқанның орыс достарының бірі Г. Н. Потанин кейінгі естеліктерінің бірінде Ш. Уәлихановты өз халқының жазушысы болуға жаралған адам еді деп сипаттауында үлкен мағына бар. Ғалым өзі жинаған, зерттеген ауыз әдебиеті шығармаларын алдымен түрлі орындаушы, дарынды өнерпаздардан тыңдаған.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми ізденістерінің алғашқы қадамы оның ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинап, жазып алуынан басталады. Болашақ ғалымның мұндай іске ден қоюына өз әкесінің де ықпалы аз болмаған. Шыңғыс Уәлиханов сауатты, білімді адамдардың бірі болғаны белгілі. Оның аулына қызмет бабымен келуші орыс адамдарының ішінде қазақ халқының тұрмыс-салтын, фольклорын іздеушілер де бар еді.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының кейбір нұсқаларын жазып алуының өзі Шоқанның аса көрнекті жинаушылық жұмысының бастамасы еді. Ол бұл нұсқаны өзінің оқытушысы Н. Ф. Костылецкийдің тапсыруы бойынша жазып алған. Кейіннен осы нұсқаны Костылецкий И. Н. Березинге жіберген.

Жыр алғаш рет 1841 жылы хатқа түсірілген. Осы нұсканың бір атап айтарлық ерекшелігі – оқиғалық, тілдік кестесінде көне дәуірге тән белгілердің молдығы. Мұнда жырдың өзге нұсқаларында кездеспейтін кейіпкерлер, қиял-ғажайып көріністер бар. Эпостың бастапқы жолдарынан-ақ кейбір ескі тіркестерді көруге болады.

Сол екі байдың жайлауы төмен еміш,
Киік атып, аң етін жеген еміш,
Екі байды сұрасаң азаматым,
Қарабай мен Сарыбай деген еміш

Мұндағы архаикалық белгілер Қозының алыс сапарға бел байлап, ат таңдағанда мінген тайының лезде құнанға да, дөнеге де, бестіге де «айналуынан», жолда дүниедегігін бәрін біліп отыратын мыстан кемпірдің кездесуінен, астындағы атының Қозыға Баянды

көр деп «кеңес» беруінен, Қозының Баянға хабар айтуда бозторғайды «жұмсауынан» шоктеректің түбінде Қозының он төрт күндік ұйқыға берілуінен, өлген Қозыны Баянның әулиелерге жалбарынып «тірілтіп» алуынан байқалады. Осы сияқты және басқа қасиеттері Шоқанның катысуымен жазып алынған жыр вариантының ғылым үшін қаншалық қымбат екенін дәлелдейді. Шоқан жазып алған «Қозы Көрпеш - Баян сұлудың» басқа бір нұсқасы да өзіндік өзгешеліктерімен дараланады. Мұның алғашқы жолы жыр оқиғасының Қазақстанның басқа бір өңірінде өтетінінен хабар береді.

Жоғарыдан көрінген сары ноғай,
Еділ суға таласқан мұ не тоғай?
«Қозы Көрпеш» дегенің біраз өлең
Ептеп айтқан кісіге тым-ақ оңай.

Осы нұсқада Сарыбай мен Қарабай бір-біріне «Еділ – Жайық бойында жолдас болды» делінеді. Бірак түптеп келгенде, эпостың елге варианттарындағыдай, оқиғаның өрістейтін, аяқталатын өңірі Аягөз маңы болады. Қалай дегенде де ғылым үшін бұл нұсқаның өзіндік бағалы орны бар. И. Н. Березиннің «Турецкая хрестоматиясына» Шоқанның әкесі Шыңғыс Обағаннан М. В. Ладыженскийге жіберген осы варианттың енуі де атап өтерлік.

Ш. Уәлиханов үлкен жырлардан «Ер Көкшені» де жазып алғаны белгілі. Ғалымның қолжазбаларының ішінде «Едіге» жырының да нұсқасы сақталып келеді. Бұл эпикалық аңыздау орыс ориенталистерінің назарына ілініп, революциядан бұрын-ақ баспа жүзін көрген. Шоқан жазып алган «Едіге» нұсқасы осы эпостың барлық варианттарының ішіндегі ең толығы әрі классикалық нұсқасы болып есептеледі.

Шоқан хатқа түсірген ауыз әдебиеті үлгілерінің бір тобы тарихи өлеңдер, жоқтаулар, айтыс сөздер. Солардың ішінде Бұқар жыраудың Абылайға арнаған өлеңдері «Абылай туралы жыр», «Қара батырдың толғауы», «Орақтың толғауы» баспа жүзін көрген. Осы топтағы шығармалардың көрнектісі – «Абылай туралы жыр». Мұнда Абылайдың қырғыз манаптарына қарсы жорығының тарихы сөз болады. Жырда Абылай қырғыз әкімдеріне қазақ елінің кеткен кегі үшін («қара найман шабылды, соның ішінде қоңыратың жаман шабылды») атанған болады. Одан бұрын Абылай қырғыздың батырлары Есенгүл мен ер Садырға кісі жіберіп, арадағы таласты бейбітшілік жолымен бітірейік деп мәмілеге шақырады:

Есенгүл мен ер Садыр
Қырғызда даңқы бір шыққан ер еді.

Бар Садырға, бара гөр.
Жауласпаймын Садырмен,
Елдесейін Садырмен,
Таластың бойы тар жайлау
Таласа барып жайлайық.
Кеңестің бойы кең жайлау
Кеңесе барып жайлайық,
Казы менен картаны
Қия кесіп шайнайық.

Бірақ қырғыз батырлары бұл ұсынысқа көнбейді. Абылайға қарата қаһарлы сөздер айтады:

Абылай деген кәрі құл
Арағын ішіп есірді...
Боз баламды құл қылды,
Оныменен тынбады,
Енді маған қарап қылғынды.
Қан қылмай шешсің киімді
Бөлек - бөлек етермін,
Бөздей жыртып өтермін,
Дулығасын киермін.
Еңсесіне мінермін,
Кеудесіне сиермін,
Елімді шапқан сол құлдың
Сүйегінің үстіне
Мұнара қылып үйермін.

Бұл жырда, сөз жоқ, тарихқа белгілі Абылай жорығының кейбір шындық елестері, соғыстың себептері мен келіссөздердің барысы, ұрыс суреттері аңғарылады. Абылайдың аттанысын сипаттайтын тұс эпикалық жыр үлгісінде берілген.

Тағы бір мезгіл болғанда
Сүмбіле туды жиылтиып,
Ат семірді құнтиып,
Жүз қойға алған құлаша ат
Жүректей болып семірді,
Жыландай болып жарады...
Көк бөрідей желді хан,
Ителгідей ілді хан,
Тұрымтайдай қонды хан

Абылайдың ашуға мінген шағын «қаздай болып қаңқылдап, бурадайын бұрқылдап, сай суындай сарқылдап, жай тасындай

жарқылдап» деп суреттейді. Абылайдың жасағында қазақтың көп руларының адамдары қатысқаны көрінеді. Әсіресе қоңырат мергендері көп қайрат жұмсады делінеді.

Қоныраттың көп мерген
Күйінді болған сол байғұс,
Ірме қара мылтықты,
Тізеге ала отырды.
Ұзын бір оққа толтырды,
Оқшантайын қағысты,
Басып бір, басып қалысты...

XIX ғасырда қазақ даласында фольклорлық шығармалар тікелей, экспедициялық, тұрғылықты тәсілдер арқылы жиналғаны мәлім. Осы орайда мәдени мұраны ел арасынан басқа да тәсілдермен қатар тікелей тәсіл арқылы жинаудағы мақсат-жоғалып бара жатқан қазақтың ең бай мұрасы, халық шығармаларын қағазға тездетіп түсіру болғанын ескерген жөн. Бұл тәсілдің өз артықшылықтары, өз кемшіліктері бар. Кемшілігі не десек, біріншіден, тікелей жинау тәсілі кезінде экспедициялық тәсіл кезіндегідей фольклорды әрі кең, әрі көп мөлшерде жинау мүмкіндігі жоқ. Екіншіден, тұрғылықты тәсілге қарағанда, бір елді-мекендегі барлық фольклорлық жанрлардың бірін қалдырмай, асықпай, бәрін толық қамту жағы төмен.

Ал, артықшылығына келсек: біріншіден, фольклор өмір сүрген ортада жинаушы мәтінді қағаз бетіне түсіру ісіне өзі тікелей араласа отырып, орындаушыны да, елді-мекенді де өзі таңдайды. Жинау барысында туған түрлі кемшілік атаулыны сол жердің өзінде-ақ түзету мүмкіндігі бар. Ендеше нұсқаның ғылыми талапқа сай жиналуын толық қамтамасыз етеді.

Екіншіден, экспедиция жасақтау үшін қажетті уақыт мөлшері, қаражат көздері т.б. бұл тікелей тәсілі арқылы жинау жұмысына аз жұмсалады. Ал, мәтінді ауызба-ауыз түсіру мүмкіндігі жиналған үлгінің тіліне, көлеміне, көркемдік сипатына нұқсан келтірмейді.

Үшіншіден, ең бастысы, фольклорлық шығарма тікелей орындалу кезінде қағазға түсетіндіктен, мәтіннің сөзбе-сөз, өзгерусіз қағазға түсу мүмкіндігін артырады. Демек фольклортану ғылымының дәлділік талабы орындалады. Сондай-ақ мәтіннің паспортын толық түсіру мүмкіндігін де арттырады.

XIX ғасырда қазақ фольклорын жариялауда мынадай жетістіктер көрініс тапты: біріншіден, фольклордың әр түрлі жанрлары жеке кітап болып басылды. Екіншіден кітаптың сыртқы мұқабасында араб әрпінде міндетті түрде тақырыбы, шығарушысы,

бастырушысы, басылым көрген баспаханасы, қаласы, жылы т.с.с. көрсетіліп, отырды. Және де мәтіннің шыққан баспахансының аты, қаласы, орыс тіліне аударылып басылды. Тіпті, кітаптың ішкі бетінде оның қай жылы, қай уақытты, кімнің тарапынан т.б. рұқсат етілгені де ескеріліп отырды. Үшіншіден, мәтін, әрі қазақ (араб) әрпінде жарияланып, әрі орыс тіліндегі аудармасы бірге берілді. Мәтіннің екі тілде жариялануында бірнеше мақсат көзделді: а) зерттеушілік істі жандандыру, яғни Ресей ориенталистері мен түркологтары үшін бұл өте ұтымды болды; ә) оларға, егер қазақ тілін білсе, мәтіннің түпнұсқасы берілді де, қажет болса, қазақша мәтінді орысша аудармасы арқылы тереңірек білуге мүмкіндік жасалды; б) түркологтар үшін қазақ тілін нақтырақ зерттеу мүмкіндігін туғызды, тіпті қазақ сөзін қалай жазу, оны қалай түсіну ғана емес, қалай аударуға болатынын да байқау, тексеру керектігі пайда болды. Төртіншіден, екі тілде жарияланған фольклорлық мәтіндер, көбінесе не орыс тілін меңгерту үшін, не қазақ тілін т.с.с. зерттеу үшін дерек көзі ретінде қызмет етті. Бесіншіден, кейбір фольклорлық мәтіннің араб әрпіндегі түпнұсқасы, кириллица әрпіндегі фонетикалық транскрипциясы мен орыс тіліндегі аудармасы бірге берілді. Олардың әрі алғысөзі мен ғылыми түсініктемелері болуы т.б. басылымның ғылыми сипатын танытты. Ал, қалған басылымдар, көбінесе бұқаралық, ағартушылық т.б. қызмет атқарды. Алтыншыдан, жарияланған фольклорлық мәтіндер әрі кітап, әрі жинақ, әрі хрестоматия, әрі оқу құралы түрінде жарияланса да, негізінен, ғылыми, ағартушылық, бұқаралық, тілдік, этнографиялық, фольклористік т.с.с. мақсатты көздеді. Дегенмен, Қазан төңкерісіне дейінгі фольклорды жариялаудың кейбір талаптары: мәтіннің жазылынып алынуына қатысты паспорттық деректерді бірге беру; не жинақ, не хрестоматия ішінде мәтін мазмұны, алғысөзі мен ғылыми түсініктемелердің болуы т.б. көп жағдайда орындала бермеді.

XIX ғасырда бұқаралық сипатта жарияланған фольклорлық басылымдар, көбінесе жалпы халыққа арналды. Онда жұртты оқу-білімге шақыру, жалпы ағартушылық көзқараспен қатар, фольклорды үгіт-насихат, тәрбие құралы т.б. есебінде қолдану мақсаты көзделді. Ал, педагогикалық сипатта жарияланған фольклор тәрбие, тәлім, ой дамыту, өмірді таныту, білу, тіл кестелігі т.б. тәрізді мақсатта қолданылды. Сондай-ақ педагогикалық сипаттағы басылымдарда фольклорды баланың жас ерекшелігін даму барысын ескеру, зерттеу мақсаттары қоса қамтылды.

Жалпы фольклорды зертеудегі мақалалар, кіріспелер, алғысөздер дегенде, зерттеу жұмысының сәтті жүргізілуі фольклортану ғылымына белгілі ғалымдардың келіп қосылуымен де байланысты. Сондай-ақ онда алдыңғы қатарлы фольклортанушы ғалымдардың тәжірибесіне сүйенудің де әсері болғаны белгілі.

XIX ғасырда фольклортану ғылымы халықтық мәдениеттің көтерілуіне, жалпы халықтық шығармашылықтың дамуына, түрлі зерттеу еңбектерінің көбеюіне, фольклортану ғылымын дамытуда белгілі ғалымдардың еңбектерінің сұрыпталуына, зерттеу жұмыстарын жаңа туған қоғамдық қатынастар негізінде қайта жазуға бағытталғаны мәлім. Мұның бәрі де түрлі қайшылық, кедергілерді бастан кешірсе де, тұтастай алғанда, фольклорды зерттеу ғылымының да өзіндік дамуын негіздеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Валиханов Ч. Ч. Собр. соч (1 т.). – Алма – Ата, 1961. – С. 26.

2 Уәлиханов Ш. Таң. – Алматы, 1985. – Б. 16.

3 Ш. Ш. Уәлиханов «Бес томдық шығармалар жинағы» V том 154-160 б.

4 Ә. Илмағанбетов «Ш.Уәлиханов» таңдамалы. Алматы, «Жазушы» 1980-416 б.

5 Б. Ысқақов «Ұмытылмас есімдер» Алматы, «Қазақстан» 1994-224 б.

6 Сапарғали Бегалин «Шоқан асулары» жазушы баспасы, Алматы 1971.

«ЕҢЛІК-КЕБЕК» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

САРАТЕКОВА К. К.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Еңлік-Кебек» оқиғасы XYIII ғасырдың үшінші ширегінде, дәлірек топшылағанда, 1770-1780 жылдардың аралығында Шыңғыс тауының алқабындағы Бөкенші өзенінің бойы мен Кіші Орда тауының балақ сілемінде өткен. Шәкәрім бұл оқиғаның «1780 жыл шамасында, осы Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс», - деп түсінік береді.

«Еңлік-Кебек» оқиғасы туралы бұрмалап айтушылар кездеседі. Тобықты елі 1723 жылы Сырдариядан ауып, Ор-Елек, Ойыл-Қиыл өлкесін жаз жайлап, қыс Мұғаджар таулары мен Ырғыз, Торғай

өтіп жыл сайын жылжи көшіп отырған қалың ел Мамай батырдың бастауымен 1775-1776 жылдар шамасында қазіргі Семей өңіріндегі Шыңғыс тауына келіп орнығады. Ол жөнінде «Еңлік-Кебек» дастанында былай дейді:

Келгені Тобықтының осы маңға
Мың жеті жүз сексенге тақалғанда,
Елді бастап әкелген Мамай батыр
Орда, Көкен, Ащысу, Доғалаңға [1, 293].

Ол кездерде Шыңғыс бөктерінде он-он бес жыл бұрын келген найман қапталдай жайғасқан:

Туысқанын қия алмай жүр деп сен де,
Көп айтқан Кеңгірбай мен Қараменде.
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,
Біздің ел әне-міне деп жүргенде [1, 293].

Сондықтан да тобықты елі Шыңғыстаудың етегін баса, сыбан мен матайдың арасына сыналай тұрақ тебеді. Қол күші, ақыл-айласымен екі жағын кезек қағыстырып, қонысын кеңейте береді. Кеңгірбай:

Кейде жау боп Матаймен, кейде бітіп,
Есі-дерті Шыңғыста, айтпайды ойын [1, 294], – дейді.

Ығыса-ығыса сыбан, матай Шыңғыстың сыртына іркіледі. Жер дауы, жесір дауы өршиді.

Тобықты руы тарихында бұл елге үш-төрт ғасыр бойына үш оқиға беттеріне түскен шіркеудей, көңілдеріне түйткіл болып келген.

Әнет бабаңның көшке ере алмай тау басында қалуын бұлар ол жалғыз бізге емес, бүкіл халқымыз басына түскен ауыртпалықтың ауыр бір көрінісі деп біледі.

Ал, Қалқаманның оққа байлануы мен Кебектің ат құйрығына таңылуы және Қодардың дарға тартылуына келгенде кімі болсын күмілжи береді. Тіпті, осы үш оқиға сауал боп Абай алдында тартылыпты деген де сарын бар. Абай Құнекеңнің тірі кезінде, Найман Ұлан-Бұланның асына туыстарына басшы боп барса керек. Тобықтыларға бөлінген үйге Абай бастап кіргенде, тіркестіріп тіккен киіз үйдің біріншісінде бір келбетті қарт отырған екен.

Абай ізетпен сәлем беріпті. Қарт:

- Құнекеңнің Абайы сенсің ғой, қарағым. Көрсем деп ем көрдім? Сәлеміңе рахмет! Алла разы болсын! Мына бір сөзге мойын бұршы. «Садақтың оғы, аттың жалы, түйенің қомы» деген бар ғой. Сен шешу айтпасаң, ешкім айтпай жүр, қарақ, – депті. Абай тыңдапты да, еш жауап қайтпай төргі үйге еніп кетіпті. Қарт та қайта сөз өрбітпейді.

Серіктері Абайға:

- Абай-ау, бәріміз бір саған бастатып сен бар деп сеніп келдік. Әлгі шалдың сөзі не сөз? Жауабы жоқ сөз бе?

Абай:

Ол дауасы жоқ сөз. Дауасын тапсам да оны ұғатын сендер жоқ!.. Садақтың оғы дегені – Тобықты Қалқаманды неге оққа байлап бердің? Аттың жалы дегені – Кебекті неге ат құйрығына сүйретіп өлтірттің? Түйенің қомы дегені – Қодарды келінімен дарға тартқаны қалай? деген сөз емес пе? Дауасыз сөз дейтінім сол! Дауасын сендер айтасыңдар ма, әлде?!

Бір тобықты:- Біз оны біле қоятын болсақ, бәріміз Абай болмас па ек. Өзің айтсаңшы, Абай?

Оның дауасын келешек айтады, келешек – депті Абай [2.149].

Тобықтыларға кездескен қиракезік осы үш оқиға кезінде бұл руды билеуші өз тұсындағы қазақ ұлтының маңдайына сирек бітетін аса кесек тұлғалы қайраткерлер:

Әнет баба - қазақ баба деп атаған, қазақ жолына да, шариғатқа да жетік ғұлама.

Кеңгірбай – «тістеген жерде тісім, ұстаған жерде қолым кетсін» дейтін тізесінен қан келсе де қаймықпас би.

Қодарды жазалауды өз қолында ұстаған Құнанбай туралы жеткілікті айтылған. Осы сөздерді айту себебім – бұл біртуар кемеңгер жандар сол кездегі ұлтымыз тірлігінде кездесе бермейтін кірмелі, шешілмес күрмеулі, асырас аслы іске кездескендігінен қатал үкімге барған және дұрыс барған дейміз.

Кебек ақ қой сойып, аруақты атап, ақ бата жасалған, күйеуі ұрын келген біреудің оң жақтағы қалыңдығын алып қашты.

Жасалуына бас кеңесші Әнет бабаң болған Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» қалың малы төленіп, күйеуі ұрын барған, ақ бата жасалған қалыңдық алып қашылса, еркек те, әйел де ат құйрығына тағылып, сүйретіп өлтіретін бап болып, үрдіске айналған. Ежелден елімізде жер дауы мен жесір дауы халық берекесін кетірген дауасы жоқ бүліншілік басы болғандықтан, Төле, Қазыбек, Әйтекедей кемеңгерлеріміз осындай қатал заң арқылы ел бірлігін сақтап, сырт жауына қарсы халық боп жұмыла күресу шарты сол заң деп білген және ол үрдісті өте дұрыс енгізген.

«Ақтабан шұбырындыдан» соң, есін әлі жия қоймай, ата қонысы Шыңғыстауға іргесі тиіп, әл жиямызба дегенде, Кебек Матаймен арандатуға барады. Тобықтыға «не құру, не Матайдың дегеніне көніп, Шыңғыста ірге теуіп, ұрпақ өсіріп, ел болуды» тағдыр

ұсынғандай. Кеңгірбай Кебекті құрбан етіп, Тобықты руын сақтап қалуды таңдайды. Сіз Еңліктің нағашысы Қабанбай батыр, берілген жері Сыбан Байғара «азуы алты қарыс» Ақтайлақ би туысы екенін ұмытпағайсыз. Кебекті қорғаймын деп, Тобықтылар соғысқа шықса, кімдермен шайқасатынын бағамдайсыз ба? Онда «аз ауыл Тобықты» қалың Найманның қарсысына шығып, тұқымы құрымақ, телімге түспек. Кеңгірбай бидің кемел ақыл иесі, қайыспас берік қатты мінездің адамы болатындығы сонда – ол Кебек қандай ел ардағы, ер шолпаны болсын туған жұрты үшін құрбан етеді. Ел иесінің елі үшін еткен құрбаны қазақ тарихында жалғыз Кебек болмаса керек-ті.

Нақтылай түссек, осыдан екі ғасырдай бұрын Тобықты-Шыңғыстау елі Еңлік-Кебек оқиғасына тап болады. М. Әуезов: «Шыңғыстың бұрынғы иесі матай болады. Сол матайды Кеңгірбай тұсында тобықты ру басылары алғаш ірге тепкен жерінен тайдырмақ болды. Бұның арты көп шабуыл болған. Қазақ оқушысының көпшілігіне мәлім болған «Еңлік-Кебек» оқиғасы дәл осы алғашқы талас-тартыстың кезін көрсетуші еді. Ол заманда ел билеген бектер өз үстемдігін жүргізу үшін ру-руды бір-біріне айдап сала берген» [3, 242], – деп түсініктеме береді. Бұл жағдай жайшылықтағы әйел алып қашудан жөн-жосығы бөлек еді. Кебектің жанұясы бар, балалы жігіт. Сыртқа, ішке бірдей атағы шыққан азамат. Тоқтамыс батырдың соңына ертіп дәме еткен «ел шетіне жау келсе ту түбінен табылар» жас батыр.

Еңлік болса қатардағы Матайдың жай бір қызы емес, Қабанбай батырдың жиені. Құда түсіп, қалың төлеген жері - Сыбан руындағы Ақтайлақ бидің туған баласы Кеңесбайдың ұлы. Және жуырда ғана қалыңдығымен қол ұстасып қайтып, күн ұзатпай отауына түсірмек-тін. Матаймен Сыбан кезекпе-кезек келіп, бірі жесіріне, бірі қызына сұрау салып, желекті найза, желектеп шоқпар көтеріп, сойыл сүйреткендер қоршауы тарылып, ел үстін шаң басты. Өмірлері әп-сәтте сұрғылт түске боялды. «Бардың ісі пәрменмен, жоқтың ісі дәрменмен» - Дадандағы даусың жетсе де көпке күшің түгіл, шашқан топырағың шаң емес пе? Кеше сақадай саймын деп, Шыңғысқа беттегендегі сойыл соғар қол саны «70»-тен аспаған. Өзге азаматы көш алып жүріп, мал айдаудан артылмайды. Не істеу керек? Матай-Сыбанды жайбарақаттандырып, айқұлақтана қалған арғы наймандарды да тыныштандырып уақытты соза түскен жөн. Кебектің ағасы Тоқтамыс ел ішінде еместігіне сілтейік. Айдың екеуі өтті. Қайтарған жауабы жоқ. Матай елшісінің келуі жиіледі. Олардың талабы біреу-ақ: «Екеуін ұстап берсін, өлтіреміз, малға

бітпейміз!» Кебек болса, «Мен Еңлік өлген жерде өлемін. Мені туыстарым «шіріген жүмыртқа десе өздері білсін!». Осы сергелденде және айдан артық уақыт өтті. Тобықты Сыбанға сөз салса жауабы: Тобықты бізбен емес, Матаймен сөйлессін!. Түн құрғатпаған шабыс... Соғысқа анық бет алғандай. Не істеу керек? Кеңгірбай: «...Әлде, иә, иә. Әлде Әнет бабамша ұрпақ келешегі үшін еркек тоқты құрбандық деймін бе? Көкенай долы биліксіз-ақ Мамырдың қанын шашты. Көкенай өз қарындасын өлтіріп, Әнетке айтар уәж қалдырды ма...Тобықты бүтін болсын десек, халқымның салт-дәстүрі сақталсын десе мен өз қызымды өлтірдім екен, ол інісі Әйтектің Қалқаманын өлімге қисын». Бабаң шарасыз боп, тек аллаға сиынып, тағдырдан үміт етті ғой [4, 304]. Тағдыр әділ. Өйткені, жазмышта кімнің болсын тағдырын белгілеуші аллаhтың өзі ғой. «Кебекті өз қолымен ұстап берсіні не Матайдың! Кесімім менің ұстап беру емес! Тек тобықтылар Кебекке қорған болмайды. Кесімім осы!».

Оқиғаның тарихи негізі, желісі бар екенін ешкім де теріске шығармайды. Ондағы тарихи тұлғалар, жер-су аттары, болған оқиғалар тарихи көптеген мәліметтермен сәйкес келеді. Мәселен, Ш. Құдайбердіұлы мен М. Әуезов шығармаларының негізгі арқауы махаббат трагедиясы болғанымен, олар замана кейпін нақтылау, оқиғаның ескі күндерде өткенін, ендігі жерде ел арасында мұндай келеңсіз істер болмауына тиісін дәлелдей түсу үшін хикаяның өмірлік фонына айрықша мән береді, шағын көлемді тарихи ақпар жасап, Ақтабан Шұбырынды күндерін, елдің қырғынға ұшырап, азып-тозуын сипаттай келе, қазақтардың қайтадан күш жиып, жауға қарсы аттанғанын, үлкен жеңістерге жеткенін айтады. Мысалы, дастанда: Нысан абыздың Есенмен тілдескендегі ақтабан шұбырынды туралы толғанысы былай берілген: «Батыр десем… белге шықпай ойда ойнақшыр бейпіл ме ең. Азамат десем, ауыл үйдің тентегі ме ең? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де. Кегім десем – зықымды алған зұңғарды айтсам не етуші ед? Ашуды айтсам ақтабан шұбырынды ма еді ұмытарым, тастарым. Елдігім қайда сондағы?.. Қусам соны қусамшы.

Шәкәрім ақын өзінің алдыңғы жазған эпикалық шығармаларын, ондағы тарихи ақпарды келесі шығармасында атап өтіп, бір-бірімен байланыстырып отырады.

Поэмада: Қалмақ шауып, қазақтан алған кегін,
Қалқаман қиссасында жазып едім.
Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл,
Ақтабан шұбырынды болды дедім [1, 291].

Ал, пьесада билер сахнасында Кеңгірбайға наразылығын Абыз Қалқаман-Мамыр оқиғасымен байланыстырып білдіреді. «Не дейсің?.. Не деп келесің сен?.. Әнет бабаң серік пе саған… бұ шақта!.. О-о-о!.. Сонау… сонау ма?.. Қалқаман-Мамыр етпек пе ең? Сұмдық! Ерінің жаны, бөрінің аузына түскен сұмдық заман! Сұм заман!..» [5, 188]. Бұл жолдарда тарихи оқиғалардың ізі сайрап жатыр . Болған оқиғаның әлеуметтік астарын Шәкәрім шығармаға арқау етеді. Ақынның ондағы ойы елдің бірлігіне нұқсан келтіретін тексіз қылықтан бас тартуға бағдар беру сияқты. Осы оқиға болардың алдында ғана қазақ халқының тарихына нәубат болып келген қазақ-қалмақ соғысы болған еді. Соның нәтижесінде қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зобалаңы болды. Бір ғасырдан асқан екі ағайын ел, ұлы даланың көшпенді елдерінің соғысында бірі жеңіп, екіншісі тарихи аренадан кетуі керек еді. Және де оған дем беріп, қақтығысқа жел берген сырттай бақылаушы екі империяның болғанын тарихтан білеміз. Жүз жылдық соғыста қазақ елінің жеңіске жеткені мәлім. Бұл жеңіс қазақ халқын да әлсіретіп, теңселтіп кеткен еді. Қазақ халқының басына Абылайдың келуі, содан қалмақтың қазақтан жеңілуі тарихи негіз ретінде «Еңлік-Кебек әңгімесі» бөліміне дейін аталып өтеді:

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шәкәрім. Шығармалары. Құрастырған Жармұхамедұлы М. С. – Алматы : Жазушы 1988. – 560 б.

2 Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Новосибирск, 2004. – 623 б.

3 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. т. 15. – Алматы : Жазушы, 1984.

4 Жанболатұлы М. Би ата. – Семей, 2008. – 342 б.

5 Әуезов М. Таңдамалы шығармалар. Бесінші том. – Алматы, 1956. – 494 б.

БЕРЕКЕЛІ БОЛСА ЕЛ, ЖАҒАСЫ ЖАЙЛАУ ОЛ БІР КӨЛ... АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА 1-БӨЛІМ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
САТЫБАЛДИН А. С.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТРУШЕВА Ш. Ж.
филология магистрі, қазақ тілі пәнінің оқытушысы, Музыкалық колледж – Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және XI ғасырдағы Қазақстан» - деген мақаласын қызығушылықпен, ынта қойып оқып шықтық. Мақалада мына мәселелерге ден қойылған: Ұлттық болмыстың үлгісі; Мемлекет ісінің мүдделері; Жаңа қоғамның жанашыры; Әлемдік мәдениеттің тұлғасы; Торқалы тойдың тағылымы сияқты, бірнеше тараудан тұрады. Әр тарау бірін-бірі толықтырып толықтай тұтас мазмұнды жүйе құраған. Президент Абай Құнанбайұлының туғанына биыл 175 жыл толатынын, халқымыздың осы - атаулы мерейтойды лайықты атап өту жолдарын айтып өткен. Мемлекеттің республика және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар жоспарланғанын да жазған. Абайдың мерейтойының аясында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шығып, ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі ретіндегі, Абай мұраларын кеңінен насихаттау керектігі нақты көрсетілді. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады - деді.

Жаңғыру - өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес - деген қағиданы басты назарға ұстап, бұл ретте біз Абайды айналып өте алмаймыз, себебі ұлы ойшылдың XXI ғасырдың екінші жартысында айтқан: ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған ұлағатты сөзіне қоғамның бүгінде аса зәру мәселелелері екендігі жан-жақты сараланды. Осы орайда, Абайдың: Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді ырқың» немесе, Берекелі болса - ел, Жағасы жайлау ол бір көл - деген мысалдар халықтың береке-бірлігін, ынтымақ пен тату-тәтті өмір сүру формасынан хабар беріп тұрғаны айдан анық. Президент өзінің сөзінде, Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерлеудің негізі

білім мен ғылымда екенін анық білеміз дейді. Расында да Абайдың шығармаларында білім мен ғылым алдыңғы орынды алады. Абай айтады: Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақшылық десе, Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж, ешбір ғибадат (құлшылық деп түсінік берілген) орынына бармайды - деген. Абайдың бұл даналық сөздері әлі де өзінің құндылығын жойған жоқ. Абайдың «Жиырма бесінші сөзінде» - Онан соң білім, өнер керек екен. Соны үйренейін, не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі - деп, «Отыз үшінші сөзінде» - Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі-қазақтың әулиесі сол - деп, ойын жалғастырады. Абайдың қара сөзіне қайта оралсақ, ол - басқа да шетелдің тілдерін білу керектігін былай түсіндіреді: Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына (талас, татыс, айтысқа деген сөз) кіреді, аса арсыздана жалынбайды.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ағартушы, ұлттық жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз - деген әділ сөзге тоқталмай өту мүмкін емес. XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай қазақ әдеби тілі дамуының жаңа дәуірі басталады. Ол - қазақ әдеби тілінің жаңа сатыға көтеріліп, ұлттық сипат алу дәуірі еді. Бұл кезеңдегі әдеби тілдің (әдебиеттің, поэзияның) жаңа сапалы сатыға көтерілуі, ұлттық сипат алуы демократиялық жазба әдебиеттің тууымен, Абай Құнанбайұлы есімімен де тығыз және тікелей байланысты.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ әдеби тілінің дамуындағы жаңа кезең дегенде, біріншіден, поэтикалық тілдің бүтіндей жаңа сатыға көтерілуін, екіншіден, әдеби тіл шеңберінің поэзияны ғана емес, көркем проза жанрын да қамтуын, үшіншіден, басқа да жазба әдебиет жанрларының (публицистикалық, баспасөз, ресми-кеңсе, т.б.) тууын, төртіншіден, осылардың арқасында және оқу-ағарту ісінің өркендеуімен байланысты, мәдени өндіріс құралдары, рухани байлықтың көрінісі ретінде қазақ әдеби тілінің қоғамдық қызметі кеңіп, жаңа сипатқа ие болуын негізге аламыз - деген, ғалымдар пікірлерін де еске алғанымыз орынды.

Абайдың қазақ тілін білу керектігі әр өлеңінде, сөзінде айтылып отырады десек артық айтқандық емес. Қазақ тілін насихаттауда

Абай - қызыл тіл, сөзі тәтті, қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын, абайлар әрбір сөзді өз халынша, аузымен орақ орған өңкей қиқым, сөз түзелді тыңдаушы, сен де түзел, өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы т.б. ойлы, мағыналы тіркестер арқылы жеткізеді. Осы айтылғандарды түйіндей келе Абай бір ауыз сөзбен былай дейді:

Мақсұтым - тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып көзін ашпақ
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Мақалада: «Педагок мәртебесі туралы» заңның қабылдануы игі бастамалардың бірі. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу - бәріміздің міндетіміз - деген. Абайдың жазғандарына тағы да бір көңіл бөлсек: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға, Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға немесе Адамның бір қызығы - бала деген, Баланы оқытуды жек көрмедім - дейді. Ұстаздықты ғылыммен ұштастырады ол - үшін бес нәрседен қашық бол: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ - деп, бұлар бес дұшпаның дейді. Бес нәрсеге асық бол: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым - деп, бұлар бес асыл іс, көнсеңіз дейді. Ал енді ойлап қарасақ қазақ мінезіндегі бес дұшпан сияқты жаман әдеттер бұрын да болған, қазір де бар екен неге жасырамыз. Абай осы - жаман әдеттен қалай арылудың жолын ұсынады. Оның жолы - бес асыл істі игеру екен. Бұл жолда да Президент қателескен жоқ. Мақаласында жастарды билікке тарту, тәрбиелеу бағытын айтып қана қоймай, нақты іске көшіп, көптеген жастарды жоғары лауазымды орындарға батыл қою керектігін де баса назар аударды. Абай айтқан: Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма - дегенді іс жүзінде дәлелдеді.

Мақалада, Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екені ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады -деген. Интеллектуалды ұлт - Абайды тану - адамның өзін-өзі тануы. Адам үнемі ізденіс үстінде болуы керектігі, интеллектісі мықты адамның шапшаң ойлау, мәселені тез шешу, ақылға салып дұрыс шешім қабылдауға әзір болса, болашақта алға қойылған еліміздің кез-келген әлеуметтік, рухани, экономикалық т.б. нақты, әрі әділ, әрі тез сапалы бітіруге қабілетті болады. Сол сияқты, еліміздегі болып жатқан жаңалықтар мен оң өзгерістерді дамыта алатын және ақпарат ағымы мен технология заманының қарыштап алға дамып кеткен кезеңінде, осы үрдістерден шыға алатын, шеше білетін

адам - міндетті түрде ұлы Абай шығармаларын оқып, содан кейін өзінше ой қорыта алатын, алған тәлімін нақты тәжірибеде қолдана білетін, көкірек көзі ашық, сауатты, үш тілді меңгерген, оны мен солын айыра білетін, халыққа жақын ақылды адамдар екенін, оның ішінде әсіресе жастарға үміт артатынын ашып жазған. Абайдың өлеңдерін, нақыл сөздерін, ғибратты сөз, ғақлия, қара сөздерін - бүгінгі жаңарған қоғамда қалай оқып, жүректен өткізу керек, көңілге тоқып, қабылдау керек және рухани жағынан халқымыз жаңа заманда қалай түлеп, санаға сілкініс жасау керек, дұрыс, тура жол таба білудің негізгі бағыттарын айқындап, көрсетіп берді. Ұлттық идеялогияның мақсат-мұраты, тірегі де, елдік мұраттың айнымас темірқазығы да Абай екендігі айтылды. Қабыл алатын өте маңызды мәселелердің бірі - Абай шығармаларын оқу арқылы, сусындап қалған көкірек көзімізді қалай ашамыз? Қазыналы елдің мол рухани байлығын өз бойымызға қалай сіңіреміз? Халықтың жүрегіне қалай жеткіземіз? Сайып келгенде, Абай жүз ойланып, мың толғанып, айтып кеткен XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ мінезін қалай түзету керек? - деген, ой-тұжырымдар қайталып айтқанда бүгін де маңызын жойған жоқ. Әлемдік деңгейдегі, адамзатқа қатысты рухани құндылықтарға ақыл көзімен қарау керектігі деген мәселелер өткір қойылды. Ұлттық мәдениет - ол қазақ халқының сарқылмас қуаты мен байлығы екендігіне ерекше назар аударылды.

Мақалада Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды - деген. Абай Құнанбайұлы елдің бүтіндігін, халықтың бірлігін бірінші орынға қояды. Абай - Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса, жақсы сол, Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын, Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ, Қайран ел осынымен жүр далақтап, Қазақтың қайсысының бар санасы? Қылт етерде дап-дайын бір жаласы т.б. осы сияқты дана сөздерімен қазақ елін достыққа, татулыққа, бірлікке шақырады. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» - деген халық даналығын ту етіп, бағдар шам қылып, өлеңіне арқау еткен Абай, елді, халықты осы жолға түсуге үгіттейді.

Абай:
Достық, қастық, бар қызық - жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл - күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын - бұл күннің мәртебесі

- деген. Демек, достық, қастық, бар қызық бұл - үшеуі де жүректің ісі. Олай болса, егеменді елдің үш мәртебесі - ар, ұят, ақыл да болып табылады. Ар, ұят, ақыл «толық адамға» қажетті қасиеттердің бірі. Абай ақылын алып, осы үшеуін берік ұстаған адам - елімізді көркейтіп, алға қарай жол бастап, дамытатын жандар. Абай айтады осы жарқын болашақ үшін сен қуат, күшінді сал арында, алқын - дейді.

Немесе,

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Заманы оны илемек -

Осынау бір ауыз шумағында Абай нені айтқысы келді? Ой толғатып, жазар болсақ, қазіргі заманға білімді де, ақылды жан керек. Абай былай деген, үш нәрсе: туған еліңді сүймек, халқыңа қажетті адамгершілік, имандылық екенін сезіну керек, одан соң еліңнің адам болмас, жаман мінездерін көргенде жирен, сол үшін кейімек керек. Ең соңында ақылмен ойлап сөйлемек керек. Егер де осы: сүймек, сезбек, кейімек - сияқты қасиеттері жоғалған адамды әрине, заманы илемек, - деген қорытындыға келеді. Қазіргі уақытта да Абайдың айтып кеткен даналыққа толы сөздері өте қажетті екендігі сезіледі. Қазақ елінің алпауыт дамыған мемлекеттердің арасында өзінің алған орынын сақтап қалу үшін, жаһандану дәуірінде жоғалып кетпеуі үшін ұрпаққа: білім, ғылым, ақыл, ар, мінез керек - деген, осы сөзін бірнеше мәрте қайталап айтсақ та өзінің құнын, мағынасы мен мазмұнын жоймайтыны анық. Президент мақаласында Абай шығармаларындағы меритократия мәселесіне де айырықша мән берген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген - деген ой-пікірі де ойды-ойға жетелейді. Мақаласында нағыз ұлтын сүйетін, елін, жерін, тілін бағалайтын жастар екендігіне аса жоғары мән береді. Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай біліуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық - дейді.

Жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтынын, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіріп, осы келелі істерді жүзеге асыруда кедергі

келтіретін, береке-бірлігімізге іріткі салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажеттілігі де түсінген жанға жеткілікті, қарапайым тілмен айтылды. Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? - деген сауалға келгенде, оның жауабын Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеп табылатындығын тіліне тиек еткен. Бұл - тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тағызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты. Шынын да «толық адам» концептісі қоғамды ежелден толғандырып келген. Конфуцийдің адамның тұрақты бес қарапайымдылық: адамды сүю мен ізгілік, адалдық пен өзіннің азаматтық борышыңды сезіну, дәстүрді сақтау мен ата-аныңды қадірлеу, кемеңгер, шыншылдық пен сенімділік. Осы тұрақты түрде бес қасиетті сақтап жүрген адамды «дамыған, қайырымды күйеу» ал конфутцилік ілімде «мінсіз мүсін» деген. «Мінсіз мүсін» Абай ұғымындағы «толық адам» тұлғасы. Абайдың «толық адам» формуласы кең ұғым. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мақаласында Абайдың: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек»,- деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екендігі мысал ретінде келтіреді. Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл - қазақ халқының өмірлік философиясы - деген. Абайдың үштік феномені де қазақтың ұлттық дүние танымнан шығып жатқан өз алдына бөлек әңгіме. Демек, қазақ дүниесіндегі үштік, жетілік (жеті қазына) т.б. қасиетті сандар ұлттық кодты ашатын, санамызда ежелден қалыптасқан - кілті болатын.

Абайдың «Он жетінші сөзінде» толық адамның негізгі үш қасиеттеріне қайрат, ақыл, жүрекке жан-жақты жақсы түсінік берілген. Абай былай түсіндірген: Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Ғылым үшеуінің сөзін тыңдап болып. Қайратқа сенің қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман - депті. Ақылға жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның, екеуінің де сүйенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман,-депті. Сен үшеуің басыңды қоспақ - менің ісім,-депті. -Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. ...Қайрат,

сенің қаруың көп, күшің мол, сенің еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет,-деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. -Осы үшеуің бір кісіден менің айтқанымдай табыласыңдар, табаныңның топырағы көзге сүрлерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, - депті. Байыппен оқыған кісіге үлкен ғибрат. Абайдың айтқанынан қорытынды шығарар болсақ, бір кісіден осы - үш қасиет табылса және үшеуің тату болсаңдар - жүректің әмірін тыңдасаңдар «толық адам» тұлғасы сол деп ұғамыз. Осы тұрғыдан келгенде, Абай шығармаларында ұшырасатын - қайрат, ақыл, жүрек ұғымдары арқылы қазақ елінің менезін жақсарту жолындағы дәруем екенін дәл тауып, өлеңнің мазмұнын терең түсініп, талдай білу керектігі өзінен өзі түсінікті жайт. Одан кейін барып, «толық адам» тәрбиеліп шығару үшін не істеу керектігі ашылады. Бүгінгі жаңа қоғамда, мәңгілік ел орнатуда Абайдың «толық адам» формуласының алатын орыны өте зор. Демек, еліміздің қозғаушы күші де «толық адам» болып табылады. «Толық адамды» тәрбиелеп шығару үшін «Толық адам» - атты оқу құралын дайындайтын уақыт жетті. Ол оқу құралы - бала-бақшадан бастап - мемлекеттік қызметкерлерге дейін оқитын ұлттық құндылыққа айналуы керек сияқты. «Өз заманның ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай - елдік мұраттың айнымас темірқазығы» - деген сөз өте орынды айтылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, Редакциясын қарап, жаңа материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Әбіш Жиреншин. - Алматы, 1961 жыл.

2 Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық. 1, «Жазушы» баспасы, Алматы - 1968 жыл.

3 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы I том. Қазақ ССР Ғылым Академиясы. М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, - Алматы - 1977.

4 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы -II том. Қазақ ССР Ғылым Академиясы. М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, - Алматы - 1977.

БЕРЕКЕЛІ БОЛСА ЕЛ, ЖАҒАСЫ ЖАЙЛАУ ОЛ БІР КӨЛ... АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА 2-БӨЛІМ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
САТЫБАЛДИН А. С.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТРУШЕВА Ш. Ж.
филология магистрі, қазақ тілі пәнінің оқытушысы, Музыкалық колледж – Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені, Павлодар қ.

Абай өлеңіндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмыс жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады – делінген мақалада. Абай еңбектің жаршысы, жақтаушысы. Абайға тағы да жүгінсек: Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ, қорқақ ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады – дейді. Осы қара сөздің ішінде де мақалада айтылған жайтардың көбі көрініс тапқанын айта кеткенді дұрыс көрдік. Соның кейбірін: қаскүнемдік, қызметке таласқыш, жалқаулық, тойымсыз, өнерсіз, арсыз, надан т.б. қазақ ұғымына жат қылықтарды өткір сынаған. Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ – деген де Абай. Абайдың көрегендігін тарих сан мәрте дәлелдеді де. Сондықтан да қазақ тарихында көздің жасымен жазылған тарихи оқиғалар, жайттар аз болмады. Ендеше, сол тарихи кезеңнен сабақ алатын уақыт жеткен сияқты, сондықтан да болашақта еркін қоғам құратын «толық адам» дайындау мәселесі алдымыздан аяқ аттаған сайын шыға берері сөзсіз.

Мақалада жазылғандай: Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерінен кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейге таныта алмай келеміз. Ғұлама Абай -

қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады. Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыс сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады. Абайдың өзінің айтуы бойынша: «Отыздың ішінен бастап Европа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты үстіне шығып өзгеріп: күн шығысым күн батыс, күн батысым күн шығыс болып кетті» - деген екен.

Абайдың хакім болып қалыптасуына ықпал еткен ең алдымен өзінің өскен ортасы, фольклоры, (түркі, қазақ) елінің даналары мен ойшылдарының, шешендер мен билердің, Ұлы Дала кемеңгерлерінің ғибрат сөздері; одан кейін шығыс және батыс құндылықтары. Шығыс әдебиеті мен мәдениетінің орыны Абай үшін тіптен, бөлек болды. Әрине, он тоғызыншы ғасырдан бері қарай - шығыс білгірлері де Абайдың есіміне қанық болғаны, өлеңдерін оқып, білгені мәлім болар. Ежелге Шығыс әдебиеті мен мәдениетінің Абайдың шығармаларында алатын орыны жайлы аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Абайдың өзінің жазған өлеңдері мен қара сөздерінде айтылып өткен: Фзули Сүлеймен ұлы Ахмет, яки Махмут (910-975) - Әзірбайжанның ақыны, парсы, түрік тілінде жазған, Фердауси Әбілқасым Туси (934-1027) - тәжік-парсының ұлы ақыны, Абуғали Ибн Сина (980-1037), Европа жұрты оны - Авинцина деп біледі, философ, Плотонның жүйесіне қарсы тұрып, Аристотель қисындарына бейімделген. Шамси - Шамсуддин (Шамсуддин Махамбет бин Ғали) - тәжік-парсы ақыны, 1247 дүниеден қайтқан. Низами Ганжеви (1141-1203) - Әзірбайжанның ұлы ақыны, Сағди-Шайих-Мослих-Әддин Ширази (1184-1292) - тәжік-парсы елінің ұлы ақыны, Ғұлмаһи Дауани (1472-1501) - XV ғ. парсы-тәжік халқының ақыны, ғалым-философ. Сайхали - XV ғ. өмір сүрген шығыс ақыны, Хожа Хафиз - Шамсиддин Мұхамбет (1300-1390) тәжік - парсы жұртының ұлы лирик ақыны, Джами Абрахман (1414-1492) - тәжік-парсының ұлы ақыны, Новои мір Алишер (1444-1486) - түрік (шағатайша) өлең жазған ақын. Мұның сыртында Абай шығармаларымен үндестік тауып, рухани байланысты көптеген шығыстың ойшылдарын мен ғұламаларын ерекше атап, жаза беруге, жалғастыра беруге болады.

«Шығыс та батыс та Аллаға тән» - делінген Құран кәрімде. Ежелгі Шығыстың әдебиеті мен мәдениетінен Абай рухани ләззат алып, жан рахатын қалай мейлінше қандырса сол сияқты, көне Батыс әдебиеті мен мәдениетінен де нәр алып, керегінше сусындады

деуге әбден болады. Батыс әдебиеті мен мәдениетінің кейбір тұстары Абай үшін өте жақын танысумен бет-бет келудің қилы кезеңдерімен, әртүрлі оқиғаларымен ерекшеленетіні байқалады. Әсіресе, Абайға патшалық жандармениянның сенімсіз адам ретінде қарап, саяси көзқарастағы адам деп күдік тудырғаны, үй-ішін тінтіп, астан-кестеңін шығарғаны әлі де сыры ашылмай жатқан көп жайттарды аңғартады. Әрине, бұл - бүгінгі мақаланың аясына сыймайтын, өз алдына жеке, дербес жайттар екендігі байқалады. Сонымен, Абай Құнанбайұлы батыстың әдебиетіне мен мәдениетіне көңіл қоя жүріп, өзі де өзге жұртқа кеңінен танымал болады. Осы ретте, Абайға қатысты кейбір мәселелерді ішін-ара айтып өткенді дұрыс көріп отырмыз. Абайдың ұлы Тұрағұл өзінің естелігінде: «Сол орайда Семейге генерал губернатор келіп, қасында бұрын уезной болып кеткен Лосовскі бар (Дала генерал-губернаторының канцелярия басқарушысы В. Лосовский-А.Қ.). Елдің приговорына қарап, менің әкемді жер аударылсын деп резолутция салмақшы болғанда менің әкеммен екі арасында, әлгіні Лосовскі жүріп, әкемді генерал губернаторға жолықтырыпты Сөйлескенде не айтқанын білмейміз, сен заманыннан басың асқан адам екенсің депті». Абайға басқа ұлт өкілдерінің сол уақытта берген жалғыз бағасы бұл емес. Абаймен жиырма бес жыл дос болған адам - Көкбай Жанатайұлының естелігінде: «Сонымен кейінгі жылдарда Семейге миссионер Сергей деген кісі келіп, мұсылман дінін қорғаушы молла, имамдар болса сөйлесемін деп іздегенде Семей қаласындағы мұсылман оқымыстыларының барлығы араларынан біраруыздан Абайды сайлап шығарып, Сергейден жеңілмей өзінің абиұрын аман сақтап шығуына мешітке жиылып мінәжат қылып, Абайға бата беріп, тілек тілеп жіберткен. ... Сергейдің қасында көп поптар бар екен. Солардың кейбіреулері бір әредікте мұсылман дінінің ұсақ мәселелері туралы Абаймен дауласқысы келсе керек. Сонда Сергей: «Сендер қойыңдар Ыбрайым Құнанбаев сендердің тісін бататын кісі емес» - дейді. Көкбай Әлиханмен дос болған. Абайдың көзі тірісінде, 1903 жылы орыс тілінде басылып шыққан, Бұл - мәлімет соншалықты құнды болғандықтан орысша жазылғанын өзгертпей беретін боламыз. «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деп аталатын көп томды кітаптың, қазақ даласының тарихына арналған 18 - томында, осы кітапты жазушылардың бірі - Әлихан Бөкейханов. «Наконец, как представителя нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кунанбаева («Кононбая» деп басылған-Қ.М.) - автора многих стихотворений изящных по форме

и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом у Семипалатинских оленши (певцов) можно слышать, например, «Письма Татьяны» распеваемое, конечно, на свой мотив» - дейді. Тіпті, қазақ поэзиясын жаңа сапаға көтерген Абай деп айтып өткен. Абайдың інісі Ысқақтың тұңғыш баласы Кәкітай: «Ол атап жазған, анық Абай оқыған орыс жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой (Абай өзі Толстой мен Салтыковтың шәкірті еді), Тургенов, Салтыков, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев, Чернышевский, Крылов. ... Европа ғалымдарынан: Сиенсер, Льюс, Дрэисрдің еңбектері...» - Қ. Мұхаметханов «Кәкітай Ысқақұлы Құнанбай немересі» - деген мақаласы. Ал, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі - деген мақаласында Кәкітай «Абай соңғы замандарында: Спенсердің «Опытын», Льюстың «Позитивный хакмәлігін», Дрепердің Европаның ғылымы туралы жазғанын т.б. оқып, білеміз. С. Қасиманов «Абай есімі Американ әдебиетінде» деген мақаласында: 1891 жылы Лондон баспасында Американың жазушысы Джордж Кеннаның «Сибирь және ссылка» деген кітабы басылып шыққан. Автор бұл кітапта Сібірге жер аударылғандармен бетпе-бет жүздескенін, Семей, Новониколаевск, Омбы, Тюмень қалаларында абақтыға жабылған тұтқындар туралы документтер жинағанын, қазақ даласына айдалған орыс революционерлерінің азапты тұрмысын, демократияшыл топтарға істелген ауыр жапа, әділетсіз өктемдіктерді көргенін жазады. Бұдан әрі, Америка жазушысы орыс еліндегі әкімшілікпен жер аударылғандардың тұрмыс жайлары мен Сібір абақтыларының зерттеу үшін 1864 жылдан 1890 жылдар аралығында Россияның азиялық және сібірлік аймақтарына төрт-бес рет саяхат жасаған адам, сол сапарларында Семей қаласында, Өскеменде, Алтайда, Шемонайха, Пьянияр (осы күнгі Новошульба ауданы), Қотанқарағай, Шыңғыстау, Марқакөл аудандарында болып, ондағы қазақ ауылдарының тұрмыстарымен танысқандығын әңгімелейді де, Семей қаласына айдалып келген орыс демократтарымен танысқандығына айрықша тоқталады. Д. Кеннан осы әңгімесінде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың адамгершілігін, білімділігін өте бір зор құрметпен сөз етеді. Мақалада Д. Кеннан Семей қаласында Леонтьевтің үйінде болып, көптеген айдалушылар болғанын жазады. Леонтьев кітапханға жер аударылғандар ғана келмейді, сонымен бірге

кітапхананы қазақтарға дейін пайдаланатын, Ибрагим Құнанбаев деген карт қазақты білемін. Ол кітапханаға тұрақты оқырман болуымен тынбай, тіпті Милль, Бокль, Дрэпер сияқты авторлардың кітаптарын оқиды, - «Онымен кездескен алғашқы күннің өзінде-ақ ол өзінің білім парсатымен таң қалдырды. Ол менен индукция мен дедукцияның арасындағы айырмашылықтарды айтып беруді сұрады. Содан бері мен оның ағылшын философтарының еңбегін түбегейлі оқып, үйреніп жүргендігіне және мен атаған авторладың барлығын түгел оқығандығына көзім жетті» деген. ... Одан кейін мақалада: Дрэпердің «Европадағылардың ой өрісінің дамуы» атты кітабы туралы мен одан екі түн қатарынан емтихан алдым, соған қарағанда оның түсінетіндігіне мен сенемін деп жауап берген екен сұрақ қойған студентке. Абайдың ағылшын философтарының еңбектерін өте мұқият оқитынына өзінің әбден көзі жеткендігін де айтады.

Абай Құнанбайұлының айдалып келген саяси көзқарастағы адамдармен араласып, азаттық жолындағы шығармалармен таныс болғаны белгілі. Абайды қазақ елінің ауыр тығдыры қатты ойландырған және толғандырған. Орыс, шетел демократтармен, жер аударылған саяси көзқарастардағы адамдармен араласқандығын, патшалық ресейде болып жатқан саяси оқиғалардан да үнемі хабардар болып отырғандығын осы жазылған тарихи құнды мәліметтерден білеміз. Көзі ашық, көкірегі ояу Абай, қазақ халқын осы тығырықтан алып шығу жолында ізденгені, көкірегі қарыс айырылып аһ ұрғаны анық. Тарихта жазғандай қазақ елін, халқын, бір жағы, өзіміздің ішіміздегі шыққан бай-шонжарлар қыспаққа алып жатса, екінші жағынан ресей патшалық отаршылдығы да шыны керек өзінің қитұрқы әмірін, әрекетін жүргізіп отырды. Абайдың танымына, көзқарасына, бостандық жолындағы ойлау жүйесіне «шығысым батыс боп кетті» - деп, айтуына мынандай факторлар да әсер еткен сияқты. Мысалы, Абай Құнанбайұлы поляк халқының ұлы ақыны, ұлт-азаттық көтерілістің қайраткері Адам Мицкевичтің «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» деген өлеңін аударған. Сол сияқты поляк төңкерісшісі - С. Гросстың Абайдың дүниетанамының өсіп-өркендеуіне игі әсерін тигізген. Немісше, французша, орысша тіл білген. Абайдың досы. Абай еліне келіп қазақтың әдепкі заңын, тұрмысын зерттеп кітап жазған. 1882 жылы қамауға алынып, Сібірге жер аударылып, кейін Семейге ауыстырылған. Абайдың саяси-экономия жайында пікір алысқан. Абай туралы: Әгәрда 80-нші жылында жер аударалып келген Михаэлис деген бір білімді кісімен таныс болмаса һәм Михаэлис

пен Маковецкийдің атына басылған «Қазақтың ескі әдет-ғұрпы» деген кітапты жазып аламын деп жүрген Гросс деген кісіге таныс болмаса. Бұл Гросс һәм Михаэлис Абайдікіне қонақ болып келіп-кетіп жүрген. Абайдың ғылымға бетін түзеп жібермекке осы кісілер үлкен себеп болған-дейді Кәкітай. Е. П. Михаэлис - демократ-ғалым. Чернышевский мен Добролюбовтың, Н. В. Шелгуновтың шәкірті. Петербургте оқып жүріп, патшаға қарсы жүргізген төңкерісшіл әрекеті үшін Сібірге жер аударылып, 1869 жылы Семейге келіп, 13 жыл тұрады. Осы кезде кітапхана ішінде Абаймен танысып, айрылмас дос, өмірлік жолдас болады. Абай «дүниеге көзімді ашқан Михаэлис» деп аузынан тастамайтын болған. Н. А. Добролюбов - орыстың ұлы ойшылы, әдебиет сыншысы. Өзінің сыншылдық шығармаларында бұқарашылдық төңкерісті жақтаған. Чернышевскийдің серігі. Абай оның шығармаларын көп оқыған. Н. И. Долгополов - жасырын социалистік ұйымның мүшесі ретінде Сібірге жер аударылған. Айдауда жүргенде жазушы Короленкомен дос болған. 1884 жылы Семейге ауып келеді. Осы Семейде жүргенде Михаэлис арқылы Абаймен танысып, ол қимас достыққа ұласады. 1885 жылы 15 тамызда Шыңғыстағы Абай аулына келіп, бірнеше айлар жатады. Абаймен бірге ел аралайды, ғылым, заман жайында сөз қозғайды, антропологиялық зерттеу жүргізеді. Кетерінде Абай: «Сіз, Нифонт Иванович, менің білім алуыма көп жәрдемдестіңіз, таңдаған нәрсеңді ал», - дегенде: «Мен сіздің бұлағыңыздың тек көзін ғана аршыдым, сіз маған борышты емессіз!» - деп, берген сыйлығын алмаған. Долгополов кейін Л. Н. Толстоймен, әсіресе, Максим Горькиймен де талай жылдар айрылмас дос болады. Толстой қайтыс болғанда оған арнап «Өмір ұстазы» деген кітап жазған. М. Әуезов мына мәліметі аса құнды болып табылады ол - бізді Абайдың кейбір беймәлім жақтарына, әлі толықтай ашылмаған қырына тереңірек үңілу керектігін тағы да дәлелдей түседі: «Семейдің ояз, жандаралдары бертін келіп, Абайды таныңқырай бастаған уағында, бұны патшалыққа қарсы ниеті бар, саяси сенімсіз адам емес пе екен деп те қағыстырған көрінеді. Оның бір белгісі 1885 жылы Долгополов жандаралдан Абай аулына баруға рұқсат сұраған уағында сезілген. Жандарал бұған рұқсат етумен бірге Семейдің оязы мен полиция бастығына қағаз түсіріп, артынан бақылау жасаңдар дейді. Аналар артынан «Долгополов Құнанбай аулына кетті, тапсырылған ісіңіз орындалды» деп жауап қайырады. Долгополов болсын, Абайлар болсын ол жылы жазда ел ішінде астыртын бақылауда болған сияқты. (Долгополовтың

ауруына байланысты Абай аулына баруға рұқсат сұраған қағазы, Цеклинскийдің күпия ақпары сақталған-А.Қ.) Екінші, осы жөндегі елеулі факты 1902 жылы Абайдың аулына Семей қаласынан үлкен бір тексеру келеді. Бастығы Семейдің оязы Наброцкий болып, қасына пристав, урядниктерді, жәй стражниктерді ертіп көп қарулы топ болып келіп, Абай аулын қоршап тұрып үлкен тінту жасайды» - деп жазды. Одан әрі, М. Әуезов «... Қисынына қарағанда бұл хатты жазушы Мәшһүр Көпеев болуы керек. Ол 1905 жылдың алдындағы қамдану жөнімен Абайға саяси мазмұнды хат жазып, тамырын ұстап көрейін деген болу керек» - деген. Әбіш Жиреншин: Абай өлерінен бір жыл бұрын 1903 жылы 18 апрельде Семейдің соғыс губернаторы Сухотин қазақ арасында өкіметке қарсы үндеу тарап жүр деп соны жедел тексеруге әмір етеді, әсіресе Арқат почтасы арқылы тіркеліп өткен Абайға арналған күдікті хатты іздетеді. Осыған тінту жүргізген чиновник былай деп рапорт береді: «Мен сол сәтте-ақ Шыңғыс болсындағы Құнанбаевтың аулына жүріп кеттім. 25 апрель күні, күндізгі сағат 12 де сол болыстың қазағы Ибрагим Құнанбаевтың қыстауы мен оған тиісті сол қыстау маңындағы үш киіз үйге: бірі өзінікі, екеуі баласы Мағауия мен Тұрағұлдікі, мұқият тінту жүргіздім. Тінту үстінде Құнанбаев пен Ибрагимовтардың көптеген сандықтары мен үйлеріндегі жазба хаттарын арестіге алдым», патша өкіметін састырған бұл хат Көкшетау молласы Шаймерден Қощығұловтікі, Абайға пантуркистермен одақтасайық, дін мұсылман болып бірігейік, соған атсалыс деп шақырған үндеу хаты екен* (*Қаз. Орт архивы, фонд, 64, іс 938, 145 листі). Садуақас Ғылмани кітабындағы Жетінші бөлім - «Қазақ халқының Николайға қарсы шығуы, оны бастаушы Шаймарден Қосшығұловтың тарихы» деген тақырыппен берілген. Қысқаша айтқанда 1902 жылы шынында да Семей губерниясы, Ақмола, Көкшетау т.б. патшалық жандармениясы күдікті, саяси сенімсіз кісілердің үйіне жаппай тексеріс жүргізген сияқты. Көкшетауда Шаймерден Қосшығұлұлының сандығынан желім баспасы мен неше үндеу көк баспа табылған. Наурыз-Мұхамет (Науан хазірет) Таласұлын және Шаймерден Қосшығұлұлын Сібірге айдатып жіберген. Жалпы бұл іске араласқан бірнеше кісі болған сияқты. Олар Сексембай Төленкеұлы, Қанай Қосдәулет Тәттімбетұлы, сол сияқты Құсайын Көленұлының, Садуақас Шорманұлының т.б. есімдері аталады. Ғұлама дана Мәшһүр-Жүсіп те Абайды өте жақсы білгенін айта кеткенді жөн көрдік.

Абай көп оқыған адамының бірі - В. Г. Белинский. XIX ғасырда орыстың революцияшыл ой-пікіріне әдебиетті тану ғылымына орасан зор ықпалы болған. Абайдың эстетикалық-әлеуметтік көзқарасына көп әсер еткен де Белинский. И.А. Бунин орыстың белгілі талантты жазушысы, 1905 жылдарға дейін реалистік бағыттағы бірталай шығармалар жазған. Эмиграцияда болған. Д. И. Писарев та 1862 жылы патшаны құлату керек деп мақала жазғаны үшін сотталған. Некрасовпен «Отечестенная записка» - деген журналды шығарған. Сол сияқты, «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» Я. Полонскийден аударған өлеңін атап өтуге болады. Пушкинен: Ленский, Татьяна - «Евгений Онегин» романының кейіпкерлері де қазақ жұртына кеңінен таныс болған. Осы айтылғандардан тиісті қорытынды шығарып, жоғарыда аты аталған мақалаға қайыра көңіл аударсақ, Д. Кеннан жер аударылып келгендердің көбімен кездескенін жоққа шығар алмаймыз. Д. Кеннан Россия патшасының ақылға сиымсыз ашулы әмірі бойынша мыңдаған еркін ой иелерінің жазықсыз көрген жәбірлерін айта отырып: «Ол кезде билеп төстеушілер орыс революционерлерін «ниглистер» деп атаушы еді, ол өздерінше бұзақы, барды жоқ етуші, бүлдірімпаз деп атаған болатын. Ал, мен көрген орыс революционерлері анық мәніндегі ар намысы зор, адамгершіліктері мол, өткір, жігерлі, еркін ой парасаттың абзал жандары екен», - деген сөзі, бізді еріксіз Абайдың да жаны мен тәні, тарихи дәуірде болып жатқан өзгерістерді терең ұғынып, еркін ой парасатың иесі жағынан, адамгершілігі мен білімділігі жағынан да олармен тең дәрежеде айтысқа да, тартысқа да, ой жарысына да емін-еркін түсе алатындығын дәлелдесе керек. Біздің ойымызша, Д. Кеннан Абай Құнанбайұлын осы - төңкерісшілерден жан-жақты танып, естіп білген сияқты, тіпті, мақалада «Д. Кеннан осы әңгімесінде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың адамгершілігін, білімділігін өте бір зор құрметпен сөз етеді» - дегені, онымен қоймай Шыңғыстауда болған, бұл - деректер қызықтырмай қоймайды. Абай оқып, еңбектерімен танысқан Джордж Кеннанның отандастары, Спенсер-Герберг (1820-1903) - ағылшынның буржуазияшыл тарихшысы. Қоғам өмірінің дамуына байланысты көптеген тарихи, фәлсәфалық еңбектердің авторы. Ағылшын тарихында да өзінің батырлығымен есте қалған Жанна д` Арк - француз халқының батыр қызы. Жүз жылдық соғыс кезінде француз халқының ағылшындарға қарсы азаттық күресінде ерекше ерлік көрсетеді. Абай оны - «Ионна Арк» - деп, келтіреді. Сондықтан да Француздың ержүрек қайсар,

батыр қызы, тарихта өзінің орынын ойып тұрып алған. Абай білген ағылшынның ұлы ақыны Байрон Джорж Гордон - XVIII-XIX ғасырларда ағылшынның ақ сүйектік қоғамын қатты сынап, адамның азаттығы мәселесін көксегені белгілі. Абайдың бір құнттап оқыған ақыны осы Байрон болған. Ия болмаса, Шекспир Вильям - дүниеге әйгілі ағылшынның ұлы кемеңгер драматургін атап өтуге болады. Осы аты аталған Ағылшынның ойшылдары, философтары, тарихшыларын т.б. еңбектерімен Абай Құнанбайұлы жақсы таныс болғаны байқалады. Абайдың жоғары білімі, өте биік парасаты, өзіннен-өзі оны шетелге танытқанында дау жоқ.

Абай өзінің өлеңдерінде, аудармаларында, қара сөздерінде бір сөзбен айтқанда шығармаларында: көне грек елінің ұлы ақыны Гомерді (Шығыс елі соқыр Омар деп біледі), юнан (грек) философтары - Сократ, Плотон, Аристотель, Софоклді, біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдың аяғында өмір сүрген юнан жұртының атақты суретшісі - Зевксисті білгені тіптен таң қаларлық жағдай. Эсхил (525-456-хр. есебіне дейін) гректің ұлы даматургі. Немістің ұлы ақыны - И. В. Гетені, Ф. Шиллерден «Кең жайлау-жалғыз бесік жас балаға» деген өлеңін аударған, Италияның ұлы ақыны, философ - материалист Лукреций Кар, ұлы астрономы, философы - Джордано Бруно, Голландияның ұлы фәлсафашысы-материалист Спиноза - Барух (1632-1677). Абай Спинозаның фәлсәфасымен т.б. таныс болған.

Құнанбайдың Айғыздан туған тұңғышы Халиулла (Халел) Абайдың орыс-еуропа мәдениеті, дүние мәселелері жөнінде хаттар жазысып, пікір алысып жүрген сүйікті інісі. Омбыдағы кадет корпусын бітірген офицер.

Абдрахман (Әбіш) Абайдың Ділдадан туған екінші баласы. Семейдегі қалалық орыс мектебіне оқуға береді. Тюменьдегі реальное училищені бітірген соң, Петербурдағы технология институтына түсемін деп барғанда бұрын Семейде уезд бастығы болған Лосовский (Абайға жоғары баға берген адам - А.Қ.) дейтіннің ақылымен Михайловское артиллерийское училищеге түседі. Қысқаша жазғанда Абайдың шығармаларын қайыра оқығаннан соң туған ой-нәтижелері осындай. Қазақ мәдениетімен орыс-еуропа XIX ғасыр мен XXI ғасырды рухани байланыстырып тұрған алтын көпір ежелгі шығыс мәдениеті (ислам діні) сол сияқты, батыс мәдениеті де бола беретіндігі, үзілмейтіндігіне Абай шығармаларын оқу арқылы көзіміз әбден жетті. Біздің алға қойған мақсатымыз - ертеден келе жатқан рухани байланыстарды іс-жүзіне асырып, үзбей жалғастыра

беру болып табылады. Мақалада рухани байланыстардың нақты істері мен тұжырымдары басталып кеткендігі де жазылды.

Президент мақаласында: Өйткені ақынның мұрасы - бүкіл адамзат баласының рухани азығы. Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз. Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымдылығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұршылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл - бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы - деген. Абайдың асқан ойшылдығын оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», дейді. Бұл ой тұжырымға Шығыс пен Батыс философтарының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек. Міне, біздің ойшыл Абай, хакім Абай - әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға - деп тайға таңба басқандай анық жазылған.

Абай айтады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті -

Абай ең алдымен - Алланы сүй дейді, одан соң - адамзаттың бәрін (дінге, ұлтқа бөлмеген), одан соң - әділетті сүюге шақырады. Абай тағы да қасиетті үш сананын қолданып, «толық адамға» қажетті қасиеттерді:

Осы үш сүю болады иманы гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.
Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл - деп, «иманы гүлдің» мәні мен мазмұнының қаншалықты маңызды, қаншалықты бағалы екенін «Басты байла жолына» деген сөзінен-ақ, аңғарамыз. Абай қолданған «иманы гүл» (арабша - кәміл, иман), тахқиқ (арабша - анық, айқын) - деген сөздер. Абай үш сүю деп: Алланы, адамзатты, әділетті айтып

отырғанын аңғарамыз. Бұл - орайда Абай тағылымының ұшқыны Мәшһүр-Жүсіпке, Шәкәрімге, Сұлтанмахмұтқа да әсер еткенін өлеңдерінен байқаймыз.

Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Маңызды жобаның бірі- ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Абай туралы деректі фильм және «Абай» телесериялы түсіріледі. Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Семей өңірі - қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан елдің рухани дамуында ерекше орыны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн дей келе, Абай мұрасы - біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы - халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді деген ұлағатты сөзмен аяқтағанды орынды көрдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, Редакциясын қарап, жаңа материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Әбіш Жиреншин. - Алматы, 1961 жыл.

2 Абай Құнанбаев. Шығармалар. Екі томдық. 1, «Жазушы» баспасы, Алматы - 1968 жыл.

3 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы I том. Қазақ ССР Ғылым Академиясы. М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, - Алматы - 1977.

4 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы -II том. Қазақ ССР Ғылым Академиясы. М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, - Алматы - 1977.

ТҮЙІСПЕЛІ ТІРКЕСТЕР ТАБИҒАТЫ

САТЫБАЛДИН А. С.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тілі синтаксисінің сөзтұлға және сөз тіркесі салаларының негізгі мәселесі – «тіркесімділік», «сөздер тіркесі» мен «сөз тіркесі» проблемаларын қарастыру, олардың тілдік үрдістегі тіркестер жасау ерекшеліктерін айқындау, ғылыми-теориялық тұжырым жасау екені белгілі. Еркін тіркестердің негізінде қалыптасқан атаулық тіркестер, түйдекті тіркестер, тұрақты тіркестер және шектеулі тіркестердің өзіне тән белгілері соңғы жылдары терең зерделеніп анықталды. Десек те аталған тіркестерге тілдік жалпы сипаты бойынша ұқсайтын әрі жоғарыда аталған тіркестердей күрделі сөз тіркесін жасауға қатысатын тіркес түрі де бар. Ол синтаксистік тіркестер аясында қарастырылып, бір ғана лексика-грамматикалық сипатта жұмсалып, тіркес құраушы сыңарлардың мағыналық бірлігі мен байланысу жолдары арқылы ерекшеленеді. Бұл тіркес түрі біз «түйіспелі тіркес» деп атауды жөн көрдік.

«Түйіспелі тіркес» деп атаған жаңа тіркес түрінің тегі мен табиғатын ашу еркін тіркестер мен басқа да тілдік тіркестер арасындағы бірқатар даулы мәселелерді шешуге көмектесері сөзсіз. Демек, түйіспелі тіркестердің грамматикалық табиғаты мен лексика-семантикалық бірлігін арнайы зерттеу тақырыптың өзектілігі айқындайды.

Сонымен «түйіспелі тіркес» дегеніміз қандай тіркес түрі, жалпы табиғаты қандай?

Сөз тіркесін зерттеушілер арасында түйіспелі тіркестер табиғатына ұқсас тіркестер туралы алғаш пікір білдірген Сәрсен Аманжолов болды. С.Аманжолов «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» атты еңбегінде сөз тіркесін «сөз тізбегі» деп атап, оны қызметіне, мағынасына, тұлғасына қарай лексикалық және синтаксистік деп екіге жіктейді. Синтаксистік сөз тіркесіне іштей жасалу жолына қарай 4 түрге бөледі. Сонда шылаусыз жеке сөздерден құралатын күрделі мүшелерге мынадай мысал келтірілген: Планды *үш есе* орындады. Мысал сөйлеміндегі *«үш есе»* тіркесін түйіспелі деуге келеді. Себебі бұл толық мағына екі сөздің тіркесі және бұл тек сөйлем ішінде, әсіресе, сөйлемді құрылымдық-семантикалық жағынан талдайтын болсақ, «үш есе» сөзі бір сөйлем мүшесі болады да, бір синтаксистік қызмет атқарады [2, 66].

Б. Сағындықұлы «Синтаксиске кіріспе» атты оқу құралында түйіспелі тіркестерді «сөйлемішілік тұрақты тіркестер» деп атап, олардың өзге тіркестерден айырмашылығын былайша сипаттаған: «Әдеби тіл өте дамудың жолына түскен. Сондықтан сөйлемдік құрылыста өзара тығыз байланыста тұратын тіркесімдер болады. Мұны *сөйлемішілік тұрақты тіркестер* деп атаған жөн. Себебі олар сол сөйлемде ғана біртұтас мағынаға ие болады. Жеке қолданыста өзіндік мағынасын сақтайды. ... оларда түйдекті, атаулы немесе фразеологиялық тұтасымда болатындай қасиет жоқ. Қайта, оларға қарсы қабілет бар. Мәселен, *бір кезде, кешегі күні, сол күнде* тіркесімдері тек өзі қатысты сөйлем ішінде ғана бір синтаксистік ұғымда жұмсалады. Бұлар басқа тіркес түрлерінде болатын өлшемдерге сәйкес құрылмаған. Сөйлемішілік тұрақты тіркестердің түйдекті тіркестен айырмашылығы сол, жеке тұрғандағы сыңарлар мағынасы сақталады. Ал атаулық тіркестен әр сыңардың басқа-басқа сөз табынан болғандығымен ерекшеленсе, фразеологиялық тіркеске тән лексикалық тұтасым мұнда жоқ» жазған [3, 25].

Түйіспелі тіркес құрамындағы жеке сөздердің тіркес құрауы тек сөйлем ішінде ғана болуы мүмкін. Сөйлем белгілі бір біршама тиянақталған ой жекізудің құралы болса, сол сөйлемдік ойдың хабарын, мазмұнын жеткізудің және сөйлемнің грамматикалық және құрылымдық сипатын ашатын сөздер тіркесі екендігі белгілі. Ал түйіспелі тіркес жоғарыда аталған сөйлем табиғатын ашуда өзара тіркескен толық мағыналы сөздерден құрылу арқылы жасалады. Мәселен: *Бір күні* ат суарып келе жатса, кеңсе алдында елдің кісілері жиналып жатыр екен (Ж. Аймауытов). Мысал сөйлеміндегі «бір күні» тіркесі сөйлем құрамында қалыптасқан тіркес және бір синтаксистік бірлік ретінде бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұр. Аталған тіркестің ең басты ерекшелігі толық мағынасы бар жеке сөздерден құралуында. Тіркес құраушы сыңарларды сөз табы бойынша модельге салсақ, онда сан есім + зат есім үлгісі шығады. «Бір күні» тіркесі «келе жатса» күрделі етістігімен синтаксистік байланысқа түсіп, күрделі сөз тіркесін жасаған. «Бір күні» түйіспелі тіркесі пысықтауыштық қатынаста жұмсалып, іс-әрекеттің өту уақытын анықтап тұр. Осылайша, түйіспелі тіркестердің мынадай белгілері барын көрсетуге болады:

1 Толық мағынасы бар кемі екі сөздің өзара бір синтаксистік тұтастық құрай байланысқан тіркес болуы;

2 Тіркесімділік табиғатына қарай сөйлем құрамында ғана қалыптасатын тіркес болуы;

3 Бір синтаксистік бірлік ретінде бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқаруы.

4 Тіркес құрамындағы сөздер өзара берік байланыста тұрып, бағыныңқылық-басыңқылық құрылымда болмай, грамматикалық талдауға түспейді.

5 Күрделі сөз тіркесінің бір сыңары ғана болуы және сөз тіркесінің басыңқы немесе бағыныңқы сыңары қызметін атқара алуы.

Жалпы тіркеске түскен сөздерді екі үлкен топқа бөлуге болады: еркін және лексика-грамматикаланған тіркестер. Түйіспелі тіркестерді лексика-грамматикалық тіркес қатарына жатқызамыз. Себебі оның өзіндік ерекшелігі лексика-грамматикалық тіркестер қатарына жататын атаулық тіркестер, шектеулі тіркестер, тұрақты тіркестер, түйдекті тіркестер ерекшеліктеріне өте ұқсас. Қараңыз:

- лексика-грамматикалық тіркес сыңарлары өзара сөз тіркесін құрамайды;
- сөз тіркесінің құрылыс материалы болып табылады;
- екі немесе бірнеше сөздің өзара тіркесіп, сөз тіркесінің бір ғана сыңары болады;
- құрамы грамматикалық талдауға түспейді;
- ортақ сұраққа жауап береді.

Тіліміздегі түйіспелі тіркестердің құрамы әр түрлі. Түйіспелі тіркестерді құрылымдық-семантикалық жағынан қалыптарға жүйелеп, зерттей келгенде олардың негізінен екі құрамды болып келетіндігін байқаймыз. Төмендегі мысал сөйлемдердегі қарамен берілген сөздер тобы түйіспелі тіркестер болып табылады. Қараңыз:

1 Бас бухгалтер әйел де, кассир қыз да түрегеп тұрып қызмет етіп, ***бір жарым*** айлық жалақысын шып-шырғасын шығармай түгел санап, алақанына салып берді.

2 ***Бір жылдары*** сол қолының басы білезігінен кесілген адамға қайыңның безінен ойып, саусақтары ашылып-жұмылатын кәдімгі қол жасап беріп, бұл өңірде жоқ ісмерлігі аңыз боп шартарапқа жайылып кеткен.

3 Бұл онымен бір бұл емес, үйде оңаша қалған кездерінде де ***әлденеше рет*** болған жағдай.

4 ***Бір қиырдан*** сағымға оранып шалынған ақ пароход күшті ағынға қарсы тепектеп жеткенше бие сауымдай уақыт өтті.

5 жыртық-тесігінен тамшы ағып, төсеніші түріліп, малға да, жанға да ұлтарақтай құрғақ орын қалмаған мазасыз ***бір шақ*** туып тұрған.

6 Терезе түбінен біреулер қауқылдаса жөнкіліп өтіп жатыр еді, әлгіндей болмай жайшылықта бас сұға қоймайтын жетім үйге мезгілсіз уақытта киіп-жара, ***бір топ*** ауыл адамдары кіре берді.

7 Қасеннің өлімімен бітпепті, бір әулетке ғана келген нәубет емес, ***әр азамат*** басына жағалай төнген індет екен, бір көк шолағы, он қойы бар орташа тап жауының құйыршығы атанып еді, енді «халық жауы» деген бір сұмырай сөз тіркесі шығыпты.

8 Қыз күнінде сүзекпен ауырып, қазіргі ***әр талы*** жылқының ту қылындай кемпірдей қара шашы жидіп түсіп қалып, келер жаз бақсыға көрінгесін бұрынғысынан да тығызданып қайта шығыпты.

Жоғарыда ұсынылған мысал сөйлемдердегі *бір жарым, бір жылдары* түйіспелі тіркестері құрамына қарай негіз түбірлі есім сөз табындағы сөздердің тіркесуінен жасалған. Олар толық мағыналы екі сөздің берік тіркесуі арқылы сөйлем ішінде бір ғана лексема түрінде бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұр. Алайда олардың тіркесуінен жаңа мағыналы туынды сөз тумайды, керісінше жаңа грамматикалық мағына туындайды. Ал сөздердің өзара тіркесінен пайда болған жаңа грамматикалық мағына тек сөз тіркесінің семантикалық ерекшелігіне тән белгі болып табылады. Бірақ мысалда берілген *бір жарым, бір жылдары* мысалдары сөз тіркесі емес. Бір жарым, бір жылдары мысалындағы компоненттер арасындағы байланыс сөз тіркесіне сырттай ұқсайды, алайда аталған мысалдағы түйіспелі тіркестердің синтаксистік байланысы о баста-ақ қалыптасып, берік сабақтас байланысқа өтіп, бір бүтін тұтастықта жұмсалып тұр. Қалған мысал сөйлемдердегі түйіспелі тіркестерге де осындай сипаттама беруге болады.

Түйіспелі тіркес құрамындағы сыңарлар келесі сөз таптарынан келеді:

– Сан есім мен зат есімді түйіспелі тіркестер;
– Есімдік пен зат есімді түйіспелі тіркестер;
– Үстеу мен зат есімді түйіспелі тіркестер;
– Қатыстық сын есім мен зат есімді түйіспелі тіркестер;

Түйіспелі тіркес құрамындағы сөздер синтаксистік қатынастан алшақтап, лексикалану үдерісін басынан кешіп, уақыт өте сөйлем ішінде дайын бір ұғымды білдіретін жеке сөзге айналуы да әбден мүмкін. Алайда ол өзгеріс уақыт еншісінде.

Түйіспелі тіркес – тілімізде үздіксіз жасалып жататын тілдік құбылыс, сондықтан олардың жасалу ерекшеліктерін, тіркесу қабілетін анықтау және тілдегі қызметін қарастыру тіркестердің негізгі заңдылықтарын әрі қазақ тілінің грамматикалық құрылысының толық сипатын ашуға көмектеседі.

Қорыта келе тілдегі түйіспелі тіркестерге мынадай жалпы сипаттама береміз: түйіспелі тіркестер табиғаты сөйлем ішінде

күрделі сөз тіркесінің бір сыңары қызметі нақтыланып, толық мағыналы екі сөзден тұрып, сыңарлары арасындағы байланыс берік болады. Түйіспелі тіркес қанша сөзден тұрмасын, сыңарларының орнын ауыстыруға немесе араларына басқа бір сөзді енгізуге немесе бірін екіншісінен бөліп қолдануға келмейтін тіркес. Бұл тіркес лексикалық, лексика-грамматикалық жағынан да бөлшектенбей тұтас бір ұғым, мағына білдіріп, бір сөз табы құрамына кіреді. Қосымшалар жалғанғанда да сыңарлары жеке-жеке емес, тұтас тұлғаланады, әдетте қосымша мұнда соңғы сыңарға қосылады, сөйлем ішінде де ажырамай, соңғы сыңарларының тұлғасына орайлас сөйлем мүшесі болады, бір ритмикалық екпінмен айтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.

2 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы : Санат, 1994. – 266.

3 Сағындықұлы Б. Синтаксиске кіріспе. Оқу құралы. – Павлодар, 2008.

4 Сайрамбаев Т. Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері. – Алматы, 1976.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СЕЙЛБЕКОВ Н. А.
магистрант, С. Торайғырова атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тәуелсіздіктің алдыңғы легі Ұ. Есдәулетов, Т. Әбдәкәкімов, Г. Салықбаева, Ж. Бөдешұлы т.б. ақындардан да тәуелсіздік туралы жырлау кейінгі жас ақындар үшін ерекше болғаны белгілі. Өзіндік із, өзіндік ұлттық бояу мен жаңа сүрлеу салу қажет болды. Нарықтың нәмарт қыспағында жүрген қазіргі жас ақындарға да оңай болмағаны сөзсіз, сөйтсе де олар кешегі социалистік реализм мен цензура қыспағынан көз аша алмаған алдыңғы толқын қаламдас ағаларына қарағанда әлдеқайда бақыттырақ, ауыздары салымдырақ. Ол қыспақ пен бұл қыспақтың айырмасы да көп. Бұл жылдардан ұлттық шеңбер аясынан шығуға талпынып, әлемдік өріске ұмтылған, ғарыштық кеңістікке қол созған соны ізденістерді көреміз. Мұнда кездесетін мазмұн мен түр жаңалығына құштар кейбір әдеттен тыс ізденістерді

ешқандай да космополитизм нышаны емес, қайта керісінше, қазақ өлеңі мен тілінің ғарыштық биікке ұмтылуы деп бағалаған жөн.

Жастардың өлеңдерінде ақбұлақтың ерке мінезі мен таңғы шықтың тазалығы, ауыздықсыз асау тағдырдың аңдаусыз шаңға аунатуы, алып-ұшқан іңкәр махаббат пен тәтті түстей тұманды сағыныш, алға ұмтылған аяулы арманның тұңғыш тауы шағылуы мен өкініштің алғашқы кермек дәмі, белгісіз арман, қиялды келешек, шексіз әлем, шындыққа ұмтылыс, бәрі-бәрі бар. Соның бәрі жас елдің алға басқан тәй-тәй қадамымен бірге өсті. Жырлардың тамырында буырқанған жастық қуат пен шынайы сезім қайсыбір тұстардағы шеберліктің кемшіндігінің орнын толтырып тұрғандай.

Қазақ поэзиясын көп жанрлы, көп сипатты кең арнаға балауымыз – әдебиет аталатын үлкен идеологиялық құрал ретіндегі мән-маңызына байланысты. Осындай күрделі мәселелердің сабақтастығы нәтижесінде бұл сала қоғамдық-тарихи-рухани құбылыс есебінде тарихи-қоғамдық ықпалға орай әр қилы дамып келді. Қазақ поэзиясының тарихы әдебиетіміздің қай кезеңінде де, кеңге қанат жайған сала екенін әйгілейді. Қазақ поэзиясының бастауынан ақындардың іспетті шығармашылығындағы қоғамдық ой-пікір ұлттық сипат негізінде бой көрсетсе, кеңес одағы тұсында айтарлықтай алға қадам жасап, кеңестік идеологияның мәнді құралы болды. Ал, еліміз тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, ұлттық таным мен ұлттық пайым, діни сипаттар көкжиегінен көрінген қазақ поэзиясы тағы да жаңару мен жаңғыру үдерісін бастан кешті. Әйткенмен де, осынау үш кезеңде қазақ поэзиясының жалпы көркемдік әлеміне қарап, қазақ поэзиясы қай уақытта да тұтастай халық ауыз әдебиетінің ықпалымен дамығанымен көреміз.

Жаңа эстетикалық, адамгершілік мұраттарды нысанаға алған тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы да осы дәстүрлі дамудың жолын жалғастырып келе жатқан үлкен көркем әлем.Қазақ әдебиетінің ендігі басты мұраты – тәуелсіздік алып келген ұлттық құндылықтарды жырлау.

Кеңес заманының белсенді, ақылы мен ойы ұлттық тәрбиеге емес, биліктің ықпалына бағынған лирикалық кейіпкері бұл туындыларда жоқ, бүгінгі көркемдік әлемдегі ұлттық ерекшеліктері мол кейіпкерлерге назар аударсақ өткен әдебиетімізге қарағанда бүгінгі қазақ поэзиясының қаншалықты жаңара, жандана түскенін аңғарамыз.

20-ғасырдың 90-жылдары бұрынғы Кеңестер елі, соның ішінде қазақ тарихы үшін ерекше болғаны мәлім. Жетпіс жылдан астам тоталитарлық жүйенің тас бұғауында болған ұлттар ендігі жерде

өз биліктерін өз қолдарына алып, жұрттың жаңа бағытын белгілеу жолына түсуді келер ғасыр алдындағы парыздай сезінді. Кеңестер билігіне қарсы шыққан КСРО-дағы алғашқы төңкеріс қазақ жерінде болды. 1986 жылы желтоқсан айында қазақ жастары өз елднрін өз ұлтының адамы билеу керек деген талапты қойды. Бірақ Кеңестік кесапат саясаты қазақ жастарын тағы да қанды қырғынға ұшыратты. Қазақтың өрімдей жас қыздары мен жігіттері желтоқсанның аязына ғана тоңған жоқ, өз ой-пікір, көзқарастарын білдіргендері үшін жазаға тартылды. Қазақ жастарының жалынға оранған жандарының өтеуі болып, араға төрт-бес жыл салып, жетпіс жыл бойына КСРО деп аталатын алып территорияға ғана емес, Еуропаның, Азияның бірнеше мемлекеттерінде, тіпті Америка құрлығы мен Африкаға да «коммунизм елесін» ғана емес, өзін де құрып үлгерген КСРО-ның өлшеусіз билігінің күні бітті. Ел мен жеріне өз биліктерін орнатқан елдің бірі – Қазақ елі болатын. Тәуелсіз қазақ елінің алдындағы үлкен бір міндет – жоғала бастаған ұлттық таным мен халықтың сананы жаңғырту алдыңғы кезекке шықты. Қаазқ жұртының әдебиетінде жаңа дәуік кезеңі басталды. Бұл кезеңнің алдында бай ауыз әдебиеті, екпінді жыраулық дәстүр, классикалық Абай жырлары, адамгершілік пен иман жолын уағыздаған Мәшһүр-Жүсіп, Майлықожа, Тұрмағамбет т.б., қоғам мен заманының дегеніне бағынбай елдік пен ұлттық идеяны көтеріп кеткен Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Ахмет, Міржақып, Бернияз, Сәбит т.б. мен бірге дауылпаз Ілияс, сырлы Сәкен, кейінгі кезеңдерден Қасым, Мұқағали, Қадыр, Тұманбай, Жұмекен... болып қазақ жыр тарихы жалғаса береді. Тәуелсіздік жырларының алдында да кейінгі жас өреннің үлгі болған, еліктеген өз аға, әпкелері болды. Жоғарыдағы қазақ поэзиясының жырларымен сусындап, Ұ. Есдәулетов, Е. Раушанов іздерінен ілесе шыққан Г.Салықбаева, С. Нұржанов, Б. Үсенов, Б. Жақыпов, т.б. поэзиясы 1990 жылғы қазақ әдебиетінің жаңа толқын, жас буыны ретінде талданған [1, 45]. Сондықтан да 1990-2000-жылдар поэзиясы өкілдері жаңа бағытта, соны соқпақтарды алған Т. Әбдікәкімов, А. Қани, А. Кәріпжантегі, М. Райымбеков, Ә. Балқыбектерден басталады. Жоғарыдағы ақындар өлеңдері алдыңғы аға-апаларына қарағанда жырдағы батылдықтарымен, қоғам мен замамнның сырын ашы да, зәрлі төккен шығармаларымен ерекше болды.Тәуелсіздік кезіндегі әдебиеттің көптеген ерекшеліктері бар.

Тәуелсіздік кезіндегі поэзиядағы үлкен іргелі тақырыптардың ішінде – туған ел, туған жерге туралы шығармалар бөлек көрінеді. Жалпы қазақ әдебиетіндегі Отан, туған ел мен жер тақырыптары.

Еркіндік алған елдің ақындарының да мүмкіндігі бөлек екені белгілі. Батыс пен шығыстың інжу-маржандарын қанып ішкен, білім мен білігі қатар келіскен келесі жаңа заманның жырын да бөлек етті. Бұл осы кезең ақындарының бірінші ерекшелігі болса, екінші ерекшелігі - ауылдың өскен, қанат жайған қалпын да, кейіннен қадірі қашқан шағын да көздерімен көрген ұрпақ. Сондықтан да поэзияда туған жер тақырыбы өзгеше жырланды. Ел мен жердің тағдырын жырлағанда елдің өзгеше бар жақсылығын да, кетеуі кеткен кемістігінде қорықпай айтты. Қоғамның, заманның ісін кей тұстары сатқындыққа, кей тұстары апатқа теңеген өлеңдер поэзияның шын қоғам көрінісі болған қалпын танытты. Әсіресе Т. Әбдікәкімовтің туындылары өз кезеңі үшін жойқын жаңалықтай сезілді. Т. Әбдікәкімов ақын қазақтың қара өлеңін жаңа бір қияға шығарды. Бұған дейінгі жалпақ ақыл, арзан ұйқасқа құрылған жырлар жаңа жалын болып төгілді.

Өзенім-ай,
Мұң-зарың бар ма қанда,
Шөл деген сөз «өл» болды дәл маған да!
Ойлағандай боламыз (кешір бізді)
Орман түгіл, шілігің қалмағанда!
Жолықпаса жусан - сау, ермен - есен,
Мен өзімді іштегі шермен езем.
Ой-арманы жоқ адам ол да бәрібір -
Орманынан айырылып өлген өзен!
Немесе:
Солай, әне, Қара Өлеңнің Дұғасы!
Қарға болу қиын емес расы.
Қара түнде, Қара ағаштың басында
Қандай жұмсақ қара құстар ұясы!
Ал төменде - сан қорқыныш, сан күдік...
Қала жатыр ұл-қыздарын қаңғытып.
Қақ төбеден Қайырымсыз қоғамға
Қандай рахат отырсаңыз саңғытып! [2].

Ақынның жырлары табиғаттан бүкіл адамзат атынан сұраған кешірімдей. Екі өлең екі тақырыпты жырға қосқан. Біріндегі адамның жаратылысқа жасаған зұлым кесапаты, табиғат – ана қауқарсыз, күш-қуаттан айырылған шарасыз күйде. Орманнан айырылған табиғат пен ойдан жұрдай болған адамдар қоғамы – екеуі де шерлі. Екеуі де ендігі – барынан айырылып қана қойған жоқ, жанынан да айырылғандай. Табиғатсыз адам тіршілігінің

құнсыздығы, кейіпкер шарасыздығы айтылады. Ал екінші өлең жеке бас мұңы сияқты, бірақ заман мен қоғам теперішін көрген қазақ қыз-ұлдарының күйі. Өз елінде, туған жерінде басында өзімдікі дер шаңырағы болмау – трагедияның басы шығар. Құс екеш құстың да биікте, өзі қалаған жерде ұясы бар. Қоғам қара ағаштай да сая, пана бола алмай отыр. Мүмкін пенделіктен ада табиғат өз балаларын далаға тастамас, ал адамдар қоғамына өз балалдарын қаңғыту түк те емес екен. Кейіпкер де өзіне мейірімсіз қоғамға мейірімсіздікпен жауап береді. Іштегі зар-запыранын солай шығарады. Бар ашуын қайырымсыз қоғамнан алып, рахат күйін кешу де бір сәттік болса да, жылылық іздеп таба алмаған адамға керек шығар. Ғасырлар тоғысында қоғамнан қоғамға ауысқан шақта әдебиетте болатын торығу, өткенді аңсау, болашақтан күдер үзу 20-ғасырдың 90-жылдарындағы қазақ поэзиясында да болды. 18-ден 19-ға өтуде Махамбет болып зар күйін, Дулат болып заман шерін толғаса, 20-ғасырға өтерде, ғасыр басында қазақ поэзиясы Мағжан болып Қорқыт күйін төккен. 20-ғасырдың соңындағы бұрынғы идея, коммунизм, қоғам әлеумет үшін, халық үшін, еңбекші жұрт үшін деген ой басқа түрге ауысты. Жетпіс жылдың бас кезінде осы ойды қанмен таңған империя соңына қарай бар дәрменінен айырылды. Кей тұстарында, шынында да, адамгершілік мұраттарды уағыздаған Кеңестік идеология 80-жылдардың соңына қарай әлсірей бастады. Бұл әлсіздік ең бірінші идеологияда басталды. Қоғамдық сана мен ой-пікір өзгере бастады, адмдар көзқарасына өзгеріс әкелетін көптеген саяси-қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар орын алды. Ең бастысы, қоғам мен адамдардың әлеуметтік тұрмысы нашарлай бастады. Тұрмысы нашарлаған елдің ой-санасы да өзгермей қоймайтыны белгілі. Осы тұста қазақ әдебиетінде көптеген жырлардың ішінде орын алған тұрмыстық торығудың да алға шығуы заңды еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Уақыт және қаламгер. – Алматы, 1990. – 256 б.

2 Әбдікәкімов Т. Қас Сақ аңқымасы. – Алматы : Қазығұрт, 2003. – 448 б.

Т. АХТАНОВТЫҢ «БОРАН» РОМАНЫНДАҒЫ ПЕЙЗАЖДЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

ТАСТЫБАЙ А. М.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ағашорын ЖОББМ

Қазақтың 20 ғасырдың бірінші жартысында алғашқы буын прозашыларының әдебиетімізге әкелген ең үлкен жаңалығы – пейзаж. Қара сөзбен ақ қағаз бетіне өздерінің өскен ортасының табиғатының суретін салуда үлкен жетістікке жетіп, өздері үлгі алған орыс жазушыларынан да асып түсті де келешек ұрпаққа үлгі болардай биікке шығарды. Сол заманның жазушылары көбінде суреттеу тәсілдері қолданылады. Суреттеу тәсілдеріне мінездеу, портрет, бейнелеу, пейзаж жатады. Суреттеуде көріністі, бет-әлпетті, қимыл-әрекетті, әдетті нақтырақ көз алдымызға келтіре отырып сөзбен баяндайды.Суреттеу әсерлі болса, шығарма да тартымды болады.

Әдебиеттанушы Кенжебай Ахметов «Әдебиеттануға кіріспе» оқулығында пейзажға мынадай анықтама береді: «Пейзаж – шығармада табиғат көрінісінің бейнеленуі. Бұл тұста пейзажды табиғат көрінісін бірегей суреттеуге арналған шығармаларға қатысты алып отырған жоқпыз. Әңгіме қандай да бір көркем шығармадағы өзге де көркемдік құралдармен қатар өзіне тән көркемдік- идеялық мән атқаруға тиісті пейзаж туралы. Пейзаж шығарманың тұтас идеялық- көркемдік мәніне қызмен ету үшін де, сондай- ақ шығармадағы жекелеген көріністерге, оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты да қолданыла береді». Олай болса пейзаж құр табиғатты суреттеп қана қою емес, оның көркем әрі шығармадағы адам өмірімен, адамның болмысы және кейіпкердің басынан өтіп жатқан жағдайымен тығыз байланысты болуы керек екенін аңғардық. Сонда ғана пейзаждың шығармадағы қызметі орынды болады.

Жазушы Серік Нұғман өз сұхбатында пейзаж туралы «Біздің ұлттық сөз өнеріміздің бірден-бір ерекшелігі – ондағы қою етіп берілетін табиғат суреті. Яғни, пейзаж...», – деген. Сонымен қатар әдебиеттанушы Саржан Такиров «Бұрын дәстүрлі прозада пейзаж үлкен қызмет атқарды. Сонау «Тар жол, тайғақ кешуден» бастап, 1970-80-жылдарға дейінгі прозада пейзаж психологиялық параллелизм ретінде қолданылды. Барлық жазушы пейзажды сәтті пайдаланды деуге болмайды, әрине. Бірақ негізінен, сәтті шығып отырды» – дейді де, қазіргі уақытта пейзаждың қолданылмай кеткенін, сондықтан да кітаптардың бір рет қана оқып лақтыра салар дәрежеге жетіп, шығармалардың құндылығы қалмай бара жатқанын айтады.

Қазақ прозасының басты симфолы- табиғат деп айтсақ қателеспейтін шығармыз. Қазақ шығармалары сонысымен өзге елдің шығармаларынан озық тұрады. Табиғаттың тылсым бейнесіне жан бітіре суреттеу қазақ жазушыларының ерекшелігі мен ішкі жан дүниелерінің көркемдігі.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі шығарманың бірі – Т. Ахтановтың «Боран» романы. Көтерген идеясымен де, характерлерімен де арнайы әңгімелерлік шығарма. «Боранда» жазушының бұрынғы шығармаларындағы: («Қаһарлы күндер», «Махаббат мұңы» т.б.) бой көрсеткен стильдік өрнек калыптаса, тереңдей түскен. Ол – тұлғаларды өсу-өзгерту, дамуы үстінде көрсету, адал Болмысындағы құбылыстарды бейнелеп отыру. Романның басты қаһармандары: Қоспан мен Қасболаттың, Жаңыл мен Қаламұштың әр кезендегі кескін-келбетін, мінез айырымын бірден байқап отырамыз.

Жалпы кей сыншылар бұл шығарманы жазушының өзіне ұқсатып отырады. «Тахауи Ахтановтың өмірі өзінің ең сүбелі шығармаларының бірі – «Боран» романының күрделі сюжеті секілді. Бұл кісі ылғи бораннан шығып, боранға ұрынып отырған. Отызыншы жылдардағы аштық зұлматы боран ба? Боран. Жеңген. Аман қалған. Сұрапыл соғыс боран ба? Боран. Жеңген. Аман қалған. Елуінші жылдардағы қайтара қудалау, боран ба? Боран. Жеңген, аман қалған. Тоқырау жылдарындағы тымырсық саясат боран ба? Боран. Жеңген. Аман қалған».

Т. Ахтанов романында табиғат көрінісі қаһарманның көзімен, көңіл түйсігімен орайлас беріледі. Баяндау мен кейіпкердің көңіл күйлері астарласа, қатарласа жүріп отырады. Көлемі шағын романға бірталай адамның өмір тәжірибесі, тағдыры, күрес-тайталасы, өзара араласу тарихы, кейіпкерлердің сыртқы, ішкі кескінін бірлікте беруге байланысты қаһарманның бүгінгісі мен бұрынғысын жымдастырып көрсетуі шынайы шеберлікті дәлелдейді.

Ә. Кекілбаев «Ахтановтың ізденімпаздығы «бояушы,бояушы» дегенге сақалын бояйтындардаң сойынан емес. Ол қандай тақырыпқа барсын мейлі, қандай тақырыпқа жазсын мейлі, қандай жаңалыққа бой ұрсын мейлі, суреткерліктің реалистік плптформасынан бір елі ауытқып көрген емес. Бірақ, оған көргенінен жазбайтын үйреншіктілік те атымен жат... Сезім шынайылығы, ой уыттылығы, сурет дәлдігі – Ахтанов поэтикасының негізгі үш тіні», - деп Ахтановтың жаушылық шеберлігі мен, суреткерлік қасиетіне жоғарғы баға береді. Ал З. Қабдолов «Тахауи Ахтанов кім?» – десе, мен: «Үлкен үшеу: «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін», - дер едім», – деген екен.

Европа романдарының жақсы тәжірибесін творчестволық жолмен пайдалана білу, көркем, қою тіл, суреттеп отырған оқиға мен ситуацияны жеке тексеріп білгендік, азаматтық тұрғының беріктік характерлерді әлеуметтік тип дәрежесіне көтеріп, жан-жакты мінездеу – жазушы романын бүгінгі әдебиеттің жаңа, жақсы жетістігі дегізеді. «Боран» романы арқылы келген тың тұлғалардың өзіше ерекшелігі, көркемдік сонылығы әдебиетіміз үшін жаңа деп есептеу керек. Сол үшін олардың бірнешеуіне жеке тоқталып өтпекпіз. Әдебиетімізге «таныс, бейтаныс» болып енген кей тұлғаның бірі – Қоспан. Бұл кезге дейін де шығармаларда малшы адамның бейнесі кездесетін. Бірақ Қоспан солардың бәрінен де оқшау тұр. Мұның негізгі құпиясы – жазушының сендірмей қоймайтын көркем шындыққа жетуінен, тұлғаның түсін де, ісін де шеберлік аша білуінен. Біз Қоспанның тұр-ажарынан бастап әр кезде көңіл толқындарының да растығына сенеміз.

Жазушы романды «кенет ауаға шырмалып ызғар кіріп, теріскейде қара бұлт тұтасып келе жатса да, Қоспан асықпады... Күннің ниеті бұзылса да, Қоспан жемге үймелеген балапандай шүпірлеп жайылып жүрген қойдың басын оттан жұлып ала алмады», – деп бастауынан-ақ Қоспанның жан баласына зияны жоқ, адал шаруа екенін аңғарамыз.

Қоспан тек алдындағы семьясын ғана біліп, алаңсыз тіршілік кешіп жүрген жан емес. Оның көңілін теңіздей шайқайтын, жүрегін сыздататын оқиғалар өткен екен. Жаңа ғана қызметке араласып, ел қатарына қосыла бергенде соғыс басталып кетіп, Қоспан майданға аттанипты. Онда борышын абыроймен атқарып, ақырында ауыр жарақаттанып, фашист тұтқынынан бір-ақ шығыпты. Қоспанның тұтқындағы өмірі де баяндалған. Сырт көзге қимылы, сөзі сараң осы адамның әр іс-әрекетінде қорғасындай салмақ, табандылық, адамгершілік ерлігі сезіліп тұрады. Әскерден қайтып, еліне келгенде, мұның алдынан «тұтқында болған» деген сөз кес-кестеп жүргізбейді. «Қайда барса Қорқыттың кері» дегендей Қоспанды қызметке алуға ешкімнің жүрегі дауаламайды. Оның қойшылыққа ауысу себебі осыдан. Автор қаһарманның басындағы шырғалаң мен сергелдеңді уақыт шындығына сәйкес етіп, ақиқат көрсеткен.

Төрт күнге созылған боран өтінде бір қора қой соңынан өлермендікпен жүріп отырған, өлім мен өмір белдескен шақта, Қоспанның ойына ауық-ауық өткен тіршіліктің үздік-үздік эпизодтары келеді. Сонан біз оның үйлену тарихын, майдангерлік істерін, соғыстан кейінгі жай-күйлерін танимыз. Мейірімсіз дала боранының ішінде жалғыз қалған Қоспанға өмірдің, адамдықтың, достықтың, адалдықтың бағасы мен қадірі ерекше екшеліп елестейді.

Ол өткен өмірінің белестеріне ой жүгіртіп қана қоймайды, істерінің сипатына да сын көзімен қарайды. Осындай кезде оның өмірінің ең нәрлі, мәнді тұстары қайта тізіліп келеді. Жақсы дегенінің, жаман дегенінің айырым, парқы таразыға түседі. Оңашада өз ойымен өзі қалғанда, көлденең куә жоқ жерде жалғыз үкімші сана мен ар ғана болады. Бейнеті, қиындығы көп өмірдің қай беткейін алып қарағанда да, Қоспанның ешқашан ұжданын саудаға салмағандығы, адал өмір кешкендігі көрінеді. Ол майданда сылтау дегенді білмейтін таза жауынгер болыпты. Өз командирі Қасболатты аман күтқару үшін, оққа кеудесін төсеп, жауды кідіртуге қалып қояды. Тұтқында жүргенде ол Отанына оралу үшін қолдан келген әрекеттің бәрін жасайды. Еліне келгенде ол «бұрынғы тұтқыннан» үркіп, қызмет бермегендерге жалынбайды; үнсіз, іштей шерленіп. маңдайына жазғанды темірдей төзіммен көтереді. Онын басынан кешкен хикаялар өз аузымен ешкімге айтылмаған. Ол өмірдің қандай да болсын кездейсоқтығына үйреніп, сырын сыртқа шашпайтын, жағдайдың шытырманын санамен пайымдап, ең қарапайым жолмен жүруге дағдыланған адам Қоспанның жүрегіне жазылған тарихы әлгіндей боран сұрапылы кездесіп, өлім табалдырығы жақындағанда ғана еріксіз айтылған өсиеттей, ыршып шыққан сырлар, ақтық адал түйіндер мен бағалар. Бұрын өмірдің қанша ауыртпалығын көрсе де, оны мойымай, қажырлылықпен көтеретін Қоспан боран кезінде іштей түлегендей жаңа бір рухани серпіліске түседі. Өмірде ақиқат пен жалғанның, қымбат пен арзанның парқы анықталып, бүкпесіз сырымен танылады.

Қоспанның санасындағы төңкерістің бірі – кейде араз, кейде дос болып жүрген Қасболаттың шын келбетін танып, оның нағыз сырын; көз жеткізгендей болуы. Ол сөз жүзінде бәрін тындырып жататын, бірақ елге, іске шындап беріліп қызмет істемейтін қысылтаяң кезде тайқып шығатын, ұятты белден басып кете беретін Қасболаттар ең залалды тип екенін көңілмен түсінеді, аз өмірінде көп алапатты, аумалы-төкпелі күндерді бастап өткізген, тағдыр салмағынан езіліп қалмай, өмірге сүйіспеншілік қабілетін сақтай білген, пәленің көбіне сабырмен, шыдамдылықпен, рухани таза қайратпен, адал еңбекпен құтылып отырған емендей берік еңбекші адам бейнесін жасауы – суреткердің ірі табысы.

Ахтановқа сонау кезде Әуезов «Сен шынайы қызығарлақ соныға түскенсің. Соған мейлінше құдіретің де жетеді. Ілгері тереңдеп, ірілеп, таныта түс, тарта бер» десе, Кекілбаев «Т. Ахтанов – жиырмасыншы ғасыр әдебиетінің кезеңдік биігі» , – деп берген бағалары жазушының шеберлігін айқындай түседі.

Романның идеялық-көркемдік бітімінде табиғат ортасы мен мінезі, жер-су көрінісі, құбылған ауа райы айрықша қызмет атқарады. Қысқы даланың үскірік аязы мен ақ түтек бораны – шығарманың басты кейіпкерлеріне үлкен қиындық әкеліп, әрқайсысының жан дүниесіне қозғау салады. Сыртта табиғат дүлейі ысқырына соқса, кейіпкерлердің ішкі әлемі де мазасыз: ішкі-сыртқы аласапыран бірін-бірі толықтырып, күшті тартыс арнасын құрайды.

Жазушы табиғат құбылысын осындай көркемдік мақсатта, әдеби фон ретінде алады. Мұндағы боран – іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, характердің ашылу кілті мен символ кілті.

Табиғат үскірігі – бір кездері халыққа ауыр тиген заман ызғырымен де астарлас секілді. Қырылған қой – бір кездегі солақай саясат салдарынан боса көшкен бүтін бір халықтың тағдырынан да елес беріп өткендей. Сонымен қатар боранның бейнесін шынай бергендігі сол ақ түтек боранның арасында өзің жүргендей күй кешесің.

«Құзғын беткейі – қырық-елу шақырым алыс жайылым. Жазда сусыз болғандықтан мал тұяғы тимей жусаны мен өзені ырғалып тұр. Ашық дөңестің қары да жұқа... Он шақырым шамасында теріскейде, Дөңқараның түбегі бар. Түнге қарай малын сол ықтасынға иірмек. Екі-үш күнге жалғыз өзі де төтеп береді. Содан кейін шанаға азық түлік тиеп, артынан Қаламүш келеді», – деп алдымен жердің болмысын, кейіпкердің ойын оқырманға түсінікті тілмен жеткізіп береді.

«Бесінге қарай көк жүзін түгел бұлт торлап алады. Шақырайған аппақ қардың сәулесі сөніп, реңі солып күңгірт аспанның астында сұлық жатыр. Ауадағы ызғардың дә зәрі сынып,төңірек мүлгіп қалғандай. Біртүрлі жұмсақ, бұйығы тыныштық. Бейне алғашқы қансонардай манаурап тұр. Табиғаттың осындай күйі – не күзде, не көктемде болады. Осындайда Қоспан өзін өзі билей алмай бұлдыр үміт, тәтті қиялға елігіп, бойына шым-шымдап рахат кіреді. Табиғатпен бірге қатқыл көңілі жібіп, жаны бусанып, көкірегін үнсіз, дыбыссыз күй кернейді. Ырғағы белгісіз майда қоңыр күй. Бұл кезде өзін жалықтырған жалғыздыққа Қоспанның жаны жайыла түскендей», – деп боран басталмай тұрғандағы күн мен Қоспанның тып-тыныш, жайлы өмірін шендестіріп береді.

«Жарқырай шағылысқан сәулесі жоқ, бұлт астындағы қоңырқай жарықта төңіректің бәрі ап-айқын. Оқшау тұрған Дөңқара жұқа қардан бойы асқан қараған, тобылғысы қарауытып жап-жақын боп көрінеді. Одан батысқа қарай Айдаболдың қыраты сұлап жатып алған. Оның да бергі беткейіндегі ойпаңы шүйгін. Бірақ қазір қары қалың; қой тұяғына жеткізбейді. Аспанды түгел жапқан қоңыр бұлт сонау

күңгірт алысқа барып ұласады... Мамықтай майда қар. Тығыздалған ескі қардың бетін жаңартып қалқып келіп түсіп жатыр. Ауаның да салқын-сергек лебі шарпып өтті... Қоспанның бетін шымырлатып, аяз лебі қарып өтті. Теріскейден ызғар лебі келе жатыр. Ышқына соққан зәрлі жер ауаны осып-осып жіберді де, ішін тартып тына қалды. Тыныш жатқан малдың үйтқысы бұзылып, өре тұрды. Қоспанның да көңілі мұздап қоя берді. Бұрқыраған қарлы боран қаптап келеді. Желдің тығыны қайтадан ағытылып кеткендей қалыңдап жауған жапалақ қарды түтіп ала жөнелді. Лезде ақ боран Қоспанды қойымен бірге қоршап алды», – деп боранның басталуы алдындағы табиғат райы мен жердің күйін нанымды әрі көркем тілмен шебер сурет жасай біледі. Осы боранның басталған сәтінен бастап Қоспанның малдарды қорғау үшін жанын сала арпалысқаны, барлық кейіпкерлердің ішкі-жан дүниесіндегі арпалыстары, характерлері мен психологиясы табиғатпен үндесе, лирикалық шегініс жасау арқылы кейіпкердің өткен өмірін көз алдарына әкеліп,өз істері мен ойларында өшуге айналған сұрақтарына жауап тапқызады.

«Таң қараңғысы болар, айнала қар түнек, аспанның түбі тесіліп кеткендей ұйтқыған боран басылар емес. Жаңыл қанша тың тыңдаса да гуілдеген бораннан өзге дыбыс жоқ. Жел жақта он бес шақырымдай жерде Мінайдар шалдың қыстау бар.Бұлар қысқы қоныстың ең шетінде. Сонау ық жақта шетсіз-шексіз боран ойнақ салған ен далада ел жоқ. Пана болар бұта, бой жылытар баспана жоқ, бір қора қойымен алысып Қоспан жүр.Меңіреу дала, астан-кестен ақ түнек. Айқайласаң дауысың, жүгірсең аяғың жетер ме? Жағасына ұйтқып кірген қарды сезбей Жаңыл мелшиіп тұр. Ескі жараның орны сыздағандай, ұмыт болған бірақ ертеректе жүрегін талай қарыған, суық сезім қайта тіріліп келеді», – деп боранның суреті мен адамның ішкі жан-дүниесі мен сезімдерін кезектесе не бірге беріп отырады. Бұл кезде Жаңылдың болмыс, психологиясын, өткен кездегі көрген жан сыздатар азабын ашып, шынайы әрі қызғылықты тілмен баяндап береді. Шығармадағы боран суреті толық кейіпкерлерді көңіл-күйімен, іс-әректімен астарластыра қаралып отыр.

«Ұйтқыған боран басылар емес. Арқан бойы ғана бозамық, ар жағы қара тұңғиық. Кей-кейде бір нәрсе қылаң еткендей, әлдебір дыбыс естілгендей болады. Жаңыл демін ішіне тартып, құлақ түріп тына қалады. Қанша тың тыңдаса да ызыңдаған желден өзге дыбыс ести алмайды. Ойнақ салған есер жел мынау қара түнекті бұрқыратып сапыра береді», «Жел қатайып, боран ұлғайып барады. Жаңыл жүрегі лүпілдеп, Қоспан кеткен жаққа қарайды. Ат құлағы

көрінбейтін бозамық түнек бұрқ-сарқ қайнап, ысқырып, ышқына ұлиды. Қар басып бара жатқан аласа қораның қасында жападан-жалғыз әйел селтиіп әлі тұр» – деп Жаңылдың ой арпалысын осы боран сияқты әлі де басылмай жалғасып, жан дүниесін тоңдырып бара жатқандығын айтады.

«Қоспан Дөңқараның түбегінен күдер үзді. Осындайда пана болар ықтасын артта қалды. Жылы үйдің есігіне жуықтай бергенде желкесінен тартып әкеткендей, адам баласының әлі келмейтін ақ дүлей елсіз, папасыз далаға қарай қойларымен қоса ысырып әкетіп барады. Алды жалаңаш. Ұшан дала. Арасы алшақ тақыр адырлар – Қарақияның кең жазығы. Қыстың бұл шағында онда қыбыр еткен жан болмайды. Сол ақ оппа алдынан аранын ашып тұрғандай. Солай қарай ысырып келеді. Қарсыласып, қайрат қылайын десе табан тірер бұдыр жоқ. Қарекет қылмасқа тағы болмайды. Тік жарға қарай арындап алып қашқан асаудың басын бұра тартқандай шамасы келгенше желді қиялап, қойларын оңға қарай ойыстырып бағады. Оң қолында Кішкене құм бар. Ызғар шашып темірдей қарып тұрған Қарақияның бір бүйіріндегі жып-жылы отау сияқты. Быжынаған көп шұқырдың біріне қойын иіре салса қораға татырлық. Бір таң болса ататын мезгілі жеткен сияқты еді, бірақ әзір саңлау көрінбейді. Ұйтқып алды-артын ораған қараңғылық бірде бозамық тартып, қайта түнеріп тереңіне тарта береді» – деп Қоспанның көрген қиындығы мен боранның салған әлегін оқырман көз алдына шынай келтіріп, майлы бояу, бай тілмен, көркем әрі түсінікті түрде жаза білген.

Жазушы бір «Боран» романы арқылы сол кездегі халықтың жағдай мен оларды адастырып, жоқ қылуға тырысқан боран секілді кезеңді аздаған кейіпкерлер мен бір боран суреті арқылы-ақ ашып көрсетіп, оқырманына ой сала білген. Алғашқы кезеңде кеңес үкіметі орнатқан «жақсы» өмірге асығап, тұзаққа қалай ілінгендерін білмеген халық пен халық қамқорларының енді одан шығуға тырмысқан сәтіндей суретті жазушы былай көрсеткен тәрізді: «Адамның уақытты да, істеп жатқан ісінің мән-мағынасын да ұмытып кететін кезі болады.

Роман соңында әбден қалжырап жапан далада жалғыз жатқан Қоспанды Қаламұш жанындағы жолдастарымен бірге іздеп табады. Қоспан олардың өзін іздеп табарына, болашақтың өзгереріне үміті мол еді. Сол болашақты жақсы жаққа өзгертер Қаламұштер болар. Енді боранда малшылар адаса қоймас, қойлар да енді қырыла қоймас. Романнан осындай үміт тауып, ойға қаласың. Жазушы боранды төрт тәулікке бірнеше кеңістікті, бірнеше адамның

психологиясын, бір халықтың тағдыры мен бір заман көрінісін шынайы әрі көркем тілмен оқырман жүрегі мен әдебиет әлемінен өз орнын ойып аларлықтай жазып шыққан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12 том. Құраст.: А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. 12-том. – О – С. – 752 б.

2 http://www.elarna.net/pdfbek/book/kaz/pdf.php?id=200447

3 Тахауидың сөнбес шырағы/ жазушы Т. Ахтановтың туғанына 90 жыл /Биобиблиографиялық көрсеткіш. – Ақтөбе қаласы, 2013. – 43 б.

4 Ахтанов Т. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы : «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2013. – 381 б.

5 Ахтанов Т. Таңдамалы шығармалар. / Ахтанов. – Алматы : Жазушы, 1974. – 424 б.

6 Ахтанов Т. Боран: роман. Хикаяттар. / Т. Ахтанов. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 308 б.

7 Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, Т. I. Роман және әңгімелер. – 1923. – 442 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕБИ ДАМУЫ

ТЕМЕРХАНОВА Б. К.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шегірен ЖОББМ, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы

Оқушылардың әдеби дамуы ерте жастан басталады. Балалық шақ әлемінің қиялсыз болуын елестету қиын, кейінірек іздену, табу, шығармашылық қажет болады. Балалар таңдануды, ашуды, қабылдауды, қоршаған ортаны түсінуді, шындыққа сыни көзқарасты қажет етеді. Мұның бәрін кітап қана бере алады. Мұның екі жағы бар – кейбір балалар кітап оқығанды ұнатпайды. Сол кезде оқырмандардың ресурстарын барынша пайдалану керек, шығармашылық арқылы, өз сыныптастарына кітап әлемі қалай тартымды екенін түсіндіру мүмкіндігін беру керек.

Әдебиетті оқу мақсаттарының бірі – «әлемді және өзін тану үшін білімді, іскерлікті, дағдыларды жеке таңдау негізінде қолдана алатын білікті оқырманды тәрбиелеу». Ал білім берудің

жаңартылған мазмұны жағдайында қазақ әдебиетін оқыту мен оқытудың ерекшелігі терең оқырмандық қабылдауға, талдауға, интерпретацияға, бағалауға баса назар аудару болып табылады.

Өз жұмысымда оқушылардың әдеби дамуының үш кезеңіне тоқталғым келеді:

1) Эпизодты талдауды орындай білу.

2) Дәйексөздермен жұмыс істей білу.

3) Мәтінде тілдің бейнелегіштік – мәнерлі құралдарын түсіну және табу.

Көркем мәтінді қабылдау тұтас болуы тиіс, алайда мәтіннің бір бөлігін – эпизод: сахна, пейзаж, портрет, авторлық шегініс, композицияның кез-келген элементін қарастыра білу маңызды. Бұл оқушылардың әдеби дамуындағы өте маңызды қадам, пайдалы да қызықты жұмыс, өйткені «шығарманың сюжетінде қаралатын эпизодтың орны мен рөлін анықтау үшін оның дамуының ішкі логикасын – оның микросюжетін түсіну керек, ол көркем шығарманың композициясындағы «классикалық» бөліктердің реті: экспозиция, шиеленіс, әрекеттің дамуы, шарықтау және аяқталуы» сияқты құрамдас бөліктерге бөлуді қарастырады.

Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әдебиет бойынша жұмыс нақты әдебиеттану дағдыларын талап етеді, мәтіннің ерекшеліктерін анықтаудағы құзыреттілікті, сауаттылықты талап етеді. Сонымен қатар жиынтық бағалауда жиі эпизодты талдау қажет. Демек, бұл оқушылар меңгеруі тиіс дағды. Эпизодтың талдауын 5-11 сынып оқушылары орындайды, бірақ, әрине, 10-11 сынып оқушылары осы іскерлікті толық меңгереді. Бұл жұмысты жеке де, жұппен де, топтарда да жоспарлы және жүйелі түрде жүргізуге болады. Бұл сөзді түсінудің бір түрі. Мұнда іс-әрекет тәсілі толығымен жүзеге асырылады. Оқушыларға эпизод, бөлшектерін талдау ұнайды, мұнда мәнерлі-бейнелеу тәсілдерін, тілдік ерекшеліктерді анықтау оңайға түседі, туындының композициядағы эпизод маңыздылығын түсіну ұнайды. Ол үшін эпизодты талдау тәртібін анықтау қажет, бір жағынан интерпретация еркіндігі бар, екінші жағынан талдауда академиялықты ұстану қажет деген түсінік, әдебиеттану ережелеріне бағыну керек. Бұл жұмысқа мұғалім атүсті қарамау керек. Бір эпизодты түсіну арқылы оқушы бүкіл шығарманы терең түсінуге келе алады. Мысалы, 10-сынып әдебиетіндегі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанының эпизодын қарастыра отырып, Көркін патшаның асыл арманы, Парахзаттың «уәдесі», Қожа Сағит пен Шеризат, Парахзаттың қайғысы, Ел арманы – сұлу Гүлшат, Шеризаттың ғашықтық сезімі,

Барыстың хаты немесе шындықтың ашылуы сияқты бөлім тақырыптары бойынша мазмұнымен танысып, шығарма желісі бойынша жүйелі мазмұндайды. Шығармадағы әрбір детальға назар аударып, кейіпкер бейнесін ашудағы осы детальдардың орнын анықтайды.

Мысалы, Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт», «Мейірімді бала» әңгімелерін өту барысында Ы. Алтынсарин әңгімелерінің тақырыбы мен идеялық, көркемдік ерекшеліктерін өз бетінше іздене отырып, өзара ынтымақтастық әрекет барысында әдеби-теориялық тұрғыдан талдау жасай білу дағдыларын дамытады, жаңа ақпараттарды өздігінен жинақтай білуге, сыни ойлауға, тұжырым жасауға, пікір алмасуға дағдыланады.

Топта жұмыс істей отырып, олар пікір алмасады, қарсы дау айтады, зерттейді, есіне сақтайды, қолданады, талдау және салыстыру арқылы тұжырым жасайды, дәлелдейді, қателесіп те жатады, бірақ прозалық шығарма эпизоды белгілерін жан-жақты таниды. Сонымен қатар қызығушылықтары оянып, шығарма авторы және туынды туралы қосымша ізденіс жұмыстарын жасайды. Мұндай жұмыстың көмегімен оқушылардың «төмен (фрагменттік) деңгейден орта (талдау), содан кейін жоғары (идеялық-көркемдік, тұтас)» деңгейге ауысады, осылайша әдеби даму бірте-бірте жүзеге асады.

Көркем шығарманың эпизодын талдау бойынша жұмыстың екі бағыты бар: біріншіден, мұғалімнің осы дағдыны меңгеру бойынша жұмысты қалай жоспарлауы керек және екіншіден, оқушылардың эпизодын талдау жоспары болуы керек, біртіндеп талдау, түсіндіру, түсіну, ұсыну, ашу, дәлелдеу, құру іскерліктерін меңгеруі керек. Бұл жұмысты Блум пирамидасына сүйене отырып құруға болады: мәтінді білу (оны оқу), түсіну (түсіндіру, тақырып, идея), қолдану (туындының композициясындағы эпизод орны, эпизод рөлі), талдау (бейнелі құралдар, кейіпкерлердің сипаттамасы, эпизод құрылымы, көркемдік сипаттамалар), синтез (оқиғаға авторлық көзқарас, оны тұтастай алғанда бүкіл шығарманың шарықтау шегі мен идеяларымен салыстыру; авторлық бағалаудағы дау-жанжалдың өткірлігін анықтау; осы эпизодтың басқа эпизодтармен немесе туынды құрылымының басқа элементтерімен (автордың алғысөзімен, прологпен, эпилогпен, арнауымен, эпиграфпен, фрагменттер арасындағы сюжеттік, бейнелі және идеялық байланысын қарастыру; бағалау (идеялық-тақырыптық байланыстардың негізінде өз мәтінін жасау: тақырыбы, мәселесі немесе идеясы).

Оқушылар эпизодты таңдап алынған сұрақтардың көмегімен талдай алады: «не бейнеленеді? Қалай бейнеленеді? Неге

бейнеленеді? Эпизод идеясы қандай? Басқа эпизодтар мен жалпы туындымен мағыналық байланыстар қандай? Жұмысты түсіну үшін бұл эпизод қаншалықты маңызды?» және т.б.

Әрине, өзіндік жеке әдіс-тәсілдерді қолдануға болады, бірақ ол белгілі бір сыныпта оқу мақсаттарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс және сабақтағы критерияларға, дескрипторларға ажыратылуы керек.

Эпизод талдауын орындау да оқушылардың әдеби дамуының критерийі болып табылады. Мысалы, 10 сынып оқушылары кейіпкерді сипаттауды үйренуі керек. Мәтінде кейіпкердің сипаттамасы үшін маңызды эпизодтарды табу, оны мәтіннен мысалдармен сипаттау. Проблемалық сұраққа дәлелді жауап беру. Эпизодтың шекарасын анықтау, оның құрылымын, көркем бөлшектерін көру, мәнерлі-бейнелеу құралдарын анықтау, эпизодтың күрделі жоспарын құру, эпизодтарды идеялық - тақырыптық деңгейде салыстыру, жанрлық ерекшеліктерді анықтау, дыбыстық және синтаксистік мәнерлі құралдарды бөлу, сахнаны зерттеу, көркемдік құралдар мен мәтіндегі фигураларының рөлін анықтау, стилистикалық фигураларды анықтау және олардың рөлін анықтау сияқты әрекеттерді жасай алу керек. Бұған 7.2.4.1-прозалық, драмалық және лирикалық шығармалардағы басты және қосалқы кейіпкерлердің сипаттамасы үшін маңызды эпизодтарды талдау; 7.1.3.1-лирикалық кейіпкердің сипаттамасына және/немесе кейіпкердің бейнесіне байланысты дәйексөздерді, шығарманың фрагменттерін мәтінде өз бетінше тауып, мәнерлеп оқу сияқты сабақ жоспарының бөлімдері жауап береді. Әдеби шығарманың эпизодын талдау үшін оның барлық аспектілерін жан-жақты және дәлелді түрде талқылау керек, өйткені көркем шығарманың эпизодын талдау көркем мәтінді терең қабылдауға бағытталған проблемалық-іздеу әдістерінің маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады.

Талдау – бұл өз оқырмандық әсерден шығарманың авторына дейінгі жол. Ол шығарманың формасына, көркем әлем, жазушының ой-пікіріне назар аудару қажет деген сөз.

Мәтіндегі эпизод, оның орналасуы – туынды композициясының маңызды қыры. Бір жағынан, ол кейбіреуге аяқталған тұтас болып табылады; екінші жағынан, эпизод - түрлі байланыстардың көркем туындының тізбегіндегі басқа буындарымен байланысты бөлігі ғана.

Шығарманың негізгі ойының (көркем идеяның) ашылуында эпизод рөлі мән-жайлар, жанжал, сипаттама, монолог, диалог арқылы, кейіпкерлердің әрекеттері мен психологиясы арқылы анықталады. Оқушылар негізгі сөздерді табады, әңгіме мәнерін,

жазушының стилін, тілдің ерекшеліктерін, мәтінді жасау құралдарын, автордың бейнесін, авторлық ұстанымын сипаттайды. Эпизодты талдау нәтижесі шығармашылық жұмыс (шығарма, эссе, хат, өтініш, репортаж, өтініш және т. б.) болуы мүмкін, сыни ойлау стратегиясын қолдануға болады. Ең бастысы, бұл оқушылардың рухани және интеллектуалдық дамуы үшін маңызды.

Әдеби дамумен бірге балалардың ішкі өзгеруі, көркем мәтіннің әлемін ашуға, өзінің пікіріне дәлелдерді таңдауға, әдеби тәжірибені байытуға, өмірлік тәжірибемен салыстыруға ұмтылу жүріп жатады. Осылайша, эпизодты талдау арқылы оқушылардың әдеби дамуы жүреді. Біздің әлем - тұтас, ол да түрлі өмірлік эпизодтардан тұрады. Осы эпизодтар біздің өмірімізді әдемі немесе керісінше, сүреңсіз етеді. Әдеби шығармада да өмірдегі сияқты.

Оқушылардың әдеби дамуы үшін дәйексөздермен жұмыс істей білу өте маңызды. Менің ойымша, әрбір мұғалім дәйексөздермен жұмыс істеуді қажет ететін тапсырмаларға назар аударады. Дәйексөздің мақсаты – мәтінде айтылған ойды түсіндіру немесе растау, әдеби дәлел ретінде қолдана білу. Дәйексөздер - бұл кез-келген мәтіннің кілтті жері. Біз әрқашан балаларды мәтінмен жұмыс істеуге, мәтінде ой, сөт, көркем бөлшекті ажыратуға үйретеміз. Себебі, шығармашылық тапсырмалар орындағанда міндетті түрде дәйексөздердің қамтылуы талап етіледі. Оқушылар дәйексөздің көмегімен кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, адамдарға қарым-қатынасын көрсету, кейіпкердің іс-әрекетін көрсету қажет; авторлық сұрақтар, лепискация, автордың кейіпкерлерге жазған хаттары, мәтін лексикасы; дәйексөз түсінігін түсіндіру қажет. Сонымен қатар оқушылар мәтіннің цитаталық жоспарын құрастыруды үйренеді.

Осы бойынша зерттеу жұмысын орындау көзделеді. Мысалы, дәйексөз негізінде кейіпкерлерге тілдік сипаттама беру керек, портреттік мәліметтер, әлеуметтік статус, қиындықтарға қарым-қатынасы, автордың кейіпкерлерге деген көзқарасын көрсету, цитаталық жоспар түрінде оқиғалар хронологиясын құру, екі бөлшекті күнделік толтыру; мәтінге сүйене отырып, дәйексөздерді шығарманың композициясына сәйкес рет-ретімен орналастыру, кейіпкерлердің ой-пікірлері мен оқиғаларының арасындағы сәйкестікті анықтау; дәйексөздерді талдай отырып, негізгі сөзбен кластер құру қажет; қарапайым және цитаталық жоспарға салыстырмалы сипаттама беріледі. Сондай-ақ, дәйексөздермен жұмыс жасаудың белгілі әдістері де қолданылады: ақынның немесе

жазушының цитаталық портретін жинақтау (тақырыптар бойынша); дәйексөз -тақырып бойынша эссе жазу.

Дәйексөз бойынша эссе жазу үшін оқушы келесі сәттерді анықтайды: - дәйексөз кімге тиесілі; - берілген дәйексөз қолданылған эпизодты көрсету; - дәйексөздің мағынасын түсіндіру. Дәйексөздермен жұмыс үнемі, әр түрлі, нәтижелі болуы керек. Өйткені мәтіннен алынған қандай да бір үзінділермен жұмыс істей білу оқушыларға болашақта да қажет болатын икем-дағылардың игерілуіне әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру», 2017 ж.

2 Қуанышбаева А. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. - Алматы : Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. № 2, 2004. - 47 б.

3 Мирсеитова С. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері, 2011 ж.

4 Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012 ж.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МӘТІНДІК ОЙДЫ ӨЗЕКТЕНДІРУШІ СӨЗДЕР ҚЫЗМЕТІ

ТІЛЕУБЕРДІ Г. Қ.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәтін түзуді ғалым Р. Сыздық «Абай негізін қалап,әрі қарай жүйеге айналдырған поэтикалық тәсілдің біріне» [26, 600] жатқызады. Мәтіннің бір бөлігінде немесе өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдық реңктері біртектес сөздер шоғырландырып,поэтикалық мақсатты іске асыру үшін мәтін ішінде сөздер бір-біріне «қызмет көрсетулері» тиіс деп санайды.Яғни мәтіндік ерекшелікті танып-білу мәтінді күрделі синтаксистік тұтастық деп танумен бірге өрістейді. Мәтін ішіндегі сөздердің белгілі бір мағыналарымен қатар экспрессиясы, ойды әсерлі етіп көрсететін реңк, бояуы- бәрі шоғырланып «тексті жүп-жұмыр етеді» деп түсіндіреді. Айталық, Шәкәрімнің өлең мәтіндеріндегі Жар көрмеген адамдар - жанды өлік;артта қалған белгі-таусылмас қоры кен немесе желге ұшатын күл; жай ғана қу емес –арсыз қу, жәдігөй, арам, сайтан; той – дүние тойы; жан жұмысы; соңынан қалмау – арсылдап иттей қалмау, ылыққын иттей күйлеу; ғайыптан хабар білу; нұрын көріп мас болу,

мақтаннаа перде кию; өмір өзі береді; молдаларша кәпірге теңеу; ары жолдас мақұлмен; көңілі өлді; айла; арамдық сатпау, т.б. қолданыстар негізгі ойды жеткізумен, әсерлілігімен мәтінді түрлендіреді, түрлі бояумен байытады. Шәкәрім мәтін түзу үшін дәстүрлі поэтикалық модельдерден өзгеше жаңа үлгілерді іздейді. Осы жолда оның тапқан жаңалықтары, жаңа үлгілері Абай үлгілеріне ұқсас. Абай үлісіндегі бір ғана сөзді тірек етіп жаңа мағыналы тіркестер жасауы – соның куәсі. «Жасында араластым малтымаға» деп басталатын өлеңінде ғылым сөзі ғылым қуып жете алмау, тырнақтай ғылым табу, тоярлық толық ғылым, ғылымғы қанағатсыз болу деген тіркестерге тиянақсыз болып тұр.

Шәкәрім ескі үлгілердің бәрін алмағанмен, кейбірін кәдесіне жаратады. Мысалы, ақындардың дәстүрлі мектебінің өкілдері пайдаланатын да демеулігін мәтін түзуге, айтпақ ойын ашып көрсету мақсатында сегіз жолдан тұратын өлеңнің алты жолында келтіреді: Жүз жыл бақты болсаң да, Әлемнен асып толсаң да, Алтын таққа қонсаң да, Айрылған күні бір кейіс, т.б. Сол сияқты ма, ме, ба, бе сұраулығын қайталап отыру арқылы ұйқасты ұйымдастыру, өткен шақ көсемшенің -ып, -іп, -п тұлғасы арқылы шумақтағы жолдарды сәйкестендіру, -ар, -ер формасын қайталау арқылы мәтін тұтастығын сақтау бұрынғы дәстүр үлгісінде шыққан. Бірақ бәрін өзгертпей алуға сипаты өзге поэзиясы ерік бермейді. Өйткені оның образдар жүйесіне тоқталу,өзге мәтіндерден айырмашылығын ашу – мәтінді әдеби жақтан талдаудыщ нысандары.

Әрбір шығармашылық тұлға – өз дәуірінің жемісі, тіршілік кешкен және мәдени ортасы тудыратын құбылыс.Сондықтан автор дүниеге әкелетін мәтін - мәдени феномен. Мәтіннің феномендік сипаты тұлғаның тіліндегі лингвомәдени ремаларды анықтау мен ашу,прецеденттік мәтіндерді, мәтінішілік ерекшеліктерді саралау арқылы ашыла түседі. «Содержание текста представляет собой тот семантический комплекс, который возникает в мышлении автора в соответствии с замыслом, ориентированным на цели и условия коммуникации. Он состоит из совокупности денотатов, отражающих иерархию подтем, субподтем и микротем. В мышлении он представляет собой единое целостное образование, поскольку базируется на системе предметных отношений, сформированных в интеллекте человека в его предшествующем опыте» [27].

Кез келген өлең – мәтін. Кез келген мәтш өз алдына жеке бір өлем, ол әлемнің өзіндік заңдылықтары болатындықтан, іштей соған бағындырылады. Кез келген мәтіннің тілдік көрсеткшіі болады. Тілдік көрсеткіш мәтіндегі сөздік құрамнан кәрінсді. Өлеңцер жинағы түгіл, әр

еленнің езіндік сездік коры болады. Тілдегі сездік қор тілдік тұлғаньщ ішкі жан-дүкиесінш бейнесін көрсету мен оның ойын оқырманға жеткізуде үлкен қызмет аткарады, былайша айтқанда, тілдік тұлға, яғни автор, сөздік қорды, сөздік қордағы әрбір сезді өзінің керегіне, қажетіне қарай пайдаланады. Соның нәтижесінде мәтіндегі әрбір сөздің:

а) өзіндік орны қалыптасады;

ә) әрбір сөздің өлең үшін маңызы екпхеленіп, айқындалады;

б) әрбір сөз езінің қызметін атқарады, өз орнында жүмсалады;

в) әрбір сөз өлең үшін өзіне тиесілі рөлді атқарады (ойнайды).

г) өлең мәтініндегі әрбір сөз семантикалық жақтан күрделі келеді, яғни мағынасы лексикалық мағынасына ұқсамай сан қырлы бола алады;

д) әрбір сөз өлең ішінде өзіне ғана тән ерекше лексикалық тонмен айтылады. Сондықтан сөз семантикасына, оның ассоциативтік өрісіне жаңаша қарау лексикологиялық зерттеулердің негізгі аспектілерін құрайды.

Шәкәрім - тілдік тұлға, ірі шығармашылық иесі. Оның өлеңдері әдеби стильдің дамуына, ондағы тілдік нормалардың қалыптасуына ықпалын тигізсе, қазақ тілінің сөздік қоры ақын өлендерінде, шығармашылығында тұтынған тың, жаңа сөздер арқылы толықты, осылайша автор жекелеген сөздердің аксиологиялық өрісін кеңейтті. Әрине, оны толық сезіну үшін Шәкәрім өлеңдерінің мәтініне, оның ерекшеліктеріне, қайсыбір сөздердің мағыналық өрісіне тоқталу жөн. Мағыналық өріс кез келген сөз емес, аксиологиялық мәні бар, бағалауыштық мәнді сөздер, шығармашылық иесі ретіндегі тілдік тұлға өте жиі қолданған әрі ерекше екпін түсіре айтатын тілдік бірліктер арқылы анықталады. Ондай бірліктерге лингвомәдени бірліктер жатады. Тілдік маңызы ерекше лингвомәдени бірліктер мәтінге негіз болады, мәтіннің тұтастығын түзуге, оны сақтауға, сонымен бірге автордың ішкі жан-дүниесін ашуға көмектеседі.Мәдениет қатып қалған догмалық ұғым емес, ол — процесс әрі процестің нәтижесі. Процесс болған соң ол үнемі қозғалыста болады, қозғалыс оның динамикасын жандандырады, сондықтан да мәдениет эволюциялық сипатының арқасында жаңарып, өркендейді. Мәдениеттің өркендеуі мен өркениеттің қанат жаюы барысында тіл атаулы біртіндеп табиғи сипатын жоя бастайды да, қоғамдағы негізгі функцияны жасандылығы басым (кірме сөздер, терминдер, жасанды сөздер, анология арқылы жасалған сөздер, т.б.) әдеби тіл атқара бастайды. Ал табиғи тіл (қазақ тілі жағдайында – жалпыхалықтық тіл) халықтың материалдық және рухани мәдениетін жеткізуші, жинақтаушы ұлттық форма болып табылады.

«Тіл – халықтың рухы» екені Вильгельм фон Гумбольдтың «Мәдениеттің тіл мен философиясы» атты еңбегінде дәлелденген, жан-жақты ашылған. Қазақ топырағында «Тілі жоғалған жұрттың» өзі де жоғалады» деген А.Байтұрсыновтың бір ауыз сөзі тіл мен ұлттың байланысын ғана білдірмейді, тілдің құдіреттілігін, тілдің ұлттық өлшем екенін айғақтап, тіл тағдыры мен ұлт тағдырының біртұтас дүние екеніи бойына сыйдырып тұр. В. Гумбольд халық тілін өлемнің тілдік бейнесін қалыптастырушы форма деп санайды. Сондықтан әр халықты оның тілі арқылы тану кезеңі келгеніне нұсқайды. XX ғасырдан бастап лингвистикадағы тілді танудың постулаты негізгі екі тезиске арқа сүйеді:

а) тіл санадан тыс өмір сүрмейді;

ә)тіл ақиқатты ұғып-түсінудің терең философиясымен байланысты.

Соңғы тезис тіл мен ойлаудың логихалық. аспектісіне келіп тіреледі де, «логикалық мазмұн» – «ұғым» мен «лексикалық мазмұн» – «мағына» арқылы бір-бірімен тығыз байланысады. Сөздің алғашқылық мағынасы туралы түсінік кейіннен сөз тіркестерінің құрылуына, сөйлемнің жасалуына қажетті база қызметін атқарады. Өйткені кез келген сөзді қосақтап, тіркестіре салу мүмкін емес. Қарапайым ғана бір мысал: күміс алтын, алтын күміс т.б. деп айтылмайды. Яғни алтын күміс бола алмайтыны сияқты, күміс те алтын болмайды. Сөздер тіркесуі үшін сөз мағыналарының арасында сыйымдылық болуы керек, егер оларды функционалды және дифференциалды тұрғыдаы мәнді десек, мазмұн межесі болуы керек. Сөз семантикасы мен ақиқат нысандар арасындағы белгілердің арақатынасы денотат пен сигнификаттың, Р. Карнаптың терминімен атасақ, экстенсионал мен интенсионалдың, Г. Фрегеге сүйенгенде, мән мен мағына – арасындағы қатынасқа жатады. Тіл арқылы бейнеленетін ғылым – әлем туралы жалпы білім- танымның бөлшегі. Сөзжасамдық, семантикалық дериваттар мен сөз семасының дифферекциалдануы, фразеологизмдердің, метафоралар мен сөздің ішкі формасының шоғырлануы сөздің семантикалық шыңын жасайды. Сөз семантикасының немесе семантикалық шыңының ерекше-қырын ашудың түп-тамырында танымды игеру мен тану жатқаны сөзсіз.

Тіл – сол таныту мен тануды жүзеге асырудың құралы. Тіл арқылы адамзат мәдениетін танып-білуте, үйренуге, әрбір ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, психологиялық ерекшелігін анықтауға болады. Сондықтан да тіл қай кезде, кай дәуірде болмасын қоғамдық феномен күйінде қала береді. «Язык в этнических границах его носителей – это не только и не столько средство общения, сколько намять и история народа, его культура и опыт познавательной деятельности, его мировоззрения и психология, закрепившийся из поколения в поколения, багаж знания о природе и космосе, о воспитании, о подготовке к жизни новых поколений людей в интересах сохранения и умножения этноса и его самобытности», – дейді З. К. Тарланов бұл турасында [28, 8]. Тек ұлт емес, белгілі бір ұлттың өкілі ретіндегі индивидтің тұлғасы да оның тілінен көрінеді. Әрбір халық тілінің сөздік қорында сол ұлт үшін, ұлттың өкілі – тілдік тұлға үшін бағалы болып табылатын, аксиологиялық-бағалау жүйесін құрайтын, әрбір ұлт, әрбір тілдік тұлғаның ерекше қадірлеп-қастерлеп, айрықшалайтын, өзек ұғымдарды таңбалайтын создердің жиынтығы болады. Олар көбінесе мәдени ореолы бар сөздерге жатады. Сөздің ұғымдық-заттық мәні түсіндірме сөздіктерде берілетінін ескерсек, тілдік емес, тілден тыс және тілдік мәндерді бойына жинақтаған лингвомәдени ремалардың кешенді мазмұндық көлемі энциклопедиялық сөздіктерден анықталады. Ал реалийлер мейлінше толық күйінде этнографиялық анықтағыштарда қамтылады. Тілдік және тілден тыс факторларды жинақтау, іріктеу, теру және жинақталған материалдар мен фактілерді жүйеге түсірудің негізінде, оны мысалдармен дәйектеп отыру арқылы реалийлердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері ашылады, яғни сөздің мәдени ореолы жасалады. Сөздің мәдени ореолы арқылы ұлтты тануға, рухани әлемі мен төл мәдениетін ұғынуға, оны өзгелерге түсіндіруге болады. Мәдени ореолды ұғыну дегеніміз фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, ұлт ұлттық ұғыммен, ұлттық сипаттағы сөздерді (салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық, бір сөзбен айтқанда, ұлттық-мәдени қабатты) білу деген сөз, өйткені ұлттың өзі осы ұлттық ұғымдармен ассоциацияланады. Мұндай сөздер тіл білімінде деңгейаралық бірліктерге жатады, мәдени феномендер қатарында бағаланып, ерекше мәртебелі сөздер болып саналады.Сөзді мәдени ореолмен байыту мен оның баюы үдерісі ұлттың санасының баюынан; ұлттық «,ұлт сүюшілік) сезімінің артуынан; әрбір ұлт өкілінің жекелеген құбылыстар туралы түсінігінің жинақталып, жалпылануынан құралады. Сөйтіп барып әрбір ұлттың эстетикалық мүмкіндігінің көрсеткіші құрылады. Сонда ұлттық эстетикалық көрсеткішке айналатын тілдік бірліктердін мазмұн жағынан баюы немесе мазмұндылығы ұлттың мәдени ұғымымен, ұлттың әлемді қалай түсініп, қалай қабылдайтындығына қарай өрістейді. Сөздің мәдени ореолы белгілі бір ұлттық, табиғатпен байланысы және қоршаған әлеммен орнатқан қарым-қатынасы негізінде пайда болады да, ұлттың (тілдік ұжымның) табиғат құбылыстарын қалай түсініп-

қабылдауына, табиғат пен ақиқат дүниенің құдіретін қаншалықты; сезінуіне негізделеді, сондай-ақ ұлтпен бірге өмір сүреді, ұлттық санамен қатар өркендейді. Өз шығармалары арқылы Шәкәрім жадта бар мәдени тілдік бірліктердің өмірін ұзартты, оларға өзіндік сипат қосып, үстемеледі, олардың ұғымдық аясын кеңейтті, сөйтіп әлемнің тілдік суретін байыта, түрлендіре түсті, жаңарта алды, жаңғырта білді. Сондықтан тілдің санадан тыс өмір сүрмейтініне және тілдің ақиқатты түйсіну философиясымен тығыз байланысып жататынын білдіретін постулаттардың дұрыстығына Шәкәрім шығармаларын талдау барысында көз жете түсті. Мәселен, Өмір мен өмір сүру сөздерін алып көрелік. Өмір сүру тіркесін актуалдандырып, жандануына түрткі болатын тіркестер мен өмір-мен тіркесетін, өмір сүрудің аясына енетін, өмір сүрудің мәнін ашып, байытатын, оны толықтыратын сөз тіркестерінің ақпараттық түрлеріне, ассониативті әрісіне жай ғана қарапайым, тұрмыстық деңгейдегі типтік синтагмалық байланыстар және мақал-мәтелдердің прецеденттік мәтіндері кіреді. Прецеденттік мәтіндерді қаншалықты игергендігіне қарай әрбір ұлт өкілін (бұл жерде біз мәтін авторын айтамыз) мәдени білімінің аясын белгілеуге, оларды қолдану мен пайдалануына қарап мәдени білімінің деңгейін анықтауға, тіл байлығын қаншалықты меңгергеніне көз жеткізуге болады. Ұлт өкілінің мәдени білімі мен сөздік қордың қат-қабат байлығын игеруі прцеденттік мәтіндермен тығыз байланысып жатады. Бірақ прецеденттік мәтіндер биологиялық мұра емес, әлеуметтік мұраға жатады.

Қазақ әдеби тіліндегі жазба дәстүрді орнықтырушы Дулаттағы, Шәкәрімдегі, Абайдағы, өмір//өмір сүрудің аксиолошялық өрістері ұлттық стереотипті ойлау өрісін танытады, сонымен бірге, адамзаттық ойлау үлгісімен ұштасып жатады. Аталған ақындардың тілдік тұлғалары ұлтаралық мәдени диалог құруға жол ашады. Шәкәрімнің жазда сүрлеу-соқпағы жазба дәстүрге барып тірелетінін айтқанбыз. Жазба дәстүр тілдік құрылымның өзгеруіне және дамуына ықпал етеді. Тілдік құрылымдар үнемі жетіледі, жетілу үрдісі ойды нақты жеткізу мүмкіндігінің еселенуінен байқалады. Шындығында да жазба тіл – ойды анық, нақты жеткізудің жоғарғы формасы, ал жазба тіл арқылы жекеленген сөздердің коммуникативтік те, көркемдік те қызметі артық, сөз мағынасы түрлене алады.

«Сөздің қандай тіл әлементі екенін көрсету үшін сөздің тіл жүйесінде алып қарастырып, оның басқа әлементтерімен қандай қатынаста болатынын анықтау керек» [40, 12]. Ол үшін сөздің ішкі құрылымы, қызметі ашылуы тиіс. Сөздің қызметі оның семантикасымен байланысты. Ал сөз семантикасы контексте

нақтыланады, контексте анықталады. Сондықтан сөз мағынасының құбылуын мәтінмен және мағынаны актуалдандырушы сөзбен сабақтастықта, бірлікте қарау дұрыс. Сөз мағынасының мәтіндік бөлінісі актуалдандырушы сөздің мағынасына тәуелді. Айталық, Шәкәрімнің көптеген шығар- маларының лейтмотиві өлім мен өмір, ар мен абырой, Алла мен жаратқан (жар), дін мен пейіл тазалығына арналады. Бұл сөздер – тек бір ақынға ғана болмаса бір тілдік тұлғаға емес, ұлтқа, тілдік ұжымға, қала берді адамзатқа тән аксиологиялық сөздер, олар – қолданыс өрісі кең лексемалар. Қолданыс өрісінің кеңдігі сөздердің семантикалық өрісінің көрсеткіші болып табылады. Олардың семантикалық өрісі мәтін ішінде, контексте ашылады. Сондықтан көркем әдебиеттегі, оның ішінде поэзия тіліндегі сөздерді талдағанда «орфографиялық сөз» нысанға алынбауы керек, сол сөздің қолданыстағы мағыналық ерекшелігі» ескерілуі керек. Себебі, тілдік тұлғалар туындыларындағы, сондай-ақ Шәкәрімдегі көптеген сөздің контекстік жұмсалымы түрленіп отырады.Ақын тіліндегі ондай өзек ұғымды білдіретін сөздердің қатарында жар, жүрек, көңіл, пейіл, ар, ақыл секілді көптеген лексемаларды жатқызуға болады. Шәкәрім тілінне жан мен жүрек діни және мәдени бірліктердің негізгілері болып табылады, аталмыш сөздер оның рухани өмірінің жаршысы, әтнос өкілі ретіндегі ұлттық келбетін ашатын, ақын және тілдіктұлға ретіндегі ойлау ерекшелігін танытатын, тілдік тұлғаның интенциясын жеткізетін, имплицитті мағынаға бай тілдік бірліктер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Дала уалаятының газеті». Әдеби нұсқалар (құрастырған Үшкілтай Сұбханбердина), 1899-1902 ж.ж. Алматы : Ғылым, 1992. – 572 б.

2 «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. – Алматы : Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2001. – 720 бет. 3 том.

3 Мағауин М. Абайдың белгісіз екі әңгімесі. // Кітапта: Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. – Алматы : Жазушы, 1991. – 439 б.

4 Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы : Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1974. – 672 бет. 4 том.

5 Мұхамедханұлы Қ. Қ. С.Э.-дағы кейбір мақалалар жайында. «Семей таңы». 24 февраль. № 37. 1978 ж.

6 Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1970. 132 б.

7 Рымғали Нұрғалиев. «Еңлік-Кебек» трагедиясы // Кітапта: М. Әуезов тағлымы. – Алматы : Жазушы. 1987, 432 б.

ҚОРҚЫТ АТА ЖЫРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-СЮЖЕТТІК ЕРЕКШЕЛІГІ

ТОҚЖІГІТОВА А. Қ.
магистрант, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әулие Қорқыт қобызын тартып рухты жырларын айтып, Қазан ханды, яғни Қазан-Салорды соғыстық рух беріп отырған. Бірақ, Қазан-Салордың кәрілігі келіп, ажалы жетіп өледі. Оны Тебріз маңында арулап шығарған көрінеді. Қазан өлімінен кейін оғыз елі ынтымақ, бірліктен айырылып, бір-бірімен соғысып оғыз елінің берекесі қашып, ақыры Қорқыт жырлап, мадақтаған оғыз елі ыдырап тынады. Осыдан кейін түркі тайпалары біртіндеп өз алдына жеке-жеке мемлекет құра бастайды. Ал, сол кезендерде күйреген оғыз еліне наразы болып, мәңгілік өмір іздеп дүние кезіп кетеді. Қазан-Салордың жары, Баяндүр ханның қызы Бөрілі сұлу кейбір мәліметтер бойынша, Үрмі деген жерде жерленген екен. Екеуінің де зираты бүгінгі таңда белгісіз болып саналады. Жалпы Қорқыт Атаның жырларының кейіпкерлері шынайы болған, оғыз-қыпшақ қоғамында өмір сүрген адамдар. «Егерде Дрезден нұсқасы болмағанда, Қорқыт Ата мұраларын әлі күнге дейін аңыз санап келер едік», - дейді В. В. Бартольд [1, б. 52].

«Қорқыт Ата» жөнінде үш жүз он төрт зерттеу еңбектері бар. Әзербайжан, Анатолия түріктері, Батыс түріктері, Батыс Европа және шығыс тілдерінде төрт жүз алпыс екі еңбек жазылған. Көрнекті зерттеушілері – М. Ергик, В.Бартольд, А. Туманский, В. Жирмунский, Ш. Уәлиханов, А. Әбілғазы, Ә.Диваев, К. Рифат, О. Гокияй, Ә. Марғұлан, Х. Көрұғлы т.б. Солардың ішінде академик В. Бартольд үлесін ерекше атауымыз керек. Ол Дрезден жазбасын немістерден түсіріп алып, 1922-1925 жылдар арасында аударып шыққан болатын. Алғашқы бес тараудың түрікше текстін 1910 жылдары «ЗВО» журналында жариялаған. Баку нұсқасын редакциялап, баспаға әзірлеген әзербайжан фольклористері В. Араслы мен М. Г. Тахмасиб, Москва басылымының редакциялағандар В. М. Жирмунский мен А. Н. Кононов болды. «Қорқыт Ата» кітабын қазақ тіліне аударуда Әуелбек Қоңыратбаевтың еңбегі орасан зор. Ол кісі кітаптың алғы сөзінде былай дейді: «Дадам Қорқыт жырларына» келгенде, ондағы мифология, аңыз, шежіре тарих элементін жіктеу зиян емес. Сол үшін Х.Көрұғлы мифологиялық жырларды бұрын туған деп, Төбекөз дәу сюжетін жырдың басына қойған. Алайда, Бисат жырында Баяндүр мен Қазан (түрікмендер) бастаған оғыз-қыпшақ ұлысының әлсіреу оқиғаларының көрінісі бар. Төбекөз дәу Сары Қойшыдан (қыпшақ) туады. Аруздың баласы. Ол кезде оғыз ұлысындағы алалық насырға шаба қоймайды. Аруздың баласы Бисат сол алалықты уақытша болса да басады. Мифология сол алалықтың туа бастауынан хабар береді. Ондай алалық Бұқаш, Имран жырларынан да шаң береді. Сондықтан бұл жырларды бір ғана мифологиялық белгіге қарап жыр басына қою айтарлықтай дәлелді емес. Өйткені арыстан елі, қасқыр тайпасы дейтін тотемдік образдар мен ұғымдар Қазан-Салор жырында да бар. Керек десеңіз, Баяндүр образы XII-XIII ғасырлардағы Кавказда туған қара қойлы түрікмендерінің ханы еді. Басында оғыз ұлысын Қазан мен Бәмсі-Байрақ бастаған, ең басты тұлға Қорқыт (баят) болса керек. Бұлар IX-X ғасырда Сыр бойында тұрған. Оғыз ұлысы 1043 жылы ыдырайды, 12-ші жыр сол датаға байланысты. Ол кезде Жанкент жабығысына енген тайпалардың бәрі де өздерін «оғыз» деп атаған. Бұл атау жырда көп кездеседі. Ал XII-XIV ғасырда Кавказда туған Баяндүр хан династиясында бұл атау жоқ. Осы жайды жоғарыдағы еңбегінде Х. Көрұғлы дұрыс түсініп, оғыздарды батыстық және шығыстық тайпалар деп бөлген. «Қорқыт жырларында» этнос, эпос, шежіре элементтері басым. Ол заманда (Х ғ.) Жанкент жабығысына қараған тайпалар Сейілхан (түрікмен) және Жайылхан (қыпшақ) болып бөлінген. Батысқа кеткендер әуелі «ғұз» («оғыз») аталып, ұзамай «түрікмен» (түрік адамы), селжук деп атанады. Басында оғыз ұлысына түрікмен, қырдағы қыпшақ, Еділ бойындағы бұлғар пешенелері де қараған еді. Алалық әуелі осы пешенелер мен түрікмен (Қазан) тайпаларының арасында туады. 1043 жылы осы алалық түрікмен-қыпшақ тайпаларына көшіп, ұлыс күйрейді. Пешенелер, оның көсемі Шекті ұлы Әлмүш ислам дінін 922 жылы алса, түрікмен Сейілхан тайпалары 956 жылы қабылдайды. Пешенелер (шекті-көбіктілер) түрікмендермен 50 жыл емес, 34 жыл жауласқан (956-922). Еділдегі Хазар хандығыда бұл оқиғалардан тыс емес. Хазар хандығы 956 жылы күйрейді. Оның ханы Күншақтың 60 әйелі болған, бұл сарын «Мұңлық-Зарлық», «Құламерген» сюжеттерінде жүр. Ер Төстіктің аты Шалқуйрық Арал түбінен алтын қазан алып шығады. Өйткені, IX ғасырда Аралдың теріскейінде хазарлар тұрған. Қобыландының қолынан өлетін Көбікті (Шокли) пешене батыры еді. Сонда Көбікті бір жағынан оғыз ұлысымен жауласса, екінші жағынан өзінің қызын зорлап алатын Хазар ханы Күншақпен де жауласқан. Бұл жай ибн-Фадлан жолжазбаларында да айтылған. Бәлки пешенелер 1043 жылдан соң қыр қыпшақтарымен де жауласса керек. XI ғасырда қыпшақтар Дон, Киевке дейін барған. Алалық 1043 жылдан көп бұрын басталған. 1055-1066 жылдар арасында Еділ, Дон, Азов пешенелері өзара

жауласып, он үш тайпаның он бірі Халдарға, екеуі Кеденге қосылады. Пешенелердің Арпад бастаған бір тобы Хунгрияға (Венгрияға), Халдар мен Кеден Византияға (албан) кетеді. Жырда келетін Тагавор бұлгар, бәлки хазар болса да ғажап емес. Оны XI ғасырлардағы айтушылар грузин деген. Рашид-Әддин өзінің «Монғол шежіресі» деген еңбегінде Дербентті Тұғыр хан (Тагавор) билеген дейді (11 том, 37-47 беттерін қараңыз). Сонда Тагавор дегеннің өзі де қыпшақтардың батысқа кеткен бір тобы болмақ. Дербент ежелден қыпшақ қаласы болған.

«Қорқыт жырларының» басында «Бәмсі-Байрақ» жыры тұрады, ол шығыс тайпалардан шығып еді, бірақ ол Қазанның қызын алып, өз елінен қол үзгенін айтқанбыз. Сонда оғыз ұлысының бегі Қазан, бас батыры Бәмсі Байрақ (ту ұстаған батыр) болған дейміз. Оғыз-қыпшақ ұлысының басында Алпамыс тұрса, ұлыстың күйреуі де сол батырдың қазасымен аяқталады. Сонда оғыз ұлысының негізгі ұйтқысы өзбек пен қыпшақ болған да, билік түрікмендер қолында болса керек. Дохақ (Тоқа) селжүк немесе түрікмен, бірақ араб емес. Ал Қорқыт баят (баян) елінен шығады. Бұған қарағанда Қорқыттың тегі қыпшақ болуға тиіс. Байбөріні қазақ жырлары қоңырат (қай) дейді, содан Алпамыс туады. Жырдағы таза көшпелі өмір суреті, тотемизм, шаманизм сарындарына қарасаң, Қорқыт жырларының алғашқы сюжеттері фольклор стилінде ерте замандарда, Сыр бойында туған болады. Бұл тек селжүк (әзербайжан), түрікмен (Баяндүр) ортасында ғана туған жырлар емес, сонымен бірге алғашқы арқауы X ғасырдағы Сыр (Түркістан) тайпалары ортасында туып, кейін Кавказ, Анатолия жерінде хатқа түскен сюжеттер болмақ. Сөз соңында аудармамен танысып көптеген құнды пікірлер мен ұсыныстар жасаған ғалымдар – академик Ә. Марғұлан, филология ғылымдарының докторы Ә. Құрышжанов, тағы басқаларға шын көңілден алғыс айтпақшымын», - деп жазады филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев [2, б. 15].

Қорқыт Ата жырларының кейіпкерлері жай ғана аңыз емес өмірде болған тарихи тұлғалар оған дәлел бола алатын Баршын сұлудың моласы ол Сырлытамда «Іңкәрдария» шаруашылығының жерінде, ал оған жақын жерде Қазан батырдың бейіті Қызылорда облысының Шиелі ауданында болуға тиіс. Тағы бір деректерде Қорқыт өмірінің соңында өз қолымен жасаған қыл қобызын өзінің досы Секрек батырға береді екен, ал Секрек батыр жырда да кездеседі.

«Қорқыт Ата» кітабындағы алғашқы жырдың бірі. Жыр қара сөз түрінде жазылған орта көлемді шығарма. Оқиға оғыз елінің Шам деген жерінде өтіп жатқанын байқаймыз. Баяндүр хан оғыздың бектерін жинап ұлан-асыр той бермек, бірақ ол той өзге тойлардан

өзгерек болмақ, хан уәзірлеріне бір жерлерге ақ үй, бір жерлерге қызыл үй, енді бір жерлерге қараша үй тігіндер деп бұйрық береді. Хан жұртына былай деп бұйырады: «Ұлы барларың ақ үйге, қызы барларың қызыл отауларға кіріндер, ұлы-қызы бірдей жоқ адамдар болса, олар қараша үйлерге кірсін, астына қара құрым киіз төселіп, жейтін асына қара қойдың еті берілсін, жесе жесін, жегісі келмесе орнынан тұрып кете берсін. Ұлы жоқ, қызы жоқ адамдар тәңірінің қарғысына ұшыраған адамдар. Оларды біз де қарғауымыз керек», - дейді. Ханың бұл жарлығы Дирсеханға қатты ауыр тиеді, себебі ол жақсы адам, тәңірдің де, Баяндүр ханның да бұған ренжитін жөні жоқ еді. Дирсехан қараша үйде отыруға намысы жетпей тағдырына налыған бойы әйеліне келіп бар мұңын шағады, «ит ашуын тырнадан алады» демекші, бар ызасын жарынан алады. Бұл мотив - қазақ эпосының негізгі аялғысы. Қазақтың алып бұталары осындай тілекпен жарық дүниеге келеді. Қазақ эпосында жұртшылық алдында осылай зәбір көрген ата-аналар «бұл қорлыққа шыдағанша қаңғып өлейік» деп дала кезіп кететін болған. «Әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып», ата-бабаларының күмбезіне түнеп, бала тілейді. Жапан түзде шаршап жүрген ата-ананың түсіне Баба түкті Шашты әзіз кіріп, олардың баласы туралы аян береді. Қазақ эпосындағы барлық атақты ерлердің туысы осы дәстүрде құрылған және бұл бүкіл Орта Азия эпосына ортақ нәрсе. Ол әсіресе ескі дәуірден келе жатқан «Қорқыт хикаясы» мен «Оғыз намеде» жарқын түрде сипатталады. Тарихи дәуірден халықтың есінен кетпейтін бір жора - «жылқыдан айғыр, түйеден бура, сиырдан бұқа, қойдан қошқар» сойып тілек ету. Қазақ эпостарынын барлығына тән сюжет, жары ақылды, тапқыр екен, күйеуін жұбатып, мынадай кеңес береді: «Уа, Дирсехан, өлтірме мені, ашу – араз, ақыл – дос деген. Көтер басыңды жерден, жайлауға ала шатырыңды тіктір де, жылқыдан айғыр, түйеден үлек, қойдан қошқар сойғызып той қыл, оған ішкі оғыздар мен сыртқы оғыздардың бар жақсысын (бегін) шақырып, ашты тойындыр, жалаңашты киіндір, жүдеп кедейленгендердің қарызын өте. Ет таудай болып үйілген, қымыз көл болып аққан ұлы той болсын. Сол тойда асыл туған бір ер бата берсе, тәңірі бізге де ұл берер», - депті [3, б. 12]. Айтқанындай-ақ тәңірі ұл береді, жай ұл емес «шекесі торсықтай» бала дүниеге келеді. Жыр құрылысы жағынан, әңгіменің өрбу тұсы қазақтың «Алпамыс» жырына қатты ұқсайды, әсіресі ата-ананың бір перзентке зар болуы. Баланын атын Бұқаш деп Қорқыт Ата қойады, себебі ол ханның көсемі, елге сыйлы адам болған оны мына тұстан аңғарамыз: «О, Дирсесе хан, - деді Қорқыт, балаң батыр екен, оған бектігіңді,

тағыңды бер, балаң ер болады, мінуіне мойны құлаш арғымақ ат бер, сойысқа қотан-қотан қой бер, ержүрек боп өссін. Келеден бөліп қызыл бүйра аруаналар бер, сол нарларға жүгін артып, көшіп-қонып жүрсін. Балаң ер болып туғандықтан күн көзінде көлеңке болатын алтын шатыр бер, үстіне жібектен тоқылған шекпен кигіз, батырға сол жарасады. Бұл бала ай тақырда Баяндүр ханның өгізімен алысып, соны өлтірді. Баланың аты Бұқаш болсын. Менің берер атым сол, тәңірі өмірін ұзақ қылсын», - депті [3, б. 14]. Жырда Қорқыт Атаның есімі жиі кездесіп тұрады сондықтан да оның сол қоғамда өмір сүргенін байқаймыз. Жыр өте көркем тілде жазылған ішінде теңеулер, эпитет, синоним, метафора, омоним сөздер көптеп кездеседі: Мысалы, «Уа, сүйген жарым, басыма қонған бақ, от-басымның тірегі едің, бойың кипарис ағашындай сұңғақ, тілерсегіне түскен қолаң қара шашың бар, иілген жақтай имек қара қасың бар, оймақтай аузыңа екі түйір пісте жемісі сыймайды, екі бетің күзгі алмадай албыраған, піскен қауындай балбыраганым, менің басыма қандай күн туғанын білдің бе?», деген жолдарда «кипарис ағашындай» дегеніміз теңеу сөз. Табиғатты жырлайтын кезде әңгіме арасына лирикалық өлең ретінде жазып отырады, ондай көркемдік тәсіл көбінен көріне бермейді [3, б. 12]. Осы жырды құрылысына қарай бірнеше кезеңдерге бөле аламыз:

1) Баяндүр ханның бектерге жасайтын тойы (жырдың басталуы);

2) Дирсе ханның ұлының дүниеге келуі (жырдың өрбу тұсы);

3) Бұқаштың ерлігі, Қорқыттың батасын алуы (жырдың ортасы);

4) Дирсе ханның ұлына қастандығы, құтқарушы ана (жырдың шиеленісуі);

5) Бұқаш қырық нөкерді жеңіп әкесін құтқаруы (жырдың шарықтау шегі);

6) Тату-тәтті ұзақ ғұмыр кешуі (жырдың аяқталуы).

«Өмір дегенің – керуен, бір жерге қонса, ертеңіне көшіп кетеді. Оларды ажал ұрлап, жер астына тығады. Дүние дегеннің баяны жоқ. Басыңа қара түнек ажал келсе, оның қарызын төлейсің», деген нақыл сөзбен, «ашу – араз, ақыл – дос», «жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ жоқ», деген мақалдарды жырдың ішінен кездестіре аламыз. «Қырық нөкер», «қырық қыз», «қырық күн той», «қырық жылқы» деген тіркестердің жиі қайталанып келуінің себебі, мұсылман халқы үшін «қырық» сөзі қасиетті саналғандықтан жиі кездесіп отыратыны сондықтан. «Алла сенің деніңді сау қылып, бақ-дәулетіңді арттыра берсін. Әруағын қозғап, жырға тиек еткен сол ерлерге көктегі алланың өзі жар болсын. Хан ием, саған айтар тілегім – мынау туып-өскен жеріндегі Қаратауларың күйремесін. Зәулім болып өскен

көлеңкелі дарағыңды ешкім кеспесін. Күркіреп аққан өзендеріннің суы таусылмасын. Алтын шатырларыңды жау алмасын. Астыңа мінген бурыл атың қанша шапса да, шаршамасын. Қолыңа ұстаған болат қылышың мұқалмасын. Жауға атқан садағың өткір болсын. Ақ шашты анаңның барған жайы жұмақ болсын. Сақалы құдай әкеңнің тұрағы самаладай тау болсын. О, хан ием, алланың өзі жаққан шырағың өшпесін, аллатағала сізді қара ниет адамдарға душар ете көрмесін», - деп аяқталады [3, б. 21]. Жырды Қорқыт атаның немерелі ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген көрінеді. Осы жыр арқылы Қорқыт Ата туыс арасындағы алааулыздықтан, сатқындық, күншілдіктен, арам пиғыл қасиеттерден аулақ болуға, батылдық, батырлыққа, әке-шешеге мейірімді болуға үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шамурадов О. Чуждый туркменскому народу эпос. Коркут ата. // «Туркменская искра». 16 сентября 1951 года (№ 185).

2 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және туркология. – Алматы : Ғылым, 1987. – Б. 160-187.

3 Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт ата кітабы – Алматы : Жазушы, 1986. – 128 б.

ҚАЗІРГІ ТІЛДІК ПАРАДИГМАДАҒЫ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ОРНЫ ЖӘНЕ З. К. АХМЕТЖАНОВА

ТОЛЕГЕНОВА Ж. Т.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.

Жалпы тіл білімі тек тілдер туыстығын айқындауды ғана көздемейді, ол дүние жүзіндегі тілдердің жалпы сипаттарын, типтік белгілерін ашып, тіл атаулының барлығын да қамти алатын типологиялық классификация жасауды да көздейді. Осы мақсатты іске асыру үшін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеумен қатар салыстырудың екінші түрі - типологиялық салғастыру дүниеге келді. Лингвистикада зерттеудің бұл түрі салғастырмалы әдіс, типологиялық әдіс, типологиялық лингвистика немесе тілдер типологиясы деп түрліше аталады.

Типологиялық зерттеуде, біріншіден, туыстас тілдер ғана емес, бір-бірімен ешқандай туыстық жақындығы жоқ тілдік фактілері де салғастырылады. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдістегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, олардың жүйе құрылымы

салыстырылады. Үшіншіден, мұнда тілдік тұлғалардың материалдық туыстығын ашу көзделмейді, салыстырылып отырған тілдердің ортақ белгілерін, типтік сипаттарын айқындау, сөйтіп, тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу көзделеді. Типологиялық зерттеудің алға қоятын мақсаты – барлық тілдерге немесе тілдердің көпшілігіне ортақ универсалды, типтік белгілерді ашу [1].

Отандық ғалымдардың Қ. Жұбанов, С. С. Құнанбаева, Э. Д. Сүлейменова, З. Қ. Ахметжанова, З. К. Сәбитова, К. К. Дүйсекова, Н. А. Сәрсембаева, Қ. Т. Рысалды, Н. И. Букетова, С. Ж. Тәжібаева, Б. Қ. Мырзалина, Г. Сағидолда т.б. еңбектері типологиялық әдісті қолданған зерттеулер.

Қазіргі кезеңде салғастырмалы типология тіл білімінің негізгі бір саласы. Тілдерді типологиялық топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдердегі грамматикалық тәсілдердің қайсысы басымдық ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру, түрлену жолдары, ерекшеліктері, белгілі тілдердің құрылымы мен құрылысы [2, 67 б.].

Ахметжанова Зауреш Канашевна Қазақстандағы салғастырмалы -типологиялық және жалпы тіл білімі саласындағы жетекші ғалымдардың, шет тілді аудиторияда қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары саласында беделді болып танылған адамдардың бірі. Ғылыми жұмыстарының бағыты – тіл теориясы, типология және салыстырмалы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, екі тілді лексикография, шет тілдері дәрісханасында қазақ тілі мен орыс тілін оқыту әдістемесі, аударманың лингвистикалық және лингводидактикалық мәселелері.

З. К. Ахметжанова лингвистикалық ой-өрісі кең, динамикалық, коммуникациялық және жаңа құбылыстарға ерекше сезімтал адам, сонымен қатар жас ұрпаққа өз білгенін аямай бере отырып, қазақстандық ғылымның дамуына тікелей әсер етіп жүрген ғалым.

З. К. Ахметжанованың «Функционально-семантические поля русского и казахского языков» монографиясы орыс және қазақ тілдерін функционалдық сипаттау саласындағы алғашқы жұмыстардың бірі [3]. Аталмыш кітабы орыс және қазақ тілдері материалындағы функционалдық-семантикалық өрістерді, аспектуалдықты, компаративтілік мен меншіктілікті талдауға арналған.

Профессор З. К. Ахметжанова орыс және қазақ тіліндегі меншіктілік (поссесивность), аспектуалдылық (қимылдың өту сипаты) және компаративтілік (сындық) функционалды-семантикалық

өрістерінің сипатын салғастыра, яғни тілдік бірліктердің аудармасын мұқият зерделей отырып ашады. Мысалы, *Пилоткасын бір шекесіне басыңқырап қойып (домбыраны) қағып-қағып жіберді* (Т. Ахтанов) деген сөйлемдегі *қағып-қағып жіберді тіркесі ударил несколько раз түрінде, ал Енді бармаймын деп өзіне қанша рет уәде берсе де, шыдап отыра алмады. Мешіт қасына тағы барды, бара берді* (І. Есенберлин) деген сөйлемдегі *тағы барды, бара берді* тіркесі *начал часто приходить* түрінде, *Сұлтанның бойынан көзге түскені аюдың табынындай уп-үлкен қолдары* (С. Мұратбеков) деген сөйлемдегі *аюдың табынындай уп-үлкен тіркесі очень большие, словно лапы медведя* түрінде аударылады [3, 154-155, 185 бб.]. Зерттеудің нәтижелері салыстырылатын тілдер үшін компаративтілік өрісінің жалпы құрылымының әмбебаптығын көрсетеді.

З. К. Ахметжанованың айтуынша, қазақ және орыс тілдеріндегі компаративтердің осындай түрлерінің микроаясы саны жағынан ең бай және сан түрлі болып саналады.

Екі немесе одан да көп заттардың біртекті белгілері арасындағы айырмашылықты анықтау мақсатында салыстыру сын есімдерді (-рақ, -ырақ, - лау) салыстыру дәрежелерінің формаларымен және синтаксистік конструкциялармен айқындалады. Салыстырыңыз: Семей Қостанайдан Алматыға жақынырақ; Қостанайдан гөрі Семей Алматыға жақынырақ; Мына таяқ, ана таяқтан ұзынырақ.

Ғалым қазақ тіліндегі күшейткіш мәнді шылаулардың қызметін орыс тіліндегі қызметімен салыстыра отырып зерттейді. Ол күшейту мәнінің ең, өте, нағыз лексемалары арқылы немесе ең биік тау; өте мейірімді кісі; өте жайсыз күн; ең қадірлі кісі; нағыз ұлы ғалым (самая высокая гора; самый добрый человек, очень неприятная погода; самый уважаемый человек) сияқты арнайы құрылымдармен берілетінін көрсетеді.

Заттар, жағдайлар, құбылыстар арасындағы ортақтықты, ұқсастықты білдіретін ұқсатушы компаративтер қазақ тілінде әр түрлі құралдармен беріледі. Сөзжасам деңгейінде салыстыру мәні -дай, -дей, -ша, -ше аффикстерімен беріледі. Мысал ретінде З. К. Ахметжанованың «Функционально-семантические поля русского и казахского языков» еңбегінен көрініс келтірейік: *Аппақ жамылғы киген қайыңдар шала ұйыған айрандай кілкиді (Березы подрагивают, словно слабо заквашенный айран). (О. Бекеев); Дәл күн батар жерінде сіңірдей созылған бұлт пайда болыпты (облако, растянутое словно жила) (О. Бекеев); Жаздың барқыттай жұмсақ, кеші (мягкий, как бархат, вечер) (С. Сейфуллин); Оның үстіне*

шолақ, байталша шолтаңдап Райхан деген пәле тағы келіпті (вертясь, как куцехвостая кобылка) (С. Жүнісов); Және, табылар біршүйке бас. Азбанша азынамай, бар ана жылқыға (не вопи, как ускопленная скотина) (З. Шакенов).

Қазақ тіліндегі салыстыру-ұқсату мәні -лас (-лес), -дан + ып-, шылап (-шілеп) аффикстері арқылы да беріледі: *итшілеп жүру, сиыршылап шайнау, Бейсеншілеп сөйлеу.* Ұқсату-салыстыру көрсеткіштері *ретінде сияқты, секілді, тәрізді* шылаулары да алынады. *Бала сияқты, түк ойламайды (Как ребенок, ниво чем не думает).*

Рең қарқындылығы микроаясын зерттей отырып, З. К. Ахметжанова қарқындылық градациясы салыстырмалы тілдерде сәйкес келмейді деп атап өтеді. Ғалым: «три степени интенсивности качества: ослабленная, обозначающая неполноту ослабленности проявления качества по сравнению с нормативным проявлением; предельная, обозначающая качество в самой высшей степени проявления; чрезмерная, обозначающая проявление качества сверх меры, что приводит либо к переходу его в иное качество, либок нежелательным последствиям» [3, 101 б].

Ғалым аталмыш еңбегінде:

- орыс және қазақ тілдерін салыстырмалы-функционалдық зерттеу принциптерін негіздеді;
- әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдарды реттеуді және өрістің ядролық және периферияльық элементтерін анықтауды көздейтін принциптер негізінде ФСП аспектуалдықты, посессивтілікті, компаративтілікті зерттеді;
- зерттелетін ФСА компонентерін пайдалануда құрылған орыс және қазақ тілдеріндегі сөйленістердің категориялық сипаттамаларын дәйектеді;
- қазақ және орыс тілдерінің категориялық сипаттамаларын және салыстырмалы талдауын жасады.

Сонымен қатар аталмыш еңбекте ФСА аясында логикалық және тілдік, әмбебаптылық және идиоэтникалылық арақатынасы, бірлік мәні мен оны қолданудың арақатынасы аспектісінде тіл мен тілдің арақатынасы, әр түрлі деңгейдегі бірлік семантикасының өзара қарым-қатынасы, әр түрлі грамматикалық категориялардың өзара байланысы, тілді ұйымдастырудың антропоцентрикалық принципі мен балама принципіне қатысты мәселелер аясы талқыланған [3, 3-6, 19-22 бб.].

З. К. Ахметжанова «Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки» еңбегінде Қазақстанда екі тілді дамыту мен тарату тарихында төрт кезеңді бөліп көрсетеді. Автордың пікірінше,

бірінші кезеңнің басы қазақ этносының қалыптасуы мен көршілес мемлекеттермен әртүрлі байланыс орнату уақытына жатады. Екінші кезең Ресеймен байланыстың нығаюы мен кеңеюімен, Қазақстан аумағында орыс халқының пайда болуымен байланысты болды, бұл қазіргі уақытта да республикадағы тілдік ахуалдың басты құрамдас бөлігі болып табылатын қазақ-орыс билингвизмінің қалыптасуы мен дамуына бастау алды. Қазақстанда би – және полилингвизмді дамытудың үшінші кезеңі кеңес уақытында басталды. З. Қ. Ахметжановтың айтуынша, осы кезеңде орыс тілін дамытуға этникааралық өзара әрекет құралы ретінде ерекше көңіл бөлінді. Төртінші кезеңнің басталуын зерттеуші республиканың егемендік алуына және қазақ тіліне мемлекеттік, орыс тіліне – халықаралық қатынас тілі мәртебесіне ие болуымен байланыстырады [4, 405 б.].

Сондай-ақ кітапта автор ұсынған орыс және қазақ тілдері антропонимдерінің уәждемесін зерттеуге арналған функционалдық тәсіл ерекше қызығушылық тудырады.

Функционалдық-семантикалық салыстырмалы талдау тілдік құрылымдарды «мәннен формаға» ұстанымдары тұрғысынан сипаттауды көздейді. Осыған байланысты билингвалды сипаттамада біз З. К. Ахметжанова әзірлеген қазақ тілінің салғастырмалылық өрісінің моделіне сүйенеміз. Ол жеке компаративтер микроөрісінің құрамын ажыратушы және ұқсатушы компаративтер деп бөледі [4, 105 б.].

З. К. Ахметжанованың еңбектерінде қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы сипатындағы мәселелер көтеріліп, ғалым екі мәдениетті салыстыру үшін қазақ халқының мәдениеті мен тілінің ұлттық ерекшеліктерін анықтайды. Әрине, З. К. Ахметжанова «болашақ аудармашы лингвистикалық мәдениет құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты» проблемаларға назар аудара алмады. Ол тиісті тілдерде көрініс тапқан қазақ, орыс және ағылшын мәдениетінің негізгі тұжырымдамалары, мәдени кодекстеріне салыстырмалы зерттеу жүргізді. Сонымен қатар, ең маңызды лингвистикалық мәдениеттерге тән аксиологиялық түйіндерге назар аударады.

«Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков» атты еңбегінде З. К. Ахметжанова семантикаға тірек принципін әртүрлі жүйелі тілдерді салыстырмалы зерттеудің маңызды шарттарының бірі ретінде ұсынады және салғастырмалы зерттеу типологиялық қызықты фактілерді анықтайды деп санайды [5, 4 б.].

Қазақ және орыс тілдерінің лексика-фразеологиялық жүйелерін салыстырмалы-функционалдық зерттеу З. Қ. Ахметжанованың

аталмыш кітабында көрініс тапты. Мұнда автор лексиканы салыстыру кезінде төмендегі жайттарды ескеруді ұсынады: 1) семантикаға тірек принципі; 2) функционалдық салыстыру принципі; 3) жүйелілік принципі; 4) ұғымдар мен терминдердің сәйкестік принципі; 5) семантикалық және құрылымдық функцияларды ажырату принципі; 6) эксплициттілік принципі [5, 50-54, 50-254 бб.].

Мұнда фразеологизмдердің бір тілден екінші тілге аударылуының теориялық және практикалық мәселелері қарастырылады. Лексика-фразеологиялық аударма жасауда фразеологизмдердің құрылымдық және семантикалық тұрғыдан толық, жартылай, қатысты фразеологиялық эквивалент пен фразеологиялық аналогия түрінде берілетіндігі нақты талдаулар негізінде дәйектеледі [5].

Жалпы лексика-фразеологиялық аударма түпнұсқа және аударма тілдегі семантикалық тұрғыдан бір-біріне сәйкес келетін фразеологиялық балама табу арқылы ерекшеленетіндігі айқындалады. Тілдік таңбалардың мағынасы адресант-сана мен адресат-санада бірдей ұғынылуы тиіс. Бұл – тілдік коммуникацияның ойдағыдай өтуінің алғышарттарының бірі. Яғни аудармашының тілдік біліммен қатар, аялық білім жүйесін меңгеру қажеттілігі айтылады. Ғалым: «Аударма мәтінде көріктеу құралдарының дәлме-дәл баламасын беру оңай емес, сондықтан оны мағынасы жуық, түпнұсқадағы тілдік бірліктің стильдік қызметін нақтылайтын, эмоционалды-экспрессивті реңкін аша алатын өзге сөзбен (тіркеспен, фразамен) алмастыруға болады», - дейді [5, 34 б.].

Қорыта айтқанда, екі түрлі құрылымды тілдерді салғастырмалы зерттеу теориялық және практикалық мәнге ие, олардағы ұқсас және ерекше белгілерді анықтау, универсалиялар (жалпы сөттер) мен бірегейлікті (ерекше құбылыстар) табу, салыстырылатын тілдердің әркайсысының ішкі механизміне тереңірек енуге және олардың ұлттық ерекшелігін түсінуге көмектеседі.

Әр түрлі құрылымдық тілдерді салғастырмалы зерттеу екі аспектіде жүргізілуі мүмкін: теориялық-лингвистикалық және лингвометриялық. Бірінші жағдайда тіл жүйесінің барлық деңгейлерінде шектеусіз тілдік материал талдауға жатады. Бұл зерттеулердің деректері сипаттама салыстырмалы грамматикаларды жасауда, лексикографиялық жұмыста және аударма ісінде пайдаланылуы мүмкін. Екінші жағдайда оқытылатын екінші тілдің лексикалық және грамматикалық минимумында ұсынылған микротіл (оқу тілі) ғана салыстырылады. Салғастырмалы талдауға

түскен мұндай материалдар тілдерді оқыту практикасында, негізінен екінші, туыстық емес тілді оқыту кезінде пайдаланылады.

Тілдердің лингвометрикалық аспектіде салғастырмалы зерттеуі кезінде салыстыру бағыты маңызды болып табылады. Екі тілді салғастырмалы зерттеу материалдары қандай тілдік құбылыстар мен олардың белгілері оларда толық сәйкес келетіні, қандай-ішінара ғана сәйкес келетіні, қандай - толығымен өзгеше екендігі туралы нақты түсінік береді. Міне, бұл салғастырмалы тіл білімінің қарастыратын салалары десек, профессор З. Қ. Ахметжанованың зерттеулері осы мәселелердің барлығын қамтитынына көз жеткіздік. Яғни, З. Қ. Ахметжанованың еңбектері салғастырмалы лингвистика, орыс тілі, қазақ тілі, салғастырудың теориялық-лингвистикалық және лингвометрикалық аспектілері, универсалиялар мен бірегейліктер, ұқсастықтар мен айырмашылықтар, трансференция және интерференция мәселелеріне арналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Исенова Ф. К. Сопоставительное языкознание и контрастивная лингвистика в современной языковой парадигме // Вестник КарГУ. Сер. филологическая. – Караганда : Изд.-во КарГУ, 2007. № 1. – С. 71-77.

2 Широкова А. Н. Сопоставительная типология разноструктурных языков. М., 2000. 200 с.

3 Ахметжанова З. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. - Алма-Ата : Наука, 1989. - 108 с.

4 Ахметжанова З. К. Сопоставительное языкознание: казахский и руский языки. – Алматы, 2005. – 408 с.

5 Ахметжанова З. К., Валиханова Р. Е. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. Алматы, 1999. 183 с .

МАҒЖАН ЖҰМАБЕВТЫҢ «ПАЙҒАМБАР» ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТҰРЫШЕВА Ш. Ж.
филология магистрі, қазақ тілі пәнінің оқытушысы, Музыкалық колледж – Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені, Павлодар қ.

«Шығыс та батыс та Аллаға тән» – деп, жазылған Құран кәрімде. Мағжан Жұмабевтың «Пайғамбар» өлеңін жазуға әлем әдебиетінің әсері зор болғанға ұқсайды. И. В. Гете, Вильям Блейк, Джордж Гордон Байрон, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Бунин т.б. шығармаларында өзекті ортақ «Пайғамбарлар» тақырыбы кеңінен жырланды және жазылды. Егер де орыс -еуропа әдебиетінде пайғамбарлар тақырыбы көбіне романтикалық бейненің әрекетімен ұштасып жатса, қазақ-шығыста романтикалық-реалистік (бірінің негізінде бірі) суреттелетіні байқалды. Мағжанның «Пайғамбар» өлеңінің эпиграфына ақын Мережковскийдің өлеңінен бір шумағын таңдап алуының өзі кездейсоқтық болмаса керек.

Ақын Ғафур Қайырбеков:

Мен келдім музейіне жолым түсіп,
Егілдім рухыңды сүйіп-құшып.
Өмірдің жолдарында жар бола гөр,
Қазақтың пайғамбары Мәшһүр Жүсіп,

– деген. Асылы, ақындардың осындай күрделі метафораға дейін баруы, өздері құрметтеген дана адамдарды пайғамбарға теңеуі бұл-Қошке Кемеңгеров, Мағжан Жұмабаев т.б. салған үрдістер ғана емес екенін жоғарыда байқадық, ол үрдіс - Ғафурға да келіп жетті. Олар - пайғамбарға теңегенде, ақындық өнерді кіршіксіз тазалыққа, ақиқат, шын-рас - деген символға бара-бар пайғамбар ұғымында суреттейді. Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде: ұлы, керемет, тұлға, біргей-бір, дара, жалғыз - сияқты қасиетті ұғымдарды мағынасына, қандай дәрежедегі адам екендігіне қарамай-ақ эпитет ретінде асыра қолданып жүрміз.

Әлемдік тұрғыда ойлай білетін аттары аталған ақын-жазушылардың шығармаларындағы әр түрлі тілде айтылатын ойдың мәні мен мазмұны сайып келгенде бір ғана арнаға тоғысатыны байқалды. Бірінші - ислам құндылығын теріске шығармайды, керісінше қолдайды; екінші - пайғамбарлардың діни сенім-нанымдары әр түрлі болғанымен имандылыққа шақыратын идеясы бір; үшінші - Аллаға, Құдайға табынар әдіс-тәсілдері әртүрлі болғанымен, барар жерлері бәрінің бір екендігі анықталды. Тек қана Алла, Құдай есімі олар үшін - адам қиялының жемісі сияқты көрінгенімен Шығыс мәдениеті терең де тәлімдірек. Мұны Рене Генон, Юлиус Эвола мен басқа да ойшылдар мен ғұламалар атап көрсеткен болатын.

Еуропа-ағылшын, шығыс-қазақ шығармаларында: Алла, Тәңір, Құдай, Ыбырайым, Ысқақ, Яғқұп, Мұхаммед (Могомед), Мекайл, Исрафил, Жәбірейіл (щестикрылый серафим-Пушкин), Ғазірейіл періштелер, Інжіл, Тәурат, Зәбур, Мұса, Ғайса (Айса, Иса, Иисус Христос), Дәуіт (Давид), Сүлеймен (Саломон), Мария т.б. көне түркі және шығыс сөздерінен: труп, бақшасарай, қағба, яшма, эйнап (жүзім), шарап, черная шаль (шәлі), кинжал, бешмет, аббат т.б. қоланылады, демон (шайтан), ангел (періште), жұмақ (рай), тозақ (ад) діни лексикалар да ортақ екені байқалады.

Орыс-еуропа, Шығыстан Алланы, Құранды, Мұхаммед пайғамбарды, мешітті т.б. лексиканы қабылдап алды. Қазақ әдебиетінде де Ибраһим (Ыбырай-Аврам) Алтынсарин мен Абай аттары. Ғайса (Ғиса-Құранда, Ғиса-Құсам Кәтіп, Ғайса-Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт), Мұса, Мариам ананы (Мариам-Құранда, Мариям Жагорқызы, Әділ мен Мария-Шәкәрім), һарунды т.б. арқау етті, діни әдебеттің негізгі өзегі екі дінге де ортақ - дін қарындастар, бауырлар болды. Мәшһүр-Жүсіп: жер жүзіндегі адамдар дін жағынан екіге бөлінеді. Бірі - Құдайды бір дос (дош), бірі Құдайды бір демеуші, «бір» деушілерге кітабы дейді. «Бір» демеушілерге «Бір» деушілер 3 түрі. Ғайса, Мұса, Мұхаммед - бір деме осылар. Будда, Бірахмен, Мәжуси, һубасқа түндей болады. Жер үстінде кітаптан, мішіріктер көп - деген сөзінің маңызы өте зор.

Қошке Кемеңгеров Пушкиннен «Пайғамбар» өлеңін өте дәл аударған. Әрине, барлық шумақтарын талдамаймыз. Оқырманның көзін жеткізу мақсатында Пушкин өлеңінің түпнұсқасынан мысал келтіреміз:

«Восстань, пророк, и виждь, и внемли,
Исполнись волею моей,
И, обходя моря и земли,
Глаголом жги сердца людей»

Қашкенің аудармасын салыстырыңыз:

«Көзіңді аш! Тұр, пайғамбар, құлағыңды сал.
Орнына келтір менің бұйрығымды.
Жүрегін сөзбен жұрттың күйдір»-дейді,
«Аралап шөлді жерді, сулы жерді».

Мағжан Жұмабаев «Пайғамбар» өлеңінің бір шумағымен салыстырсақ:

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

- дейді. Үш ақынның да өлеңіне арқау болған ол-пайғамбар. Қошке Кемеңгеров Пушкиннің өлеңін сан мәрте оқыды, әр сөзіне көңіл аударды, жүрегінен өткізіп барып аударды.

Пушкиннің «пайғамбары» теңіз бен жерді көктей өтіп, менің ерік жігерімнен шыққан ойыма ой қосшы, күш берші, адамдардың жүрегіне от берші деген жалбарыну, романтикалық сарыны басым сияқты. Қошке аудармасында: пайғамбарға көзінді аш, түр, құлағыңды сал, аралап шөлді жерді, сулы жерді, орына келтір менің бұйрығымды - деп, мәтінді қазақ ұғымына қарай икемдегені байқалады.

Мағжанның пайғамбары қазақ елін - күншығысты қаптаған қараңғылықтан, надандықтан, қайғы мен қан төгуден сақтап алып қалатын күрделі романтикалық бейнеден, реалистік бейнеге дейін көтерілген. Мағжанның пайғамбары - күннен туған, Гуннен туған пайғамбар. Таңмен таласып, жер жүзіне нұрын шашатын, күннің шуғанын төгетін, қап-қара түнді сәулесімен жарық қылатын - пайғамбар. Жалпы, күншығысты азат қылатын, бостандыққа жеткізетін - пайғамбар дәрежесінде суреттейді. Пайғамбардың іс-әрекеті арқылы - қазақ елінің азаттығын, бастандығын, егемендігін аңсайды. Пушкиннің «Пайғамбар» өлеңінде грек құдайлары сияқты асқақ бейненің сарыны көбірек кездеседі. Демек, Қошке Кемеңгеров те аудармасында осы-құбылыстан айналып кете алмаған сыңайлы. Қазақ әдебиетінде де Алла мен Құдайдың, пайғамбарлар мен әулиелердің айталық, өмірде болған, соңғы - Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекетінде адам қиялынан тыс әрекет пен адамға тән істер да айтылады. Орыс әдебиетінде де Иисус Христостың креске таңылып, енді бір уақытта ұшып кетуі де таңқаларлық жай, демек Иисус Христостың іс-әрекетінде де романтикалық суреттеулер бар.

Мағжанның пайғамбары асқақ арман мен таза рухпен тығыз байланысты. Ақындардың осы-рухқа ұмтылысы ішкі тазалық пен сыртқы тазалық үйлескен жағдайда болатынын, түсінген соң ғана айта алатын сияқты. Расында да Мағжан Мұхаммед пайғамбар емес, Мұхаммед пайғамбар сияқты таза, жүрегі таза, сәл нәрсеге асқан сезімпаздықпен кіршіксіз қарайды, риясыз шын пейілімен беріледі. «Ақынның жүрегі Алланың қазынасы» - деп бекер айтылмаса

керек. Мағжанның перісі түннен туған, түнде тек ғана зұлымдық істер жасалады, қараңғылықты қолы суық қарақшы мен шайтандар пайдаланады. Мағжан: «Түн баласы түнерген түн жамылып» - деп, жаман ниетті адамдардың түнерген түнді жамылып әзәзілге, шайтанның арбауына көніп, зұлымдыққа баратынын айтады. Мағжанның түні – қап-қараңғы. Қараңғы – аққа, аппаққа контраст. Қарама-қарсы екі құбылысты тамаша суреттейді. Ақ-Көк Тәңір символы. Қара - қара жер символы. Тәңір-Күн. Күн тіршіліктің, өмірдің символы. Қара жер, суық жер – өлімнің символы.

Мағжан Жұмабаев – осы құбылыстарды «Пайғамбар» өлеңі арқылы жеткізе білген. Мағжанның «Пайғамбар» өлеңі астарлы жазылған. Өлеңнің атын «Пайғамбар» демей-ақ, «Күнбатыс» – деп, атаса да ештеңе өзгермейді. Бірақ та, уақыттың салқын-суық ызғарын ескерген сияқты. Мағжанның «Пайғамбарын» тану үшін, оның «Күншығыс» өлеңінің мәні мен мазмұнын білу керек сияқты. Екі өлеңнің аты әртүрлі болғанымен қарама-қарсы екі құбылысты суреттейді. «Күншығыс» өлеңінде Қазақ елін қалың ұйқыдан оянатын мезгілдің жеткенін: «Қысық көзді Күншығыс, Бұл тұруың қай тұрыс? Серпіл енді алыбым!» - ендігі жерде, қызықты, сәулелі өмірге селқос қарап жатқаның жарамас деп, күншығысты қайрайды. Күнбатыстың образын кеше «Дария еді ол өкірген, Шапшып көкке лепірген, Жемірілді кемері» - деп, кейіптейді, жансыз жатқан күнбатысқа алыптың жанын кіргізеді, жандандырады. Күнбатыс ірі империя еді, енді «жемірілді кемері» - деп, кешегі жағдайын, төмендете, кішірейте айтады. Сондықтан да Күншығысқа ақыл айтып: «Өлгелі жатқан құрт ауру, Жан жаққа сүзіп көз салу-, Қолыңнан енді келеді»- деп, жан-жағыға қара, елдің бәрі ояну үстінде, жақсылыққа ұмтылуда, ібіліске ермеңдер, өзімшіл болмаңдар, ел болуды, бірлік пен тірлікті, татулықты ойлаңдар, қазақ елі қырғиқабақ руға бөлініп алып, іштеріңді жеп жатқан құрт ауруынан айығыңдар, алты-бақан алауыздықты жойыңдар, қырқысқанды қойыңдар деген жалаң ұран емес, шын мәніндегі жүрек жарды жанайғайын, үгітін, насихатын күллі қазақ халқына жеткізеді. Білім, ғылымға, өнерге ұмытылыңдар, бұрынғы гүн дәуіріндегі Күншығыс қайда? Көтеріңдер бастарыңды «Гүл қылайық қаласын, Ұл қылайық баласын, Мейірім есігін ашалық» - деп, оқысаңдар, білім алсаңдар, тату-тәтті өмір сүрсеңдер алынбайтын қамал жоқ, егер де бұрын Күнбатысқа қол жайсақ, ендігі кезекте Күншығысқа қарайтын да күн алыс емес, ғылым гүлденіп, алгебра, медицина, геомтерия т.б. дамып баяғыдай күншығыстан да үлгі-өнеге алатын күн туатынын алдын ала көрегендікпен

жырға қосады. «Мұндарларды адасқан, Айрылып естен шатасқан Күншығыстың жолына Салайық, шетсің демейік, Аямайық, көмейік Күншығыстың нұрына» - деп, басқа тілге, дінге ергендерді әсіресе, оқып, білім алып шатасқандарды, адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң - деп, қазақ тілін білуге, ислам дінін тануға, өзімізді өзеке теппейік, тәрбиелейік, бауырға басайық, Күншығыстық нұрына көмейік - дейді. Жаhанданудың алды келе жатқанын «Желкілдеген туменен, Жер күңіренген шуменен, Қара бұлт қаптап келеді» - деген өлең жолында үлкен қауіп бар, ол-қауіп «қаптап келе жатқан қара бұлт» алып екі мемлекеттің ортасында ежелден қыспақта өмір сүріп келесің, өнерге үйрен, ғылымға үйрен, әйтпесе өмір сүруің қиын болады, егемендігіңнен, мәңгі елдігіңнен, жеріңнен айрыласың, қайыра бодан боласың - деген ақынның ішкі жан-шері бар, ашық айта алмаған, сыры жатыр. Мағжан Жұмабаев еліміздің болашағы енді, «найзаның ұшы мен қылыштың жүзінде» емес, келешектің үміт оты ол-болашақта екенін, жарқын өмір-білімде екенін күні-бұрын болжап, айта білген. Ендігі заман, тек қана «білімнің заманы» – дегенді өсиет етеді. «Білегі жуан бірді, білімі жуан мыңды жығады» - деген мақалды жастардың ойына сіңіреді.

Қоғамда ақынның-жазушының атқаратын рөлі өте үлкен. Жалпы ақын, адамдардың ақыл-ойына әсер ететін сөз айтып, келелі зор іс атқаратыны рас екені, тарихта сан мәрте дәлелденген. Мағжан Жұмабаев - осы қатардағы ақын, суреткер. Ол заманның аса күрделі, келелі үлкен мәселелерін көтерді. Өмірдің мәніні мен мазмұнын «әдептен озбай» тереңнен қозғады. Ежелден келе жатқан қалыптасқан дәстүрді өзгертті. ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясына «Пайғамбар», «Күншығыс» секілді өлеңдерімен таңғажайып оң өзгерістер, тың ойлар алып келді. Мағжан лирикасының құдіреті – оның түр сипатының ерекшелігінде, оның сөз қолданысында, қазақ тілінің ғасырдан бері өлмей келе жатқан сиқырлы қасиетінде болса керек. Тілінің дәлдігі, ой толғамдарының жаңалығы, суреттелген дүниенің айқындығы, сөз ойнату иірімдерінің таңғаларлық ғажаптығы - осының барлығы Мағжан Жұмабаев поэзиясының ерекшелігін танытады.

Бұл өлең - шыны керек, ресей империясының, әсіре патшалық империяның құйтырқы саясатына қарсы жазылған өлең. Себебі, Мағжан Жұмабаев патшалық отаршылдықты көзімен көрді, сол дәуір кезеңінде туды, одан кейін қоғамдық формацияның өзгергенін - бір тұтас халықтың екіге қызыл-аққа бөлініп алған қызыл қанды төңкерісті де, қазақ ұқпай қалған, дайын болмай қалған, мағынасыз соғысты да көрді. «Екі өгіз сүзіссе, ортасында шыбын өледінің кері

келіп» - жағасы жайлауда, малы қырда, елі етекте өзімен-өзі болып, бейғам жатқан қазақ елі көрді көресінді, соны суреттейді. Мағжан Жұмабаев 1917 жылғы қазан-ақпан төңкерісін, ақ пен қызылдың қызыл қырғынын көрген адам. Ақын, сол уақыттағы тарихи оқиғаның бел ортасында жүрді шырылдап, қолдан келгенін аянып қалмады. Өшін, ашуын, қара өлеңнен алды, қолынан күні-түні қаламы түспеді. Ол осынау, Күнбатыстан келген соғысты айыптады. 1914 жылғы Дүниежүзілік соғыс, одан 1916 жылғы Ұлт азаттық соғыс – бәрі де Мағжан сияқты жүрегі нәзік ақынның жүрегін шайлықтырды, Күнбатыстың көлеңке жағын суреттеп, жырлауына әсер етті.

Күнбатыс қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған
- дейді.

Тәңірісін кім еді? Ол – түркі жұрты. Бүтіннің бөлшеке айналуы әдебиетте меңзеу дейді. Күнбатысты түн қаптаған, көзін шел жапқан, маңайында не болып жатыр оны білмейді, ештеңені көрмейді, табынатын тәңірісі де жоқ - дейді ақын. Дінсізер кімге сенерін, өздері де білмейді, алдары айқын, күндері жарық емес, бұлдыр, мұнар күн - дегенді ашына жырына арқау етіп, тіліне тиек қылады. Соғыстан әбден титықтаған Күнбатыстың аспанында да, қараңғы көгінде де жарқырап түнде көрінетін жұлдыздар екеш, барлық жұлдыздар да қараңғыға сүңгіп жоқ болып кетті - дейді ақын. Мағжан заманның ауыр тынысын осылай суреттейді. Жансыз заттар тығылып, қараңғыға сүңгіп жоқ болып жатқанда, қарапайым адамдарға не сорым деп, заман не болып кетті деп, ақын сансыз сұрақтардың астында қалады, жауабын осы – өлеңдері арқылы шешуге, жауап беруге тырысады. Аласапыран заманға налыған түн, түн-деген дерексіз затты жандандырып, тәңірісін өлтірді дейді. Қараңғыда шыбын жандары да адасып, бір адам қалған жоқ лақпаған бұл дәуірде-деп, сынайды. Патшалық империяның ойлайтыны адам емес, тіл емес, иман емес, байлық қана - сол үшін соғысты да бастаған Күнбатыс - дейді ақын. Елдің тыныштығы бұзылды, қазақтың бұрынғы бай-салтанатты өмірі бұзылды, дәурені, сәні кетті, жердің бей-берекесі кетті - деп, мұңын шағады.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған.
Түн баласы тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа тәңірі таппаған.
Күнбатысты қараңғылық қаптаған,

Жалғыз жан жоқ қараңғыға лақпаған.
Білген емес иман деген не нәрсе,
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған
- деп ашынады, жүрегі шерлі ақын.

Күнбатыстан өнер-ғылым жағынан үлгі алу керектігін айтады да, ақын- біруақыт ойланып та қалады? - Неге? Сол ғылымды соғысқа, бір елдің баю мұратына, мақсатына ғана жұмсап отырғанына қатты налиды, ғылым-өнер адамзаттың ортақ құндылығы екендігіне тоқталады. Орыс халқының да, қазақ халқының да ауыр халін, тұрмысын суреттейді, өлең шумақтарында оны нақты мысалдармен дәлелдейді. Тәңірісін табанына таптаған Күнбатыс сақаусың деп, Мұса пайғамбардың тілін кескен, Тәңірінің сүйікті ұлының бірі - Айсаның тітіркенбей-ақ қанын ішкен де діннен безгендер, адасқандар, екенін өлеңінде аяусыз әшкерелеп, күнбатыстың бет-пердесін сыпырады. Күншығысқа көрсеткен зорлық-зомбылығын, аяусыз көрсеткен қылығын, күшін бейнелейді. Патшалық империяның билігін өткір сынға алады. Қылышының ұшынан қан там тұрған заманында қазақ даласындағы болып жатқан - мешіттерді жауып, шіркеулер ашып, інжілдерді, діни кітаптарды қазақша аударып, Айсаға табындырып, шырша отырғызыңдар, ұшар басына Айсаның суретін іліп, мұсылманның өлгені болса жұқпалы ауру шығады «попқа» көрсетіп барып жерлеңдер - деген сияқты ел жадында ұмытылмай бізге жеткен, тарихтың беттерінде тайға таңба басқандай жазылып қалған келеңсіз жайттардың да орын алғанын, жасыратыны жоқ, ғұлама - Садуақас Ғылмани еңбегінен оқып білдік. Осындай-осындай, халықтың тізесіне батқан тарихи оқиғалар Мағжан Жұмабаевтың өлеңінен де кеңінен орын алып, жырланған. Мағжан Жұмабаев бұл әділетсіздікті өлең жолдарымен былай өреді:

Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.
Түн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын құр денеге жануар,
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Осы өлең шумағындағы мына бір жолды: «Қабыл ұлы ауызданған қанменен» - деген талдау жасап, назар аударып көрелік. Мысалы: «(Адам Ғ. С. егіз ұл-қыздарды ауыстырып үйлендіреді екен. Бірақ Қабыл өз сыңарымды аламын деп, hабыл екеуі серттесіп

құрбан шалғанды құрбаны қабылданбаған Қабыл, hабылды өлтіріп, қайтерін білмей көтеріп жүргенде Құдіретше екі қарға таласып бірін-бірі өлтіріп, көмгенін көріп, көмеді. Б.М.Р.К.т.б.) (30) Сонда Алла, оған туысының өлігін жасыруын көрсетуі үшін жіберген қарға, жерді қаза бастағанда: «Әттең! Маған не болды? Туысының денесін көмген қарға құрлы бола алмадым ба?»,-деді де, өкінушілерден болды (31) - деп, жазылған Құран кәрімде. Жоғарыда келтірілген өлең жолындағы: Қабыл, hабылды өлтіріп алады. Бұл - оқиға Мағжанның өлеңіне арқау болғанын байқадық. Себепсіз сылтау жоқ деген осы болады. Ал, мына жағдайға көңіл аудармасақ өзімізді кешірмейміз: Құранда айтылып отырған Қабылға үлгі болған қарғаның ақылдылығы бір де, бір қазіргі зерттеу еңбекте жоқ. Мағжан Жұмабаев «Құранның» - Мәида сүресін, өте жақсы білгендігі байқалады. «Құран кәрім» кітабы ғылыми әдебиеттің негізгі бастаушысы болып табылатынын айтып өткенді дұрыс көрдік.

Мағжан – ақын күншығысты түнерген, кемерінен асып төгілгелі тұрған, жайылып келе жатқан «у» бұл - арада жаман әдет-ғұрыптар: арақ ішу, ұрлық, кісі өлтіру, өтірік айту, зорлық-зомбылық т.б. сақтану керектігін, дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар екендігіне қазақтың көңілін аударады. Расында да казак әскері қазақ жеріне алдымен бекініс, қамал салды, аудармашылар дайындайтын мектептер ашылды, медіреселер жабылып, школдар ашылды, мешіттер жабылып, шіркеулер салына бастады, жақсы сулы, орманды, жайлымды жерді тартып алды, іштен «қарашекпенділерді» қоныстандырды. Бұл жөнінде Мәшhүр-Жүсіптің «Сарыарқа кімдікі екендігі» – деген 1907 жылғы шыққан кітабында т.б. еңбектерде жеткізе, жете жақсы жазылды. Сондықтан да бұл мәселелер төңірегіне тоқталуды жөн көрмедік.

Мағжан:
Төгілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған соң күшті у.
Түн баласы түнеріп тұр өлгелі,
Көзіңді сал - күнбатыста қанды шу
- деп, патшалық орыс отаршылдығының бет-пердесін жан-жақты ашқан. Төгілмей ме кемерінен асқан су – гипербола, ұлғайтып көрсету болса, Өлтірмей ме жайылған соң күшті у - біржағынан гипербола болса, біржағынан өткір – метафора. Түн баласы түнеріп тұр өлгелі – троптың түрі кейіптеу және гипербола.

Мағжан қазақ елі мен жеріне қаптап келе жатқан, ауызын арандай ашқан қара бұлтты сезініп: байларды, орташаны кәмпескелеп,

малдарын тартып алып, өздерін итжеккенге айдаған заманды көзімен көріп - 1927-28 жылдар, ашаршылықты - 1930-1932 жылдар, зұлматты-1931-1937-38 жылдарды алдын ала болжағандай, көріпкелдікпен жырлайды. Қазақ елінің басына төнген ауыр күндерін, қазақ елінің қайғысын, мұңын қара түнек түнге теңейді. Жалаған да, шулаған да, ұлыған да қайран қазақ, қазақ - баласы-деп, жүрегі езіледі, қан жылайды -ақын. Зобаланды көрген қазақ қызылға да, большевикке де сенбейді, үмітті, жақсылықты: тек қана бір - Алладан, Күншығыстан, бір - пайғамбардан күтеді. Ол - кім? Ол-Мұхаммед пайғамбар еді. Мағжан Жұмабаевтың шерлі көкейінде бір үміттің оты, шамы жанады, ол үміттің, сенімнің оты - имандылық еді. Сенім мен имандылық ислам діні арқылы келетінін, ал, қазаққа имандылықтың отын, шырағын тек қана Мұхаммед пайғамбар жағатынын да жоққа шығармайды. Қазақтың өз тағдыры өзінің қолында екенін сезген ақын, халықты тығырықтан шығаратын бірде бір жол ол-терең ұйқыдан ояну керектігін, жалқаулықтан, желкесіне міниіп алған кежірліктен арылып, жақсылыққа бастайтын, болашаққа көз тігу екендігін ал, мәңгілік елге бастайтын бір күш бар: ол: еркіндік, азаттық-бостандық - дейді. Мағжанның қайта-қайта еске алып, бостандық, азаттық деп жырлап отырғаны, егемендік жолындағы қазақ халқының толассыз жүргізген сансыз көтерілісі мен күресі, соғысы еді. Жоңғар-Қалмақ шапқыншылығы кезінде ерлікпен қаза тапқан - Қабанбай, Бөгенбай, Жасыбай, Олжабай, Малайсары, Баян батырлар, кешегі жерленген жері табылған Дерібсәлі батыр т.б. Отан үшін «ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен қан кешкен» заманда - Отан соғысында ерлік көрсеткен батырлардың өшпес даңқы еді. Солардың рухани жалғасы - Кенесары, Исатай, Махамбет т.б. есімдері сап түзеп тұрды.

Мысалы:

Көзге түртсе көрінбейтін қара түн,
Күңгірене ме, күле ме әлде, әлдекім?
Жылайды да, шулайды да, ұлиды,
Бұл кім? Бұл ма - түн баласы түссіз жын.
Қап-қара түн. Түн баласы күңіренед,
Күңіренумен бір-біріне үн бered.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
Қара түнде көр көзімен не көред?!

Мағжан Жұмабаев бұл - өлең жолдарында қазақ арыстарын жоқтайды, адамзатпен бірге күн де, түн де күңгіренеді, аза тұтады. Ұзақ жылдар өтсе де қазақтың әр ағашы, әр бұтасы, әр шыққан бір түп жусаны халықпен бірге, елмен бірге жылайды, өкінішін,

өксігін баса алмай көз жасына ерік береді -тарих бұл-қаралы күнді ешуақытта ұмытпайды - дейді.

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр.
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға тұншығып,
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.
Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Мағжан Жұмабаев қап-қара түн - деп, құбылтудың ерекше тәсілі эпитетті әдейі таңдап алған сияқты. Дерексіз құбылыстың бояуын жорта қоюлатып, қалың жағып заттың сипатын айрықша суреттеп, ерекше айқындай түседі. Сол сияқты теңеулердің ұлғайған, күрделі түрін қолданады. Пайғамбар - метонимия, алмастыру екі мағынасы ұқсас, себептес, байланысты ұғымдарды бірінің орынына бірін пайдаланады. Мағжан осы - шумақта дамыту, градация сияқты фигураның түрін де шебер қолдана білген. Алдыңғы сөзден соңғы сөз, алдыңғы ойдан соңғы ойды, алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асқақтата асыра түседі: Шегір көзді жындар жүр, Қайғы мен қан ойнап тұр, Қайғы менен қара қанға тұншығып, Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр. Уақыт ауыр өтеді, Ой артынан ойлар келіп кетеді. Түн баласы көр көзінен жас төгіп т.б.

Мағжан Жұмабаев осынау ауыр ойдан оянып, халқымен бірге біруақыт сергіп сала береді. Үмітті, жақсылықты алдан күтеді. Оған себеп түркі елінің арғы бай тарихы барлығын сөз қылады.

Мысалы:

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гунен от боп ойнап мен туғам,
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпен зар,
Мен - Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гунен туған пайғамбар.
Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзің көр?
Күншығыстан таң келеді, енді көр.
Таң келеді, мен келемін - пайғамбар,
Күт сен мені, «лахауланды» оқи бер.

Қазақтың арғы тарихын, текті ата-басын сөз қылады, Күннен Гун туған - дейді ақын. Ақынның мені - халық. Халықтың атынан - мен сөйлеп отыр. Мен ол-от. «Отты Гунен от боп ойнап мен туғам»- дейді жалпының орнына жалқыны қолдану тәсілі - алмастыру шебер пайдаланады. Өлеңдегі тұтас ой құтты бейнелеу дерсің. Мен - өзгеше түрге, күшке енеді. Тарихтың терең қойнауынан суыртпақтап нәр алады. Халық бейнесі - күннің көзі, күннің нұры, күншығыстың таңы, мен келемін - пайғамбар - деген сияқты өзгеше метонимия құбылысы арқылы түсіндіруге тырысады. Мағжанның өлең шумағында кейіптеу де жоқ емес. Желдің гуілдегені, боранның соққаны, аспандағы қара бұлттың жөңкігені сияқты табиғат құбылыстарының қимылы, образы жанды тіршілік иесіне ұқсастырып келтірген суреттеулер көбірек кездеседі. Өлеңдегі әр сөзден қазақтың ойнап тұрған қанын, мінезін, ерлігін, батырлығын көзбен көріп, қолмен ұстағандай, жүрегіңмен сезініп отырасың. Өзіңді Мағжанның мені сияқты сезінесің. Мен ол- Мағжан, мен-пайғамбар. Мағжан - пайғамбар. Пайғамбар - Мағжанның ұғымында - толық, түгел, таза, шын-рас, абсолюттік бейне. Мағжан өзін осы - межеден көреді. Қазақ азаматының әр қайсысын - осы деңгейге жеткенін қалайды. Пайғамбар -Мұхаммет - үлгі тұтарлық асқан дарын, білімді - жан иесі екендігін ерекше жырлайды.

Мағжан Жұмабаев:

Күншығыстан таң келеді-мен келем,
Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!
Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар - Күн ұлы. -

- дейді. Күншығыстан таң келеді дейді. Ол - Егемендіктің таңы. Бостандықтың таңы еді. Мағжан бүгінгі күнді болжай білген, көрегендікпен жырлай білгеннін бірнеше мәрте айттық-та. Осыдан соң Мағжанды - пайғамбар демей көріңіз. «Күншығыста ақ алтын бір сызық бар» - дейді ақын. «Ақ алтын сызық» - Егеменді Қазақ елінің шекарасы, иен-байтақ жерімізге ие болдық. Қара жерді де, теңізді де, айналамызды қоршап алдық. Алтын сызықтан белгі соқтық. Күншығыстан таң келді: қазақ тілі, дініміз, тарихымыз қайтып оралды. Қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалар көптеп ашылды. Әлемдегі үлкен мешіттер салынуда. Жаңа қалалар бой көтеруде т.б. Төрт құбыламыз түгел: Батыс, Шығыс, Оңтүстік,

Солтүстіктегі елдер мен халықтармен достық байланыстамыз мәңгілікке орнады. Егемендік алған Қазақстан Күнбатыспен ынтымақтастықты нығайтты. Сөз соңында, оң өзгерістердің болатынын, Мағжанның - күні бұртын жырлап, айта білгендігі бізді таң қалдырмай қоймайды. Мағжанның таңы: ұлы күн, күн нұры, көк күңірінеді, жер жүзіне нұрын төккен - күншығыстың таңы. Мағжан аңсаған күннің нұры шайдай ашылды. Расында бұл күн - Ұлы күн болды. Мағжанның аңсаған таңы, егемендігі орнады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мағжан Жұмабаев. Шығармалары (өлең, поэмалар, қара сөздер). - Алматы, «Жазушы» баспасы, 1989 жыл. - 51-54 бб.

2 Мағжан Жұмабев. Таңдамалы (өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар) - Алматы, «Ғылым» 1992 жыл. - 83, 87 б.

3 Мағжан Жұмабаев. Сүй, жан сәулем. - Алматы, «Атамұра» 2002 жыл.

4 Жүсіпов Ертай. Мәшһүр-Жүсіп және шығыс руханияты. - Алматы, Алаш, 2005. - 155 б.

5 Мағжан Жұмабаев. Туған жер. Өлеңдер мен дастандар жинағы. - Петропавл, 2008. - 382 б.

6 Тұрышев Ә. А. Қазақ-Шығыс және Орыс (Еуропа) әдебиеті байланысы (Мәшһүр Жүсіп шығармалары бойынша) - Павлодар, 2007. - 87 б.

7 Тұрышев Ә. А., Мүлікбаева А. М. Еуразия руханияты (Мәшһүр-Жүсіп шығармалары бойынша) - Павлодар, 2012 ж.

М. МАҚАТАЕВ – СУРЕТКЕР АҚЫН

УРУСТЫМОВА А. А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келген ұрпақтың өкілі Мұқағалидың жан жүрегінде сол бір жаралы жылдардың ізі құс жолындай сайрап жатыр. Жетім жасөспірімдердің көзі әркімге жаутаңдап өскені өз-өзінен белгілі. Қаршадайынан белі қайысып, ауыр бейнет тауқыметін тартқан ақынның жүрегі тасқа айналмай сондай сезімтал, жаны жайсаң жігіт болып өсуі қандай керемет! Өз буынының өр рухын өлеңге қосқан ақын жеке адам хақында сыр шерте отырып, бүкіл бір ұрпақтың өмірбаянын өрнектеген.

Есімде жоқ,
Бала болып өсіп пе едім?!
Болсам неге жылы сөз есітпедім?!
Есімде тек,
Білемін Жеңіс-құстың
Біздің жаққа бір апта кешіккенін,
Осылай өскемін.
Мен - солдаттың жандырып кеткен жалыны,
Сөнбедім де өшпедім,
Мен отыз бестемін.

